
Таңат СҮПІРБАЕВ

Ауылым аты – Баян



ТАҢАТ СҮГІРБАЕВ

Ауылым аты–Баян

Петропавл – 2008

ББК 26.89
С 90
С 90 Сүгірбаев Т. - **Ауылым аты – Баян**
Петропавл, – 2008 - 476 бет.

ISBN 978-601-7029-13-5

Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану
мұражайы жанындағы «Асыл мұра» орталығы

Авторы және құрастырған:
Таңат Айтмұқашұлы Сүгірбаев

Редакция алқасы: **Қайролла Мұқанов, Дикан Сүгірбаева, Әскер Әбілқайыр, Ақсұлу Қасенова**

Редакторы: **Социал Жұмабаев**

Кітапта ауыл тарихы, осы ауылдың еліне, халқына адал қызмет еткен танымал тұлғалары жөнінде кеңінен баяндалады және ауыл тұрғындарының шежіресі жазылды.

43107

ББК 26.89

ISBN 978-601-7029-13-5

©Сүгірбаев Т., 2008

Северо [illegible]
областная [illegible]отека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

С 18





... Туған ел ыстық болдың мұнша неге,
Білмеймін осылай ма әр пендеге.
Ойымнан жатсам тұрсам бір кетпейсің,
Көңіліме қағылыпсың болып шеге.

Сегіз сері.



КІРІСПЕ

Туған ауыл! Әр жүректі шымырлатып, толқытып өтер ыстық сөз бұл. Кім болсын кір жуып, кіндік кескен мекенін ерекше қастерлейді, туған жердің топырағына дейін қасиеттеп, өмір бойы ең асыл сезімдерін сол алтын бесігіне арнайды. Туған ауыл турасында тебіренбейтін жан кемде-кем десек әсте артық емес. Ал, сол туған ауыл бүгінгі өскелең өмір сәулетіне сайма-сай сәнімен жарқырап, келісті де көрікті келбетімен көз қуантып тұрса қандай мәртебе. Ондайда әр азамат «мынау менің ауылым» деп мақтанышпен мерейленері анық.

«Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары» деген екен атақты Сегіз сері. Сол айтқандай, менің Мысыр шаһарым – Баян. Ол менің дүниеге есігін ашқан жерім.

Баян қасиетті мекен, іргелі ел. Мен ол жердің, елдің қарапайым ғана перзенті екенімді кәдімгідей мақтан тұтамын. Мен туған өңір - киелі жер, құнарлы топырақ. Бүгінгі ұрпағы мақтан тұтар осы ауылда ірі тұлғалар өткенін де бүгінде ел біледі.

Туған жер тарихын жазуға үлес қоссам деген арманым бар еді. Менің туған Баян ауылым еліне, халқына адал қызмет еткен танымал тұлғаларға бай. Осы еңбекті жазуға мен ауылымдағы көнекөз қариялар аузынан жазып алынған әңгімелерді, мұражай мате-

риалдарын, көне құжаттарды пайдаландым. Менің бұл жазбаларым көркем шығарма емес. Ауыл тарихын қаз қалпында түсіру, деректер шежіресін жасау.

Қолыңызға тиіп отырған осы кітапта ауылымыздың шежіресін жасауға, тарихи-танымдық сипаттамасын айқындауға талпыныс етілді. Бұл жас ұрпақтың туған жерге деген шынайы сүйіспеншілігін арттыруға, ауылдың тарихы мен таңдаулы тұлғаларын танып білуге көмектеседі, сол арқылы ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етеді деп ойлаймын.

Бүгінгі күні елеусіз қалған әкелеріміз бен аналарымыздың атын тарих түбінде жатқан жерінен қайта көтеріп, жасаған еңбектеріне сай құрмет көрсетіп, кейінгі ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, солардың рухы алдында тағзым ету біздің міндетіміз деп санаймын.

Құрметті оқырман қауым, мен бұл кітапта Баян ауылының тарихын егжей-тегжейлі жазып шықтым деп айта алмаймын. Менің алдыма қойған мақсатым да ол емес. Мен тек осы ауыл жөнінде қалам тербеймін деген адамдарға жол сілтеп, біраз мағлұматтар бергім келді. Тарихымызды танып, ел ағаларын еске алмасақ, бір-бірімізді бағалай да алмаймыз. Өмірден өткендерді ұмытпай, көзі тірілерге көлеңке түсірмесек бірлігіміз жарасып, тірлігіміз тереңдей түсер еді.

Таңат Айтмұқашұлы.

30-40 ЖЫЛДАРДАҒЫ АУЫЛ ТЫНЫСЫ

Қазіргі Баян ауылының тарихы сонау отызыншы жылдардан басталады.

...Бұрынғы «Баян» колхозы орналасқан жер коллективтендіруге дейін Мықтыбай, Шағырай, Дүйсе, Жәдігер аталатын төрт ауылдың жайлауы еді. Ол кезде қазақтар ауыл-ауылға бөлініп, қыс болса «кіндік кескен жерім, ата мекенім» деп әр ағаштың бауырын қыстаса, жаз шыға жайлауға көшетін.

Қазан революциясының жеңісінен кейін де 11 жыл бойы қазақ ауылдары жайлауға көшіп жүрді. Тек ауылшаруашылығын коллективтендіру жылдарынан кейін отырықшылана бастады.

Ұсақ ауылдарды коллективтік ірі шаруашылыққа біріктіріп, отырықшыландыру оңай болмады. Бұл үшін ел арасында көптеген түсінік, байларға қарсы күрес жұмыстарын жүргізу қажет болды. Мұндай жұмыстарды колхоз құрылысының ардагерлері, осы ауылдарды колхоздастырушы белсенділердің өздері жүргізді. Мұраталы Балта, Жанқара, Божбан ауылдарына Ғайсаұлы Айтбай мен Сибанбайдың Балғожасы жіберілді. Қантайдың 40 үй Кент Байсал ауылдарына Уақпан Тәжин мен Кәжікен Жексенбаев барды. Ал Наурызбай Бөкішев пен Исабай Калин

Мықтыбай, Шағырай, Дүйсе, Жәдігер ауылдарына жіберілген болатын. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан Ақбұзау Жайлаубаев пен Қажахмет Еркалин 40 үй Қантайдың Әжімбай-Бәжі ауылына аттанды. Олар келген Қантай руының 40 үйі 30 жыл болыс болған Малдықұлдың Сүлеймені деген байдың ашса алақанында, жұмса жұдырығында болатын. Ақбұзау мен Қажахметтің ауылға келіп, артельге бірігу жөнінде үгіт жүргізіп жатқанын Сүлеймен естіпті. Ол әлгі екеуіне өзі келіп:

-Көшерім де, қонарым да жоқ. Ата қонысымды, қара шаңырағымды жығып ешқайда кете алман. Мен деген Әжімбай, Бәжі болса бірі де бұл жерден адым аттап шықпайды, - деп ашық айтады да, жасырын басқа да әрекеттерін жүргізе берді.

Ақбұзау әрі әнші, әрі домбырашы, ержүрек өткір кісі болатын. Ол көкірегіндегі сөзін ірікпей айтатын еді. Сол әдетімен Сүлейменге:

-Отыз жыл болыс болып кедейлердің маңдай тер, табан ақы, адал еңбегін сүліктей сорғаның да жетер, енді ел болғалы, қоныс салғалы отырған игі тілекке зиянынды тигізбе! Арыстандай ақыратын сенің күнің өткен, заман кедейлердікі, - деп бетке айтады.

Сүлеймен қанша қарсыласқанмен ауылдың кедей шаруалары бірнеше күннен кейін колхоздың қауымына келді. Басқа белсенділер барған ауылдарда да

Амандықтың Қазыбегі, Тәтімбектің Оспаны, Боқтыбайдың Құбышы сияқты атқа мінерлер болатын. Елді осылардың ықпалынан жұлып алу оларға да күшке түсті.

Үлкен қиыншылықтармен алыса отырып, жоғарыда аты аталған белсенділер осы сапарларында 150-дей шаңырақты колхозға біріктірген. Колхоз Маса көлінің жағасына салынатын болып белгіленді.

1929 жылдың жазында колхоз қоныстанатын жерге Нұрғожаның Абдрахманы, Бөкіштің Наурызбайы, Тәжінің Есмақаны, Бидәлінің Әбілғазысы, Аймырзаның Шөкені және тағы басқалары бірінші болып көшіп келді. Осы араға күзге дейін Балтадан 35, Қантайдан 75, Мықтыбайдан 35 үй қоныс салып, колхозға ұйымдасты. Байлардың, би-болыстардың зорлық-зомбылығынан бостандық алған кедей шаруалар өздері көтерген шаңырақтың ырымын жақсы атап, «Бірлік» деп қойды.

Коллективтендірудің алғашқы жылдары қызық еді. Байлардың құйыршықтары сауатсыз шаруалар ортасында арандату әрекеттерін жүргізіп, ақыры бір жылдың ішінде жаңа құрылған колхоздың ыдырауына әкеп соқтырды. Сонда колхоздың қазығын ұстап он бес үй кара шаруалар қалған. Олар Қажахмет Еркалин, Қажымұрат Үмітбаев, Исабай Калин, Қапен Мисәлімов, Кожахмет Ахметов, Рахымжан Нұртазин, Есенбай Ахметов, Махмет Жантүгелов, Айтбай

Қайсин, Жанақым Әлібаев, Әбділда Әбдешев сынды өмірі жалшылықпен өткен қу тақыр кедейлер болатын. Байлар қасақана қастандық жасап, «үркердей он бес үйлі колхоз ештеме тындыра алмайды» деп ойлады. Бірақ колхоз белсенділері қайраттылық көрсетіп, қолға алған істерін ілгері жалғастырды.

Колхоз ыдырағаннан кейінгі алғашқы жиналыста ұжымның басқармасы Қажахмет Еркалин жиналғандарға жағдайды баяндап, шаруашылықты қалай ұйымдастыру жөнінде пікір айтуларын өтінеді. Бірінші болып Исабай Калин сөз алады.

-Жасымнан орыс арасында мал бағып өстім. Өткен күнім жалшылық пен жоқшылық куәсі. «Бедному пожар не страшен» дейді орыстар. Сол сияқты біздің жоғалтқан ешнәрсеміз жоқ. Кеткен байсымақтардың көзі ақсын, жоғалсын сол күйі. Қайта арамыз тазарды. Аздап мал, ептеп тұқым бар. Конфискеленген байлардан қалған соқалар мен бораналарды жөндеп, көктемгі егіске қамданайық, - дейді ол. Оның бұл сөзін басқалар да қостады. Кедей шаруалар сондай қайратты білекпен құрсанып, жаңа өмір жалауын түсірмеске серт байласқандай еді. Олар шаруа жайын білгірлікпен сөз етіп, өз ойларын ортаға салды.

-Колхоздың атын «Бірлік» қойғанымыз дұрыс еді, бірақ байлардың қырсығынан бүлікпен тынды. Ендігі менің ұсынысым: колхоздың атын Баян деп атайық, - дейді сөз алған Қажымұрат Үмітбаев. – Анамыз

Баян Қантай атамыздың бәйбішесі. Сол анадан тараған біз бүгін теңдік алып, сол байдың жерінде жаңа өмір орнатып жатырмыз. Баян деген сөз біріншіден ертеде өткен анамызды еске салса, екіншіден бұрынғыдан да баянды бірліктің жоралғысы болады.

-Дұрыс-ақ.

-Бұл ұсынысқа қосыламыз, - десіп кедейлер қауымы оны көп болып құптайды. Міне осылай «Баян» колхозы дүниеге келіп еді. Сонымен шағын ғана колхоз өмірі қайнап жүре берді. Әрине, қиыншылықтар да болды. Сол кездегі түсінік бойынша шаруалар барлық мал-мүліктерін ортаға салған болатын. Кедейлердің үйлерінде жегерге көлік, ішерге тамақ та болмаған сәттер кездесті. Міне осы жайлы шаруалар алғашқы жиналыста-ақ айтысты. Сөйтіп жиналыс шешімі бойынша ертеңіне колхоз қорынан әр шаңыраққа 2 центнерден жарма бөліп берілді. Ортадағы он жеті бұзаулы сиырды сауууды ұйымдастырып, жұмыс адамдарына күніне бір литр, қарттар мен балаларға жарты литр сүт беріп отырылатын болды. Сөйтіп тарыққан кедейлер тұрмысы ептеп болса да жақсара бастады.

Ұлы жазушы, жерлесіміз Сәбит Мұқанов 1952 жылы біздің өңірде болып «Баян колхозы» деген атақты қолжазбасын жазып, Сексенбай Тұралин, Қажымұрат Үмітбаев, Исабай Калин, Қалы, Хакім Иманов сияқты сыйлы да асыл азаматтар жайында

сыр шертеді. Ауыл экономикасына, мәдениетіне ризашылық сезіммен құмарлана жазады.

«Бұл артельдің аты «Баян», - дейді Қалы, - осы дөңнің де аты Баян еді де, қазақтың «Баян», «Баянды болсын» деген сөздері жақсы сөздер ғой. Жақсы тілеумен ұйымдасқан соң, артеліміз баянды болсын деп, атын «Баян» қойып ек те». (277 бет).

Сәбең қолжазбасында ел атауына осылайша түсінік берілсе, Баян ауылының азаматтары осы аманатты ақтай білді. Айнала қалың ағаш қоршаған бұл ауыл қашан жақын келгенше көріне қоймайды. Облыс орталығы мен темір жол торабы да одан қашық. Аудан орталығынан 50 шақырым қашықтықта тұрады.

«Баян» колхозы алғаш ұйымдасқанда оның барлық қоғамдық малы 58 бас, егіс көлемі 200 гектар ғана болатын. Ал бір жылдық табысы 10 мың сомнан аздап қана асатын.

Колхоздың өсу кезеңі негізінен 1934 жылдан басталды. Өйткені бұл жылы Баян МТС-і ұйымдастырылды. Онда 15 аттық күші бар небәрі 3 трактор болса да колхоздың егіншілігін өркендетуде МТС үлкен күш болды. Ауылға алғашқы тракторлар келген күндер де ерекше оқиғалар болып еді. Кешегі сауатсыз кедейлер енді темір тұлпарды тізгіндеп, техника тіліне машықтанды. Баян ауылында Оразбай Бошанов, Бағытай Аймурзин, Нұрғали Рамазанов, Қасым Жақыпов,

Белгібай Садуақасов, Омар Мақанов сияқты тұңғыш механизаторлар техника тізгінін ұстады. Жер жырту, егін себу, орақ жұмыстары да техникамен атқарыла бастады. 1934 жылы Қажымұрат Үмітбаев егін соғатын «МК-1100» молотилкасында жұмыс істеп, ең жоғары көрсеткіштерге жетті. 1936 жылы ол алғашқылардың бірі болып «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Сол жылы оған артель мүшелері үлкен құрмет көрсетіп, колхоз басқармасының төрағасы етіп сайлады. 1937 жылы колхозда 1462 гектар жерге дәнді дақылдар егілді. Оның әр гектарынан орта есеппен 10,7 центнер өнім алынса, 1938 жылы 1588 гектар жерге егін егіліп, әрбір гектарынан орта есеппен 20,8 центнерден өнім алынды.

Бұл жылдары колхозда мал шаруашылығы да өркендей бастады. 1935 жылы 200 қой, 37 жылқы, 120 қара мал болса, 1938 жылдың аяғында бұл үш түліктің саны 1080-ге жетті. Осы жылы колхоздың бөлінбейтін қоры 1935 жылмен салыстырғанда 60 есе көбейді. Сөйтіп колхоз құрылысының бірден-бір дұрыс құрылыс екенін, коллективтік шаруашылықтың жеке шаруашылықтан артықшылығын колхозшылар өз көзімен көрді. Сондықтан да олар колхозды нығайта беруге белсене күресті.

Колхоздың экономикасы жақсарумен байланысты колхозшылардың тұрмысы да жақсарды. Бұрын лашық, шым үйде отырған колхозшылар аз уақыттың

ішінде еңсесі биік, жарығы мол ағаш үйлерді сала бастады.

Осыған орай сонау коллективтендіру жылдарынан бастап колхоздың ірге тасын қаласқандардың бірі, 1938 жылдан былай қарай 20 жыл бойы колхоз председателі болған Сексенбай Тұралиннің естелігін келтіре кетейік.

- Мен бұдан 62 жыл бұрын патшалық Россия тұсында жермен жексен, еденсіз, қараңғы шым үйде туып, өстім, - дейді ол. – Әлі есімде бала кезімде үй ішіне итарқа пешке жағылған оттың сәулесі жарық түсіретін. Іңір асты ішерде ғана май шам жағылады. Ал көптеген кедей үйлерінде май шам да болмайтын. Ондай үйлер астарын ерте ішіп, қызыл іңірден жататын.

Октябрь революциясына дейінгі жылдарда үштік, бестік деп аталатын керосин шамдары байлардың үйінде ғана болатын. Сол кезде мұның өзі үлкен жаңалық болып көрінетін. Осындай үштік шамның бірін Дәнекер деген ақсақалдың баласы әкеліпті. Келіні мен баласы қарияға:

- Ата, шамға жақын жүрме, жөтелме, шамға қарап сөйлеме, түкірігің шашырайды, – деп ескерте беріпті. Әбден мезі болған қария:

- Өмірімде би, болыс, төре – қарадан қорқып, қаймықпаған басым, қартайғанда осы шамнан қорыққаным ба, – деп шамды таяғымен бір періп, быт-

шытын шығарыпты. Сол Дәкеңнің немере-шөберелері қазір шаруашылықта алып техниканың ұршығын үйіреді.

Ауылшаруашылық салаларында қол жеткен табысы үшін «Баян» колхозы 1939 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылығы көрмесіне қатысып, бірінші дәрежелі диплом алды. Колхоз осы жылы тек егін шаруашылығының өзінен 271264 сом пайда тапты. Астық шығымдылығының артуы колхозшылардың еңбек күніне бөлінетін үлесті де арттырды. Бұл жылы колхозшылар бір еңбеккүнге 41,8 килограмнан астық, 20 килограмнан шөп, 2 сомдай ақшалай табыс алды.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА

Шаруашылықтың алып адыммен дами бастаған кезінде гитлерлік фашистер бастаған 1941 жылғы соғыс оны біраз бөгеді. Бірақ баяндықтар Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында да өзінің ұйымшылдығын көрсетті. Ер басына күн туған қысылтаяң шақта колхоз шаруашылығының барлық ауыртпалығын ауылда қалған кәрі-құртаң мен балашаға көтерді. Олар егін егіп, мал өсіріп майдандағы жауынгерлерді азықпен, киіммен жабдықтады. Бұл оңай жұмыс болған жоқ. Жерді сиыр жегілген соқамен жыртуға тура келді. Бір адам екі-үш адамның жұмысын атқарды. Соның өзінде олар соғыс жылдары 590 гектар тың көтерді. Сөйтіп оның әрбір гектарынан 24 центнерден өнім алды.

Сол кезде колхозшылар майдан үшін өз жинаған – тергендерін де аяған жоқ. Облыс көлемінде кең етек алған жақсы бастамаға үн қоса отырып, олар майдандағы жауынгерлерге жылы киімдер жинап жіберіп тұратын. Мұндай игі істің ауылдағы бастаушысы болған колхоздың басқармасы Үмітбаев Қажымұрат өз отбасының қаражатынан ғана танкі колоннасын жасауға деп 60 мың сом ақша берді.

Бұл жөнінде Қажекең былай деп еске алады:

Қырқыншы жылдары «Баян» колхозы облыстағы іргелі шаруашылықтардың бірі еді. Егіннен мол өнім

алып Бүкілодақтық ауылшаруашылығы көрмесіне қатысу правосына ие болды. Сол кезде мен колхоз председателі болғандықтан, бір топ колхозшыларды көрмеге өзім бастап бардым. Осы сапарларымызда «соғыс» деген суық хабарды естіп, асығыс елге оралдым. Тепсе темір үзетін арыстай жігіттеріміз бірінен соң бірі армияға аттанып жатты. Думанды ауылымыз жылау-сықтауға ауысты. Дегенмен сары уайымға салынбай ес жидық. Майданға аттанғандардың орнын олқы түсірмеудің қамын ойладық. Кәрі-құртаң, әйелдер, бала-шағамен қоғамдық шаруашылығымызды жүргізе бердік.

43107

Соғыстың аса бір қаһарлы кезінде Совет адамдары өзінің еңбегімен жинаған меншікті қорына майданға көмек беруді дәстүрге айналдырды. Сол бір патриоттық бастама маған да қозғау салғаны бар. Соғысқа дейін адал еңбегіммен жиған бұзаулы сиырымды, құлынды биемді, жүз пұт астығымды сатып, 60 мың 700 сом қаржы құрадым да танк колоннасын жасау үшін қорғаныс қорына жібердім.

Москва. Кремль, Сталин жолдасқа

Қымбатты Сталин жолдас!

Менің жерлестерім – Солтүстік Қазақстан облысының Пресновка станицасындағы сибирь казактарының патриоттық ісіне сүйсініп, колхозда адал еңбегіммен тапқан 60 мың сом қаржыны «Қазақстан

колхозшысы» танктер колоннасын жасау қорына тапсырдым.

Ұлы орыс халқының басшылығымен, Ленин-Сталиннің данышпандық ұлт саясатының арқасында қазақ халқы еркін бақытты тұрмысқа ие болды, бұл қасиетті правоны біз ешкімге бермейміз. Қазір қазақ халқының таңдаулы ұлдары қаһарман орыс халқымен қол ұстасып, бостандығымыз бен тәуелсіздігіміз үшін күресуде. Менің танкім сибирь казактарының жауынгерлері машиналарының айбарлы сапында болып, олармен бірлесе отырып жасаған ұрыста гитлершіл басқыншылардың жексұрын тобырларына өлтіре соққы берсін.

Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы «Баян» колхозының председателі қос орденді Қажымұрат Үмітбаев.

Көп ұзамай Қажекең Бас колбасшының жіберген жеделхатын алды:

Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы «Баян» колхозы, колхоз председателі Қажымұрат Үмітбаев жолдасқа.

Үмітбаев жолдас, Қызыл Армияның бронетанк күштеріне қамқорлық көрсеткеніңіз үшін менің сәлемім мен Қызыл Армияның алғысын қабыл алыңыз.

И.Сталин

Бейбіт өмірдің тұнығын лайлап кеткен жауға деген ыза-кек сол кезде зейнеткерлік жасына келіп қалған қарттардың да белін жазып жіберген еді. Ауыл ішінде майдандағы ерлерді жоқтатпай, шаруашылықты күйзелтпеуге тырысқан олар істің ең ауыр салаларына өздері тіленіп қатысып, күндік тапсырыстарын 150-200 пайызға орындап отырған. Қоқыманов Сағындық, Таңатаров Есқақ, Сүгірбаев Айтмұқаш, Мырзабаев Сейтен, Әлібаев Жанақым, Жантүгелов Махмет сияқты қарттардың сол кездегі қажырлы еңбегі бүгінгі ұрпақ үшін әрі мақтаныш, әрі өнеге.

Нұртазин Рақымжан 1940 жылдан бері «Баян» колхозының жылқысын бақты. «Құрығы құтты» болып, содан бері «Баянның» жылқысы өсті.

Колхозшылар Рақымжанды Реке деп атап, аса құрметтейтін. Олардың құрметіне бөленуіне Рекеңнің қарт болғандығы ғана емес, сонымен бірге оның адал еңбегі, жылқы бағудың шебері болғандығы, жылқының саны мен сапасын бірдей арттырғандығы да себеп болды.

Колхозшылардың жалпы жиналысында Рекең былай деген еді:

- Малды бағу, өсіру колхоздың ең бір негізгі ісі. Біздің колхозда бұл жөнінде жарыста озып шығып, жүлде алып жүргендер аз емес. Анау Бейсембина Тыйыштықты қараңыздаршы. Омырауы жарқыраған орден мен медаль. Жыл сайын бұзауды күтуде,

өсіруде алдына жан салмайды. Мені колхозшылар «Реке қарт» дейді. Шашыма ақ кіргені болмаса мен қарт емеспін, көңілім әлі жас. Мені жасартқан осы заман. Сондықтан жастардан қалыспайтындығыма сенімім зор. Менің жылқымнан талай жорға мен жүйрікті тағы мінетін боласыңдар.

Рекең осы сөзін іс жүзінде орындады. Еңбек еткен жылдары шашасына шаң жұқпайтын жорғаны да, жұлдыздай ағатын өрен жүйрікті де өсіріп берді.

Иә, жылқышы Рақымжан Нұртазин колхоздың мақтанышы, жылқы өсірудің шебері болған еді.

Рақымжан атамыз тек жылқы бағумен ғана айналысқан жоқ, сонымен қатар аңшылықпен де шұғылданатын. Ол қоянды тұзақ құрып ұстайтын. Сондықтан да ауылдастары оны «Қоян аға» деп те атайтын.

«Ленин туы» газетінің соғыс жылдарында шыққан сандарын қарап отырғанда төмендегі бір мақала көзіме оттай басылды.

Онда «Баян» колхозы Ұлы Отан соғысы күндерінде де өзінің ежелгі дәстүрі - шаруашылықты бірқалыпты өркендету ісін бәсеңдеткен жоқ делінген. Ауылдың еңкейген кәрісі, есейген жасына дейін өндірісте қажырлы еңбек істеп, майданға аттанған жігіттерді жоқтатқан жоқ. Колхозда мал шаруашылығы күшті қарқынмен өсуде. Егін шығымы айтарлықтай. Әсіресе қара бидай егіні биыл шығымды

болды. Колхозшылар Жұмақан Бошанов, Жантүгелов және Кенжалиналар егін жинау жұмысында іс үлгісін көрсетті.

Мұстафин басқарған бригада пішен шабу науқанында үздік шығып, басқаларға үлгі көрсетуде. Бұл бригада пішен шабуға зор дайындықпен кірісіп, нормаларын әрдайым асыра орындап келеді. Социалистік жарысты өркендетіп, стахановша еңбек ету арқасында озат колхозшылардың саны көбеюде. Мәселен, Темірбаева, Әбілғазин және Оразалин пішенді шауып, оны маялау жұмыстарында нормаларын 150-200 пайыздан орындап келеді.

Қиыншылықты жеңе білген, қайнар бұлақтың арнасын кең ашып, жеңісімізді шыңдап жатқан колхоздың бірі – «Баян», – деп қорытындылайды мақаласын автор. Ал сол жылдары облыстық газетте еңбек еткен, белгілі жазушы Сафуан Шаймерденов өз мақаласында жас соқашылар Қанафин, Әбілмәжінов және Сәкеновтардың үздік жұмыс істеп, социалистік жарыста көрнекті табыстарға жеткендігін хабарлайды.

Отты жылдарда ауылда нағыз ерлерше еңбек еткен әйелдер болды. Жас келіншектер мен қыздар майданға кеткен әкелерінің, ерлерінің, ағаларының орнына трактарға отырды, комбайн штурвалына тұрды. Бұл жөнінде, әсіресе Әлия Сәрсембинаның, Ұлжан Байтұрғановаңың, Әлпия Нұрғалиеваның, Бал-

ғиса Қонқышеваның және тағы басқалардың ерлік еңбегін айта кетуіміз керек.

Соғыс жылдарындағы баяндықтардың еңбекке деген ынтасы жөнінде ауылдың тумасы Тілеген Мырзахметұлы «Солтүстік Қазақстан» газетіне «Естелігім – ескерткішім» дейтін көлемді мақаласын жазған еді. Содан үзінді келтірейін:

...Егін себуде Жантүгелдің Махметіне жан жетпейді десетін. Ала жаз бойы аяғына киім ілмейді екен. Бір көзден кемтар, денесі қағылез, жирен сақалды күрең кісі еді. Тұқым сепкенде егістіктің үстінде желе-жортып, басқаларды басып озып отыратын. Қара жерге таптаурын болып, ұлтанды етіктей қалыңдап алған, сірідей қатқан табанына шөгір-мөгір батпай, бырт-бырт сынып отырады екен. Бала кезімізде үлкендер жағы терісі қалыңдап, саусақпен шерткенде ағаштай тықылдайтын табанымызды сипалап отырып:

- Әй, сен өзі Махмет табансың ғой, десе өзі бригададағы еңбек озаты, өзі жүйрік, ешқашан шаршамайтын Махаңа табанымыздың тартқанын бедел көретінбіз.

Елде Махаң жөнінен де бір хикая әңгіме бар. Тегі соғыс аяқталған кез болса керек. Науқанды жұмыстар уақытында ауданнан уәкіл дегендерің қаптап кететін.

Оңғарбаев деген бір уәкіл мақтаулы Махметтің

жұмысын өз көзімен көргісі келіпті. Махаң әдеттегідей дәнді құлаштай лақтырып желе-жортып келе жатады. Оның тағы бір әдеті құлашын сермеген сайын өзі естіген, есінде қалған лауазым иелерінің аттарын атап айғайлап жүреді екен. Дәл уәкілдің тұсынан өте бергенде:

- Мә саған Сталин, мә саған Китлер ит, мә саған Сталин, мә саған Китлер ит, – деп уыс-уыс дәнді екі жағына құлшына құлаштай серпіп бара жатады. Мынандай тосын сөзді естіген Оңғарбаев үстіне ыстық су құйылғандай, өңі құп-қу болып, тұрған жерінде есі ауысып ұшып түсе жаздайды. Өзі де толық кісі екен. Бұқа бұғағы ісініп, екі көзі шарасынан атып шығардай алайып, бураша буырқанады. Жанына еріп жүрген бригадир Жұманға езуінен көбік шаша, кекештене айғай салады:

- То-о қ-тат, а-ан-аны! То-о-оқ-тат! – Еңгезердей Оңғарбаев өзін езіп тастар ма екен деп сескенген шағын денелі Жұман шал Махаңның артынан жүгіреді. Екі қолын ерсілі-қарсылы сермеп, қызып алған Мақаңды етженді Жұман арсы-күрсі болып әзер қуып жетеді. Шалғайына жабысқан бригадирге ырық бермеген Махмет жүрісінен жаңылмайды, тосын сөзін де тоқтатпайды.

«Мә, саған Сталин, мә саған Китлер ит...

«Басқа пәле тілден» деген емес пе? Махаңның аузына түскен тосын сөз бүкіл елдің үстіне қара түнек бо-

лып түнереді. Мақтаулы Махаң бір сәтте халық жауларынан кесіліп қалған құйыршық, жақсы жұмысымен көз бояп жүрген сатқын болып шыға келіпті.

Махаңның бәйбішесі Мәміш адуын мінезді, шамшыл кісі еді. Ашуланғанда алды-артын ойламай шаңшұң айқалап кететін. Уәкілдің қатысуымен Махаңның ісі қаралып жатқан құрама отырысында тиыш отыра алмай:

-Әй, бишәрә-ай. Елдегі Жұман мен Қажымұрат жетпегендей, құрып кеткір Сталин мен Китлерде не атаңның құны бар еді? – деп жұрттың көзінше Махметке дүрсе қоя береді. Отқа май құйды деген осы. Өзін Сталиннің бел баласындай сезінетін, оған шын берілген уәкіл бомба болып жарылады. Орнынан атып тұрып:

-Міне, халық жауларының ұясы. Бұларды балашағасымен, түп-тұяғымен құрту керек. Мен ауданнан милиция алдырамын, - деп сүзеген бұқадай гүжілдейді.

Шатақ іске басы шатасқан Махаң несіне болса да көндім, дегендей үндемейді. Сүзеген уәкілден зәресі ұшқан Мәміш не бүлдіргенін енді түсінгендей:

-Көтек, көтек, мұнысы несі-ей, - деп талықсып кетеді. Көзі алайып, басы қалтаңдап отырған орнынан омақата құлайды. Есік жақтан біреу:

-Ойбай, өлді-өлді, - деп сұлқ жатқан денеге ұмтылады.

-Бейбақтың жүрегі жаман еді, жарылып кеткен-ау, - дейді біреу абыржып. Контор іші абыр-сабыр, у да шу болып кетеді. Есік алдындағы әйелдердің бірі:

-Кешегі Китлердің қырғынында өлмеген бишараны мына уәкіл өлтірді-ау. Құдай-ай, құдай, енді қайда барайын? – деп шашын жұлып дауыс қылады. Жалғыз көзі шақырайып, түсі өзгеріп кеткен Махаң көйлегінің омырауын дар еткізіп, кеудесін жалаңаштап уәкілге ұмтылады:

-Мә, ат мені, өлтір. Түрмеңе жап! – безгек ұстағандай қалш-қалш еткен Махаңнан, у-шудан басы айналғандай мәңгіріп қалған уәкіл есікке қарай жылжи береді. Тегінде өзі су жүрек, қорқақ кісі болса керек, жалтаңдап Қажекеңе қараса, ол кісі жұртқа білдірмеген болып, «қаш» дегендей, аудан жақты нұсқап қолын сілтейді.

Зәресі ұшқан уәкіл атына міне салып, тайып береді, сол кеткеннен мол кетеді.

Махаң да, Мәміш те аман қалады.

Кейінірек:

-Бұл қатын бүлдіре де, күлдіре де біледі, - дейтін болыпты Мәміштің замандастары. – Ай, қызығы мен шыжығы, ащысы мен тұщысы ащы ішектей араласып жатқан құйтырқы заман-ай десейші!

Ел тыныштығын бұзып, тұтқиылдан шабуыл жасаған неміс-фашистер басқыншыларына қарсы кектене аттанған ауылдың 187 азаматы нағыз ерлерше

соғысты. Бұл соғыстың қайғы-қасіреті де ауыр болды. Ол қайғы-қасірет Баян ауылының әр отбасын шарпып өтті. Майдан даласында 71 баяндықтар мәңгілік көз жұмды. Солардың ішінде амалсыз қапыда жау қолына түсіп, фашистер азаптап өлтірген Есіркепов Жанқайырдың, Ленинград майданында ерлікпен қаза тапқан Рамазанов Қайыржанның, қатардағы жауынгерден офицер дәрежесіне дейін өсіп жауға қарсы қол бастаған Қожанов Кәкімнің, ақырғы гранатасымен жау танкісінің астына жолбарысша атылған Рахымов Қабидің жарқын бейнелерін көзі көргендер аңыз қылып айтады.

1941 жылы соғыс басталғанда Баян ауылынан алғашқылардың бірі болып қан майданға аттанғандардың бірі - Рамазанов Қайыржан еді. Ол 1941 жылдың қыркүйегінде Преснов аудандық әскери комиссариаты бұйрығымен Петропавл қаласында жасақталған 314 атқыштар дивизиясына жіберіледі. Соғысқа дейін колхозда осы ұжымның шаруашылықты дамытудағы жетістігі үшін берілген «полуторка» машинасында шофер болып жемісті еңбек еткен еді. Сол машинасымен ол соғысқа аттанды. Бір айдай «Боркиде» өткен әскери жаттығудан кейін Ленинград майданына жіберілді. Жоғарыда аталған дивизияның 78 ротасының құрамында Подпорожье, Лодейное поле қалалары үшін болған соғысқа қатысып, 1941 жылдың қазан

айында ерлікпен қаза тапты. Баян ауылына алғашқы «қара қағаз» осы Рамазановтар отбасына келген еді. Қайғылы хабарды соғыс құрбанының отбасына естірту қиынның қиыны еді. Сол зұлмат жылдарында талай адамдар өздерінің балаларына, туыстарына, бауырларына арнау өлеңдерін шығарып, іштегі зарын сонымен тарқатты. Соғыстың алғашқы айларында қаза тапқан Қайыржанға Хамзаның Қайырбегі арнау өлең шығарған еді. Сол өлеңнің:

Болат атпен зулатқан,
Жүрген жерін дулатқан.
Жігіттің ері еді ғой

Кешегі өткен Қайыржан, - деген бір шумағы есте қалыпты. Сол сияқты Таутайдың Нығметжаны да «Ат тұяғын тай басар» деген сөз бар, мен жүрмін Сәбитіңді саған балап», деп Қайыржанға өлең жолдарын арнаған.

1943 жылы Рамазанның Нұрғали, Жұма атты балалары да соғысқа аттанып, содан хабарсыз кетті. Сөйтіп сұрапыл соғыстың зардабынан үш үйдің шаңырағы жабылып, үш ағайынды адамнан үш жесір, үш жетім қалды.

Бұл соғыс кімдердің басына қайғы түсіріп, кімдердің жүрегін жараламады. Қанипа Аталина да сондай жанның бірі. Жаңа қосылған сүйген жары – Жақияны Баян ауылынан майданға шығарып салды. Артынан одан қайғылы хабар алды. Көп кешікпей

бауырында қалған жалғыз ұлы Марат та дүние салды. Жүрегін езген ауыр қайғыдан, зарлы мұңнан Қанипа осы төмендегі өлеңді шығарған екен. Кейін ел келіншектің мұңлы өлеңін әнге қосып айтып жүрген. 1948 жылы Серікбай Құсайынов жазып алып, кейін домбыраға лайықтап нотаға түсірген.

Қайғы

Қайғымен өткенің бе, қайран жастық,
Қылды екен қандай адам саған қастық?
Аузыңа су тамызсам арманым не?
Шіркін-ай қоя алмадым басқа жастық.

Әскерге елден жеке бұрын бардың,
Жылжарым лейтенанттық білім алдың.
Қылмайтын көзден таса, жан серігім,
Көмусіз айдалада неғып қалдың?

Калинин фронтына барған жерің,
Ғұмырың қысқа болды-ау, сәулем, сенің.
Бір сенсіз тіршіліктің керегі не,
Артыңнан тез жетсейші қазам менің!

Мұңсызға не айтсаң да жарасады,
Мұңдылар зарлап естен адасады.
Туғаның, алды-артыңда аға-іні жоқ,
Енді кім жанашыр боп қарасады.

Елімнен сені іздеп келіп едім,
Соңыңа қарасын боп еріп едім.
Бағымды ағартсаң да, қарайтсаң да,
Басымды өз еркіңе беріп едім.

Ой, жаным, келе ме деп үш жыл тостым,
Қалмастан табасына қас пен достың.
Тимеген жел мен күнге ақ саусағым,
Жақия атыңды атап әнге қостым.

Халқымыздың ақынжандылығынан болар, сонау соғыста қан кешіп жүріп, елді аңсап, сағынып, хатты да өлеңмен жазған ғой. Соның бір дәлелі соғыста хабарсыз кеткен ауылдасымыз Рақымжанов Елеудің елге өлеңмен жазған хаты. Оны Жағыпар Байқасұлы майданнан елге оралғанда жұрт аузынан естіп, дәптеріне түсірген екен. Бұл сағыныш хат небары төрт-ақ шумақтан тұрады. Елеудің хаты:

Хат жаздым елде қалған ағайынға,
Амандық хабарымды жазайын да.
Дені сау аман-есен мен де жүрмін
Қаласы Краковтың маңайында.

Бағылған ен жайлауда мал аман ба?
Ауылдың кәрі-жасы бәрі аман ба?
Ел іші алтын бесік туған жерім,
Алыстан сағындырған ел аман ба?

Көкорай жайылымды жер аман ба?
Көк шалғын көгалы өскен ел аман ба?
Елімде басшылығын жасап жүрген,
Атақты Қажымұрат ер аман ба?

Бір болдым сіздерменен қызметте,
Бұл күнде дәм жазып жүрмін шетте.
Іниден алыстағы дұғай сәлем,
Көшербай, Иманов Кәкім, Тастанбекке!

Иә, жер-ана оларды торқалы топырағына бөлеп, құшағына алғалы 63 жыл өтіпті. Бірақ олардың жарқын бейнесі мен ерен ерлігі туған-туыс, дос-жаран, жақын адамдар жүрегінде ғана емес, бүкіл халық, ел жүрегінде де берік сақталып келеді. Осынау жауынгерлеріміздің есімдері біздің кітапта толық жарияланып отыр. Бұл кітапта 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында қаза тапқан немесе хабарсыз кеткен баяндықтардың жай ғана жалаң тізімі емес, мұнда әр жауынгердің аты-жөні, қашан, қай жерде туғаны, қай әскери комиссариат арқылы қай жылы әскерге алынғаны, қай армия, дивизия, полк құрамында кім болып соғысқа қатысқаны, қашан, қай жерде қаза тауып, жерленгені немесе хабарсыз кеткені жайында нақты мәліметтер бар.

Ақсақалов Серғали, қатардағы жауынгер. 1913 жылы Баян ауылында туған. Преснов аудандық әскери комиссариаты арқылы әскерге алынып, 1943 жылы ақпан айынан хабарсыз кеткен.

Алпысов Махмет, қатардағы жауынгер. 1922 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1942 жылы 3 сәуірде әскерге алынып, 1943 жылы қыркүйек айынан хабарсыз кеткен.

Аспақов Сайдолла, қатардағы жауынгер. 1925 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1943 жылы әскерге алынып, 15-АД, 676-АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1944 жылы 14 қазанда қаза тауып, Польша, Варшавская воеводствасы, Загоры селосында жерленген.

Ахметов Кәкен, қатардағы жауынгер, 1918 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1940 жылы әскерге алынып, 123 ДПС құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1941 жылы тамыз айынан хабарсыз кеткен.

Ахметов Нұрша, қатардағы жауынгер. 1907 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1941 жылы 21 шілдеде әскерге алынып, 1943 жылы ақпан айынан хабарсыз кеткен.

Әйтенов Қали, қатардағы жауынгер. 1915 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, 200-АД, 642-АП құрамында взвод командирі ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылы 4 мамырда қаза тауып, Новгород облысы, Старая Русса ауданында Приморье деревнясынан, солтүстік жағынан 1 км-дей қашықтықта жерленген.

Байтұрғанов Төкей, қатардағы жауынгер. Баян

ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1941 жылы 27 шілдеде әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1944 жылы маусымда қаза тауып, Ленинград обл., Выборг ауданының Бейпол қонысының солтүстік жағынан 2 км қашықтықта 88,8-биіктігіндегі бауырластар моласына жерленген.

Бапасов Еркін Қалиұлы, қатардағы жауынгер. Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1943 жылы әскерге алынып, 1-гвардиялық танк бригадасы құрамында автоматшы ретінде соғысқа қатысқан.

Бегалин Шәріп, қатардағы жауынгер. 1919 жылы Баян ауылында туған. Әскерге 1939 жылы Преснов АӘК арқылы шақырылған. 514-АП құрамында соғысқа қатысып, 1943 жылы хабарсыз кеткен.

Әлиев Бәйкен, қатардағы жауынгер, атқыш. 1916 жылы Баян ауылында туған. Октябрь АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 831-ЗАП құрамында соғысқан. 1941 жылы шілдеде хабарсыз кеткен.

Бегалин Жәлел, қатардағы жауынгер, Баян ауылында туған. 1939 жылы Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 514-АП құрамында соғысқан. 1944 жылы шілдеде хабарсыз кеткен.

Бектасов Жұмабек, қатардағы жауынгер, атқыш. 1910 жылы Баян ауылында туған. 1942 жылы 9 наурызда Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 17 ГВАД, 52 ГВАП құрамында соғысқан.

1942 жылы 27 мамырда ұрыста қаза тапқан. Смоленск обл., Белск ауданы, Тогилин деревнясында жерленген.

Белгібеков Жүсіп, қатардағы жауынгер, атқыш. 1923 жылы Баян ауылында туған. 1942 жылы Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. Ұрыста алған жарақаттан 1943 жылы 9 ақпанда 692-ЖДГ-де қайтыс болған. Орел обл., Русский Бродский ауданы, Прусанок селосында жерленген.

Бидалин Бәкен Баян аулында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, 508 АП құрамында саяси жетекші ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылы 12 сәуірде 106-ДЖХГ-де ауыр жарақаттан қайтыс болып, Тверь обл., Ржев ауд. Тихеленова деревнясындағы зиратқа жерленген.

Бидалин Кәкен, қатардағы жауынгер. 1905 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1942 жылы 19 қаңтарда әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1943 жылы шілде айынан хабарсыз кеткен.

Бөкенов Біржан, қатардағы жауынгер, атқыш. 1916 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1943 жылы қазанда хабарсыз кеткен.

Дәуітов Жұмағали, қатардағы жауынгер. 1914 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1941 жылы әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа

катысқан. 1942 жылы мамыр айынан хабарсыз кеткен.

Есіркепов Жанғайыр, қатардағы жауынгер. 1921 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1941 жылы шілде айында әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1941 жылы тамыз айынан хабарсыз кеткен.

Есенбаев Ахмет, қатардағы жауынгер. 1904 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, 308 АД, 351 АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылы 18 қыркүйектен Волгоград обл., Городищен ауд., Самофоловка қаласында хабарсыз кеткен.

Есисекенов Жаликашир, қатардағы жауынгер. 1919 жылы Баян ауылында туған. Пресногорьков АӘК арқылы әскерге алынып, 1941 жылы хабарсыз кеткен.

Жамағұлов Абрамке, қатардағы жауынгер. 1910 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1941 жылы шілде айында әскерге алынып, 314-АД, 1078 АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1941 жылы 17 қыркүйектен хабарсыз кеткен.

Жамбеков Қоқан, қатардағы жауынгер. 1921 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1943 жылы әскерге алынып, 1945 жылы наурыз айынан хабарсыз кеткен.

Жанабілов Арат, қатардағы жауынгер. 1920 жылы

Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1941 жылы шілде айында әскерге алынып, 1942 жылы наурыз айынан хабарсыз кеткен.

Жанинов Қошқыл, қатардағы жауынгер. 1913 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылы желтоқсанда қаза болып, Волгоград обл., Ворошилов ауданында Абгаверово селосының маңында жерленген.

Жауымбетов Өтеген, қатардағы жауынгер. 1898 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, 358-АД құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылы 29 қарашада қаза тауып, Смоленск обл., Велиш ауданы Рудия селосында жерленген.

Жоламанов Қайыржан, қатардағы жауынгер. 1921 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, 124-АБР құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылы 6 қарашада қаза тауып, Астрахань обл., Ақтөбе ауданында Капустин Яр селосында жерленген.

Жолдыбаев Құрман, қатардағы жауынгер. 1907 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, 110/4-п/ж құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. (Хабаровск өлкесі, Свободный қаласы) 1945 жылы тамыз айынан хабарсыз кеткен.

Жумин Иманбай, қатардағы жауынгер. 1901 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1943 жылы қазан айынан хабарсыз кеткен.

Жақыпов Қойлыбай, қатардағы жауынгер. 1907 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1941 жылы 19 қаңтарда әскерге алынып, 117 АД, 820 АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1943 жылы 15 ақпанда ауыр жарақаттан қайтыс болып, Новгород обл., Холлеск ауданы Красково деревнясында жерленген.

Жақыпов Қасым, қатардағы жауынгер. 1906 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1941 жылы 24 шілдеде әскер қатарына алынып, 1943 жылы ақпан айынан хабарсыз кеткен.

Зікірин Кәкен, сержант, бөлімше командирі. 1918 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 23 танк батальоны құрамында соғысқан.

Исаев Николай Леонтьевич, саяси жетекші. 1907 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, 200 АД, 642 атқыштар полкының құрамында ротаның саяси жетекшісі ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылы 4 мамырда қаза тауып, Ленинград обл., Ст. Русса ауданы Ершина деревнясының солтүстік шығыс жағасына жерленген.

Қазалиев Бейсен, қатардағы жауынгер, Баян

ауылында туған. Әскерге Преснов АӘК арқылы шақырылған. 1943 жылы наурызда хабарсыз кеткен.

Қапеев Қаппас, қатардағы жауынгер. 1916 жылы Баян ауылында туған. Әскерге 1942 жылы Преснов АӘК арқылы шақырылған. 1942 жылы ақпанда хабарсыз кеткен.

Қапезов Мырзабек, қатардағы жауынгер. 1914 жылы Баян ауылында туған. 1942 жылы Преснов АӘК арқылы әскерге шақырылған. Волхов майданында соғысқа қатысқан. 1943 жылы қыркүйекте хабарсыз кеткен.

Қасиманов Кәкім, қатардағы жауынгер. 1909 жылы Баян ауылында туған. Әскерге 1941 жылы Петропавл АӘК арқылы шақырылған. 1944 жылы ақпанда хабарсыз кеткен.

Қанафин Еслямбек, қатардағы жауынгер. 1941 жылы Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, 16 мех. бригаданың 2-АБ құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1944 жылы 9 ақпанда 1690-ЭГ-де жарақаттан қайтыс болып, Харьков обл., Лосев поселкесіндегі зиратта 9 қабірде жерленген.

Калиев Қаппас, қатардағы жауынгер. 1909 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы 23 шілдеде Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылы қыркүйекте хабарсыз кеткен.

Қамзин Абай, қатардағы жауынгер. 1904 жылы

Баян ауылында туған. 1941 жылы Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, 1943 жылы шілдеде хабарсыз кеткен.

Қазиев Зәкәрия, сержант. 1915 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы 24 мамырда Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, 251-АП құрамында бөлімше командирі ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылы қарашада хабарсыз кеткен.

Қошмағанбетов Нұрым, қатардағы жауынгер. 1907 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, 126 дербес АБ құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылы 21 шілдеде хабарсыз кеткен.

Қожахметов Мизаметден, қатардағы жауынгер. 1918 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1939 жылы әскер қатарына алынған, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1943 жылы ақпанда хабарсыз кеткен.

Қосшығұлов К., ефрейтор. 1917 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, 23-ГВ АД, 49-ГВ АРТП құрамында аға барлаушы ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылы 29 қарашада қаза тауып, Ленинград обл., Залучье ауданының Киязин деревнясының оңтүстігінде 5 км. қашықтықта жерленген.

Құрсабаев Шәкен, қатардағы жауынгер. 1903 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы Преснов АӘК

арқылы әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1943 жылы қарашада хабарсыз кеткен.

Қожанов Кәкім, қатардағы жауынгер. 1911 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1941 жылы әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. Осы жылы хабарсыз кеткен.

Көпеев Кәкен, қатардағы жауынгер. 1919 жылы Баян ауылында туған. Әскерге 1939 жылы Преснов АӘК арқылы шақырылған. 129 ә/б құрамында соғысқа қатысқан. 1941ж. қыркүйекте хабарсыз кеткен.

Көсенеев Мырзахмет, қатардағы жауынгер. 1922 жылы Баян ауылында туған. 1942 жылы 19 қаңтарда Преснов АӘК-нан әскерге алынып, 136 дербес АБ құрамында соғысқа қатысқан. 1943 жылы 22 шілдеде қаза тапқан. Витебск обл., Лиозно ауд., Новики деревнясында жерленген.

Күләбаев Айтмұхамбет, қатардағы жауынгер. 1896 жылы Баян ауылында туған. 1942 жылы Преснов АӘК-нан әскерге алынып, 63-АД, 346-АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1944 жылы 10 наурызда қаза тапқан. Витебск обл., Дубровный ауданының Петрини деревнясында жерленген.

Құдабаев Нұртаза, қатардағы жауынгер. Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, 362-АД, 1206-АП құрамында соғысқа қатысқан.

1943 жылы 26 маусымда ұрыста алған жарақаттан қайтыс болған.

Малдыбаев Қалиажар, қатардағы жауынгер. 1912 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, соғысқа қатысқан. 1942 жылы 25 шілдеде 1819-ЭГ-де жарақаттан қайтыс болып, Торжик қаласында, Богослав зиратында жерленген.

Мұқаметқалиев Ағлу, қатардағы жауынгер, Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, соғысқа қатысқан. 1943 жылы 11 ақпанда ұрыста қаза тауып, Тверь облысының Гороватка деревнясында жерленген.

Мұсалімов Қабдолла, қатардағы жауынгер. 1904 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1942 жылы ақпан айында әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1943 жылы қаңтарда хабарсыз кеткен.

Мұсалімов Қалеп, қатардағы жауынгер. 1906 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, соғысқа қатысқан. 1943 жылы қаңтарда хабарсыз кеткен.

Мұқатаев Оспан, қатардағы жауынгер. 1904 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1941 жылдың желтоксанында хабарсыз кеткен.

Мұқанов Ислам 1907 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, соғысқа қа-

тысқан. 1944 жылы 7 қаңтарда 271-ЭГ-да жарақаттан қайтыс болып, Днепропетровск қаласында, Крупская атындағы пос-де 17-қабірде жерленген.

Мырзалиясов Ақжан, қатардағы жауынгер. 1914 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскерге алынып, 314-АД, 1074-АП құрамында соғысқа қатысқан. 1942 жылы 18 сәуірде ұрыста қаза тауып, Ленинград обл., Тененичи селосында жерленген.

Мырзалин Уәлижар, қатардағы жауынгер. 1917 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы 1940 жылы әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылдың желтоқсанында хабарсыз кеткен.

Низамелбеков Шмалктен, қатардағы жауынгер. 1902ж. Баян ауылында туған. Преснов АӘК арқылы әскер қатарына шақырылған. 1942 ж. ақпанында айынан хабарсыз кеткен.

Нұғманов Жақия, лейтенант. 1916 жылы Баян ауылында туған. 1939 жылы Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған.

Нұрғалиев Сұлтан, қатардағы жауынгер, атқыш. 1919 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1942 жылы қаңтарда хабарсыз кеткен.

Нұркенов Шаяхмет, қатардағы жауынгер. 1905 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан

әскерге алынған. 1942 жылы наурызда хабарсыз кеткен.

Нұрмағамбетов Бақыт, қатардағы жауынгер. 1924 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1943 жылы 5 тамызда ұрыста қаза тапқан.

Нұрпейісов Шаяхмет, қатардағы жауынгер. 1905 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына алынған. 1942 жылы ақпанда хабарсыз кеткен.

Огдаев Қаян Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1942 жылы ақпанда хабарсыз кеткен.

Омаров Абрамке, қатардағы жауынгер, атқыш. 1906 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы Преснов АӘК-нан әскер қатарына алынып, 28-ГВАД, 89-ГВАП құрамында соғысқан. 1943 жылы 8 наурызда ұрыста қаза тапқан. Ленинград облысының Пенна селосының шығысында жерленген.

Оразалин Мұқан, қатардағы жауынгер. 1908 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған.

Оспанов Сайдолла, қатардағы жауынгер, атқыш. 1925 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1945 жылы ақпанда хабарсыз кеткен.

Рамазанов Жұма, қатардағы жауынгер, атқыш.

1901 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1945 жылы қарашада хабарсыз кеткен.

Рамазанов Жұмағали, қатардағы жауынгер. 1922 жылы туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 314-АД, 1078-АП құрамында соғысқан. 1943 жылы ақпанда хабарсыз кеткен.

Рамазанов Қайыржан, қатардағы жауынгер. 1911 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы 22 шілдеде Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 314-АД, 1078-АП құрамында соғысқан. 1941ж. 17 қыркүйекте хабарсыз кеткен.

Рамазанов Нұрғали, қатардағы жауынгер, Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1942 жылы желтоқсанда хабарсыз кеткен.

Рақымжанов Еділе, сержант. 1922 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы шілдеде Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1942 жылы желтоқсанда хабарсыз кеткен.

Рақымов Қаби, қатардағы жауынгер, телефоншы. 1911 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 73-АД, 11-АП құрамында соғысқан. 1944 жылы 20 ақпанда ұрыста қаза тапқан. Гомель облысының Париг ауданында Язвин деревнясының оңтүстігінде орман шетінде жерленген.

Сағдаев Қаян, қатардағы жауынгер. 1921 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1945 жылы ақпанда хабарсыз кеткен.

Сағдаев Қали, қатардағы жауынгер, атқыш. Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1943 жылы сәуірде хабарсыз кеткен.

Сағымбаев, қатардағы жауынгер. 1895 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 255-қызылтулы өздігінен жүретін транспортты мех. батальон құрамында соғысқан. 1944 жылы 25 ақпанда ұрыста қаза тапқан. Керчь қаласының Алжимуткай пос. мектебі жанында 22 бейітте, 4 қабірде жерленген.

Сағындықов Зейнал, қатардағы жауынгер. 1922 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1945 жылы ақпанда хабарсыз кеткен.

Садуақасов Бектібай, қатардағы жауынгер, атқыш. 1910 жылы Баян ауылында туған. 1942 жылы 3 сәуірде Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1942 жылы қазанда хабарсыз кеткен.

Сафин Шмай, қатардағы жауынгер. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1942 жылы 3 сәуірде ұрыста қаза тапқан.

Сарбасов Садық, қатардағы жауынгер, атқыш. 1908 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы 24

шілдеде Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 314-АД, 1074-АП құрамында соғысқан. 194.. жылы тамызда хабарсыз кеткен.

Саргупеев Сергей Алексеевич, старшина, рота парторгі. 1913 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 47-АД құрамында соғысқан. 1945 жылы 20 ақпанда ұрыста қаза тапқан. Латвияда, Прикуль бол. Либава У.Бэты деревнясының шығысында 30 м. қашықтықта жерленген.

Сейдахметов Досым, қатардағы жауынгер, атқыш. 1922 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы тамызда Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 4850 д/п құрамында соғысқан. 1944 жылы ақпанда хабарсыз кеткен.

Субгатулин Сұрағай, қатардағы жауынгер, атқыш. 1922 жылы Баян ауылында туған. 1942 жылы 10 қаңтарында Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1942 жылдың желтоқсанында хабарсыз кеткен.

Сыздықов Жанбосын, қатардағы жауынгер. 1915 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы 27 шілдеде Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1942 жылы хабарсыз кеткен.

Тауытбаев Серікбай, взвод командирінің көмекшісі. 1923 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 161-АД, 505-

АП құрамында соғысқан. 1941 жылы 15 қыркүйекте хабарсыз кеткен.

Тәжібаев Дәкіш, қатардағы жауынгер, атқыш. 1921 жылы Баян ауылында туған. 1942 жылы Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1943 жылы маусымда хабарсыз кеткен.

Тәжібаев Сейпетден, қатардағы жауынгер, атқыш. 1919 жылы Баян ауылында туған. 1939 жылы Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 201-МАП құрамында соғысқан. 1941 жылы қазанда хабарсыз кеткен.

Трубанов Роман Михайлович, аға сержант, бөлімше командирі. 1925 жылы Баян ауылында туған. 1943 жылы Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 100-АД, 14981-ә/б құрамында соғысқан. 1945 жылы 22 қаңтарында ұрыста алған жарақаттан қайтыс болған. Польшаның Краков қаласындағы Воля Духацкая с-нда жерленген.

Уәйісов Әкімжан, гв.қатардағы жауынгер, атқыш. 1925 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы 24 шілдеде Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 84-ГвАД, 247-ГвАП құрамында соғысқан. 1944 жылы 23 маусымда ұрыста қаза тапқан. Витебск облысының Добромыслов ауд.Новая Земля деревнясынан 500 метр қашықтықта жерленген.

Уәйісов Ережеп, қатардағы жауынгер. 1914 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы 21 шілдеде

Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 286-АД, 996-АП құрамында соғысқан. 1942 жылы 23 қарашада ұрыста қаза тапқан. Ленинград облысы Мга ауданының Воронов деревнясының оңтүстік-батысында 1,5 км. қашықтықта жерленген.

Үждінов Ерғали, қатардағы жауынгер, атқыш. 1903 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 347-АП құрамында соғысқан. Ұрыста алған жарақаттан қайтыс болған. Нижний Новгородтың жаңа зиратында жерленген.

Фаткулов Әбдірахман, қатардағы жауынгер, атқыш. 1908 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы 1 қыркүйекте Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 381-АД, 1259-АП құрамында соғысқан. 1942ж. 8 желтоқсанда ұрыста қаза тапқан. Алешкин деревнясында жерленген.

Фаттахов Хамит Глиянович, қатардағы жауынгер, атқыш. 1907ж. Баян ауылында туған. 1941ж. шілдеде Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 314-АД, 1074-АП құрамында соғысқан. 1942ж. 11 мамырда ұрыста қаза тапқан. Ленинград облысы Лодейное Поле ауданының Свирь-3 поселкасының маңында жерленген.

Халықов Ахметкерей, қатардағы жауынгер. 1914 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1943 жылы қаңтарда хабарсыз кеткен.

Шаймерденов Қаппас, қатардағы жауынгер, атқыш. 1899 жылы Баян ауылында туған. 1942 жылы 28 тамызда Петропавл КӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1066-АП құрамында соғысқан. Ұрыста алған жарақаттан 1943 жылы 12 ақпанда 318-МНБде қайтыс болған. Ленинград облысы Мга ауданының Зенин деревнясының солтүстік-шығысында 4км. қашықтықта жерленген.

Шаймерденов Сейпіл, қатардағы жауынгер. Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1942 жылы 24 тамызда ұрыста қаза тапқан. Калуга облысы Казель ауданының Гаськов деревнясында жерленген

Шаймерденов Яғуат, қатардағы жауынгер. 1919 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы 11 қаңтарында Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1943 жылы қазанда хабарсыз кеткен.

Шауметов Өтеген, қатардағы жауынгер, атқыш. 1898 жылы Баян ауылында туған. Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 358-АД құрамында соғысқан. 1942 жылы 29 желтоқсанда ұрыста қаза тапқан. Смоленск обл., Велиж ауданының Тудня деревнясында жерленген

Шәкетаев Сенбі, қатардағы жауынгер, пулеметші. 1913ж. Баян ауылында туған. 1939ж. Преснов АӘКнан әскер қатарына шақырылған. 938-АП құрамында соғысқан. Ұрыста алған жарақаттан 1943 жылы 12

маусымда 43-армия 87-Эн-да қайтыс болған. Смоленск обл., Пречистый ауданының Коровин деревнясында жерленген.

Шайхин Кәрім, қатардағы жауынгер. 1918 жылы Баян ауылында туған. 1941 жылы Преснов АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. 1943 жылы қазанда хабарсыз кеткен.

Жоғарыда аталған жерлестеріміз жөніндегі мәліметтер «Боздақтар» атты ескерткіш кітаптан алынды. Бұл мәліметтер негізінен облыстық, аудандық әскери комиссариаттардан алынған. Ол аласапыран, астан-кестен соғыс жылдарындағы жазбаларға сүйенгендіктен кейбір жерлестеріміздің аты-жөні аталмай қалған. Сондықтан «Боздақтар» кітабында аталмаған, майданнан оралмаған баяндықтарды ауылымыздың тарихына арналған осы кітапта жария етуді жөн көріп отырмын. Олар:

Ахметов-Жаукенов Каукен
Әбілмәжінов Сұлтан
Әубакіров Нажиметден
Байтасов Әбілқайыр
Бейімбетов Құташ
Бектасов Арын
Баймақанов Нүкім
Баязитов Тілеу
Бірімжанов Мұса
Бейісов Шәріп

Бейісов Жүсіп
Валиев Акула
Еспенбетов Базарбай
Жакупов З.
Дәуітов Жұмағайыр
Ильясов Күлімжан
Қонатаев Б.
Қожахметов Әмен
Қожахметов Кәкім
Қонатаев Бейсенбі
Қалиев Бопаш
Мұхаметдинов Кәкім
Мырзалин Г.
Мырзалин А.
Нұрпейісов Шаймерден
Низамов Гимулла
Өсіпов Ахмадия
Рақымжанов Елеу
Сабиров Махмут
Сарыкөпеев Долгей
Таженов Сералы
Токкожин А.
Таутаев Серікбай
Уаисов Аяған
Хамзин Әбен

Ауыл орталығындағы алаңда орнатылған биік ескерткішке еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі

үшін қан майданда ерлікпен қаза тапқан жоғарыда аталған баяндықтардың есімі "Ұлы Отан соғысында қаза болған жерлестеріміздің даңқы арта берсін" деген ұранмен көмкеріліп, алтын әріптермен жазылыпты. Еңкейген кәріден бастап, еңбектеген балаға дейін сол ескерткіштің алдында әрқашан тәжім етіп, бүгінгі өмір үшін қыршынынан қиылған бауырларын құрмет тұтады. Жыл сайын Жеңіс мерекесі күніне ел бақыты үшін қыршын өмірлерін қиған жерлес жауынгерлерді еске түсіру рәсімін өткізу Баянда дәстүрге айналған.

«Баян» ауылы азаматтарының жауынгерлік сапарын зерттей отыра, барлық майдандардың ізін шарлап, сонау Берлиннен бір-ақ шықтық. Москва түбіндегі ұрыс, Сталинград, Курск шайқастары, Ленинград қоршауы, Румынияны, Чехословакияны, Польшаны азат етуі, сайып келгенде неміс фашизмін апанында талқандау – мұның бәрінде айқасқандардың ішінде баяндықтар бар.

Біздің жеңісімізбен аяқталған Отан соғысының бұрынғы жауынгерлері жемісті еңбекке қайта оралды. Олар неміс-фашист басқыншыларынан Отанымыздың бостандығын төсін төсеп қорғап қалды. Туған еліне жеңіспен оралған жауынгерлерді жерлестері қуанышпен қарсы алды. Олар мыналар еді:

Әбдешев Мәлік

Әбілғазин Ахметжан

Әйтенов Мақыш
Аймурзин Бағытай
Арбабаев Сейдахмет
Аймурзин Каппас
Байтұрғанов Нәжіміш
Бегалин Казихан
Бейісов Тіржан
Баймақанов Айтмағамбет
Бошатаев Ақмадия
Байтурин Рыспай
Белгібеков Жағыпар
Гарипжанов Фатхислям
Есмағамбетов Шадат
Есмағамбетов Сұлтан
Жакубаев Әубәкір
Жамалетдинов Гимолла
Жүкенов Әсен
Жамалетдинов Зейнетден
Жекебатыров Әбілқайыр
Жоламанов Қосан
Жетеев Мырзахмет
Жұнысов Ибрахим
Закиров Хатиф
Ишимов Тәшім
Итеміров Айтмағамбет
Иманов Кәкім
Иманбеков Қосман

Қабдуллин Қажымұрат
Қасымов Ишанғали
Қанафин Сәруар
Калин Исабай
Минуллин Гинаят
Мырзалин Қанапия
Мұстанов Зиятден
Мұқаметқалиев Ердәулет
Мұқажанов Әуелбек
Мұхаметқалиев Дүйсенбі
Мұстафин Садуақас
Мұқаметжанов Сапен
Мұстанов Бопи
Мұстафин Нияз
Мұрзагелдинов Баяқай
Наурызбаев Рысжан
Найманов Әбілқасым
Нұрғожин Оразалы
Нұрғожин Сұраған
Нұрғожин Бекмағамбет
Нашарбаев Қажыбазар
Омарханов Оспан
Оразалин Қазихан
Омаров Нұрмұқан
Рәзиев Әміржан
Сәдуов Рашит
Сәрсекеев Мұқаметқали

Сандыбаев Нұрақай
Ташенов Беймағамбет
Ташенов Серікбай
Тұралин Сексенбай
Тухватуллин Зайдулла
Тажин Есмақан
Үмітбаев Қапен
Хайрудтинов Яролла
Хамитов Гариф
Шайпин Бірімжан
Шақабаев Ақула
Шақабаев Әбілхайыр
Уәйісов Сұраған

Кеуделерін орден, медальдарға толтырып келген жауынгерлерді мақтаныш тұтқан баяндықтар алдағы күндерге үміт артып, тегеуірінді қолдарға шаруашылықты басқаруды сеніп тапсырды. Елге келе сала іске белсене араласқан кешегі жауынгерлер Сексенбай Тұралин, Сұраған Нұрғожин, Бірімжан Шайпин, Сұраған Уәйісов сияқтылар ауылдастарының сол үмітін ақтады да.

Сөзіміз дәлелді болу үшін Нұрғожин Сұрағанның өмір жолына тоқтала кетейік. Ол 1929 жылы «Баян» артелінде алдымен малшы, одан кейін соқа айдап, егін себуге қатысқан. 1932-33 ашаршылық жылдары Қорған облысында болып, екі жылдан соң елге қайта оралды. Трактористер дайындайтын курсты бітіріп,

трактор роліне отырады. Колхоз ісіне белсене араласады, аз уақыт бригадирдің көмекшісі, содан кейін бригадир болып істейді.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда алғашқылардың бірі болып майданға аттанды. Қазақстанның Солтүстік облыстары мен Батыс Сібір облыстарынан жасақталған әйгілі 314 атқыштар дивизиясының 1059 полкінде сапер-автоматшы болып, Ленинград облысының Подпорожье және Лодейное поле қалаларының маңында болған ұрыстарға қатысып, неміс басқыншыларын Ленинградқа жібермеу керек деген бұйрықты ойдағыдай орындайды. 1942 жылдың ақпанында кескілескен шайқаста Сұрекең ауыр жараланып, госпитальде 6 ай емделеді. Соғысқа жарамсыз деген дәрігерлердің шешімінен кейін елге оралады. Соғыс аяқталғанға дейін ауылдық Советтің төрағасы қызметін атқарды. Одан соң көп жылдар колхоз басқармасының орынбасары болды. «Баян» колхозы тарап, «Приишим» совхозының бөлімшесі болып қалғанда Сұрекең мал фермасының меңгерушісі қызметіне тағайындалады. 1967 жылы Алматыда өткен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің республикалық слетіне қатысады. Осы жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Майдандағы ерліктері үшін II дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені және бірнеше медальдарды иемденді.

1975ж. Подпорожье, Лодейное поле қалалары басшыларының шақыруымен 314 атқыштар дивизиясының ардагерлерінің құрамында өздері қорғаған жерлерде болып, сол қалалардың «құрметті азаматы» деген атақтарына ие болды.

Сұраған ағамыз зайыбы Шолпанмен 1947 жылы отау құрып, 10 баланы өмірге әкелді. Олардың бәрі де бір-бір шаңырақ иесі болып отыр.

Бүгінде жасы 90-ға келген Ташенов Серікбай қарт та «Елім менің, тағдырым менің» деген сөздерді әрдайым мақтанышпен айтады. Ол орынды да. Тепсе темір үзетіндей қылшылдаған жас кезінде колхоз шаруашылығын дамытуға белсене араласып өзіндік үлес қосқан Секең ел басына қауіп-қатер төнген сұрапыл соғыс жылдарында қолына қару алып, ел қорғауға аттанды. Ал соғыстан кейін туған ауылы – Баянға оралып, тағы да бейбіт еңбекке бел шеше кірісті. Содан ол құрметті демалысқа шыққанша еңбектен қол үзген жоқ.

Бұл күндері соғыс және еңбек ардагері Серікбай аға ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, туған елінің саналы азаматтары етіп тәрбиелеген қадірменді қарт. «Мен әрқашан аспанымыз ашық болуын тілеймін», - дейді ол.

Отан қорғауға аттанғандардың бірі Наурызбайдың Рысжаны болатын. Соғыс жылдарындағы Рекеңнің еңбегі жоғары бағаланып, ол екінші дәрежелі Отан

соғысы орденімен және сегіз жауынгерлік медальдармен марапатталған. Соғыс өрті басылып, елімізде бейбіт өмір басталғанда ол да туған ауылы Баянға оралып, «Белорусь» тракторының рулін ұстаған еді. Көп жылдар жүгері өсірумен айналысты. Майталман механизатор шаруашылықтың көктемгі егіс, жемшөп дайындау, егін орағы, мал қыстату сияқты науқандық жұмыстарының бәріне белсене араласатын. Үлкен отбасы болды. 8 ұл мен 2 қыз тәрбиелеп өсірді.

Белгілі жазушы Әбу Сәрсенбаевтың мынандай бір өлең жолдары бар:

Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Еріккеннен де ұстап жүрген жоқ,
Қолындағы ұзын таяғын.

Осы өлең Ұлы Отан соғысының ардагерлері Нұрғожин Бекмағамбет пен Искандеров Бәкірге арналып айтылды ма дерсің. Майданнан қолына ұзын таяқ ұстап, жалғыз аяқпен оралған Бәкеңдер көп жыл еңбек майданы жауынгерлерінің сапында болды.

ТЫҢНЫҢ БЕРГЕНІ КӨП

Ұлы Отан соғысы аяқталысымен колхоз экономикасын одан әрі көтеруге белсене кіріскен кешегі жауынгерлер мен ауыл тұрғындары егіс көлемі мен мал санын бұрынғыдан да ұлғайта түсті. Бірақ шаруашылықта техника дегеннің мүлде болмауы қанша тырысқанмен қол бөгей беретін. Осы кезде соғыстың кесірінен алынбай қалған Бүкілодақтық ауылшаруашылығы көрмесі сыйға берген автомашинаны еске алған колхозшылар ақылдасып, бүкілодақтық ақсақал М.И. Калининге хат жазды. Михаил Иванович оларға жеңіл машинаның орнына шаруашылықты көтеруге көбірек септігі тиетін жүк машинасын жіберді. Мұның өзі баяндықтардың өміріндегі ұмытылмас оқиға болды.

Бертін келе тың және тыңайған жерлерді игеруге кіріскен ауылға жетерліктей мол техника берілді. Шаруашылық 1954 жылы Москва студенттері, Латвия, Белоруссия, Чуваш АССР-ы еңбекшілерінің көмегімен 4800 гектар тың көтерді. Екі жылдың ішінде егістік жер 9 мың гектарға жетіп ірі шаруашылыққа айналды. Бұдан колхоз экономикасы күрт өрге басты. Колхоз мемлекетке жыл сайын бұрынғы 1800 центнердің орнына 58-60 мың центнер астық сататын болды. Шаруашылықтың жылдық табысы 450 мың сомнан 1 миллион сомға дейін өсті. Ал

колхозшылардың ақшалай табысы 4 еседен астам ұлғайды.

Ауылда 1946 жылға дейін бірде-бір мәдениет орны болған жоқ еді. Шаруашылық экономикасының дамуына байланысты бірер жылдың ішінде он жылдық мектеп үйін, клуб, кітапхана, емхана, дүкен салуға жағдай туды, радио торабы, электростанция, тұрақты киноқондырғы пайда болды. Бұл жылдары 147 отбасы бұрынғы шым үйдің орнына еңсесі биік шатыры шифрленген жаңа үй салып алды.

Иә, электр желісінің біздің ауылға жеткеніне де жарты ғасырдан асыпты. Осы оқиғаға байланысты ел есінде мына бір қызық жайт сақталыпты. Үйдің ішін самаладай жарқыратып электр шамы алғаш жанғанда Қожан атамыз не істерін білмей қорық-қанынан "астапыр алла, астапр алла" деп пештің үстіне шығып кеткен екен. Осы бір күлкілі жағдайды көнекөз қариялар күні бүгінге дейін есіне алып, жастарға айтып отырады.

Ұйымшылдығы жарасқан коллективке енді жаңадан қоныстанушы татар, башқұрттар, белорус, орыс, латыш, неміс, тағы басқа ұлттардың өкілдері келіп қосылды. Баян интернационалдық ауылға айналды. Өндірісті дамыту жолында бұлардың өзара достығы, ынтымағы нығая берді. Сол жылдары азербайжан Маликов Олег басқарған трактор бригадасы, башқұрт Халықов Қабдолхақ қажырлы

еңбектің үлгісін көрсетті. Қазақ Әбдешов Әбілда 30 жылдан бері жылқышы болып істеп, колхоз малының бірде-бірін шығынға ұшыратпаса, орыс әйелі Дронова 1420 құсты мәпелеп күтті. Асадулаев Алиякбар - Баян колхозының мақтанышы болды. 1950 жыл – таңдаулы комбайншы үшін есте қаларлық, қуанышты жылдардың бірі. Бұл жылы оның комбайн агрегаты жұмыс істейтін Баянда егін бітік шықты. Әрбір гектар жерден 100 пұттан, онан да жоғары өнім алынды. Алиякбар бұл жылы 765 гектар жердің егінін жинап, 13700 центнер астық бастырды. Оның қажырлы еңбегі жоғары бағаланып Ленин орденімен наградталды. Ал 1951 ж. механизаторлар жарысында үздік шығып ең құрметті атақ – Социалистік Еңбек Ері атағын алды.

Преснов ауданым бар Отанға аян,
Өлеңмен ел байлығын елге жаям.
Атақты облыста дәулетті отау
Көктегі күнмен теңдес колхоз «Баян»
Үкімет ардақтаған жігіттерін
Калмыков, Асадуллаев – Еңбек Ерім,
Төсінде Алтын жұлдыз жарқыраған
Егінде асқан шебер инженерім, - деп сол кезде облыстың халық ақыны Темірғали Қасенов жырлаған.

Адамдар тыңды көтерді, тың адамдарды көтерді. Осы жылдары «Баян» колхозы зор табыстарға жетті,

сол жетістіктері үшін көптеген жерлестеріміз үкімет наградаларын алды. Колхоз басқармасы Тұралин Сексенбай мен трактористі Бошанов Оразбай Ленин орденімен, комбайыншылар Сұрағанов Құрманғали мен Қалиев Меңдібай «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Ондаған баяндықтар, соның ішінде Қазбек Аймурзин, Нашарбаев Мұқыш, Шақабаев Акула, Гейлер Яков, Виктор, Әбілмажінов Елубай «Тың және тыңайған жерді игергені үшін» медалін алды.

Ауылға басқа республикалардан комсомолдық жолдамамен келгендер де болды. Олардың арасында Белоруссиядан, Ленинградтан, Сталинградтан, Балтық жағалауынан, сондай-ақ Монғолиядан келген жастар бар еді. Сырттан келгендер алғашқы кезде вагоншаларда тұрды. Кейін олардың барлығына да жеке-жеке үй, әрқайсысына сауын сиырлар берілді. Оларға ақшалай көмек көрсетілді. Әсіресе, олардың арасында Белоруссиядан келген Мелеевич, Юхнеевич және Монғолиядан келген Базар деген жігіттер біздің есімізде ерекше сақталыпты.

Үкімет тың игеруге көп көмектесіп, ерекше қамқорлық жасады. Соның нәтижесінде тың және тыңайған жерлерді игеру тек қана жаңа техникамен атқарылды. Өйткені үкімет зауыттан жаңа шыққан техниканы бірден тың игеруші шаруашылықтарға жеткізген болатын. Мәселен, бұрын Баянда негізінен

ХТЗ, ЧТЗ және НАТИ тракторлары болатын. Тың игеруге байланысты олардың бірі де жер жыртуға қатыстырылған жоқ. Олардың орнына ұжымшарға су жаңа ДТ-54, «Алтайский», «Сталинградский» С-80 және С-100 тракторлары әкелінді. Механизаторлар осы қуатты жаңа техникамен жер қыртысын қопарды.

Тыңның халқымыз үшін бергені көп. Ол халықтың әл-ауқатын арттырып, адамдардың тұрмыс дәрежесін айтарлықтай көтерді. Мұны жоққа шығаруға болмайды.

"Баян" колхозының ірге тасын қаласқандардың бірі - Әсен Жүкенов. Ол өзінің нағыз қымбатты шағының жартысынан астамын туған колхозының шаруашылығын көркейту ісіне жұмсады. Колхозда оның қолы тимеген жұмыс кемде-кем-ақ шығар. Өйткені Әсен егінші де, малшы да болды және басқа да көптеген қызмет атқарды. Ол жұмыстың қандай участогында болмасын, тапсырылған істің төрт аяғын бірдей жерге тигізбей тынбайтын. Сондықтан Әсен қарттың әрбір ісі жастарға үлгі-өнеге болды.

Ағайынды Қанафиндер де адал, қажырлы еңбектерімен өздерінің есімін даңққа бөледі. Ағалы-інілі комбайнерлер Қатау мен Қабидің егін орағындағы ісін көнекөз қариялар бұл күндері құрметпен атайды. Қанафияның ортаншы баласы Зейнолла колхозда моторист болып істеді, мемлекет қоймасына сапалы

астық жөнелту үшін жанаямай еңбек етті. Ал шоферлар Рашит Базарбеков, Мұхамедия Сүлейменов және Жұматай Нығметжанов, Оразбай Жоламанов, Қапан Ахметжанов басқа әріптестеріне үлгі болды.

Ахметов Есембай, Әбдешов Әбілда, Мұстафин Төлепберген, Жоламанов Серғали, Жанымбетов Мұқаметжан, Сүгірбаев Бірімжан ұзақ жылдар бойы колхозда адал еңбек етті. Бар өмірін колхоз құрылысын нығайтуға арнаған Қожанова Бижамалдың, Аймурзин Шөкештің, Нұрғожин Бекмағамбеттің, Мұқаметденов Еслямның, Хайрудтинов Яролланың, Байтұрғанов Нәжімуштің есімдерін мақтанышпен атайды. 1958 жылдың ақпан айында жоғарыда аты аталған адал еңбек иелерінің еңбектерін құрметтеу тойы асқан ұйымшылдықпен, зор қуаныш үстінде өткен болатын. Мектеп оқушылары құрметке бөленушілерге арнап тақпақ сөз бен жалынды сәлем, ыстық тілек білдірді. Соның біреуін келтіре кетейін:

Еңбегіңмен таптың құрмет,
Даңқың бізді қуантқан.
Істеп әлі зор қызмет,
Көп жаса, ата Уақпан!

Бұл 25 жыл Кеңес қызметінде адал еңбек еткен ауылдық Кеңестің төрағасы Тәжин Уақпанға арналған сөз. Осы кезде Уақпан карттың сонау 1924 жылдан бергі өмірі – жер бөлісі, колхоздастыру дәуірі, сауатсыздықпен күрес, Отан соғысы жылдары, тың

игеру көз алдынан бір сәтте өтеді. Өзі алғашқы рет осы далаға салғызған мектеп үйінің есігін тұңғыш рет ашқан жастар да көз алдына елестейді...

Уақпанды ауыл құрметпен көбіне «Уәкең» деп атайтын. Уәкеңнің өткен өмірі тарихи үлкен-үлкен ірі оқиғалармен тығыз байланысты. Ол 27 жасында Қызыләскер болысы, Қармен ауылы №3 ауылдық Советке депутат болып сайланды. Онда ол Совет председателінің орынбасарының қызметін атқарды. Міне сол жылдан бастап-ақ Уәкең Совет қызметіне белсене араласып, жұмыс істей бастайды. Ол енді колхоздастыру ісіне белсене ат салысты. «Баян» колхозын тұңғыш ұйымдастыру ісінде оның сіңірген еңбегі зор.

1935 жылы Ақмола қаласындағы комвуздың Совет бөліміне түсіп, оны 1937ж. бітіргеннен кейін Преснов ауданына Совет қызметіне қайта оралады. Басқарушылық және ұйымдастырушылық қабілеті мен қоғамға сіңірген еңбегі жоғары бағаланған Уәкең 1942 жылы еңбекшілер депутаттарының Преснов аудандық Советі председателінің орынбасарлығына жоғарылатылды. Жауапкершілігі артқан Уәкең бұл міндетті де абыроймен орындады. 1948 жылға дейін осы қызметте істеп, денсаулығына байланысты демалысқа шықты. Бірақ демалыс ұзаққа бармады. 1949 жылы халық Баян Советінің жаңа құрамын сайлағанда Уәкеңді депутаттыққа ұсынды. Депутаттар

оны Совет председателі етіп сайлады. Міне сол жылдан 1958 жылға дейін ол Баян ауылдық Советінің председателі болып істеп келді.

Иә, Уәкеңнің мінезі тігін, ешқандай қылтыңсылтыңы жоқ, адал, тура адам еді. «Жүйріктің шашасына шаң жұқпайды» дегендей, ел тізгінін ұстағандарға байланысты әр түрлі әңгімелер қалады. Ел ішінде Уәкеңе де байланысты бірер сөз бар, – дейді деректі әңгімесінде қаламы жүйрік Тілеген ағамыз. – Елуінші жылдары ауылдық кеңесте хатшы болып Шақабаев Әбілқайыр деген пысықай жігіт істеді. Жазуы тасқа басқандай еді. Соғыста әскери штабта писарь болған деседі. Денесі жинақы, пысық жүрісті, жанары өткір, өз ісіне мығым болатын.

Ол кезде Баян ауылдық кеңесіне «Айтуар», «Киров», «Ортаққөл» ұжымшарлары қарайтын. Аралары 12-15 шақырымнан. Уәкең науқанды жұмыстар кезінде жанына Әбілқайырды алып ұжымшар-ұжымшарды қона жатып аралайды екен. Ол кісінің «слушай» деп сөйлейтін әдеті бар еді.

Жол үстінде аттың божысын жасы кіші Әбілқайыр ұстайды ғой. Ауыл-ауылдың арасындағы ұзақ жолмен келе жатқанда Уәкең:

- Слушай, Әбілқайыр, былай жүр, слушай, олай жүр, слушай, қатты жүр, ақырын жүр, - деп мазалай беретін көрінеді. Әбден шыдамы таусылған шамшыл Әбілқайыр бірде:

- Баяғы болыс, әлі болыс. Баяғы көшір – әлі көшір. Заманның өзгергені осы ма? Мына божыңызды өзіңіз ұстаңыз, – деп өрме божыны Уекеңнің алдына тастай салыпты.

Мынандай оқыс қимыл, күтпеген сөз Уәкеңді есінен тандыра жаздайды. Өйткені, Әбілқайырдың әкесі Шақабай Уәкеңнің әкесі Тәжі болысқа көшір болған екен. Кездейсоқ болса да жағдай қайталанып тұр. Ол кез болыс, би дегендерді қанаушы топқа жатқызып, қаралап жатқан уақыт. Тосын сөзге ток соққандай есеңгіреп қалған Уәкең:

- Әй, Шақабайдың шақары-ай, жаман қатырдың-ау, – деп аттың божысын өз қолына алған екен.

...Салтанатты мәжіліске қатысқан аудан басшысы Уәкеңе Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Құрмет грамотасын және алтын сағат тапсырды.

Қарт еңбеккерлердің барлығы да осындай құрмет, осындай даңққа бөленді. 70 жастағы Қашен Смағұлов, 65 жастағы Бижамал Мамаева, тағы да басқа қарттар өздерін жасарып кеткендей сезінді. Салтанатты мәжілістен кейін жарысушы "Баян" және Киров атындағы колхоз ақындарының айтысы болып өтті. Айтысқа "Баян" колхозынан Самарқан Жұмадиев, Киров атындағы колхоздан Сұлтан Қанафин түсті. Айтыс екі колхоздың экономикасы мен мәдениетін нығайтуға бағытталған сын дәрежесінде аса қызықты болып өтті. Бүгінгі және келер ұрпақ

аулымыздың өткен тарихын тереңірек білсін деген мақсатпен осы айтысты төменде оқырманға ұсынып отырмыз.

Самарқан:

Ал енді шырқашы бір шаттық жырым,
Аузымнан ақтарылсын абзал сырым.
Алдына сәлем беріп бас иемін,
Бас қосқан әр тараптан тойшыл жиын.
Өлеңмен мерекеңе шашу шашам,
Қабыл ал қарт жүректен тартқан сыйым.
Тасқындап келіп қалған өлең шіркін,
Серпілтті қозғау салып көңіл күйін.
Мен кеше ескі өмірді көзбен көрдім,
Былайша екі заман куәсімін.
Бастаған табыстардан табыстарға
Арнаймын партияға сөз асылын.
Айтысу ұлы жиын мерекеде,
Жол қалған ақындардан бұдан бұрын.
Ескі ақын зар илесе байды мақтап,
Біз міне бастамақпыз жаңа түрін.
Көркейген дәулеті мол колхоз "Баян"
Ежелден атақты ол сіздерге аян.
Табысын жаңа жылдың таныстырып,
Мен дағы өлеңменен жұртқа жаям.
Пәрменді қарқынменен өрге тартып,
Атағы елімізге болған аян.

Мадақтап табыстарды жырға қосып,
Даңқынды асырайын келсе шамам.
Байлық пен мәдениет егіз өсіп,
Дамыған колхозыма мақтана алам.
Сұлтаным ілеспейсің шаңыма да,
Әлі көп теңесуге бізге саған.
Қырық жылды қарсы алдық табыспенен,
Өрлеп өсіп барамыз шабыспенен,
Партияның міндеті алға қойған,
Әдетте озып шығу жарыспенен.
Батыр бар Алиакпар Еңбек Ері,
Озат үздік еңбектің кемеңгері,
Пар мен зябтың жоспарын орындадық,
Бізде дайын егістің көктем жері.
Тазарып тұқым тегіс болды дайын,
Бітік өнім аламыз жыл-жыл сайын.
Маман бар Ғарып, Данил, Оразбайдай,
Ертеден білетұғын жұмыс жайын.
Бізде жақсы қолдағы малдың күйі,
Салынған мал басына көркем үйі.
Дұрыстап қоғам малын бақылауға
Арналған әр адамның еңбек сыйы.
Озат бар Фрида, Мина сиыр сауған,
Сиыр сүті бұлақтай аққан таудан.
Алдыңғы қатардағы сауыншы деп,
Бұларды бағалайды біздің аудан.
Малшы бар Еслям, Шөкеш, Есембайдай,

Үздіксіз мал бағады қысы-жаздай.
Жылқышы Әбділдәға толды отыз жыл,
Айтшы сен бар ма озатың міне осындай?
Жетеміз қашандағы қойған сертке,
Ақылдасып істейміз қалың көпке.
Семіртіп жақсы семіз күйіменен
Қой мен сиыр малдарын бердім етке.
Бордақы етке шошқа дайындаймыз,
Әр істі алдын ойлап пайымдаймыз.
Міндеттен партиямыз алға қойған,
Болса да қиын жұмыс тайынбаймыз.
Қазылды екі құдық жетпіс мыңға,
Колхозшы жарып қалды ауыз суға.
Қазылған құдықтарың қатып қалды,
Қалайша ұялмайсың осы сынға?
Жыл сайын молаяды малдың басы,
Қаланған қосылумен ірге тасы.
Міндетті артығымен орындауға,
Колхоздың еңбек істер кәрі-жасы.
Біз бардық колхозыңмен танысуға,
Үлгісін озаттардың алысуға.
Колхозыңның жетістігін сал ортаға,
Біз дайын көп жыл бойы жарысуға.
Көруге өте нашар қойдың базы,
Белшеден тазармаған оның сазы.
Бастықтар баз салуды ойламаған,
Белгісіз өтіп кеткен күннің жазы.

Баз емес мұның өзі ескі қора,
Шіруден қисайып тұр көп жыл тұра,
Жиырма жыл балшық ірге қаланғанға,
Нанбасаң Қали қарттан барып сұра.
Орын жоқ жас төлдерге салған арнап,
Қойлар жүр су іше алмай күртік қарлап,
Малшыларға қоныс жоқ мал басында,
Қайтады кешке жақын өгіз парлап.

Сұлтан:
Ақынның қалай жыры төгілмесін,
Өрнектер жөні келді сөз үйлесін!
Менімен айтысуға ниет етсең,
Айтып бер шаруаңның бар жүйесін.
Ақынды ұнатушы ем шындықты айтқан.
Жұртшылық сынап отыр екі жақтан.
Көзге түсер жетістік қандай еді.
Құлағыма кірмейді ұсақ мақтан.
Тақылдар айтыс десе біздің таңдай,
Шертейін домбырамды саусақ талмай.
Көзі бар жан көреді жетістікті.
Колхозым кеше қандай, бүгін қандай.
Әр үйде Ильич шамы жарқыраған,
Радио өмір сәні саңқылдаған.
Техника істейді бар шаруамды.
Еселеп өнім беріп қарқындаған.
Ертеден іргелі елсің колхоз «Баян»,

Байлығың сол кезден-ақ жұртқа аян.
Өзін теңдес колхоздан қалып қойдың,
Қарқының өте баяу, өгіз аяң.
Ақыным дәріптеме «Баяныңды»,
Қайталап айта берме баяғыңды.
Аз жылда қуып жетіп басып оздым,
Жеткің келсе, пысық бас аяғыңды.
Өлеңің болып кетті қу сылдыр сөз,
Әділ сынды айтайын оған да төз.
Үш жылдай артта қалдың сүт саудан,
Себебін көпшілікке түсіндір тез!
Алдыңдар жетпіс мыңға бұзау қора,
Ағашы екі жылда болды дода.
Ақыры кеңсе қылып көтердіңдер,
Байыпсыз бастықтардың ісі бұ да.
Құрылыс ісі сөз болмаған кеңесіңде,
Ақыным төзе алмайсың егесіме.
Бір кеңсеге жетпіс мың табыс кетсе,
Еңбеккүнге жаңқасын бөлесің бе?
Кемшілік бұл салада жатыр толып,
Кетіпті басшыларың салақ болып.
Сығылысып отырсыңдар сондықтан да,
Советтің кеңсесіне қоңсы қонып.
Мақтанып құр бекерге сөз қозғайсың,
Орныңнан жөнді ілгері қозғалмайсың.
Бізбенен жарысқалы он жыл болды,
Тым болмаса бірер жыл неге озбайсың.

Алиакпар асып шыққан Еңбек Ерің,
Сүйінетін оған бар әбден жөнің.
Ер болып Калмыковым шықпады ма
Сондықтан мақтанады менің елім.
Еңбек сүйгіш озаттар бізде де бар,
Жас түгіл жай отырмас кемпір мен шал,
Алса Ленин орденін Оразбайың,
Төсіне Хамитымның көзіңді сал!
Ағызды сүттен өзен Моор Фрида,
Өлке, облыс, ауданым түгел риза!
Жетпіске жасы жеткен Жылқыбайым
Шүйгіп жүр сиыр бағып сыйдан-сыйға.
Атасы жүгерінің Иван қартым,
Тыңдамай табиғаттың ешбір шартын.
Келелі еңбегімен көрсетуде,
Мичуриндік ілімнің салтанатын.
Бойымды билей бермек шабыт жігер,
Өз бойымнан шығады талай өнер,
Еңбегі бағаланып орден алды,
Маршалы машинаның ер Майснер.

Самарқан:
Мастанбаймыз табысқа,
Кетсе де атақ алысқа.
Қалыспаймыз қатардан,
Бейбіт өмір жарыста.
Ауырлық жоқ істеуге,

Жұмысқа бұрын танысқа.
Еңбекке толық қатысып
Жол бермейміз қалысқа.
Еңбекке тегіс барамыз,
Өнімді көптеп аламыз.
Толықсиды егінмен,
Ұлан байтақ даламыз.
Бытыраңқы ауылдан
Орнады біздің қаламыз.
Адымдап аяқ басамыз,
Аққан судай тасамыз.
Ілгері кеткен елдерді,
Қуып жетіп асамыз.
Партия қойған міндетке,
Үлесті біз де қосамыз.
Бастаған бізді жеңіске,
Компартия жасаңыз!
Кездесіп екі колхоз тойымызда,
Сақталсын күш-жігерің бойыңызда.
Міндетті алға қойған орындаңдар.
Ашылған кемшілікті жойыңыз да.
Бұрылмай қызмет істе түзу жолдан,
Жұмыс жоқ келмейтұғын біздің қолдан.
Отанның қырық жылдық дәуірінде,
Құтылдық артта қалу ескі сордан.
Мен еліңе барғанда анықтағам,
Ойланып көрген істі нарықтағам.

Кей енжар салақтардың кеселінен,
Фермада жетпіс тайша арықтаған.
Шалыға тайшаларды қойған қамап,
Іргесін бекітіпті қармен қалап.
Көтеріп мұрнын көкке қарасады,
Тұрғандай бәрі бірдей жұлдыз санап.
Шөбің мол колхозында, малың арық,
Көрдің бе малдың жайын өзің барып.
Кейбір малдың күйлері өте төмен,
Басқармаң да салмай жүр оған парық.
Шыдамас арық тайша зорлығына,
Көнбейді мал да болса қорлығына.
Қорапқа шөпті басып кетті Тоқаш,
Бұлардың кім жол берді ұрлығына.
Үш сиыр көтеремнен тұра алмайды,
Сылдыр сөз өлең болып құралмайды,
Аз күнде өлуге тұр жануарлар,
Бұл неге малшылардан сұралмайды?
Отанның жер серігі аспанда ұшқан,
Халықтың арманы еді көп жыл тосқан.
Табысқа табыспенен жауап беріп,
Миллиард пұт астық бермек Қазақстан.
Екі жүз жетпіс мың пұт міндетке алдық,
Үлесі біздің колхоз оған қосқан.
Іргелес колхоз едің ерте күннен
Айта бер табысыңды бізден асқан.
Жұмыста кемшілік бар, Сұлтан көрші

Шындықты бетіне айтқан болмас ерсі.
Тізбектеп бәрін бірдей айта берсем
Есімнің терлемей ме маңдай терісі!
Түсінген айтқан сыннан алар сабақ
Жоялық кемшілікті шытпай қабақ.
Бірлесіп көпшілікпен жұмыс қылса,
Колхозда орын теппес арам тамақ.
Іргелес елің жақын көрісерміз,
Үлгісін озаттардың бөлісерміз.
Бөгет болып ауыр жұмыс туа қалса,
Күш қосып екі колхоз жеңісерміз.
Бар болса сал ортаға табысыңды,
Мен дағы бере алмаймын намысымды.
Жаңадан орта мектеп салмақ болып,
Дайындап қойдым керек қамысымды.
Қасқырды асырадың құлын сойып,
Бағусыз малды жеді қасқыр тойып,
Он екі жас құлынын шаруаның
Жібердің ерте күннен басып жойып.
Еңбекке қатыспайды Аққу, Бикен
Еңбексізге біздерде алғыс-сый кем.
Жиырма әйел минимум еңбек таппай отыр,
Жұмысқа бола алмай жүр олар икем.
Еңбектен қалыспайды Қажыкен қартым,
Әр сөзді айту керек ойлап артын,
Ақыным, жеңемін деп үміт қылма,
Оздырмау, таласқанда ескі салтым.

Сұлтан:
Желіні сиырымның жер тіледі,
Әр емшегі тонна сүт келтіреді.
Ауыспалы Қызыл Ту шашағымен,
Бақташым адал теріп желпінеді.
Семіздігін сиырымның осыдан біл,
Аяғын екі аттаса ентігеді.
Күтімін осылайша келістірген
Сиыршы еңбеккер ұл Петр еді.
Біздің мал сіздің малға ұқсамайды,
Ойнақтап тана тайыншам секіреді.
Сендердей сары жамбас бір сиыр жоқ,
Төсегі астындағы көпіреді.
Бір айда үш сиырың өліп қалған,
Ажалға олар қалай шетінеді.
Күрк-күрк етіп көп бұзау жөтеледі,
Ала өкпеден сау ма еді көкірегі?
Бұзаутаз төлдеріңде қаптап кеткен,
Жазылып олар қашан жетіледі?
Бұл қылығы ай сайын қайталанса,
Түбінде Хайрудтинов өкінеді!
Жылқы жайын айтайын, енді сақтан,
Ала көнек бием бар тұлпар тапқан.
Ер қанаты ат деген сөз рас боп,
Зәрулік көрмеді елім мінер аттан.
Шабдарды, сұр атпенен білесің бе?
Шаппай бер сәйгүлігің бірге шапқан!

Екі бірдей аттарың артта қалып,
Тұлпардың серпінінің шаңын қапқан.
Тегінде жылқы малын жек көресің,
Жал, жая, қазы майын жеп көресің,
Жоспарға отыз жылқың жетпесе де,
Жылқы санын өзіңше көп көресің.
Жеткіздік жылқы санын нысанаға,
Айтысқан ақынға бұл зор сыбаға.
Күтімін жылқылардың әбден білген,
Колхозда Хамза дейтін Қамбар ата.
Қой базым Қосыбайдың саласында,
Жел өтпес қалың нудың арасында.
Қыс емес күз тартқанбыз жемшөптерін,
Үюлі жақын тұрар қорасына.
Жүз қойдан жүз жиырма бес қозы алмақшы
Исенов, Бекішовтай шопандарым.
Әр қойдан 3 килодан жүн бермекші,
"Баянда" бар ма ондай адамдарың?
Сендер бізге ешқашан күлмейсіңдер,
Айтар ек "қой бағуды білмейсіңдер!"
Кейбірін жылтыр қарын мәрбас қылып,
Тырбитып қойларыңды жүндейсіңдер.
Қораңда қойдың жүні жатыр қоқып,
Ақылды алар кім бар миға тоқып,
Қой қырқып аман-есен қозы алудан
Кетіңдер біздің елден он күн оқып.
Қойларым күн-күн сайын сүрлем жейді,

Сіңіріп ас қылады берген жемді.
Алдында кесек-кесек тұздары бар
Кешегі комиссияң өзі көрді.
Қарқынды колхоз болдық қанат жайған,
Жерім жоқ, ақын аға, серттен тайған.
Аз жылда мол табысқа жеттім міне,
Зор ферма ұйымдасты бес торайдан.
Төлеп ем бес торайға бес жүз теңге,
Көп кіріс кірді одан біздің елге.
Алты жүз пұт ет бердік мемлекетке,
Ойлашы қай табыстан осы кенже?
Азық мол, тұрар орын өте жайлы,
Жоғары күйлері бар қарыс майлы
Өлім жоқ, бауыры бүтін, төлі түгел,
Бір мегежін он төрттен торайлайды.
Бұл өзі екі жылдық табысымыз,
Үндеуге сай келеді бар ісіміз.
АҚШ-ты ет, сүт, майдан қуып жетіп,
Дейміз біз: "енді бізбен жарысыңыз!"
Әзіл ғып қазақшылық айтқандарға,
Шошқашы десе келмес намысымыз.
Отырсың шылқы майға белден батып,
Өрбітіп торайларды томпаңдатып.
Есіңе сірә бізді алдың ба екен
Шошқаңды бордақыға байлап жатып.
Шошқа өсіріп жатқанда барлық әлем,
Артта қалып "Кірпіден" алдың сәлем.

Көршіңді бүйтіп күлкі қылмайын деп,
Шошқа бердім, тағы да ал, болса дәмең.
Құстарыңа туыпты қатер хауіп,
Аз күнде опат болды жетпіс тауық,
Бұл өзі бір-ақ жылғы шығын емес,
Кездесіп тұратын іс ауық-ауық.
Құсыңды міне осылай қырып салып,
Завфермаң бетімен жүр құрып сауық.
Қашаннан ымырашылдық әдетің бар,
Стагын етегіңмен қойдың жауып.
Қамың жоқ жаздың жақын қалғанына,
Тұқымың ақталды ма албарыңда?
Төбесі албарыңның құлап түскен,
Қарамай жүргеніңде жан-жағыңа.
Жазғы егістің тұқымын тап-таза ғып,
Енгізіп алдым түгел албарыма.
Жыртылған жүз процент зябьті айтсам,
Ентігіп ере алмайсың шаңдағыма.

Самарқан:
Еңбекке қатысады барлық жастар,
Кәрілер Қожахметтей жасты қостар.
Шебер бар Бекмағамбет, Төкен карттай
Еңбекке көпшілікті өзі бастар.
Бөкеңнің кемдігі бар аяғында,
Сүйенбей еңбек істер таяғына.
Азайды жатып ішер тоғышарлар,

Шіреніп бос жүретін баяғыда.
Мәдениеті жоғары біздің елдің,
Қасына қоныс салған Маса көлдің,
Жеті мың дана кітап бар қарауында,
Көрнекті кітапхана, өзің көрдің!
Клуб, кино, бізде бар орта мектеп,
Жас ұрпақ білім алар жылда көптеп.
Салынбай мәдениет орталығы,
Колхозың әлі күнге жүр ғой шеттеп.
Аты бар кітапхана Сабыр бастық,
Есігін құлыптаулы әрең аштық.
Тар бөлме өзі суық жағылмаған,
Шыдамай бұл түріне біз де қаштық.
Жастары көрмейді екен ойын-сауық,
Ойын қояр жерде жоқ орын тауып,
Бір клуб орталыққа сала қалса,
Болады басқармаға қандай хауіп.
Акушерка жүреді үйден-үйге,
Фельдшерің тұрады екен пәтер үйде,
Аяғы ауыр әйелге қамқорлық жоқ,
Ақыным, кім шыдайды мұндай күйге?
Жүресің көп жыл бойы мектеп салмай,
Тапсырған көпшіліктің тілін алмай.
Клуб, мектеп, дәрігер үйін салып,
Қатарға шығу керек кейін қалмай.
Сәлем айт Шайкин Есім басқармаға,
Оған да үш жыл болды басқарғанға.

Осы жаз құрылысты алсын қолға,
Біз дағы тілектеспіз жақсарғанға.
Мұғалім Кәрім газет алмайды екен,
Көпшілік қоғам іске бармайды екен.
Күйбеңдеп өз үйінде дамылы жоқ,
Жақындаса колхоздан қармайды екен.
Өткен жылы сүттен алдық бірінші орын,
Қатарлас жүруші едік бұдан бұрын.
Алдыңа жаңа жылда "Баян" шықты,
Өнімнің білгеннен соң ішкі сырын.
Келіңдер жарысайық осы жылда,
Жеңісті бере алмаймыз тұрған қолда.
Колхоздың өнім жағын молайта бер,
Арындап, тоқтап қалмай орта жолда.
Колхоздың байлығының табыстарын,
Үдетіп социалистік жарыстарын.
Өнімді жан басына молайтайық,
Жұмыстың жақындатып алыстарын.
Сәлем айт басқарманың мүшесіне,
Қыдырып бос жүрмесін көшесінде!
Сын түзелмей міндерің түзелмейді,
Көп еңбек етсін соның есесіне.
Тұқымың себуіңе жарамайды,
Сынаушы ажарыңа қарамайды,
Жақсы тұқым сарайыңа құйылғанша,
Бұл тұқымың барлыққа саналмайды.
Көргенде балшық үйдің ішін күйген,

Ел еді "Айтуар" да еңбек сүйген,
Жас бала білім алмас тозаң жұтқан,
Қалайша шыға алмайды балшық үйден?
Жасапсың мектебіңді балшық үйден,
Қалыңдатып төбесін балшық үйген.
Жүргенде борандатар топырағы,
Төбесі байқаусызда басың тиген.
Мұғалім сол мектепте сенің өзің,
Түседі еденіне басқан ізің.
Төрт сағат сабақ беріп қайтқаныңша,
Тозаңнан қызарады екі көзің.
Ақыным, алдым ерік сынауыңа,
Төзгісіз кейбір сөзің шыдауыма.
Бір сөзің бір сөзіңнен үркіп жатыр,
Жата ма көпшіліктің ұнауына.
Бізде бар ән-күй өлең өнерпазы,
Көрсетер ойын-сауық қыс пен жазы.
Ән салса Қайкен, Қуат, Серікбайым,
Сұңқылдап құттықтайды көлдің қазы.
Диплом бірінші орын алып келді,
Барғанда Алматыға өткен жазы.
Осындай көркемөнер сізде бар ма?
Белгілі айтпасаң да, оның азы.
Жақында бұл жастарым Мәскеу бармақ,
Алдында Отанымның барын салмақ,
Көрсетіп асқақ өнер табыстарын,
Жүлдесін астананың тағы да алмақ.

Сұлтан:
Сөз қылдың мәдениет мәселесін,
Кеудеңді кейде орынсыз көтересің.
Мен білмейтін «Баянда» сыр бар ма еді?
Жөнелсем тізіп бәрін кетер есің.
Аңдамайсың жеріңді жеңілетін,
Тәйкеңнен түсіретін келді ретім.
Идеялық тәрбие сіздерде аз,
Кейбіреудің қисайттың түзу бетін.
Бар дейсің колхозымда жақсы клуб,
Есігіңнен түспейді қара құлып.
Осындай мерекелі күннен басқа,
От жағылмас, ызғарлы іші суық.
Істесе клубында үлкен пайда,
Халыққа көлемді үгіт таралмай ма?
Өзара сын еліңде өріс алып,
Тоғышарлардың тақымы бұралмай ма?
Көп болды акация еккеніңе,
Оның да құн-жұн болып кетпеді ме?
Қызығын қаба сақал теке көрді,
Қоршауға соны шаманың жетпеді ме?
Көшеңде көз тігетін бір нәрсең жоқ,
Көрсеткіш тақтасы мен ұран қайда?
Клубыңның сыртына қарай бермей,
Халық қамын, ақыным, түгел ойла!
Ортаккөл өгей ана баласындай,
Ескерусіз қалыпты қиыр шетте.

Киноға, электрге, радиоға
Аңсаумен қарайды екен күнде кешке.
Жақында қырық үй салды біздің колхоз.
Жігер болса бойыңда, осыдан оз!
Он тоғыз машиналы колоннам бар,
Осындай жетістікке қолыңды соз.
«Айтуар» меніңдағы інім еді,
Түрленіп май гүліндей күлімдеді.
Өздерің кеше келіп кеткен кезде,
Алшақтық екі ауылымда білінбеді.
«Құдық жоқ» – деп кемшілік болдың тапқан,
Сен өзің етесің бе оны мақтан?
Баяғыдан суға бай болсаң, былтыр
Мен дедің бе сықақ қып «Кірпіге» айтқан?
Суға аузың биыл ғана тимеді ме?
Бұрын судың қадірін білмедің бе?
Құдық үшін газетке шығыпты деп
Байбосын мен Бейсекей күлмеді ме?
Ақыным, дәуірлемей сөзге тоқта!
Қызарып, ұяласың жиын топта,
Маскүнем медфельдшері Горчиковың
Өзіңнің жағаңнан да алған жоқ па?
Уа, ақыным-ақыным,
Көршім, әрі жақыным.
Кейбір бастық сіздерде
Халықтың алмас ақылын.
Жаба тоқып жауырды,

Жүріп жатыр ақырын.
Ұғына алмай жүрсіңдер,
«Ақырын жүріп, анық бас»
Деген Абай ақылын.
Ортаққөлдей еліңнің
Ескермейсің халқын.
Олар кино көрмейді,
Жаңалық ешкім бермейді
Барғысы келмес ол елге,
Бодров деген батырың.
Мектебің сенің де жоқ іске татыр,
Болмаса бүркенгені темір шатыр.
Он бір жерден қойыпсың тіреу діңгек,
Таба алмай одан басқа амал ақыл.
Өлеңім өрге басып, өрнек салған,
Сөзімде еш уақытта болмас жалған.
Сауданың айналымы екі еліңде,
Естимін, он бірінші орын алған.
Дүкені Ортаққөлдің ашылмайды,
Товары уақытылы сатылмайды.
Баянда екі-үш айдай дүкен жабық,
Бұл неткен тексерісің таусылмайды?
Біздің елді айт дүкеншілер зор еңбекпен,
Бірінші боп ауданда сыйға іліккен.
Қажымай талмай жүру арқасында,
Колхозшының керегін үймелеткен.

Самарқан:

Жармастың сынаймын деп Ортаққөлге,
Жеңісте бұл да шыққан талай өрге.
Он бес үйде радио қабылдағыш,
Бұлар қалай жатады арттағы елге?
Жағылмақ осы жылы Ильич шамы,
Кірістік дайындауға оның қамын.
Үйде жарық, радио тұрса сөйлеп,
Көркейтіп жібермей ме ауыл сәнін?
Белгілі машинаң бар жиырма шақты,
Ескіні іске аспайтын сатып апты.
Сапарға жолдамамен шыға қалса,
Жүре алмай талайлары жолда қапты.
Келешек өркендейді алды көрсең,
Жарамас бар кеміңді тере берсем.
Колхозың көп пайдаға кенеледі,
Утильге машинаңның онын берсең.
Айқайлап ән саласың, көкке сермей,
Ашып айт кемшілікті, өсек термей!
Кеңсеміз карағай үй алдында тұр,
Көзіңді жұмып жүрдің бе оны көрмей?
Ақыным, айтысуды енді қойдым,
Таусылмас асыл жыры терең ойдың.
Арналған еңбеккерлер құрметіне,
Созылсын басқа түрі қызық тойдың.

Сұлтан:

Кемшілік сізде де бар, бізде де бар,
Халқым өзі салмақтап білген шығар.
Жай айтысып біз бүгін тарап кетпей,
Міндет алсақ, көңілім сонда тынар.
Тіл безеп, жұрт алдында қылдық егес,
Бұл өзі жеке адамның намысы емес.
Сөз семсері жарқылдап сөйлегенде,
Өзара сын пайдалы жақсы кеңес.
Сен қойсаң айтысуды мен де қойдым,
Әйтпесе желісі бар талай ойдың.
Қолың бер кемшілікті түзеймін деп,
Үстінде салтанатты осы тойдың!

Екі ақын дәл осылай кезек қағыса отырып, өз табыстарын мақтан ете келіп, кемшіліктердің бетін батыл ашады. Колхозшыларды алда тұрған міндеттерді ойдағыдай орындап шығуға шақырады.

Айтыс аяқталысымен клуб сахнасына өздерінің туған колхозының қарттарын қошеметтеуші, солардың қызығына өз үлестерін қосушы мектеп мұғалімдері шығып концерт қойған болатын. Сахна шымылдығы ұлы композиторымыз Құрманғазының асқақ күйлерімен ашылды. Бұдан кейін тамылжыған ән, тәтті күй, жастар хоры әр үйдегі кешкі тоймен ұласты.

Осы жылдары ауылдың экономикасы, мәдениеті және ұжымшар мүшелерінің тұрмыс дәрежесі айтар-

лықтай артты. Сөйтіп «Баян» ұжымшарының атағы аудан, облысты былай қойып, бүкіл республикаға белгілі болды. Ұжымшар жыл сайын (ұжымшар басқармасының төрағасы Сексенбай Тұралин) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен оны мемлекетке сатудың жоспарларын асыра орындады. Қол жеткен көрсеткіштері үшін ұжымның бірқатар мүшелері ордендермен, медальдармен марапатталды.

Ұжымшар шаруашылығының шалқып, экономикасының нығая түсуіне ауыл коммунистері айтарлықтай үлес қосып, қомақты қолғабыс тигізді. Осы орайда коммунистерді ортақ іске жұмылдырып, олардың еселі еңбекке деген құлшыныстарын арттыруға өзіндік үлес қосқан ұжымшарда құрылған алғашқы бастауыш партия ұйымы жайлы да, оның тұңғыш жетекшісі, ауыл азаматы Әбілқайыр Жекебатырұлы туралы да жылы лебіз білдіре кеткен жөн. Әбекең білімді де біліктілігінің арқасында алғаш құрылған ұжымшар партия ұйымын ұзақ жылдар шебер басқарып, ауылдастарының құрмет-беделіне ие болды. Ол өткен ғасырдың сонау қиын-қыстау отызыншы жылдарының өзінде заманына сай білім алып, Алматыдағы ауыл шаруашылығы техникумының күндізгі бөлімін тәмамдаған. Кейін Қарағанды жоғары кеңестік-партия мектебін бітірген.

Сондай-ақ, ол шаруашылық партия ұйымының хатшысы болуымен қатар ұзақ жылдар ұжымшар

басқармасы Тексеру комиссиясының төрағасы болып сайланып, ұжым мүлкінің орынсыз талан-таражға түспеуі жолында бар күш-жігерін жұмсайды. Тәжірибелі коммунист Ә. Жекебатырұлының ауыл шаруашылығы саласындағы көп жылғы еселі еңбегі, іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің молдығы ескеріліп, ол Ұлы Отан соғысы қарсаңында көршілес Сарман ауылындағы ұжымшар басқармасы төрағалығына жоғарылатылады.

Әбекеңнің коммунистік партияға сіңірген көп жылғы адал еңбегі жоғары бағаланып, ол КОКП Орталық комитетінің «Коммунистік партия қатарында – 50 жыл» атты төс белгісіне де ие болды. Оны Жамбыл аудандық партия комитетінің жауапты қызметкерлері 1983ж. күзде үйіне әкеп тапсырған болатын.

Көп жылғы еселі еңбегі үшін ол бірнеше медальдармен және Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Әбекеңнен кейін бастауыш партия ұйымының жетекшісі болған Бірімжан Шайпинді, Ахмадия Бошатаевты айтпай кету ағаттық болар еді. Ал жетпісінші жылдардың соңында «Баянауыл» кеңшары өз алдына шаңырақ көтергенде партия комитеті құрылып, оның хатшылары болып Николай Иванович Трухан, Әнуар Сағитұлы Сарин, Нұрман Дүйсенұлы Тастеміров, Жамбыл Оразайұлы Базарбаев еңбек етті.

ӨНЕРЛЕРІМЕН КӨПШІЛІК ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНДІ

Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және мемлекетке сатумен бірге Баян ауылының көркем өнерпаздар үйірмесінің мүшелері өз өнерлерімен көпшілік құрметіне бөленді. Олардың арасында домбырашылар, әншілер және бишілер де болатын. Әсіресе, құрамында Серікбай Құсайынов, Ишанғали Қасымов, Қайкен Баекин, Қуат Анафин, Сайран Тәжин сияқты ауыл өнерпаздары тыңдармандарын ерекше тәнті етті. Ұжымшардың төрағасы Сексенбай Тұралин мен ауылдық кеңестің басшысы Уақпан Тәжин Алматыға Мәдениет министрлігіне арнайы хат жазып, домбырашылар оркестрін құру үшін белді бір маман жіберу жөнінде өтініш білдірген еді. Бұл орынды тілек те ескерусіз қалмай, астанадан Құрманғазы атындағы ұлт-аспаптар оркестрінен арнайы маман домбырашы жіберілген. Оның ауылға келуі өнерпаздар арасында үлкен қозғау туғызды.

Колхозда мәдениет мекемелерінің жұмыстарын басқаруға қолынан іс келетін, халық арасында жүргізілетін мәдени шараларды ұйымдастыра білетін адамдар тағайындалды. Мәселен, клуб меңгерушісі Қуат Анафин, кітапхана меңгерушісі Қайкен Баекин өздері басқаратын мәдениет мекемелерінің жұмыстарын ауыл жұртшылығының өскелең тілегіне сай

жүргізді. 50-60 жылдары ауылдың атақ-абыройын, даңқын шығарған – өнерлі жастар еді.

1957 жылы тұңғыш рет облыстық фестиваль өткен болатын. Осы ән мерекесіне Баян ауылының жастары ерекше дайындықпен барды. Екі күнге созылған байқауда колхоз көркемөнерпаздары қалың жұртшылықтың бірден-бір жоғары бағалаған ұжымы болды. Ауыл жастары композитор Б.Байқадамовтың «Жастар маршы», «Комсомол» әндерін өте бір шеберлікпен орындады. Жеке әндер орындаушы М.Құсайынова, Б.Жақыпова да өздерінің әншілік өнерімен көруші жұртшылықты ерекше таңдандырды. Құрамында 10 домбырашы бар оркестр ұлы композитор Құрманғазының «Ақсақ киік», «Қайран шешем», «Адай» күйлерін шеберлікпен орындады.

Халық құрметіне бөленген коллектив республикалық фестивальға қатысуға жолдама алды.

1957 жылдың шілдесінде Алматы қаласында республика жастарының тұңғыш фестивалі болды. Бұл жөнінде «Ленин туы» газеті былай деп жазды:

...Астанада өнер жарысы басталды. Көркемөнерпаздарының даңқы республикаға тегіс жайылған Баян ауылының домбырашылары сахна төрінен орын алды. Домбырашылар ансамблі күй музыкасының көсемі Құрманғазының «Қайран шешемін» сарлата жөнелгенде жұрт аузына су ұрттағандай жым-жырт болып тыңдай қалды. Оны орындап

отырған Баян кітапханасының меңгерушісі Қайкен Баекин, Баян клубының меңгерушісі Куат Анафин, осы колхоздың колхозшысы Серікбай Құсайынов, тағы басқалары. «Шіркіндердің қолы қолына жұқпайды, ауылда да мұндай тартымпаздар болады екен», - деп таңырқасады отырғандар.

Енді Құрманғазының «Адай» күйі орындалды. Композитор Ахмет Жұбанов бастаған жюри мүшелері «жарайсың, балалар», – деп қол соқты. Мұны залдағылар іліп әкетті. Домбырашылар өнерін байқау бейнебір атақты искусство шеберлерінің концертіне ұқсады. Жюри ансамбльге магнитофон тарту етті, I-дәрежелі дипломмен наградтады.

Осы жылдары Серікбай Құсайынов пен Ишанғали Қасымов Баян орта мектебінде домбырашылар оркестрін құрып, жастарды күй тартуға үйретті. Алтын Иманбаева, Қайыржамал Омарова, Кәрібай Құсайынов, Жақабаева Майраш сияқты оқушылар оркестрде орындаушылық шеберліктерімен көзге түсті. Ағалы-інілі Серікбай мен Кәрібай Құсайыновтар кейін солтүстік өңірін былай қойғанда, республикаға танымал домбырашылар атанды. Кәрібай Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясын тәмамдаған жоғары білімді музыкант. Қазір ағайынды домбырашылар Петропавл қаласының мектептерінде жастарды домбыраға үйретуде.

Сол жылдары Баян ауылында драма үйірмесі де

жақсы жұмыс істеді. Оған Шерияздан Қажымұратов жетекшілік етті. Шери 1954-1955 жылдары Алматыдағы Гоголь атындағы көркемсурет училищесінде оқып, семья жағдайына байланысты оқуды бітіре алмады. Ол оқуды тастағанымен өнерді тастаған жоқ. Шерағаң суретшілік өнерді дамытып, жетілдіре берді. Ауыл өмірінен салған суреттері, портреттері жұртшылықты қатты сүйсіндірді. Оның шебер қолынан шыққан ұрандар мен транспоранттар, портреттер ауылдың көрнекті жерінен орын алатын. Негізгі жұмысынан қолы босаса аяулы өнері суретпен айналысатын.

Шерағаң көп жылдар Баян ауылында клуб меңгерушісі болып істеді. Осы кездерде ол ауыл жастарының басын қосып күрделі туындылар «Ер Тарғын», «Қаракөзді» сахнаға шығарды. Жас кезінде «Ер Тарғын» спектаклін көріп отырып Тарғын ролінде ойнаған Шеридің, қарт Қожақ болған Нығметжанның ойындарына қатты сүйсінуші едік. Сауыт киіп, садақ асынған, қалқан көтеріп, болат дулыға киген, алмас семсерлі батырлардың шайқасы қатты бітіспес егеске бекінген қос батырлардың кейпін танытты. Бізді қызықтырған батырлардың киімдері мен қару-жарақтары. Соның барлығын Шерағаң өз қолымен жасап, зерлеп өрнектеген екен.

Ауыл көркем өнерпаздарының ең таланттыларының бірі мұғалима Марияш Жақабаева орта мектепте

оқып жүрген кезден бері өнерді сүйеді. Ол «Ер Тарғында» Ақжүністі, «Қаракөзде» Қаракөз ролін жақсы ойнап берді.

«Қыз Жібек» спектаклінің соңғы актысында Жібек пен Бекежанның кездесуі көпшілікке ерекше әсер етуші еді. Сахнаға ойнақтап шыққан Шери – Бекежанның Төлегенді өлтіргенін хабарлай келіп ха-ха-лап күлген зұлымдық кейпіне Марияш – Жібектің көздерінен моншақтаған нақақ жасқа түршікпеген адам болмайтын. Алдағы орындарда отырған апаларымыз бетін басып солқылдап жылайтын.

Осылармен қатар драма үйірмесінің мүшелері Әусат Наурызбаев, Аман Ахметов, Айтжан Омарханова, Зейнолла Мырзалин, Теміртас Есмағамбетов, Қабдол Мұқаметқалиев және басқалары сомдаған кейіпкерлер көрермендер көңілінен шығатын. Ауыл сахнасында олар атақты «Айман-Шолпан», «Еңлік-Кебек» сияқты пьесалардан үзінді қоятын. Шераған сахнаға арнап сықақ өлеңдерді өзі шығара беретін. Солардың бірі облыстық «Ленин туы» газетінің 1968 жылғы 28 желтоқсандағы нөмірінде жарияланыпты. Ол «Қонаққа барамыз-ау...» деген сықағы. Өлең жолдарын өзгертпей сол қалпында беріп отырмыз.

Бізде бар жақсы әдет,
Шақырыстан қалмаймыз.
Ал жаманы,
Мезгілінде бармаймыз.

Кешіккенді еске де алмаймыз.
Содан келгендері,
Құр босқа қиналғанша,
Бас-аяғы жиналғанша,
Картаны қолға алады,
Толғанады.
Ойын қыза бастайды,
Қызғаны сондай,
Жиынның шырқын бұза бастайды.
Шылымды ауызға алып,
Болмаса қарызға алып,
Қақысы кеткендей,
Қиқу сап өкіре бастайды,
Қоқаңдап секіре бастайды.
Ал жеңгейлер есінеп,
Тостырғаны *несі деп,*
Шала ұйқы *боп зерігеді,*
Тіпті *сөйлеуге де ерінеді.*
Содан сағат *он кезінде,*
Қасында жұбайлары бар,
Құдайлары бар,
Бастық Маймақ келеді.
Жампаңдап Жайнақ келеді,
Қарт жеңгей қайысып,
Жастауы майыса келеді.
Үй иесі киімдерін іліп,
Бір жерден шыққанын біліп,

Іреніш білдірмей,
Көңілсіз күліп
Төр жақты нұсқайды,
Басын ұстайды.
Майлатып, жайлатып келген,
Ет пен арақты
Жайратып келген,
Бастықтар,
Кешіккендері ойда жоқ,
Ішкендері бойға тоқ,
Келе картаға жабысады,
Табысады.
Ерте кеп асыққандар,
Бұралып ашыққандар,
Бастарын көтеріп,
Күрк-күрк жөтеліп,
Ауыз үйге қарайды,
Сөйткенше именděп,
Күйбеңдеп,
Бір жастауы,
Су құя бастайды.
Іле үй иесі
Қонақтарды санап алып,
Түрлеріне қарап алып,
Жеңгейге барады.
Түгел келіпті
Түсір асынды,

Айғай-шу басылды.
Көп кешікпей ас келеді,
Бас келеді.
Шайқалып шарап,
Айқайлап арақ келеді.
Уқалап-суқалап,
Ет те туралады.
Арақ құйылып,
Айқай сұйылып,
Табаққа бас салады,
Араққа да,
Шабуыл басталады.
Ұзамай-ақ,
Етті де ойсыратып,
Табақпен нан сұратады,
Жеңгейлер де қалыспай
Ескі таныстай,
Мол сұлатады.
Аздан соң тауысып арақты,
Жеңгейлер шарапты,
Тағы сұрайды,
Әрине, ағын сұрайды.
Содан соң улап-шулап,
Барылдап,
Дарылдап әндетеді,
Жиыннан сән кетеді.
Артынша шәй келеді,

Қант, кәмпит, май келеді.
Жеңгейлер жұлқынып,
Бұлқынып,
Қант-кәмпитті қалтаға,
Қойнына тығады,
Әйтеуір,
Тақырлап шығады.
Сөйтіп,
Артынып-тартынып,
Сағат 3 кезінде
Ұбап-шұбап тарайды.
Кеткен соң,
Ағай жеңгейге,
Жеңгей ойраны шыққан
Үйіне
Күйіне қарайды...

Осындай мәдени-көпшілік жұмыстардың барлығы ауылдық кеңестің басшылық жасауымен, үлкен ұйымдастырушылық жұмыстардың нәтижесінде жүзеге асырылатын.

ЕЛ АҒАЛАРЫН ЕСКЕ АЛҒАНДА

1961 жылы Баян ауылы Сергеев ауданына қарасты «Приишим» кеңшарының бір бөлімшесі болып қалды. Осы кезеңде аға ұрпақтың өнегесін үлгі еткен тамаша еңбеккер жастар өсті. 1966 жылы астық өндіруді және дайындауды молайтуда қол жеткен табыстары үшін Құрманғали Сұрағановқа Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын медалі қоса тапсырылды.

Иә, Құрағаң еңбекпен егіз туған азамат еді. Аты ауызға аталғалы көп болды. Кешегі колхоз бен МТС заманында атақты А.Асадулаевпен сайысқан, сонымен жүлдеге таласқан ер. Асадулаевты шәушәйлай ұстап, босатпаған-ды. Тек оның сынық сүйемдей ғана озықтығы болып, жүлдені жеңіп әкеткен.

– Құрманғали тындырған істердің көрсеткіштері соңғы он жылда бір төмендеген емес. Бапсыз жүйрік, беріспес батырдан қандай жұмыс болса да ығысып, үркіп тұрады, – деген еді көп жыл ел басқарып, ауыл ағасы болған, қадірмен қарт Уақпан қатардағы комбайнерге Еңбек Ері атағын беру туралы Указды оқығанда. – Осы биікке, мынадай құрметке жеткізіп, ер атандырған, әкесі Сұрағанның есімін алтын әріппен Кремль кітабына жаздырған күш – Құрманғалидің еңбекке, тындырар іске адалдығында болатын.

Жастайынан еңбекке араласқан Құрағаң жігіт

жасы 50-ден асқан уақытта бригадир, сонан соң бөлімше басқарушысы болып та еңбек жолын жалғастырады.

Атақты диқан 77 жасында дүниеден озғанда Тілеген Жетеев арнау-өлеңінде:

Бәйтерек еді Құраған,
Даңқы алысқа тараған.
Беделі еді-ау елімнің,
Бетке ұстауға жараған.
Жанашыр елге пана еді,
Ақылгөй еді, дана еді.
Аяулы менің бұл ағам,
Көп ішінде дара еді,
Еңбекті сүйген жасынан,
Кездері жоқ та жасыған.
Қияқты сұңқар сол еді,
Алдынан жұмыс шошыған.
Дүр сілкінтіп Отанды,
Еңбек Ері атанды
Оған да жылдар өтіпті,
Өзгертіп мына жалғанды, - деген еді.

Өзінің еңбек жолын сонау соғыстың сұрапыл жылдарында бастаған Қайырке Байтасовтың да еңбектегі жан сүйсінерлік жақсы істерін атап өтпеуге болмайды. 1958 жылы ол трактор-егіс бригадасының бригадирлігіне тағайындалды. Бұл кезде осы трактор

бригадасы үнемі артта қалып келе жатқан еді. Қайырке алғашқы күннен бастап-ақ осы артта калушылықтың себебін іздестірді. Еңбек тәртібін күшейту ісіне ерекше көңіл бөлді. Бұл кезде Қайырке бірнеше мамандықтың иесі болып та алған еді. Тракторист, комбайнер, механик мамандықтарын меңгерді. Ол бригадир болып тағайындалғаннан кейін бригаданың жұмысы күрт өзгеріп сала берді. Бригада жыл сайын өзі қабылдаған міндеттемелерін абыроймен орындап отырды, дәнді дақылдардың әр гектарынан 26-28 центнерден өнім жинады.

«Ауыл азаматымен көрікті» дегендей, біздің Баян ауылының тұрғындары майталман механизатор Елубай Әбілмәжиновты адамгершілігі, кішіпейілдігі және тындырымды еңбегі үшін әркез құрмет тұтып, мақтан етеді. Ауылдағы бесаспап жігіттер жайлы сөз бола қалса Елубай ағаның есімі алдыңғылардың қатарынан аталатын. «Халық айтса қалт айтпайды» дегендей, Елекең шынында да өз ісінің шынайы шебері, абзал жан екені рас. Оның мамандығы негізінен механизатор болса да, ол шаруашылықтың науқанды жұмыстарының бәріне белсене араласатын. Сондықтан да оны көктемде темір тұлпар рулінде, күзде қыр кемесі комбайн штурвалында көрсек, қыста мал фермасында еңбек етіп жүрген жерінен кездестіретін едік. Оның осы жылдары жинаған астығынан үлкен тау тұрғызылар еді. Май-

талман механизатордың бұл еселі еңбегі ескерусіз қалмады. Ол Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталды. СССР кәсіподақтарының XVI съезіне делегат болып қатысты.

Ауылымызда Елубай ағамыздай темір тұлпардың талайын тізгіндеген Ғарип Хамитов, Тауфик Тухфатуллин, Қазбек Аймурзин, Қанат Жұмабеков, Қамаредтен Жамалетдинов, Ғалымжан Ахметжанов, Аман Нұрахметов, Шұғай Қожанов, Ағзаметдтен Низамов, Далабай Бошанов, Зейнетжан Гарибжанов, Масқұт Сабиров, Төлеген Наурызбаев т.б. азаматтарымыз кеңшар бойынша үнемі алдыңғы қатарда болды.

Зейнетжан Гарибжанов өзінің әке-шешесімен сонау Татар АССР-інен біздің ауылға келгенде небәрі бір-ақ жасар сәби бала еді. Ұлты татар болғанмен, ол қазақ ауылына тез сіңісіп, осы ауылдың төл тумасы сияқты болып кетті. Білімді де осындағы қазақ мектебінен алды. Өсе келе механизаторлық мамандықты таңдады. Ол көп жыл жүгеріші болып істеді. Еңбексүйгіштігі, қажырлылығы нәтижесінде әрқашан жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, кеңшардың маңдайалды еңбеккерлерінің бірінен саналды.

Осындай жанқияр еңбегі үшін Зейнетжан Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталды.

Зейнетжанды ауылдастары озат еңбеккер ғана емес, үлгілі отбасы, қамқор әке, ата ретінде де құрмет тұтады. Ол өзінің зайыбы Рәзиямен бірге тоғыз бала өсірді.

Біздің ауылда көп ұлтты отбасылары тату-тәтті өмір сүрді. Ұлы Отан соғысы басталғанда Поволжье немістері туған жерлерінен Қазақстанға депортацияланды. Баянға 4 неміс отбасы келді. Олар – Данила Шледовец, Яков Геллер, Егор Лампель және Адам Штиер отбасылары. Уақыттың ауыр кезеңіне қарамастан ауыл басшылары мен ақсақалдары достық құшақпен қарсы алып, жер ауып келген немістерді үйді-үйге бөліп алыпты. Оларға тамақ, киім-кешекпен бөлісіп, баспана ұйымдастырған. Немістер де келе сала ұжымшардың жұмысына бірден араласып кетті. Мәселен, Данил Шледовец шаруашылықта ағаш шебері болды. Ал Яков Геллер – темір ұстасы, Егор Лампель – балғашы яғни Яковтың көмекшісі болыпты. Адам Штиер механизатор болып орналасып, қайда жұмсаса сонда барады. Содан бірте-бірте олар ауыл адамдарымен тіл табысып, біте қайнасып дегендей, ағайын-туыс болып кетті.

1953-1954 жылдары жер ауып келген немістер ауыл сыртындағы Маса көлінің жағасынан шұңқыр қазып, сабан араластырып өгізбен балшық басып, кірпіш соқты. Сол кірпіштерден үй қалады. Сол кездегі іргесін қалаған шалдар бұл күндері жоқ, дү-

ниеден өткен. Бірақ сол кісілердің салып кеткен үйлері әлі күнге дейін тұр. Ауыл адамдарымен аралас, койы қоралас дегендей, ағайын-туыс, құда-құдандалы болып та кетті. Бұған нақтылы мысалдар да келтіруге болады.

Мәселен, Яков Геллердің қызы Мина ауыл азаматы Қасен Ақанбаевқа тұрмысқа шықты, қазір Мина балаларымен Германияда тұрады. Шледовец Анна Бектұр Досановпен жеке отау құрды. Бүгінде ол екеуі де дүниеден өтті. Ал олардың балалары жекежеке отбасы болып тұрып жатыр.

Адам Штиердің балаларының бәрі де Баян ауылында туған. Ең үлкені Петро 1983 жылы Баян орта мектебін үздік бітіргеннен кейін Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен өтеп келді. Ол 1991 жылы Көкшетау ауылшаруашылық институтының механикалық факультетін тәмамдады. Одан кейін ол ауылда жөндеу шеберханасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. Ол одан кейін бес жыл Баян орта мектебінің директоры болып, ауылдағы білім ордасына басшылық жасады. Қазақ тіліне өте жетік Петро мектеп директоры болып жүргенде қазақ емес ұлттар арасында өткізілген қазақша сөйлеу бәсекесінде бірінші орынға ие болғаны да бар. Бұлар он ағайынды жігіттер. Петро мен Андрей қазақ қыздарына үйленген. Бұлардың бір қызығы сол, олар өздерін қазақпыз деп санап, кішкентай ер балаларын

сүндетке отырғызған еді. Олар той-думанның бәрін таза қазақша өткізеді. Ауыл адамдары құдайға құлшылық қылып, құран оқып, қол жайса, Петролар да олардан қалмай, дастарқанға бата қылып, колдарын жаяды.

- Балам «Баянауыл» кеңшарында қызметте болып, сол жаққа бірлі-жарымды ат ізін салған едім, – деп еске алады халыққа білім беру жүйесінің ардагері М.Оразымбетов. – Бір жақсысы, ондағы неміс, орыс, тағы басқа ұлт азаматтары қазақшаға судай екен. Жүздеріне қарап орысша сұрасам, қазақша жауап береді. Ол ауылда аралас ұлтты отбасылар әжептәуір көрінеді. Тіпті қазақтан немере сүйіп отырған неміс әжелерді көрдім. Сөзі, сыйы қазағыңнан он есе артық. Ұлты неміс бір қарт әйел менің алдымды кесіп өтпейін деп мен өткенше қолындағы бір шелек суымен тосып тұрды. Тіпті тамаша!

Иә, бір кезде бала әкеден мал мен дүние мирас етеді екен. Ауқымы тар заманның бар бағалысы мен асылы да мал мен дүниемен ғана өлшенетіндей қысқа да келте болса керек. Қазіргі шақта бала әкеден адамгершілікті, жұртшылық игілігіне арналған істерді мирас етуге ұмтылады. Жұрт жадында жатталар әке есімін өзінің жақсы ісімен, өнегелі өнерімен, озық еңбегімен жаңғырта түсуді мұрат тұтады.

Біздің Баян ауылында Оразбай Бошанов деген аяулы азамат өмір сүріп еді. Ол ауылымыздан

шыққан алғашқы механизаторлардың бірі болатын. Сонау отызыншы жылдардан бастап өзі өмірден өткенше осы мамандық бойынша еңбек етті. Оның еңбегіне ел сүйсінетін. Жер бабын өте жетік білуші еді. Ол өңдеген егістіктен дәйім ең жоғары өнімді астық жиналатын. Сонысына орай оны ауылдастары қатты қадірлейтін. Үкімет те Орекеңнің озат еңбегін жоғары бағалады. Ол біздің ауылда бірінші болып Ленин орденімен марапатталды. Орекең дүниеден өткен соң ол бар өмірін сарп еткен диқаншылықты оның баласы Марат мирас етті. Тек әке мамандығын емес, оның бойындағы еңбексүйгіштік, табандылық тәрізді нағыз ерге тән асыл қасиеттерді қоса мирас етті. Техникаға әкесінің баулуымен әуес болған Марат өсе келе тракторшылықты, комбайншылықты, шоферлықты қатар меңгерді.

«Шебердің қолы ортақ» деген ғой, Марат шаруашылық қажет етсе, осы мамандықтардың барлығы бойынша өзгелерге үлгі боларлық дәрежеде еңбек ете алды. Жыл бойы жүргізуші болып істесе, күз кезінде комбайнға отырды. Қажет кезінде трактор рулін ұстады.

Осы сөздердің растығындай, Мараттың омырауында озат еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту ордені, бірнеше медальдар жарқырайды. Сол сияқты техника тілін жетік білетін Жақия Сәпенов, Седан Бейсекеев, Бекет Мұқаметжанов, Кәкентай Әбілқайыров,

Еркеш Нұрғожин сияқты ағаларымыз маңдай терін төгіп, ел мерейін өсіру жолында еңбек етті.

Ерлі-зайыпты Кәмешпен Садуақас Мұстафиндер мен Әнуар Тұрлыбеков хат тасушылар болып істеді. Олар қолдарына хат тасушы сөмкесін ұстап көптеген жылдар бұл жұмыстың қыры мен сырын жете меңгеріп алған еді. Тұрғындар тарапынан олардың атына ақ алғыстан басқа шағым, не өтініш айтылып көрген емес. Сол сияқты ауыл дүкенінде әр жылдары сатушы болып істеген Бәри Құсайыновтың, Мақыш Әйтеновтың, Көгаршын мен Күлбаршын Баймақановалардың қызметіне де әрдайым разылық білдіретін.

Иә, өткен ғасырдың 60-80 жылдары ауылда егіннің шығымдылығы, қоғамдық мал басы едәуір өсті, одан өндірілетін өнім еселеп артты. Жұмыстың басқа салаларында алға басу айқын аңғарылды. Баяндықтардың есілеген күш-жігерімен, моншақталған маңдай терімен қол жеткен қыруар табыс бүкіл коллективтің абыройын асыра түсті. Бұл табысқа сол жылдары бөлімше басқарушылары болған Тілеген Жетеевтің, Кеңес Ахметжановтың, Құрманғали Сұрағановтың, мал мамандары Ержан Ташеновтың, Ғазизолла Хайрудтиновтың, Жұматай Касеновтың, Айтмолда Ташеновтың қосқан үлестері аз емес. Бұлардың бәрі де шаруашылықтың жай-жапсарын жетік білетін, оның ыстығы мен суығын талай бастан кешіп ысылған адамдар.

- «Мал бақсаң ырыс» деген аталы сөз бар, төрт түлік байлық қой. Тек оны баптай біл. Малға мал деп қарамай, ағып тұрған бал деп қарау керек, - дейтін еді марқұм Ержан Ташенов.

1977 жылдың жетінші сәуірінде «Баянауыл» кеңшары құрылды. Оның құрылуына сол кездегі облыстың атқару комитетінің төрағасы Ніл Әдғамұлы Болатбаев атсалысқанын қазір де алғыспен еске аламыз. Кеңшардың етек-жеңін жинап, түзеліп кетуіне аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Мәркен Ахметбеков көп көмектесіп, көз қырын салып еді. Аз уақыттың ішінде бұрынғы азып-тозған үйлер, құрылыстар барлығы қайта түзеліп, ақ шаңқан жаңа үйлер мен көшелер бой түзеді, балабақша, үш қабатты орта мектеп, сауда орталығы, жөндеу шеберханасы, машина паркі, газ қоймасы, жанар-жағар май сақтайтын орын, машина-трактор ауласы, құрылыс орны, астық қоймасы, мал қоралары сияқты жаңадан көптеген құрылыстар салынып, пайдалануға берілді.

Осынау жұмыстардың барлығын сырттан көмек шақыртпай, ауыл азаматтары өздері атқарды. Сол кезде осы шаруашылықты басқарған бірінші директор Тобыл Кенжетайұлы Тоқышев жас кеңшарды аяғынан тік тұрғызып, ілгері қадам басуына көп еңбек сіңірді. Бүгінде марқұмның топырағы торқа болсын, жаны жәннатта болсын деп ол кісінің

іскерлігіне, ұйымдастырушылық қабілетінің молдығына ауыл адамдары ризалығын білдіреді. Осы орайда ортақ іске сүбелі үлес қосқан Қазиқан Бегалин, Дулат Омаров, Қабдол мен Есенгелді Мұстафиндер және Теміртас Есмағамбетов сынды құрылысшыларды ерекше атаған жөн. Құрылыс материалдарын көршілес Ресейдің облыстарынан ауыл механизаторлары мен жүргізушілері әкелетін. Олардың арасында ағалы-інілі трактористер Данил мен Петро Шледовецтер, Қатау Қанафин, Төлен Бегалин, Мұқамедия Сүлейменов, Марат Бошанов, Ахметжан Әбілғазин, Қабиден Тоққожин, Разиев Болат, Нұрахметов Бақытжан, Аймурзин Қайырбай сынды жүргізушілер ерекше іскерлік көрсетті. Бұлар уақытпен санасқан жоқ. Жердің алыс-жақынына қарамастан апталап, айлап командировкада жүрді.

Жеке отау тігіп, шаңырақ көтерген күнінен бастап шаруашылық диқандары егіншілік мәдениетін арттыру жолында айтарлықтай жұмыстар атқарды. Соның нәтижесінде 1979-1980 жылдары мемлекетке екі миллион пұттан астам астық сатты. Шаруашылықта жер өңдеп, тұқым себетін техника жеткілікті болды. Тек қуатты К-700 тракторларының өзі ғана 24-тен асатын. Егіс жұмыстарында кеңінен пайдаланылған бұл тракторлардың кідіріссіз жұмыс істеуін қамтамасыз еткен жөндеуші-шебер Қанат Жұмабеков жайлы жылы лебіз білдірген орынды болар. Далабай

Бошанов, Төлеген Наурызбаев, Жақсылық Жүкенов, Жанұзақ Еркалин, Бағыт Қайсин сияқты комбайншылар ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Орталық қырмандағы жұмыстың үш сменада жүргізіліп, астықтың мемлекетке сапалы тапсырылуына да қырман меңгерушілері Серік Найманов, Ескендір Разиев пен Болат Нұрғожин да үлкен ұйымдастырушылық қабілет танытты. Қырмандағы жұмыс қысы-жазы бір толастамайтын. Жазда астық қабылдау, тазалау, қабылдау орындарына жеткізу жұмыстарын үшеуі де тиянақты ұйымдастыратын. Ал қыс айларында осындағы қоймада үйілген тұқым тазартылатын. Олар бұл жұмысты да ұйымшылдықпен атқаратын.

Кеңшар еңбеккерлері мал шаруашылығын өркендетуде де жыл сайын толымды табыстарға ие болып келді. Жылына мемлекетке 24000 центнер сүт, 4660 центнер ет, 137 центнер жүн сататын. Бақыт Көшербаева, Бағила Бидалина... сияқты сауыншылар сиыр саудың қыры мен сырын әбден жетік білетін өз ісінің шынайы шеберлері болды.

Сауыншылардың сүтті мол өндіруіне озат бақташылардың қосқан үлесі де қомақты болды. Әсіресе, Қазиқан Оразалин, Құсжан Мырзабеков, Боташ Найматовты, Қойшыбай Нашарбаевты ерекше атаған жөн. Олар сауын малын қысы-жазы зоотехникалық-малдәрігерлік талапқа сай күтіп бағуды шебер меңгерген еді. Ал мал қондылығын арттыруда Мәлік

Әбдешов, Жәнібек Аймурзин, Тілеу Байтұрғанов, Айтпай Жақабаев сынды малшылар жақсы көрсеткіштерге жетіп отырды. Қозы алу мен жүн қырқуда шопан Пішенбай Есенбаев та озық көрініп, әріптестерінің құрметіне бөленіп жүрді.

Шопан Әнәс Ғабдуллин еңбек жолын соғыс уақытында өгіз басына мініп жер жыртудан бастады. 70 жылдардан бастап шопан болды. «Шопан болу оңай іс емес, дейді Әнәс ағамыз. Суыққа тоңып, ыстыққа күйіп мал бақтым. Көлеңкесіз, панасыз далаға шығып алып күн ұзаққа отырамын. Қара жаңбырдың астында қой жайып, ыстық ішпейтін күндеріміз де болды. Әсіресе күзгі айлар қатты қинайтын еді». Ә.Ғабдуллин жем-шөп тапшы жылдардың өзінде әр қойдан бір-бірден қозы, төрт киллограмнан жүн алатын. Осы ерен еңбегі үшін алған грамоталары мен бағалы сыйлықтары аз емес.

Бұл күндері дүниеден өткен Қазихан Оразалинды, оның зайыбы Орынбасарды ауылдастар үлгілі ата-ана деп мақтан тұтатын. Әсіресе, оларға мектептегі мұғалімдер разы болатын. «Олардың ұл-қыздарының тәртібі де, үлгерімі де ойдағыдай. Тәрбиелі семьядан шыққандары бірден байқалады»,- десетін олар.

Қазихан мен Орынбасар екеуі де ежелден совхоздың мал фермасында еңбек етті. Біреуі – малшы, екіншісі – төл күтуші. Екеуінің де еңбегі еселі, шаруашылықтағы озаттар қатарында болды. «Балапан ұяда



Еңбек ардагері
Бижамал Қожанова



Белгілі механизатор
Адам Штир



Солтүстік Қазақстан облысының халық ақыны
Самархан Жұмадиев зайыбы Бөпеймен



Соғыс және еңбек ардагері
Серікбай Тәшенов



Соғыс және еңбек ардагері
Рәшит Сәдуов



Соғыс және еңбек ардагері
Қазиқан Бегалин



Темір тұлпардың жүргізушісі
Төлен Бегалин



Ұжымшардың активтері (солдан оңға қарай отырғандар) аға счетовод Оспан Омарханов, азық-түлік дүкенінің сатушысы Мәлік Әбдешов және трактор-егіс бригадасының бригадирі Қайырке Байтасов, түрегеп тұрғандар (солдан оңға қарай) екінші счетовод Кенбай Асылтаев және счетовод Мұрат Нұрмұқанов. 1959 жыл.



Ұжымшардың кеңсе үйі. 1960 жыл.



Ішкі істер қызметінің ардагері,
ауыл тумасы Рәшит Рамазанов



Ұлы Отан соғысында қаза
тапқан Қайыржан Рамазанов



Зейнолла Молдахметов, Кенбай Асылтаев, Ишанғали Қасымов,
Әскер Ережепов (солдан оңға қарай)



Еңбек ардагері
Қазиқан Оразалин



Социалистік Еңбек Ері
Құрманғали Сұрағанов



“Баян” ұжымшарының “Москвич-402” автомобилі.
1960 жыл.



(Солдан оңға қарай, отырғандар) кітапханашы Қуат Анафин, клуб меңгерушісі Шериязданқажымұратов, түрегеп тұрғандар: счетовод Мұрат Нұрмұқанов және сүт-тауарлы фермасының меңгерушісі Хабибулла Хайрутдинов. 1959 жыл.



"Баянауыл" кеңшарының бірінші директоры Тобыл Кенжетайұлы Тоқышев



Майталман механизатор, қос орденнің иегері Елубай Әбілмәжінов



Соғыс және еңбек ардагері Рысжан Наурызбаевтың отбасы



Еңбек ардагері
Әнуар Тұрлыбеков



Еңбек ардагері
Әнас Ғабдуллин



Трактор-егіс бригадасының бригадирі
Жақия Сәпенұлы отбасымен



Қой өсірудің шебері, шопан Тілеу Байтұрғанов,
зайыбы Күләш және баласы Сырбай



Майталман механизатор Қанат Жұмабеков,
зайыбы Зайтуна және немересі



Ұзақ жылдар бөлімше
механигі болған
Төлеген Наурызбаев



Техниканың білгірі
Қаби Мырзалин



Клуб меңгерушісі Шерияздан Қажымұратов
пен механизатор Ахат Халықов



Еңбек Қызыл Ту орденінің
иегері Назым Низамов



Өз ісінің шебері,
автомобиль жүргізушісі
Мұстариза Бірімжанұлы



Оңнан солға қарай: қазіргі ауыл молдасы Зейнолла Мырзалин,
зейнеткер ұстаз Күлбайра Жакина және Күлжәкан Мырзалина



Армреслингтен дүние жүзінің чемпионы
Рүстем Ілиясұлы Қалин (сол жақта)



Ауыл ақсақалдары дастархан басында



Ауылдың алғашқы мұғалімі, Еңбек Қызыл Ту және "Құрмет белгісі" ордендерінің иегері, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі Кәкім Иманов



Кәсіпкер
Болат Әміржанұлы Рәзиев



Чернобыль атом электростансасының апатын залалсыздандыру жұмысына қатысқан жерлесіміз
Ғазизолла Акулин



Мына суретте Баян орта мектебінің өткен ғасырдың 50-60 жылдарының басындағы мұғалімдер ұжымы бейнеленген. Солдан оңға қарай: Тілеген Жоламанов, Әскер Мәкенов, Гүлжан Сағындыққызы, Ожан Қали, Шадат Есмағамбетов, Төлеген Айтенов, екінші қатарда: Кәкім Иманов, Күлпан Жұнысова, Лариса Петровна, Ғалымжан Мұқанов, Бағыш Бекқожина, үшінші қатарда: Жасұлан Рсаев, Қари Сеңкібаев, Ишанғали Қасымов, Мағел Басыбаев, Қази Бекқожин, Нұржан Еламанов, Сайран Тәжин



Баян орта мектебін 1950-1951 оқу жылында бітіргендер



Мектептің 50-60 жылдардағы директоры, халыққа білім беру саласының үздігі, Октябрь Революциясы орденінің иегері, Ұлы Отан соғысының ардагері Сағди Оспанов жас мұғалімдер ортасында



Халыққа білім беру саласының үздігі Зура Мырзагелдіқызы



Орман
шаруашылығы
ардагері, ауыл тумасы
Аманжол Нұрғалиев



Жаңа ғасырдағы мектептің мұғалімдер ұжымы



Баян орта мектебінің 70-жылдардағы мұғалімдер ұжымы



Солдан оңға қарай: Еркін Қапезов, Нұржан Еламанов, Әскер Әбілов,
Сұраған Нұрғожин, Амантай Қожаев, Ғалым Жакин



Ардагер ұстаздар Күлзайра мен Ғалым Жакиндер, Зура мен Нұржан Еламановтар, Сайран Тажин, Әминә мен Әскер Әбіловтар шәкірттерінің арасында



Солдан оңға қарай: Күлзайра Жакина, Күлпан Жұнысова, Жәнипа Қосшығұлова, Бошен Күнгенеева, Зәйни Жамантаева, Зура Мырзагелдина



Ардагер ұстаз
Күлзира Самарқанова



Мектеп директоры
Асқар Құрманғалиұлы Сұрағанов



Баян орта мектебінің ғимараты



Мектебіміздің түлектері Н. Назарбаевпен бірге



Мектеп мұражайында құрылған киіз үй



Мектепті тұңғыш бітіргендердің бірі, Ұлы Отан соғысының ардагері, аға әділет кеңесшісі, 14 жыл Солтүстік Қазақстан облысы прокурорының бірінші орынбасары болған Сапар Дүйсенов



Жол апатына ұшырап дүниеден мезгілсіз кеткен Азамат Асаубайұлы (оң жақтан бірінші)



Мектептің әдістемелік кеңесінің кезекті отырысы



Ардагер ұстаз Сағди Оспановтың мерейтойында



2008-2009 оқу жылындағы мектептің мұғалімдер ұжымы



Еңбек ардагері
ардақты әкем Айтмұқаш Сүгірбаев



Аяулы анам Жамиға Қосыбайқызы
Сүгірбайкеліні



Менің отбасым: зайыбым Дикан, ұлдарым, келіндерім және немерелерім

1986 жылы Т. Тоқышев басқа жұмысқа ауысып, сол кездегі аудандық партия комитетінің ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі М.А.Қазбеков директор болды. Махмет Аманжолұлы да өз шамашарқынша жақсы жұмыс істеді. Ол тазалық, тәртіп нәтижесіне ерекше баса назар аударды. Одан кейін кеңшар директоры болып Ж.О.Базарбаев істеді. Жамбыл Оразайұлы да нағыз азаматша іске кірісіп, шаруашылық өнімдерін арттыруда көзге түсті.

Жоғарыда аты аталған кеңшар директорларымен бірге еңбек еткен шаруашылықтың бас мамандары Орал Ғалымов, Күлбарам Нұрқанова, Леонид Орел, Алексей Гаркуша, Аманжол Зікібаев, Талапкер Ахметжанов, Талап Балғарин, Алишер Оразымбетов, Сатыбалды Сағнаев, Екпін Әбиев, Айтжан Наурызбаева, Асқар Сұрағанов, Асаубай Иманов, Тауфик Тухватуллин, жұмысшы комитетінің төрағалары болған Әскер Әбілов, Таласпай Калин, Бейбіт Әйтенов ауыл экономикасының дамуына өз үлестерін қосты.

Ауыл экономикасы мен мәдениетін дамытуда ауылдық Кеңестің де алатын орны бөлек. Оның төрағаларының бірі Уақпан Тәжин жөнінде жоғарыда айтып өткен едім. Одан бұрын және кейін осы жергілікті билік органын басқарғандарды да бүгінгі ұрпақ білсін деп жазып отырмын. Олар: Исабай Калин, Қали Нұрпейісов, Зикирин Нукен, Шақабаев Әбілқайыр, Уәйісов Сұраған.

Ал «Баянауыл» кеңшары болған уақытта – Дәрібай Караев, Әскер Әбілов, Петр Гринвальд, Алма Ғалимова, Әлім Төлебаев, Бостандық Исатаев ауылдық Кеңесті басқарды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ауылдың бірінші әкімі болып Бостандық Исатаев тағайындалды. Өз жұмысына өте жауапкершілікпен қарайтын ол ерен еңбегі үшін ауданда алғашқылардың бірі болып Елбасының Жарлығымен «Астана» медалімен марапатталған еді.

Соңғы он жылда ауыл әкімі болып Асаубай Кәкімұлы Иманов істеп жүр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жер туралы» Жарлығына байланысты Баянауыл селолық округінің аумағында бірталай шаралар іске асырылып, бұрынғы «Баянауыл» кеңшарынан өз үлестерін алып бір жауапкершілігі шектеулі серіктестік, жиырмадан астам шаруа қожалықтары қанат жайған болатын.

Солардың бірі – «Баян» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі еді. Оны құруға ниет білдіріп демеушілік жасап басшы боламын деп, бел шешіп кіріскен азаматтардың бірі, ауылымыздың тумасы Абай Қапанұлы Ахметжанов болатын. Тұрағы Алматы қаласы болса да, қолынан іс келетін жігіт болғандықтан ауыл тұрғындары өздерінің тиесілі пайларын, жерін осы ЖШС-ке берген болатын. Жанұялардың жалпы саны екі жүздей, ал адам санына жүгінсек жүздеген адам

өз тағдырларын осы азаматқа сеніп тапсырған еді. Әділдігін айту керек ЖШС-тің бастапқы қадамы көңіл қуантарлықтай болғаны рас. Оның атқарушы директорлары болып бірінші жылы Хамит Найманов, одан кейін – Ақансері Қапанұлы істеді.

Абайдың шаруашылықтың тізгінін алғаш қолға алған кезде алға қойған маңызды міндеттері мен жаңашыл жоспарлары көп еді. Ол ауыл адамдарына да ұнаған болатын. Бірақ өкінішке орай, әр түрлі себептерге байланысты олар жүзеге аспады.

Бұдан кейін шаруашылықтың тізгінін жерлесіміз, заң ғылымдарының кандидаты, Парламент Сенатының бұрынғы депутаты, Заң институтының бірінші ректоры Еркеш Қалиұлы Нұрпейісов қолға алды.

Иә, соғыс жылдарының алдында, одан кейінде облысымызды былай қойғанда республикамыздағы қазақ ауылдарының ішіндегі үлкені, экономикасы мен мәдениеті жан-жақты дамыған іргелі елді мекендердің бірі – Баян ауылы еді. Баянға ат басын тіремеген облыс, республика басшылары кемде-кем десек, асырып айтқандық емес. Қазақстан Орталық партия комитетінің бұрынғы бірінші хатшылары Жұмабай Шаяхметов, Дінмұхамед Қонаевтан бастап, республика, облыс басшылары болған Даниял Керімбаев, Сабыр Ниязбеков, Нұртас Оңдасынов, Жұмабек Ташенов, Ілияс Омаров «Баянды» жақсы білетін.

АЛТЫН ҰЯ МЕКТЕБІМ

"Ел болам десең, бесігіңді түзе" дейді дана халқымыз. Тәлім – табалдырықтан. Адам болашағы – ұрпағы. Тәрбие-тәлім сол ұрпақтың бүгінгі алар білімінен, сол арқылы қалыптасар біліктілігінен, ой-өрісінен танылатын болар. Олай болса, оның бастауы – мектеп пен бала-бақшада, ата-ана басқаруындағы отбасынан емес пе?

Бір кездері алғаш табалдырығын имене аттап, партасына отырған, әліппе ашып ұстаз тапқан, он жыл бойы білім нәрімен сусындап, келешекке қанат қаққан алтын ұя мектебі кім-кімге де ыстық, жақын. Бүгінде сол өзім оқыған мектепке де 80 жыл болып қалыпты. Көне көз қариялардан естігеніміз, көңілі жүйрік, зерек адамдардан тыңдағанымыз бойынша есептесек мектеп тарихы одан да әрі жатқан сияқты. Аулымыздағы құйма құлақ қарттарымыздың әңгімесі бойынша, өздеріне қалам ұстатып, әріп танытқан адам - аулымыздың тұңғыш мұғалімі Иманов Кәкім екен.

Жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың "Айналайын, адамдар" кітабында "Біздің Кәкең" деген тақырыппен жарияланған естелігі бар. Бұл естелік тікелей ауыл мұғалімінің өзінің еске алуы арқылы жазылған. Оқуға, білімге деген ынтасы Кәкеңді өз бетімен білім алуға мәжбүр етті. Облыстық оқу бөлімінің

ұйымдастыруымен төте оқу бойынша мұғалімдер даярлайтын үш айлық курсты бітіреді. Қызылжар уездік оқу бөлімі Баян қоғамына 1924 жылдың күзінде мұғалім етіп жібереді.

"Барақ ауылы өзімнің туған ауылым, жаңа үй салып, ескі үйі қозы-лақтың орны болған екен, осыны Шолақанның Мырзасынан ақысын төлейтін болып, соны мектеп үйіне даярладық, - дейді Кәкең естелігінде. Көмекшілерім ересек балалар. Оқуға 30 шақты бала жиналды. Балалар шөп төселген жер сәкіде отыр. Кітап, дәптер, қарындаш, қалам деген атымен жоқ. Екі балаға бір қолтақта бар. Барымен жазады. Мақсат - әріп тану, цифр тану. Өз өмірі ұстаз алдын көрмеген адамға мұғалім болу қандай қиын. Балалар тез сауаттанып, қолына түскен газетті оқи алатын дәрежеге жетті. 3 жыл оқытып, өз білгенімді сарқып бердім..."

Иә, сол 30 шақты баланың ішінде ауылдың ірге тасын қалаған талай азаматтар шықты. Сексенбай Тұралин, Қожанов Кәкім, Данияров Ғабдолбари, Базарбаев Оразай, Үмітбаев Қажымұрат, Еламанов Абдрахим т.б. Осылардың арасынан ерекшеленіп шыққаны Еламанов Абдрахим. Ол 60-шы жылдардың ортасында Қазақ ССР ауылшаруашылық министрі қызметін атқарды, ауылымыздан шыққан тұңғыш академик.

1929 жылы төрт бөлмелі бастауыш мектеп салы-

нып, оның меңгерушісі болып Иманов Кәкім тағайындалды. Ол бір қиын кезең болатын. Атап айтқанда, жаппай сауатсыздықпен күрес кезеңі. Сол кезде халықты сауаттандыру, оқуға және жаза білуге үйрету міндеті қойылды. Үкімет пен партияның қойған ұраны – жаппай білім алу. Иә, нағыз аласапыран кез. Ал сол кезеңнің ұраны болған – ұжымдастыру, кулактарды тап ретінде жою, тұрғындарды жерге орналастыру ісі тек қана оқыған, сауатты адамдардың қолынан ғана келетін еді. Хакең заман талабына сай ауылда үйді-үйге жүріп, азаматтардың тізімін алып, оларды оқуға тартады. Мектепте оқушыларға арналған арнайы парта, стол, орындық дегендерің атымен жоқ. Хакім Имановтың қол шеберлігі осы кезде көрінеді. Ол жергілікті материалдардан мектепке құрал-жабдықтар жасайды. Сонымен бірге ол бұл жұмысқа ауылдың ағаш шеберлерін де тартып, үлкен ұйымдастырушылық қабілет те танытады. Осының әсерімен бұл игі іске ауылдың ағаш шеберлері ағайынды Сағындық пен Омар да көмектесіп, қол ұшын береді. Осындай жан-жақты даярлықтан кейін бастауыш мектепте сабақ та басталып кетеді. Бірінші болып сол жылы 25-30 жасқа келіп қалған ересек адамдар мектептің алғаш есігін ашады.

Ағаштан үстіріктеліп жасаған тақтаға мұғалім әріптерді жазып, оқушыларды оқуға үйрете бастайды. Тақтаның бетін табылса қара сырмен, болмаса кәдімгі

төрт аяқты арбаны сырлайтын смоламен сырлаған. Бертін келе естітінбіз: тақтаға жазатын борды ауылдағы Тезтомар көлінің сыртындағы Қотан қызыл қыстауының ақ балшығынан алыпты. Сөйтіп Хакең мектептің ішкі-сыртқы жабдықтарына жергілікті құрылыс материалдарын сол кездің өзінде тиімді пайдалана білген.

Жылдар жылжып өткен сайын бастауыш мектептен білім алушылар қатары көбейе түседі. Сөйтіп уақыт өткен сайын ауыл тұрғындарының көпшілігі сауаттанады. Олардың бәрі де кейін ұжымшар жұмысына белсене араласады. Мектепте оқығандардың бәрі де өздерінің ауылдың атақты мұғалімі, ұлағатты ұстазы Хакім Имановтан алғаш дәріс алып, оқығанын мақтан тұтады. Ол өзінің көп жылғы ұстаздық қызметі үшін Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі құрметті атағына ие болған. Өнегелі ұстаз сонымен бірге Еңбек Қызыл Ту, "Құрмет белгісі" ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

1933 жылы бастауыш мектепті алғаш бітіргендердің бірі Ташенов Серікбай сол жылдары өзімен бірге оқыған Бұқпин Жанқайырды, Шапашев Мөржанды, Баймақанов Айтанды, Рақымжанов Елеуді және тағы басқаларды жиі еске алып отырады. Кешкілік уақытта ересек адамдарды оқытып, хат тануға үйретумен ерлі-зайыпты Көпей мен Көшербай Жұмабаевтар да айналысты. Бірер жылдан кейін мектеп

жеті жылдық білім беретін болды. Алдымен бұл оқу орнын Жаманов Бимырза басқарды, одан кейін Нұрғожин Мұқаметқали директор болып істеді. Балаларға Аткелтіров Асқар, Құсайынов Тастанбек, Нұрпейісова Рәш сияқты мұғалімдер сабақ берді.

1946-1947 оқу жылында мектеп орта білім беретін оқу орнына айналдырылды. Алғашқы директорлары Ахатов Садық, Майлин Темірғали болды, оқу ісінің меңгерушілері болып Темірболатов Бәрменбай, Еспай Мусин, Мұқанов Ғалымжан істеді.

Орта мектеп үйі Майбалықтан Баянға көшіріп әкелініп, қайта салынды. Төбесі қаңылтырмен жабылып, қызыл сырмен сырланып, "қызыл" мектеп аталыпты.

1948-1949 оқу жылында мектепті тұңғыш бітіріп шыққандар:

Айтенов Төлеген
Әбілғазина Ғайша
Әбішов Сейтақ
Ахметжанов Доған
Барқытов Сәркен
Ережепов Әскер
Дүйсенов Сапар
Жолмұқанов Жақия
Қасенова Қайыржамал
Күнгенеева Бөшен
Қанафина Мәруар

Қожанов Садақ
Некебаев Зияда
Мұстафин Балғабек
Молдахметов Зейнолла
Самарханова Күлзира
Тұрлыбекова Кәукер
Хамзина Құсни

Облыста ғана емес, республика бойынша алдыңғы қатардан көрініп, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде көпке үлгі-өнеге болып, жарқын істерімен жақсы танылған білім ордаларының бірі – біздің Баян орта мектебі. Өзінің құрылғанынан бастап жыл сайын талай ондаған шәкіртті табалдырығынан аттатып, қабылдап алып, оқытып, есейтіп, өмірге жолдама берген бұл мектептің түлектері облыста ғана емес, республиканың көптеген жерлерінде баршылық.

Алдағы жылы бұл оқу орнына 80 жыл толады. Бұл аз уақыт емес. Оның әрбір жылы сол мектептің тарих парағына алтын әріппен жазып қоюға тұрарлық кезеңдер. Сол әрбір жылдың әрбір кезеңін күнделікті тіршілік дөңгелегін алға жылжытып, ауыртпалығын иығымен көтеріп, бар еңбек жолын, ғұмырының жартысын сол табалдырықта өткізген ұстаздар қаншама? Сонау бала кезде алғаш көргенде шаштары көмірдей қара, көздерінен жалын оты алаулап, қайраты қас қабағынан танылып тұратын ұстаздарымыздың бәрі шаштарын аққырау басқан ақсақал

болыпты. Ал тағдыр жазған осы күнге жете алмай өмірден ерте кеткен ағайларымыз бен тәтейлеріміз қаншама еді! Мұның бәрі тарих. Мектептің алтын тарихы!

Ауыл мен мектеп тарихына арналған материалдар іздеу үшін өткен ғасырдың 50-90 жылдардағы ескі газеттерін ақтарған едім. Сонда 1990 жылдың 21 маусымындағы "Ленин туы" газетіндегі "Пионерлік сәлем бердім" деген Тілеген Жетеевтің мақаласы кездесті.

Сол мақаладан үзінді келтірейін.

... 1950 жылдары бүкіл Преснов ауданындағы екі қазақ орта мектебінің бірі Баян орта мектебі болатын. Ұмытпасам тың және тыңайған жерлерді игеру басталған жылдың сентябрь айы болу керек.

"Ертең атақты жерлесіміз Сәбит Мұқанов жанында бір топ жазушылар бар біздің колхозға, оның ішінде біздің мектепке соғады екен", - деген сөз ауыл адамдарының үлкен-кішісін аяғынан тік тұрғызды. Мектеп мұғалімдері мен пионерлер ұйымы бір ауыз өлең шумағымен жазушыны қарсы алуға мені ұйғарыпты. Осы сөзді естігеннен кейін сол күні ғана емес, қашан Сәбең келіп кеткенге дейін дегбірім қашып, ес қалған жоқ. Бұрын сөздерін кітаптан ғана оқып, суретін оқулықтан ғана көріп жүрген заңғар адаммен жүзбе-жүз кездесіп, оның алдында өлең шумағын орындап шығу ақылға сыймайтын нәрсе сияқты.

Ертеңінде барлық мектеп оқушылары мектеп алдындағы алаңшыққа ортасынан жол тастап қақ жарыла сапқа тұрғызылды. Келісім бойынша Сәбең бір бастан келгенде, мен екінші жақтан қарсы келіп колонканың орта тұсында сәлемдесуім керек. Айтқандарындай, сұр "Победадан" түскен бір топ адамнан екеуі бөлініп шығып, ортадағы жолға түсті. Ду қол шапалақтау басталды. Балуан денелі, ірі тұлғалы Сәбең жанындағы дембелше бойлы, ақсары өңді орыс кісінің иығынан қапсыра құшақтап алыпты. Артымнан біреу итергендей болғасын, мен де құлдырықтай тарттым. Ара қашықтығымыз бір табандай қалғанда олар да кідірістеді.

Айнала жым-жырт болып, жұрттың бәрі мені тыңдап қалғандай. Бір дем алмай, бір ауыз өленді қалай айтып шыққанымды өзім де білмеймін. Әйтеуір пионерше "честь" беріп тұрғанымда, Сәбең келіп, басымнан сипап:

- Рахмет, қарағым, бақытты бол, - деді. Қазіргі кезде самай шашқа ақ кіріп, жас елуге жақындаған сақа азамат күнімде, Сәбең есіме түскенде бұдан отыз төрт жыл бұрын маңдайымды сипаған аяулы алақанның қызуы әлі де бойымды балқытып, ойымды шалқытатындай. Кейін білсем, Сәбит Мұқановтың құшағында жүрген ол да атақты жерлесіміз Иван Петрович Шухов екен.

Қазақ әдебиетінің айрықша нұр шашқан жарық

жұлдызының бірі – Сәбит Мұқановтың біздің алтын ұя мектебімізге келуі осы оқу орнының тарихындағы бір ұмытылмайтын айрықша оқиға болып еді.

Сол сияқты бұл мектепте аянбай қызмет еткен ұстаздар да, сол ұстаздардан білім алған шәкірттердің де есімдері ешқашан ұмытылмайды.

Мектептің ең бірінші директоры Садық Ахатов болды, одан кейін Темірғали Майлин, Еспай Мусин, Қари Сеңкібаев, Сағди Оспанов, Жұмағайыр Абдырахманов, Қасен Ақанбаев, Сайран Тажин, Уалиахмет Нұрахметов, Ғалым Жакин, Серік Қапезов, Петр Штиер бұл оқу орнына басшылық жасады. Соңғы он жылда мектептің басшылық тізгінін осы елдің тумасы Асқар Құрманғалиұлы Сұрағанов ұстап келеді. Ол осындай аты-шулы мектепті бүгінгі күннің талабына сай алға апаруға аз еңбектеніп жатқан жоқ. Оның үстіне өз пәндерінен жоғары кластарға ұстаздық етеді. Асқардың білгірлігі, мәдениеттілігі үшін ата-аналар да, шәкірттер де құрметтейді.

"Ұстаздық еткен жалықпас үйретуге балаға" деген ұлы Абайдың қағидалы тұжырымын ерлі-зайыпты мұғалімдер Зура Мырзагелдіқызы мен Нұржан Еламановтардың, Күлзайра мен Ғалым Жакиндердің, Шәру мен Қари Сеңкібаевтардың, Майра Оразаққызы мен Есім Сейтжановтардың өмірлерінен айқын аңғаруға болады. Жас ұрпақты тәрбиелеуге бар саналы ғұмырын арнаған олар көпке өнеге.

Еркін Қапезов, Төлеген Айтенов, Бөшен Күнгенеева, Жәнипа Қосщығұлова, Күлпан Жүнісқызы отыз жылдан астам Баян орта мектебінде мұғалім болып істеді. Ұлағатты ұстаздар осы жылдар ішінде талай жас өрендердің білім бұлағынан сусындап, олардың өмірде өз орнын табуына көмектесті. Сол үшін де оларды шәкірттері үнемі құрметпен қадір тұтады.

Біздің мектепте еңбек жолдарын бастап, білім беру саласында ұзақ жылдар еңбек еткен, бұл күндері дүниеден өткен Әбілкәрім Нұғымановты, Мағел Басыбаевты, Әскер Әбіловты, Жасұлан Рсаевты, Есмағзи Жүсиевті, Салықжан Зариповты, Шадат Есмағамбетовты, Ишанғали Қасымовты, Бостандық Исатаевты, Таласбай Калинді, Мұқаметжан Әбілмәжіновті, Дүйсенбі Әуелбековты, Ғалымжан Мұқановты, Алма Кәкімқызы мен Әсет Ибраевты, Шоқай Тырқаевты, Қабылқан Ғаббасовты, Сәркен Барқытовты, Оразымбет Нұрсейітовты, Мағаз Нұртазинді, Қази Бекқожинді, Көкен Қопышевты, Доған Ахметжановты, Еркебұлан Жолболдинді, Қуат Анафинді, Болат Бошатаевты мақтан етеміз. Осы ұстаздарымыз қаншама шәкірт тәрбиелеп шығарды десеңізші! Иә, бұлардың бәрі де мектептің тарихына айшықты із қалдырған ерекше тұлғалар еді.

Қазір құрметті демалыста жүрген Сайран Тәжин, Күлзира Самарқанқызы, Зәйни мен Доспай Жаман-

таевтар, Күләйра Жүнісқызы, Зура Тұрғынқызы, Есенкелді Мұстафин, Ясира Ахметжанова, Күлзара Мақышева, Әскер Мәкенов, Ожан Қали, Ескендір Нұрымов, Құсни Хамзина, Жақия Жолмұқанов, Әспет Жақина жас ұрпақты тәрбиелеуде:

Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға, - деген ұлы да дана ақынымыз Абай өсиетінің мән-мазмұнына жете түсініп, оны берік ұстаған ұстаздар. Олардың алдын көрген шәкірттердің көбі қазіргі кезде түрлі орындарда жауапты қызметтерде, шаруашылықтың әртүрлі салаларында жемісті еңбек етіп жүр.

Осы жоғарыда аттары аталған және тағы да басқа аттары аталмаған қадірлі ұстаздарымызға зор алғысымызды айтып, дендеріне саулық, бойларына қуат, қызықты ұзақ ғұмыр тілейміз.

Қазір ауылға кіре бергенде "Мен мұндалап" көз тартатын үш қабатты, сәулетті мектеп үйі тұр. Күн сайын оның қабырғасында 150-ден астам бүлдіршіндер білім баспалдағымен сатылап жоғары көтеріліп, тәрбие ордасын күміс күлкіге, сәбилік қуанышқа бөлейді. Олардың алаңсыз білім нәрімен сусындауына барлық жағдай жасалған. Сабақ өткізілетін кабинеттер, оқу-өндірістік шеберхана осы заман талабына сай көрнекі құралдармен, техникалық

жабдықтармен, қажетінше үлестірмелі және дидактикалық материалдармен, "Ауыл мектебін компьютерлендіру" бағдарламасына сай компьютермен қамтамасыз етілген.

Мектепте жасөспірімдерге патриоттық, еңбек және эстетикалық тәрбие беру де жақсы жолға қойылған. Мәселен, игі дәстүрге айналған көркем-өнерпаздар үйірмесі мүшелерінің өнері аудандық, облыстық байқауларда жұртшылықты тәнті етіп, бірнеше рет жүлделі орындарды иемденді.

Мектепте бірнеше жылдан бері тарихи-өлкетану мұражайы жұмыс істеп келеді. Бұл мұражайды ұйымдастыру 1997 жылы қолға алынған болатын. Оның негізін салған Ақсұлу Мағзұмқызы Қасенова, Бөпе Мұратқызы Ғабдуллина, Баян Есләмқызы Құрманова т.б.

Мұражайдың негізгі қоры бай. Түрлі экспонаттар, бейне-суреттер мен альбомдар, мектеп өмірінің өткен кезеңінен жарқын елес береді. Бұл мұражай жай ғана экспонаттар жинастырумен қанағаттанып отырған жоқ. Оның қызметі жан-жақты. Соның ең бастысы – мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға көмектесу.

Осындай ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктері, өнеге боларлық өсіп-даму жолдары бар мектебіміз 2001 жылы қалың жұртшылық өкілдерінің, бұрынғы жылдар түлектерінің қатысуымен мерекелі

түрде 70 жылдық торқалы тойын атап өткен болатын.

Қазір мектепте 29 ұстаз еңбек етеді, оның екеуі жоғары санатты, бесеуі бірінші санатты, он екісі екінші санатты ұстаздар, он екісінің санаты жоқ, жас ұстаздар.

Баян орта мектебінің қазіргі мұғалімдер ұжымы да ұстаз деген құрметті атаққа кір келтірмей, аға буын ұстаздардың жолымен оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруде. Ұжымда педагогикалық мол тәжірибе жинақтаған Ақсұлу Қасенова, Бөпе Ғабдуллина, Базар Сакеева, Айбаршын Иманова, Ботагөз Наурызбаева сияқты өнегелі мұғалімдер баршылық. Олар жас ұстаздарға әдістемелік ақыл-кеңестер беруде. Бұлар оқу-тәрбие процесінің сапалы жүргізілуіне атсалысып, жас жеткіншектерге тәрбие беруде жоғары көрсеткіштерге жетісіп жүрген құрметті адамдар.

Барлық саналы ғұмырын жас ұрпаққа білім беру ісіне арнаған Ақсұлу Мағзұмқызы Қасенова жөнінде ерекше тоқтап кеткен жөн болар деймін. Ол 1974 жылы Алматыдағы қыздар педагогикалық институтының тарих-педагогика факультетін тәмамдағаннан кейін бір кезде өзі білім алған Баян орта мектебіне тарих пәнінен мұғалім болып орналасты. Міне содан бері осы мектепте еңбек етіп келе жатыр. Бар өмірін шәкірт тәрбиелеуге арнаған Ақсұлу Мағзұмқызын үлкен мен кішіге, жас пен кәріге әрдайым

көмекке келіп, қиналғандарды жүрек жылуымен жылытатын аяулы ұстаздардың бірі деп санайды.

Оның еңбегі елеусіз қалған жоқ. Бірнеше рет облыстық, аудандық оқу бөлімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Маңдай терін төгіп, күш-жігерін аямай білімді де өнерлі жас буынды тәрбиелеп жүрген үлкен ұжымға еселі еңбек, зор табыс тілейміз.

Іргесі сонау 1929 жылы қаланған мектеп өз қабырғасынан жүздеген түлек ұшырыпты. Олардың жиырма сегізі алтын, жиырма төрті күміс медаль иегерлері. Мектеп түлектерінің үшеуі ғылым докторы, үшеуі ғылым кандидаттары. Осының әрбірін саралап қарар болсақ, бұл дегеніміз қыруар еңбек, іздену, жетістік емес пе? Ұстаздың да, шәкірттің де, тіпті бүкіл Баян ауылының табысы. Осы ауылдың өз перзенті ретінде, мектеп түлегі ретінде іргелі білім ордасына елді елең еткізердей жетістіктерге жете бер дегім келеді.

Тәрбие алдық, жақсы оқып сол мектепте,
Арман қуып, ұштық біз биік көкке.
Жалғастырмақ білімді онан әрі,
Қиналмастан оқыдық институтта.

Маман болып оралдық аулымызға,
Тағы қайта қосылдық бауырымызға.

Орындалды ойдағы арманымыз,
Балалы боп, үйленіп ару қызға.

Иә, мектеп әр баланың екінші үйі. Мына өлең шумақта айтады ғой:

Мектебің мынау класың,
Осында он жыл тұрасың.
Тарыдай боп кіресің,
Таудай болып шығасың – демекші, барлық балалық шағымыз осы мектепте өтті.

Осындай киелі шаңырақтан қияға қанат қаққан жас таланттар еліміздің түпкір-түпкірінде қызмет етіп өз еңбектерімен, алған білімдерімен биік белестерге жетті десек артық емес. Олардың кейбірін атасақ: Қараби Мұқаметқалиев, Сүйіндік Бегалин, Марат Тұралин, Еркеш Нұрпейісов, Сапар Дүйсенов, Баймұрат Есмақанов, Қуантай Әубәкіров, Жамбыл Тасеменов, Абай Ахметжанов.

Мектеп тарихын жаза отырып, өзіммен бірге 10 жыл сыныптас болған құрбыларымды еске аламын. Олардың кейбіреуі бүгінгі күні жоқ, мезгілсіз өмірден өтті. Иә, сонау 50-ші жылдардың басында алғаш мектеп табалдырығын аттап, қолымызға тұңғыш рет әліппені ұстағанда біздің қатарымыз жиырмадан кем емес еді. Жоғары сыныптарда оқығанда көрші ауылдардан бірнеше бала келіп қосылды. Сондықтан да біздің сынып "а" және "б" сыныптары болып екіге бөлінді. Біздің сыныпқа Айымжан ауылынан

Әскербек, Күлпа дейтін балалар, ал Суаткөлден Аманжол атты бала келді. Ал "а" сыныбында түгелдей басқа ауылдардан келгендер оқыды.

1960 жылы мектепті 24 бала бітірдік. Соның біреуі алтын, ал үшеуі күміс медальға ие болды. Көпшілігі жоғары оқу орындарын бітіріп, жауапты қызметтерді атқарды. Мәселен, Сайран Аушарипов тарих ғылымдарының докторы, Түркістанда қазақ-түрік университетінің профессоры, Әскербек Смағұлов аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, аудандық атқару комитетінің төрағасы, қазір жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің директоры, Қарақат Шалабаев облысымызға белгілі ұстаз, көп жылдар бойы мектеп директоры болды. Назым Низамов пен Жақсылық Жүкенов механизаторлық мамандықты таңдап, ауыл шаруашылығында өнімді еңбек етіп Еңбек Қызыл Ту орденімен және бірнеше медальдармен марапатталды. Есенгелді Мұстафин барлық саналы өмірін жас ұрпақты тәрбиелеуге арнады, қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді, ауылдың қоғамдық жұмысына белсене араласатын. Ал Аманжол Кәрібозов мал дәрігері болып зейнеткерлікке шыққанша еңбек етті. Жамбыл ауданы құрылған күннен бастап 34 жыл бойы аудандық кітапхананың директоры болған Дикан Ережепқызын қалай атап өтпеске! Болат Ахметов, Сансызбай Садуақасов сияқты сыныптастарым қатардағы еңбеккерлер ретінде ауылымыздың

экономикасының нығаюына өз үлестерін қосты. Міне, бұл тек қана бір сыныптың түлектері жөнінде келтірілген деректер.

Жалпы екінің бірі туралы ой толғап, ол жөнінде қалам тарту оңай жұмыс емес. Өйткені, бұрын-соңды араласпаған кісі жөнінде толғану шынайы болып шықпайды. Бұл ретте мен жас кезден жолдас Қараби Ердәулетұлы туралы не жазсам да артық болмасын іштей сезінемін.

Екеуміздің жалындаған жастық шағымыздың көптеген сәттерінің егіз қозыдай ұқсастығы бар. Баян орта мектебінде оқып білім алғанбыз, талай-талай спорт жарыстарында намысты қолдан бермей, жеңіс тұғырынан көрінгеніміз күні бүгінге дейін көз алдымда.

Кейін тағдыр Қараби екеумізді студенттік кезде тағы да қайта табыстырды. Екеумізде Абай атындағы Қазақтың мемлекеттік педагогикалық институтында, ол – шет тілдер факультетінде, мен – тарих-филология факультетінде оқыдым. Сөйтіп, өмір көші алға жылжи берді. Диплом алып, әрқайсымыз тағдыр салған сүрлеумен жаңа өмірге бет түзедік. Қай кезде де абыройсыз болған жоқпыз.

Қараби Қазақстан Орталық партия комитетінде қызмет істеп, республика делегациясының құрамында бірнеше мемлекеттерде болды. Бірақ биік лауазымдарға қанша көтерілсе де, өзін өзгеден жо-

ғары ұстамайтын азаматтық ісі кейінгілерге үлгі-өнеге болып келеді.

Ол кезде бұрынғы Преснов, Ленин және Мамлют аудандарында қазақ тілінде онжылдық мектеп деген жоқ болатын. Сондықтан осы өңірдегі ат тұяғы жететін жердегі балалар қазіргі Жамбыл ауданындағы Баян ауылындағы орта мектеп-интернатында оқитын. Мен де 1959-60 оқу жылында осы Баян орта мектебінің сегізінші класына оқуға келіп, мектеп табалдырығын аттадым, - дейді өз естелігінде мектеп түлегі Е. Жантаев. Мұндағы мектеп мұғалімдері де бір өңкей өнегелі де өнерпаз жандар екен. Осы орайда химик Сағди Оспанов, математик Досбай Жамантаев, физик Салықжан Зарипов, ерлі-зайыпты филологтар Зура мен Нұржан Еламановтар, тарихшы Сайран Тәжин сынды білімді де білікті ұлағатты ұстаздарды ерекше атағым келеді.

Осындай өнегелі мұғалімдерден дәріс алған шәкірттердің арасында небір тамаша адамдар толып жатыр. Тіпті олардың бәрін айтып тауысу мүмкін де емес. Солардың бірі ретінде Бостандық Исатаевты атап айтуға болады. Ол көп уақыт өзі бір кезде орта мектепті тәмамдаған Баян ауылында әкім болып қызмет атқарды. Біз Бостандық екеуміз ауылы аралас, қойы қоралас көршілес ауылдың балалары едік. Бостандықтың зайыбы Күлзараны да жақсы білемін. Ол да осы Баян орта мектебінің түлегі, көп жыл ұстаз болған.

Баян ауылының топырағында туып, облыс көлеміндегі және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында қызметтер істеген және істеп жүрген журналистердің де есімдері осы кітапта жазылып қалғаны жөн. Олар – республикалық "Социалистік Қазақстан" (қазіргі "Егемен Қазақстан") газетінің меншікті тілшісі болған Байтұяқ Жанымбетов, республикалық "Қазақстан" телеарнасының шолушысы Данияр Қасымов, Ақмола облыстық "Арқа ажары" газетінің редакторының орынбасары болған Баймұрат Есмақанов, "Ленин туы" (қазіргі "Солтүстік Қазақстан") газетінің редакторының орынбасары болған Мереке Тұралин, осы газеттің бөлім меңгерушілері Әскер Әбілқайыров, Мұрат Нұрмұқанов, облыстық газеттің байырғы журналисі Әмір Қожахметов, Жамбыл ауданының "Ауыл арайы" газетінің бірінші редакторы болған Шұғай Өсіпов. Олардың бәрі жүйрік қаламдары арқылы елдің өмірін, жақсылығын жария етіп, көрсетуге атсалысты.

Ауыл жұртшылығы осы топырақта туып өсіп, облыстық деңгейде және басқа аудандарда басшылық қызметтер атқарған және атқарып жүрген Манабай Үмітбаевты, Сәбит Рамазановты, Хамит Наймановты, Сағындық Бегалинді, Жанкелді Тажинді, Асқар мен Серік Қапезовты, Тілеген Жетеевті, Қуандық Қасымовты, Нұртас Оразалинды және басқаларды құрмет тұтады. Олардың облыстың

экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуына қосқан үлесі мол.

Жалпы Баян орта мектебін бітірген жастарымыздың көбі ауыл шаруашылығы, заң, құқық қорғау, мәдениет, оқу-ағарту, өнеркәсіп салаларында абыройлы еңбек етті. Олардың арасында Ілияс Калин, Жамбыл Тасеменов, Иркут Бірімжанов, Октябрь Әлібеков, Қайыржамал Омарова, Марал Зейнел-Ғабиқызы, Социал Жұмабаев, Ілияс Тоқымбетов бар.

Иә, әр мектептің мақтанышы - ұлағатты тәрбие алған шәкірттері, атақ-абыройға адал еңбегімен ие болып жүрген, алды ардагер ақсақалдар, арты бүгінгі озық мамандар, нарыққа лайық бизнестің тізгінін берік ұстап жүрген азаматтар.

АУЫЛ ТОЙЫ – АЗАМАТТАР АБЫРОЙЫ

2001 жылы 11 тамызда Баян ауылының жүз жылдығы мен мектептің жетпіс жылдық тойын өткізген ауыл әкімшілігі бір жақсы игілікті істі тындырды. Бұл тойда ауыл тұрғындары өздерінің ежелден елге танылған қонақжайлылығын, дарқан көңілін, бір жеңнен қол шығарған бірлігін паш етті.

Ол туралы мына төмендегі белгілі журналист, ауылдың тумасы Әскер Әбілқайыровтың «Солтүстік

Қазақстан» газетінде «Ауыл тойы – азаматтар абыройы» деген атпен жарияланған көлемді мақаласымен танысайық.

...Таңертеңгі қаптаған қалың тұман түске тармаса сейіліп, күн шайдай ашылып жарқырай түсті. Той күні аспанды бұлт торламай, күн райының да күлім қағуы Баян ауылының 100 жылдығына, мектептің 70 жылдығына жан-жақтан қаумалай жиналған жұрттың да көңілін көтеріп тастады. Өйткені той болатын күні дамылсыз нөсерлете жаңбыр жауса, алдын ала жасалған жақсы мерекелік бағдарламаның да шырқы бұзылып, шырайы кететіні анық еді.

Той өткізілетін ыңғайлы жер де дұрыс таңдалып алынған екен. Ауылдың күншығыс жақ сыртындағы алғашқы ақ қайыңды орманның алаңқай ортасы. Бұл, бір жағынан, ауыл адамдарының той болып жатқан жерге жаяулап-жалпылап еркін қатынауына өте қолайлы. Иә, сол күні ауылдан онша қашық емес жердегі Қыстанқызыл қыстауы мерекелік сән түзеп, ерекше той-думанға бөленді. Тамыз күнінің нұры еркін төгіліп тұрған жасыл орман ортасындағы оймақтай алаңның жан-жағына сырты қазақтың алуан түрлі ұлттық ою-өрнектерімен әсем безендірілген үлкенді-кішілі алты қанат ақшаңқан киіз үйлер тігілген. Мерекелік сахнаның музыкалық орталығынан тойдың сәнін келтіріп, көтеріңкі көңіл-күйді паш еткендей қазақтың халық әндері мен күйлері, сазды

әуендер бірінен соң бірі аспанға қалықтап, құйқылжи естілуде. Әр киіз үйдің жанындағы қазан-ошақтың өршелене жанған оты мен самауырлар мұржасынан будақтаған түтін де бүгінгі мерекелік той-думанның ажарын айшықтандыра түскендей.

Жағалай жайғасып қатарластыра құрылған киіз үйлердің дені Петропавл мен Сергеевка қалаларынан, Пресновка селосынан және көрші ауылдардан тігілген. Оларды құрған да әр елді мекенде тұратын Баян ауылының азаматтары. Осының өзінен-ақ ауыл азаматтарының облыс өңіріне қанатын кең жайғанын айқын көруге болады.

Көп кешікпей ауыл тойының салтанатты сәті басталып та кетті. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дегендей, той басталмас бұрын ауылдағы Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагерлері, тойға келген құрметті қонақтар, ауыл тұрғындарының өкілдері соғыста қаза тапқандарға, майдан даласынан оралмағандарға арналған ескерткіш тақтаға гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. Содан кейін олар Баян орта мектебін аралап көріп, осындағы мұражай бөлмесіндегі мұрағаттық құжаттармен танысты. Мектеп директоры Асқар Сұрағанов келушілерді оқу орнының тарихымен, бүгінгі өмірімен және жаңа оқу жылына дайындығымен таныстырды.

Тойды ауыл әкімі Асаубай Иманов кіріспе сөзбен ашты. Ол облыс әкімінің бірінші орынбасары

Қ.Қ.Қалиевті той сахнасына шақырды. Құдайберген Қалиұлы тойға қатысушы Баян ауылының азаматтарын қасиетті қоныстың мерейтойларымен құттықтап, игі тілек білдірді.

Той салтанаты ауыл ардагерлерінің шеруіне жалғасты. Ортаға Серікбай Тәшенов, Қазиқан Бегалин, Рәшит Сәдуов, Жақия Сапенов, Кеңес Ахметжанов, Талас Қалин сынды Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагерлері, тың игерушілер, ақ жаулықты әжелер мен көп балалы абзал аналар шақырылды да олар бірден сахна төріне көтерілді. Дәл осы кезде тойдың ырымы ретінде шашу шашылды.

Содан кейін сахнада «Туған жер» әні орындалды. Ауыл өнерпазы Мәрияш Ахметованың жетекшілігімен Баян орта мектебінің домбыра оркестрі бірнеше күй орындап, көпшілік құрметіне бөленді. Осыдан кейін ауыл молдасы Фатқислям Гарибжанов қайтыс болған ауыл азаматтарының аруағына дұға оқыды. Қуандық Қасымов ауыл молдасына той құрметіне орай шапан жапты. Ақсақал бұл сый-сияпатқа ерекше ризалығын білдірді.

Сахнаға ауыл көркемөнерпаздарының бір тобы көтеріліп, мектептің алғашқы құрылуынан және сауат ашудан сахналық көрініс жасады. Ауыл мен мектептің іргетасын қалаушылардың бірегейі Уақпан Тәжин мен Хакім Имановтың және Исабай Қалиннің, мектепте алғаш сауатын ашқан Айтмұқаш Сүгірбаевтың

бейнелерін ауыл өнерпаздары Шери Қажымұратов, Мұрат Бегалин, Зейнолла Мырзалин, Қабдол Мұқаметқалиев өте нанымды сомдап, көпшіліктің көңілінен шықты.

Тілеген Жетеев ауылдың өткеніне тереңірек шолу жасап, ел ағалары Уақпан Тәжин, Қажымұрат Үмітбаев, Сексенбай Тұралин және басқалары жайлы жан-жақты баяндап берді. Баяндама ұзақ болғанымен әдеби-көркем жазылғандықтан, жұртты жалықтырған жоқ. Тілеген ауыл азаматы, кезінде балуандығымен көрінген Әнес Ғабдуллинге өз атынан әдемі өрнектелген шапан жапты.

Тойды жүргізуші Жамбыл аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Балтабай Рамазанов мектеп жөнінде шолу жасау үшін зейнеткер ұстаз Сайран Тәжинді сахнаға шақырды. Сәкең жиналғандарды жалықтырмай, баяндаманы барынша қысқа нұсқамен жасады. Ауылдың тумасы, консерватория түлегі, күйші Кәрібай Құсайынов өзінің шығарған «Баянауыл» күйін орындап, жиналғандарды ерекше серпілтіп тастады. Сүйіндік Бегалин Баян орта мектебінің бір топ ұстаздарына білім берудегі қол жеткізген табыстары және мектептің 70 жылдығына орай марапатталған облыстық білім департаментінің Құрмет және Мақтау грамоталарын тапсырды. Сондай құрметке ие болғандардың арасында Есенгелді Мұстафин, Мәрияш Ахметова, Айбаршын Иманова, Айсұлу Сұраганова, Маг-

зұм Шайпин, Петр Штиер, Бөпе Ғабдуллина, Гүлнәр Калина, Ботагөз Наурызбаева және басқалары бар.

Облысқа танымал домбырашы Серікбай Құсайынов туған ауылының тойында бірнеше күй орындап, көпшіліктің ілтипатына бөленді. Жамбыл аудандық мәслихатының хатшысы, ауыл тумасы Таңат Сүгірбаевтың жүрекжарды терең мағыналы құттықтау сөзі жиналғандарды баурап алып, ерекше сезімге бөлегені анық. Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Клара Асқарқызы да той иелерін қызу құттықтап, табыс тіледі.

Білекті де білімді азамат, Баян орта мектебінің түлегі, КСРО спорт шебері, бүгінде облыс орталығындағы дарынды балаларға арналған спорт мектебінің директоры Жамбыл Тасеменов той сахнасына көтерілгенде жиналған жұрт ризалық көңілмен дүрілдете қол соғып жіберді. Сол қошеметті Жамбыл ақтады. Ол шын жүректен ақтарыла сөйлеп, той иелеріне сыйлық табыс етті. Содан кейін Жамбыл Серғазыұлы басқаратын мектептің спортшылары мен әншілері өнер көрсетті. Жас балуандар мен гимнасшылардың шеберлігіне жұрт ерекше риза болды. Содан кейін тойға келгендер ат жарысы мен балуандар белдесуін тамашалады. Жүлдегерлер мен жеңімпаздарға арнайы жүлделер мен сыйлықтар берілді.

Сөйтіп Баян ауылының тойы оны тамашалауға келгендердің көңілінен шығып, ерекше риза етті. Ол

той бағдарламасының мазмұнды да мәнділігімен ерекшеленді. Осы орайда «Ауылын азаматынан таны» дегендей, тойды жақсы өткізуге өз үлестерін қосқан Баян ауылының демеуші азаматтарына, ақылдастар алқасы мен ұйымдастыру комитетіне шынайы алғыс арнаған жөн.

Ауылдастардың өтінішімен осы тойда **Тілеген Мырзахметұлы Жетеевтің** жасаған баяндамасын толық күйінде жариялап отырмыз.

Туған жер! Туған ел! Санасында саңылауы бар адам бұл сөздерді көңілі қобалжымай, жүрегі тебіренбей айта алмайды. Туған жер дегенде шыр етіп өмір есігін ашқанында көк майсалы жалпақ жазығын жөргек қылып жайып тастап, шарана денеңді алтын күннің аппақ нұрына шомылдырып, самал желдің лүпіл лебіне көмілдіріп, маң даланың әсерлі әуеніне малындырып өзіңді жадыратып, ақ тілек, ақ ниетпен қарсы алған туған жердің көгілдір көк ормандары, күдірейген дөңдері мен сыпайылыққа шақырған ойсыраған ойпаңы есіңе түседі.

Туған ел дегенде, кешегі алдарын кесіп өтпей, иіліп сәлем беретін, істерін өнеге көретін, уәлі сөздерін естіген, ескіден сөз тартатын көнекөз аталарымыз бен сарытісті әжелеріміз, ақылгөй ағаларымыз, қолдарынан бал-қаймақтай дәм татысқан апаженгелеріміз, құлын-тайдай бірге өсіп біте қайнасқан замандастарымыз, бауырларымыз еске түседі.

Алыста жүріп ашынған бір сәттеріңде туған жер осы бетте-ау деп туған жердің бір жұтым ауасын алыстан тартып алардай кеуде кере дем алып, оянасың. Жер бетінің жер ұйығы, тірінің жәннаты сол туған жерің, туған елің сияқты көрінеді.

Басқалардан ерекше,
Біздің елдің бұлбұлы.
Ләззат құяр жүрекке,
Мың құбылған мұңды үні.

Басқалардан ерекше,
Біздің елдің дөңдері.
Көлдері әсем көрікті,
Гүлге толы белдері.

Нөсерлеткен ақ селеу,
Біздің жердің жауыны.
Мақтаншақтау, еспелеу
Суыра соққан дауылы.

Басқалардан ерекше,
Біздің елдің желі де.
Ұқсастығы бар әсте,
Ару қыздың деміне.

Салиқалы, сабырлы,
Біздің елдің жандары.

Жастары да қадірлі,
Көнекөз көсем шалдары.

Басқалардан басқалау,
Біздің жердің күні, айы.
Ақ шапағат, ақ алау,
Төгіп тұрар ұдайы, - деген өлең жолдары еріксіз тілге оралады.

Бүгінгідей іштегі-сырттағы елдестердің, басқаша айтқанда бесіктестердің басын қосқан үлкен жиынның тәрбиелік те мәні бар. Шынын айту керек, осы маңайдағы кішігірім ауылдар дүркіретіп той өткізіп жатқанда біздің еліміздің үнсіз жатқанына іштей қынжылғанымыз да рас. «Апыр-ау, басқаларға қарағанда еңсесі биік ел едік, елдестеріміздің не ойлағандары бар?» деген түйткілді ой көңілімізде жүретін. «Ештен кеш жақсы» дегендей, бүгінгі басқосуымызға қуаныштымыз. Той қайырлы болсын!

Өткенімізді екшеп, болашағымызды болжап азын-аулақ сөз айтсақ артықшылығы бола қоймас. Қысқаша мұрағат мәліметтеріне қарасаң, бұрынғы патша заманының өзінде 1893 жылы Баян қауымдастығы құрылыпты. Қауымдастыққа тоғыз ауыл карапты. Болжап айтсам, бұлар Әжімбай-Бәжі, Кент-Байсал, Дүйсе, Мықтыбай, Жәдігер, Балта, Барақ, Шағырай ауылдары болса керек.

1927 жылғы қазан айында өзіміздің көзіміз көрген,

ел құрметтеген әкелеріміздің бірі Уақпан Тажинның басқаруымен өткізілген санақ бойынша Баян қауымдастығында 569 адам, 133 шаңырақ болыпты. 1929 жылдың 10 қыркүйегінде «Баян» колхозы ұйымдастырылды. Колхоз ол кезде Төңкеріс, Преснов кейін Октябрь, одан кейін Сергеев деп аталған ауданға қараған.

1950 жылдың тамыз айында «Баян» колхозына Ортаққөл ауылы біріктірілді. Осы іріленген колхоз 1961 жылдың 3 наурызына дейін өмір сүрді. Дәл осы күні Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысымен «Баян» колхозының дүние-мүлкі, жері Приишим совхозына берілді. Жобалап айтқанда, колхозда 1000-нан аса қара мал, 200-дей жылқы, ондаған құрылыс нысандары, ондаған трактор мен комбайндар, басқадай техника бар еді. Колхоз меншігіне жататын көпжылдық шөп егістіктің 30 пайызын құрайтын, тұқымдық материалдар мен жинақталған жанар-жағар май қаншама еді. Осының бәрі колхозға біріктірілген колхоз мүшелерінің меншігі болатын. Оны олардың келісімінсіз тартып алуға ешқандай үкімет органының қақысы жоқ еді. Сөйтіп, қызыл империяның алғашқы адымында біздің ата-бабаларымыздан тартып алынған дүние-мүлік алпысыншы жылдардың басында екінші рет қайталанды. Өз халқын өз үкіметінің аямай тонауы әлем жүзінде сирек кездесетін жағдай. Кешегі Компартия басқарған тоталитарлық

жүйе кезінде осының бәрі халыққа жасалып жатқан қамқорлық деп түсіндірілді. Бұл арада үлкен бір әңгіменің басы қылтиып тұрған сияқты. Кешегі Қазақ ССР-ы Министрлер Советінің орнында бүгінгі Қазақстан деп аталатын мемлекеттің Үкіметі бар. Заман басқа, заң басқа болғанымен тоналған халық осы мемлекеттің қарауында. Әділеттік орнайтын болса, қазіргі Үкімет бұл жөнінен тиісті қорытынды шығарып, өз халқының мүлкін еселеп қайтарып беруі мүмкін деп ойлаймын.

Сонымен 1929 жылы колхоз ұйымдасуымен бытырай орналасқан тоғыз ауыл осы ел тұрған жаңа қонысқа бір шаңырақ астына көшіп келді. Бұған дейін сәл-пәл тұрмысы түзу ағайындар қудалауға ұшырап, мал-мүліктері тәркіленіп көпшілігі Ресей асып кетіп еді. Тәркілеуге іліккендер Шалабаев Қожахмет, Сүлейменов М., Қызылбаев Қ. Көпшіліктен әртүрлі жолмен жиналған мал-мүлік колхоз меншігінің бастауы болды, содан бастау алып әрі қарай дамыды. Мысалы, 1960 жылдың басында Уаисов Сұраған ферма меңгерушісі болған кезде елдегі жылқы саны 500 басқа жетіп еді. Ақ қар, көк мұз жастанып, қыстың қақаған суығында, жаздың аптап ыстығында бүкіл саналы өмірлерін жылқы соңында өткізген Нұртазин Рақымжан мен Әбдешов Әбділда аталарымыз «осы малды не бары бес биеден өсіріп едік» деп, бірен-саран тай-тұяқ шығыс болса жандары

шығып шыр-пыр болады екен. Жылқы фермасы елден жырақ «Байсымақ» көлінде болатын. Бұл біздің бір ағамыздың түнемел қымызға тойып алып, қолындағы дара ауыз мылтықпен «допустим дала қазы» деп Әбекеңнің қоңыр қаздарын қырып тастайтын көл ғой.

Әбекеңнің бәйбішесі ірі сүйекті, саспай салмақтай басып, шайқала жүретін, ақсары өңді, өмір бойы сынын сындырмай өткен паң мінезді, тектілік түрінен де іс-қимылынан да сезіліп тұратын. Дәнекер шешеміз ұлы жазушы Мұқтар Әуезовтың «Абай жолы» романында әдемі суреттелетін Ділдә апамыздың біздің жақтағы көшірмесі, сіңлісі сияқты еді.

Әбекеңнің өзі қаршығадай ғана, жіті қимылды, әпсәтте әлем-тапырық болып қалатын, мінезі тығыз кісі еді. Сәл нәрсеге шарт кетіп, тепсініп жетіп келген Әбекеңе күбідегі қымызды күркілдете пісіп тұрған Дәнекер шешей: «қамшыңды шошаңдатып сәурік айғырша жер тепкілемей тартсаң тартып жіберсейші, ашуың басылар ма екен?» деп жалпақ жаурынын тоса береді екен.

Жылқышылар қосында үлкен-үлкен қара торсықтарға құйылған қазақ халқының киелі асы – қымыздың неше түрі болатын. Үкіштей қостың іші түгіл, айналасы қымыз исіне тұнып, жақындай бергенде кеңірдегіңді кернеп, көкірегіңді жарып кете жаздайтын.

Рақымжан мен Әбділдә аталарымыз қаншама жылқының ішінен қандайының қашан туғанын, қай бие мен қай айғырдың ұрпағы екендігін жыр қылып айта алатын. «Мына көк алалар Өсіп жылқысының тұқымдары, ана торы төбелдер Әжімбай аулының малынан, мына қара жон құлалар Жетей аталарының малынан» деп шұбырта жөнелтуші еді. Сүйтіп тырнақтап жинаған мал бір күнде тоналып кетті. Бұл Советтер Одағын Н.С.Хрущев басқарған, халықты жаппай тонау кезі еді. Жүгерінің нанын жегізіп, қорақораны милициямен аралатып жалғыз-жарым малды тартқызып алған жалтыр бас Хрущевекеңді зұлым демеске бола ма?

Колхоздың қара мал басы да өрлеп өсті. Бұл да сол жанәбіл жандардың ерен еңбектерінің жемісі еді. Колхоз ұйымдасқан 1929 жылдың өзінен бастап-ақ біздің «Баян» колхозының атағы шыға бастады. Бұдан 40 жыл бұрын менің қолыма «Передовой колхоз «Баян» деген орыс тіліндегі кітапша түсіп еді, Москвада басылған. Онда 1938 жылы «Баян» колхозының ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруде қол жеткен табыстары суреттеледі. Сол жылы колхоз Москвада өткен Бүкілодақтық көрмеге қатысып, Жоғарғы басқару органының дипломымен марапатталады. Оның үстіне сол кезде техниканың жетістігі деп есептелетін полуторка машинасы колхозға сыйлыққа беріледі. Кітапшада қарапайым еңбек озаттары

Үмітбаев Қажымұрат, Мырзабаев Сейтен, Таңатаров Исқақтың есімдері аталады. Қажыекең жас кезінде жойқын күштің иесі болса керек, егін соғатын «көк барабан» деп аталып кеткен агрегаттың құлағын жалғыз өзі айналдырып, тоқтаусыз жүргізеді екен. Шабылған егінді барабанға айырлап беріп тұруға Сейтен мен Исқақ қана шыдайтын еді деседі.

Ерен еңбегімен көзге түскен Қажыекең сол жылы Москвадағы көрмеге жіберіледі. Оған сыйлыққа тегін үй беріледі, ол кейіннен Нұрғожин Бекмағамбет тұрған үлкен ағаш үй еді. Ол кезде ауылдағы үйлердің ең көріктісі сол болатын.

Еңбегімен беделі асқан Қажыекеңді Мәскеуден келгесін Баян МТС-ына директор етіп тағайындайды. Көп ұзамай өз ауылына басқарма болып оралады. Қажыекеңнің іскерлігін көнекөз қарттар аңыз қылып айтушы еді. Бұл кісінің басқарған кездерінде «Баян» колхозының атағы бүкіл Кеңес Одағына әйгілі болды десем қателеспеспін. Қажыекеңнің өзі Одақ басшысы Сталиннің қабылдауында болды. Ертерек кезде оншақты адамның арасында Сталинмен бірге түскен суретін де көрген едім. Сонау соғыс кезінде Қажыекең өз қаржысына Отан қорғау ісіне өз үлесін қосып танк жасаттырды. Бірақ ел ішінің сыпсың өсегі соғыс аяқталғаннан кейін бұл кісіні де елден кетуге мәжбүр етті. Одан кейін ол Есілдің арғы бетіндегі Еңбек колхозына басқарма болып ауысты. Өз елін

бірнеше жыл басқарып тәжірибе алған кәнігі басшы жай Еңбекті бай Еңбек атандырып тағы да бүкіл облыстың алдына шығарды. Еңбек колхозының 40 биесін апарып, қала түбінде саудырып, қала тұрғындарын бал қымызға кенелткенін, сөйтіп колхоз кассасына қомақты табыс әкелгенін көпшілік жақсы біледі. Әсіресе Бай Еңбектің ескілікті адамдары «нағыз тума талант еді ғой» деп Қажыекеңді қадірлей еске алушы еді.

Ел іргесін қалап, колхоз шаңырағын көтерісуге алғашқылардың бірі болып ат салысқан Уақпан Тажин еді. Ол кісі көп жылдар бойы ауылдық Кеңесті басқарды. Бірнеше жыл Преснов ауданының аудандық атқару комитетін биледі. Кейіннен қайта ауылға оралып, сол жұмыстан зейнеткерлікке шықты. Өте таза жүретін, партия ісіне шын берілген тура мінезді кісі еді.

Бүгінгідей күні ел абыройын көтеруде аянбай еңбек еткен, елдің бетке ұстар абзал ағалары, көп жылдар басқару ісіне араласқан Калин Исабай, Еркалин Қажахмет, Нұрғожин Сұраған, Омарханов Оспан, Байтасов Қайыркен, Уәйісов Сұраған, бригадирлер Жұман, Базарбек, Жанақым, Мұқаметжан, Ақула аталарымыз бен ағаларымызды қалай еске алмассың!

Қажыекеңнен кейін осы елді көп жыл басқарған ақ жүрек, адал ниетті Тұралин Сексенбай әкеміз. Біреулерге зіркілдеп ұрсып-ұрсып алып, «Әй,

насыбайыңды әкелші» - дейтінін қалай ұмытарсың. Ашуы жібек орамал кепкеншенің өзі еді. Сөзге бай, қазақтың қара сөзін құнарландыра, тыңдаушысын құмарландыра шалқып бір кететін. Ата-баба тарихынан хабары мол, ақынжанды, ақ көңіл, аңқылдаған қонақжай Сексенбайды бұл өңірге келген сөз зергерлері ақын-жазушылар айналып өтпейтін. Секеңнің төрінде атақты жазушылар Сәбит, Шухов, ғалым Т.Нұртазин, т.б. болғанын жақсы білеміз. Ал біздің Баян орта мектебінің оқушыларының әдебиетке құштарлығын асыра түскен Жәнібек Мұзапаров, облыстық газеттің әдеби қызметкері Абай Қазиев Секеңнің үйінде жұмалап жатып, бал мінезді Бәзилә шешейдің қолынан дәм татқан адамдар. Секең үлкенмен де, кішімен де тіл табыса кететін, іскерліктің өзі де осыған байланысты емес пе?

Дала аралап жүріп жұмыс басына келгенде Секең «мен басқармамын» деп керіле сөйлеп, шіренбейтін. Ол кез жеңіл машина дегеннің жоқ кезі. Секең көбіне салт жүретін. Шөп науқаны кезінде дамылсыз далада болатын. Өзі де палуан денелі қомақты кісі еді ғой. Сонау көк күмбезінің төбесінен Секеңнің қарасыны көргенде-ақ, «Анау келе жатыр» деп сымсыз телефон «зың» ете түсіп, жұмыс үрдісі үдей түсетін. Шөпті маялап үюде білегі мықты, қарулы адамдар болады. Жұмысқа әбден төселіп алған сом білекті маяшылар ұзақ күнге жұмыс ырғағын бір толастатпайды.

Колхоздың қара өгізі атанған Сүгірбайдың Айтмұқашы қара күштің диюы еді. Қандай қайқалатып, пілдей өгіздердің ыңырана тартып әкелген шөбін сабының жуандығы сырғауылдай үш салалы ағаш айырмен үш-ақ көтеріп маяның төбесіне ырғытып жібереді екен. Сол сияқты мая үюшілердің қатарында Арбабаев Сейтақ, Әкбар (Нұрмұқанның жиені), Иманбектің Қоспаны, Штир Давид, Хабдолахат Халиков, Бейісов Тіржандар болды.

Сексенбай жақындай бергенде «тажал келіп қалды» деп маяшылар сыбырласып қалады. Секең маяға тақап келеді де, атынан түседі. Жеңіл көйлектің жеңін сыбанып жіберіп, жалаңбас қалпында маяның төбесіне шығады. Әдетте маяшылар маяның төбесін тез шығару үшін төбеге жеңіл-желпі адамдарды шығарады. Сонда мая тез үйіліп қалады. Ал Секең төбеге шыққанда үйілген шөп жерге кіріп кетердей, өспей қояды. Оның үстіне Секең маяның бұрыш-бұрышын, өзінің ауыр салмағымен езгілеп, сығымдай береді. Маяшылардың Секеңді сыртынан сыбырлап, «тажал» дейтіні де сондықтан. Ал былай сығымдай үйілген шөпке ешқашан да су өтпейді, жақсы сақталады. Бірақ көпке дейін маяның төбесі шықпайды. Арада күндер өткенде айнала жыпырлаған көп маялардың арасында Секең төбесіне шыққан мая жай тауықтардың арасындағы күрке тауықтай күдірейіп тұрады.

Елдегі елеулі адамдардың бірі – Нұрғожаның Сұрағаны еді. Ол да ірі сүйекті, заңғар кісі еді. Замандастары әзіл жарастырып Кемер Сұраған дейтін. Мінезі бір беткей, айтқанын істетпей қоймайтын. Ашуланғанда ақ сары жүзінің түгі тік тұрып, көкшіл көздері от шашып, жанары жан шыдатпайтын. Жайшылықта әзіл-қалжыңы мол, отырған жерін күлкіге қарық қылып отыратын көпшіліктің көркі еді. Елде басқармалар ауысып жатса, басқарманың орынбасары Сұраған ауыспайтын. Ұнамағанды ұшырып жіберетін басшылардың сайламышты кезінде орнында қала беруі Сүкеңнің халықтың қалаулысы болғанының дәлеліндей. Шаруашылықты ұйымдастырудың негізгі жүгі осы кісінің мойнында болатын. Алпысыншы жылдары мен елде бөлімше басқарушысы болған кезімде, Сүкең ферма меңгерушісі болды. Сауыншылар таңғы сағат 5-те жұмысқа жиналады. Кейбір жас келіншектердің ұйықтап қалатыны бар. Арасында тілді-ауыздылары Сүкеңе қарсы сөз де айтып қалады екен. Сондайлардың бірі Сейтақтың Аманбайының келіншегі еді. Бір көзінің кәкірі бар, бойы-басы да кемшіліксіз емес болатын. Сондағы Сүкеңнің бір сөзі есте қалыпты. «Осы біздің Баянның жігіттерінде ес жоқ. Өзіміздің Күлән, Майжамал, Жамал, Анна сияқты тепсе темір үзетін сұлуларымызды сыртқа жібереді де, ауылға қиқайған-сиқайған бірдеңелерді алып келеді. Ойбай-ау, ертеңгі ұрпақтарымыз не болады? Мы-

на қиқы-сиқыдан қандай бала туады? Сен неге оны байқамайсың?» – деп өзіме дүрсе қоя бергені бар-ау. Бір жағы әзіл-қалжыңмен ұштасып жатса да, бұл сөздердің астарында қаншама мән жатыр десеңші!

Басқадай сырттан келіп азын-аулақ қызмет жасап кеткендерді есептеп жатудың керегі жоқ шығар. Сексенбайдан кейін ел тізгінін колхоз совхозға ауысқанға дейін Бірімжан Шайпин, өзіміздің Бірағаң ұстады. Ешкімге қиянаты жоқ, «ә, мен сүйтіп қойдым ба?» дейтін, бала мінезді кісі еді. Колхоз совхозға ауысқаннан кейін 60-жылдардың басынан он жылға тарта мен бөлімше басқарушысы болдым да, Бірағаң бөлімше агрономы қызметін атқарды. Балаң жігіт кезім ғой, өз түсінігімше Сұраған, Бірімжан сияқты беделділерге сес көрсетіп қойсаң, басқалары маған қарсы келе қоймас деген пиғылда болатынмын. Сондықтан күнбе-күнгі лездемеде қатты айтатын кездеріміз де болып қалатын. Бұл «бей своих, чтобы чужие боялись»-тің кері ғой.

Бірағаның қызық мінездері де бар еді. Бірде совхоз директоры, мінезі қаһар А.В.Донченко авариядан ұшырап қалыпты дегенді естідік. Біраз күн емделіп, жұмысқа шыққанын білгеннен кейін Бірағаң екеуміз барып көңіл айтайық деп, атпен совхоз орталығына тарттық. Әйгілі қара қасқа атпен кошовкаға отырып айнадай жарқыраған ат жолымен сыдыртып келеміз.

Қара тұлпар он бес шақырым жерді жарты-ақ сағат жүретін. Жолда келе жатып Донченкоға не деп жұбату айтсақ екен деп ақылдасамыз. Екеуміздің де орысшамыз «дай хлебтың» аз-ақ алдында. Бірағa, - деймін мен, - сіздің жасыңыз Донченкоға шамаласқа жақын адамсыз ғой, оны көңілдендіріп, әзілдеңкіреп «До свадьбы заживетті» айтыңыз. Ал мен жұмыс жағдайын баяндаймын. Бірағаң «Әй, мұнауың табылған сөз екен» деп қаудырлап қалды.

Донченко кабинетінде екен. Бірімізге біріміз ілесіп келіп, сызылып сәлем бердік. Директор көңілді. Мұндай сәттерінде қарқылдап көп сөйлеп кететіні бар да. Авариянық қалай болғанын, қандай жарақат алғанын айтып жатыр. Қонқиған хохол мұрнының ұшы қақ жарылыпты. Оны қабыстырып тіккен екен, орны қызыл бояу жаққандай қызарып тұр. Донченко саябырси бергенде Бірағаң сөйлеп кетті: - Ничего, Андрей Васильевич. Мужик нос разбил, это хорошо. До женитьбы пройдет, - демесі бар ма? Сөзді көсілтіп отырған Донченконың көзі ақшаң етіп, түсі өзгеріп жүре берді. Лауазым иелерінің соңынан әлдеқандай сөз еретіні де бар. Сол кезде Донченконың да соңынан ерген бір сымсыз өсек болатын. Бірағаңның мына сөзі отқа май құйғандай болды. Екеуміз сытылып далаға шықтық.

- Әй, мен осы бірдемені бүлдірдім-ау, – дейді Бірағаң қолбаң-қолбаң етіп.

Бірағаңның тағы бір сөзі есте қалыпты. Бірде таңғы планеркада отырғанда:

-Әй, жігіттер, осы сендер не білесіңдер? Мен талай ұрысқақты көріп едім, ал, дәл осы Әннәс сияқты әдемі ұрсысатын адамды кездестіргем жоқ. Апырай, жанында ұрсысып тұрып, сүзетін қошқарша шегініп-шегініп барып саусағымен ауа тілгілеп қайтып келеді екен, - дегені бар. Бұл бүгінгі күні арамызда жүрген қадірменді ақсақалдарымыздың бірі, ел Әннетәй атап кеткен Әннәс Ғабдуллин жөнінен айтқаны ғой.

Ел ағалары жөнінен біраз сөз болды ғой деймін. Енді елдің абыройын асырып, өндірісті өрге сүйреген еңбек адамдарына көшейін. Біз сонау соғыс жылдарындағы тумай жатып тағдырдың тауқыметін тартқан, ызып тұрған тағдырдың суық деміне оранып, тітіреген тіршіліктің шалғайына тас кенедей жабысып өмірге ұмтылған қайсар ұрпақ едік қой. Еңбекке де ерте араластық. Сондықтан 1940 жылдардан бергі өмірдің қызығын да, шыжығын да көрген жандармыз. Әсіресе, соғыс жылдарынан бастап, 1950 жылдардағы ел адамдарының еңбекке деген ынта-жігерін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Сол кездегі адамдар күні-түні бір тыным таппайтын тірі роботтар сияқты еді. Осы күндері «апыр-ау, неткен жандары темір, жігерлері жойқын ғаламат адамдар» деп ойлаймын. Бойға қуат беретіндей тамақ та жоқ. Елде қалған шал-шауқан, бала-шаға, қыз-қырқынның

үрдіс қимылын қан майданмен салыстыруға болар еді. Әсіресе, қоң торғайдай қалтыраған қозыларын демдерімен жылытып, жандарын жегізіп өсірген біздің аналарымызды айтсайшы!

Бар өмірің – қас қағым сәті деседі,
Сәби едік соғыс жылғы кешегі.
Бір қылғытар аш өзекке нәр іздеп,
Қыңқылдаумен мазалайтын шешені.

Аналардың шалғайына жабысып,
Аш қарнымыз омыртқаға қабысып.
Қабырғаға қырау қатқан тас үйде,
Жатушы едік бір төсекте табысып.

Аналар-ай нұры тайған өңінен,
Гүлдей солып ерте айрылған ерінен.
Қаусап қалған көкірегін көрік қып,
Құлындарын жылытатын демімен.

Аналарым соғыс жылғы сор маңдай,
Әлі күнгі көз алдымда тұрғандай.
Жер шұқыған мекиендей күйбеңдеп,
Нәр беретін саусағынан сорғандай.

Тумай жатып көресінді көріппіз,
Қандай ғана қиын сәби едік біз.

Бос емшектің тандырына жабысып,
Аналардың қанын сора беріппіз.

Қандай ғана қиын сәби едік біз,
Жалмауыз боп жаратылған еріксіз.
Май қоғаны сары майдай күйсітіп,
Шөп тамырын жерік анадай жедік біз.

Аталар-ай, сол кездегі қара нар,
Асқар таулар, кемеңгерлер, даналар.
«Келе ғой» деп маңдайыңнан сипаса,
Көл-көсір боп қалушы едік балалар.

Міне, біз осындай едік. Заман солай еді.

«Тарыншылықта жеген құйқаның дәмі кетпейді» дегендей, таланымызға сұрапыл соғыс кезіккен қара сирақ бала кезімізді еске алсам, алдымен көз алдыма ел іргесіндегі «Маса көлі», осы көлден балық аулайтын Бидалин Әбілғазы атамыз елестейді. Дәндеп алған қара табан, ақ үрпектер үпір-шүпір болып, діріл-деп-қалшылдап таңертеңмен келіп көл жиегінен табыламыз. Жағадағы саз балшыққа белшемізден батып, көл айдынына тесіле қарап тағатсызданып күтеміз. Таң салқынымен көлдің беті тұманданып, бусанып жатады. Өзі көрінбегенмен қайықтың қалағының салдырынан, судың сылдырынан Әбекеңнің көлде екенін білеміз. Әлден уақытта күн көтеріле

сейіле бастаған ақ тұман арасынан кішкене қайықтың үстінде таудай болып қарауытып Әбілғазының сұлбасы көрінеді. Ақ сақалы жалпақ кеудесін жауып белуарына түскен, өзі де ірі денелі атамыз су иесі Сүлеймен бе дерсің! Байыпты қимылымен жайлап жағаға келіп тоқтайды. Қайықтың ортасындағы шоршып шошынып жатқан үйеме балықтан көз ала алмаймыз. Сөйткенде Әбекең әлгі балықтарды бір-бірлеп өзінің әдейі дайындап алған ілмекті шыбығына желбезектерінен тізіп іле бастайды.

-Әй, бәленжанның баласы-ай, ала ғой, - деп кезекпен шақырып әлгі тізілген балықтарды қолымызға ұстата бастайды. Балықтың түсуіне қарай кейде 5, кейде 10 балық тиеді. Қуанышымызға шек жоқ, сол олжамызбен үйге қарай тырақайлай жөнелеміз.

Дәл осы кісі сияқты аш өзекке арқау берген, көлден балық аулайтын екінші адам – Мықтыбайдан Жұмабаев Көшербай әкеміз еді. Ол кісінің негізгі мамандығы мұғалім болатын. Замананың зауалы соғып, қан жылатып тұрған кезде ел ұрпағын өсіруге шама-шарқынша септіктерін тигізген осындай жаны дархан аталарымызды ұмытуға бола ма? Топырақтарың торқа болып, жандарың жәннатта болсын дегім келеді.

Елдің атағын асырып, әлемге әйгілі еткен еңбек адамдары жоғарыда айтылғандардан басқа: Ахметов Есенбай Бәжен шешемізбен, Қоқманов Қожахмет,

Сағындық және Омар, Төртбаев Омар, Жүндібаев Ақанбай, Жетеев Мырзахмет, Ахметов Қожахмет, Ералин Байбосын мен Бейсекей, Шаймерденов Сейпіл, Тұралин Ыбырай, Қоқин Мырзабек, Мұқажанов Әуелбек, Мырзалин Қанапия, Найманов Құрбас, Байтұрғанов Нәжіміш, Арбабаев Тоғайбай, Сейтақ, Бейсенбин Еспенбет, Разиев Әміржан, Бошанов Оразбай, Жұмақан, Мұқаметқалиев Ердаулет, Шоғырмақ, Жоламанов Серғали, Мұстафин Базарбек, Данияров Жоламан, Мұстафин Нияз, Еркемұрзин Тәжібай, Сапенов Мұқаметжан, Құлмиса шешей, Сүгірбаев Бірімжан, Аймұрзин Шөкеш, Бағытай, Жүкенов Әсен, Шоқтыбаев Қожахмет, Мустанов Зиятден, Бопи

Қиын-қыстау заманда ер қайратын көрсеткен шешелеріміз: Әйбөпе, Бәбеш, Балғыз, Кәмәли, Жәния, Дәріш, Мақпоз, Мақпуза, Мәржәпия, Әсия, Әлпия, Мөріш, Күміс, Бәди, Баташ, Мүштәри, Наскен, Күлсім, Ұлшын, Мәруәр, Балбөпе, Мәнке (Мария), Бибіғали, Жамал, Рабиға, Бижамал, Мүшарапа және т.б. жөнінен бір-бір роман жазса артық болмас еді. Осы аталарымыз бен аналарымыздың колхоз өндірісін өргe сүйреп, өркендету үшін көрмеген қиындықтары жоқ.

Бұларға сол ел басына күн туған сұрапыл жылдары әлі де бұғанасы бекіп, қабырғалары қатпаған ересек балалар мен қыздар көмектеседі. Олардың

арасында бүгінгі күндері елге сыйлы ақсақал болып, немере-шөбере сүйіп отырған Социалистік Еңбек Ері Құрманғали, орденді механизаторлар Епен, Меңдібай, еңбек ардагерлері Жақия, Әннәс, Қайыркен, Ағзамедтен, Ғамалетден, Оразалин Қазихан, Фатхиислам, Садуов Рашит, Хабдолахат, Зейнеджан, Қатау, Ғимолла, Рафих, Штир Давид, Адам, Лампельдер, Геллерлер, Шледовецтер, Ахметжан, Қабиден, Қапан, Кеңес, Серік, Талас, Төлеген, Мұхамедиярлар болса, бұдан кейінгі толқын бүгінгі алпыстың асуына шыққан біздің ұрпақ.

Қарапайым еңбеккерлердің арасында алғашқылардың бірі болып орден таққан Бошанның Оразбайы еді. Әке жетістігін қайталап оның баласы Марат орден иегері болды. Ата даңқын жалғастырып, ел абыройын асырғандар Жұмабеков Қанат, Нұрғожин Еркеш, Шлейдовец Данил, Мұрзалин Қаби, Зейнолла, Жұмақанов Далабай, Аймурзин Қазбек, Шлейдовец Петр, Садуақасов Сансызбай, Байтұрғанов Тілеу, Акулин А., Низамов Назым, Қожанов Шұғай, Әбілқайыров Кәкентай, Дулат Омаров, кешегі көзіміз көрген Хайрутдинов Хабиболла, шаруашылық машинасында өзіммен тізелес дамыл таппай еңбек еткен Төлен, Рәшит, Қуандық, Ербатыр, Оразбай еді.

Қыз-келіншектерден еңбек үлгілерін көрсеткен Ақанбаева Мина, Мырзалина Сария, Бота, Фархи-

зиан, Маша, Геллер Анна, Искандирова Майжамал, Нәзирә, Найманова Жамал, Жақабаева Сара, Мауғиза, Баймақанова Күлтай, Сәкенова Күлән, Көшербаева Бақыт, Бейсекеева Айман, Аймурзина Бәткен, т.б. болды.

Төрт түлік малды түлетіп, үлгілі еңбек еткен Бошатаев Ахмадия, Қабдулманов Серікбай, Рәзиев Әміржан, Белгібеков Жағыпар, Оразалин Қазихан, Доскожин Тілеген, Ахметов Болат, Есенбаев Пшенбай, Жақыбаев Әубәкірдің есімдерін қалай ұмытарсың?

Ел болғасын, оның шаруашылығы болғасын, оның құрылыс жұмыстары да болады. Ауыл осы араға қоныстанған алғашқы күндерден бастап бірден ағаш үйлер салына бастапты. Біздің елдің басқа елдерден айырмашылығы да осы болса керек. Бұл жөнінде жазушы С. Мұқановтың жазғаны да бар «Басқа ауылдар шымнан ойып жадағай үйлер салып жатса, «Баян» колхозы еңселі ағаш үйлер салумен ерекшеленді» – деп жазады ұлы жазушы. Ең алғашқы үйлердің іргетасын қалағандар Қоқыманның Сағындығы, Омары, Қоқының Мырзабегі болса керек. Сағындық атамызды жас кезімізде көрдік. Соғыс жылдары ол кісі әр үйге әшекейлеп ағаш жәшік, сандықтар, бесік жасап беруші еді. Бұл кісінің қолынан бәрі келетін. Өзі керемет етікші де болды. Жоқтан бар қылып, ауылдастарының, әсіресе бала-шағаның

аяқтарын бүтіндейтін. Өте қарулы кісі еді. Үй салғанда қандай жуан бөренелерді жалғыз өзі көтеріп жүре береді екен. 1970 жылдардың аяқ кезінде Омбы облысының Қасқат деген ауылында Бозтайлақ деген бір ақсақалдың үйінде болғаным бар. Тайлақ десе Тайлақтай өте ірі кісі екен. Астындағы темір кереуеттің белі қайысып, қозғалған сайын солқ-солқ етеді. Жасы 80-нің ішінде болса керек. Сәлем беріп жайғасқан соң жөн сұрады. Мен «Қантаймын, елім «Баян» дегенде әлгі кісі елең етіп, апыр-ау, сен Сағындықтың ұрпағы болдың ғой» демесі бар ма? Тіпті басқа елде, ауылдан жырақ жүріп қадірменді атаңның атын есту де бір ғанибет екен. Мен Сағындықпен аталас туыс, елдес екендігімді айттым. Әлгі кісі қалың қабағының астындағы жұмылып кеткен көздеріне жас үйіріліп, жап-жалпақ алақандарын жайып «Иманды болсын жарықтығым» деп бетін сипады. «Қарағым, Сағындықтың аталасы болсаң осы үйден бір мал жемей кетпейсің» - деп, баласын шақырып «қой сой» деп әмір берді. Баласы өзім шамалас, әкесінің алдында иіліп тұратын бір жігіт екен. «Құп болады, әке» – деп шығып жүре берді.

Үлкен кісінің әңгімесін тыңдауға біз де құмартып отырмыз. Жол алыс, асығыс едік», - дегенді ақсақал құлағына да ілмеді.

-Әй, балалар-ай, қазақта «ауылдағының аузы сасық» деген сөз бар. Көршілесің көзден таса болса,

көңілден де таса болады. Біреу келіп, біреу кетіп жатқан дүние-ай. Күйбең тіршілік, тауды басып жүріп, кейде тау қайда дегізеді-ау. Сағындық аталарың да алыстан көрінетін тау еді ғой. Лауазымы жоқ шаруа адамы ел есінде қала бере ма? Сағындық аталарың жөнінен бір әңгіме тыңдап кетсеңдер артық болмас. Сәкеңнің аруағы риза болсын, мен де өткенімді есіме алып, ішімдегіні бір ақтарып тастайын.

Базекең бұқа бұғағы бүлкілдеп, әсерлі сөйлейді екен. Қазақтың жалпақ тіліне шешен, сөзді түйіп-түйіп тастайды. Көпті көрген тарлан екендігі бірден сезілді. Сол түні Сәкең жөнінен тебірене ұзақ сөйледі.

Оның өз аты Боздақ екен, Тайлақ дегенді халық қосқан, сонымен Бозтайлақ болып кетіпті. Соғыстан соңғы жылдары бүкіл республикаға атағы шыққан палуан болыпты. Өзіміздің Қызылжар қаласында біздің Сәкеңмен екі рет жағаласып, екеуінде де тең түсіпті.

-Күресе жүріп жауырыным жерге тиіп көрген жоқ. Құдайдың берген қаруының арқасында біраз елді аралап, той-думанның төрінде болдық. Алғаш кездескенде Сәкеңді қорашсынғаным да рас. Денесі менен әлде-қайда ұсақ. Дембелше келген, орта бойлының кесегі екен. Мұндайлардың талайын тоңқайтқанмын. Өзіме сенімім мол. Әдеттегідей беліме қазақы белбеуді сығымдай буып ортаға шықтым.

Өйткені белбеуді бос байласаң, кәнігі палуандар сом білектерін сұғып жіберіп бұрап әкетіп, тынысыңды тарылтады. Бетпе-бет келіп-ақ қалдық. Тарпа бас салып, ұйпап-ақ тастамақшымын. Бірақ Сәкең тайша секіріп ұстататын емес. Ара-арасында шап етіп білектен ұстап өзіне қарай тартып қалатыны бар екен. Қолы темір қысқаш сияқты тиген жерін мытып жібереді. Тегеуріні темірдей, тегін жан еместігін түсіне бастадым. Қолыма ілеккенде көтеріп әкетіп, үйіріп-үйіріп сілкіп-ақ лақтырамын. Кәдімгі мысық сияқты, анадай барып тік ете түседі. Бұл не пәле деп ойлаймын. Әрі-беріден соң Сәкең өзіме шабуыл жасай бастады. Бауырыма кіріп алып, бұлт-бұлт етіп бой бермейді. Ақыры күрес тең аяқталды.

Арада екі жыл салып тағы да кездестік. Бұл жолы да солай болды, бас бәйгені бөлісіп алдық, - деп аяқтады сөзін Базекең. – Сәкең менен оншақты жас үлкен еді, сыртынан сыйлап, әлі күнге дейін есімнен шығармаймын.

Атағы Боздақ сияқты алыптың есінде мәңгілікке қалған біздің бір атамыз осындай екен. Бойымды мақтаныш билеп, бұл үйден марқайып аттанғанымды мен де ұмытпаймын.

Құрылысшылардың бұдан кейінгі легін Байтөрин Рысбай, Нұрғожин Бекмағамбет, Хайруттинов Яролла, Минуллин Ғиният, Иманбеков Қоспан, Шаяхмет жалғастырып еді. Колхоз өндірісін өркендетуге бұл

әкелеріміз бен ағаларымыздың қосқан үлесі өте зор.

Кешегі Отан соғысына біздің елде 160-тан аса боздақтар аттанған екен. Солардың жартысынан көбі қан майданда шәйіт болды. Олардың есімдері ескерткіш тақтадан белгілі. Ал соғыстан аман оралған Наурызбаев Рысжан, Неғметжанов Жұматай, Омарханов Оспан, Шақабаев Әбілқайыр, Уәйісов Сұраған, Садуақасов Молдабай, Қасымов Ишанғали, Бегалин Қазихан, Ташенов Серікбай, Мұқажанов Әуілбек, Жетеев Мырзахмет, Үмітбаев Қапен, Әйтенов Мақыш, Тәжин Есмақан колхоз өндірісінің әр саласында өндірте еңбек етті. Осы құрметті ағаларымыздың әрқайсысы жөнінен ұзақ-ұзақ әңгіме, естен кетпес естеліктер айтуға болар еді. Олардың көбі бүгін арамызда жоқ болса да, көз алдымыздан елестері кетпейді. Наурызбаев Рысжанның жүрген жері ойын-күлкі еді. Бір нәрсеге күйгелектеніп, қиындыққа мойыған кезін көргемін жоқ.

Қасымов Ишанғали ағамыз өресі биік өнер иесі еді ғой! Әскерден келген кезде бойы-басы жып-жинақы, құйып қойған қалайы солдатқа ұқсас сыптығырдай ширақ болатын. Бізге физкультурадан сабақ берді. Өзі сырттан шет тіліне оқыды. Қуақылығы да мол, отырған жерін әнге де, күйге де, күлкіге де қарқ қылатын жайсаң жан еді. Бірде ауылдық Советтің төрағасы Калин Исабай әкеміз кабинетіне келген Ишан ағамызға:

- Әй, Ишан, осы сен шет тілін оқып жүрсің ғой. Өзі қиын емес пе екен? – деп сұрапты.

Сонда Ишағаң:

- Жоға, Исаға, шет тіл дегенің шепуха екен. Шемішкедей шекілдетіп жүрміз, - депті.

-Олай болса айта қойшы, мына столды не дейді? – депті Исағаң.

- Оны столаус, - дейді.

- Ал күректі не дейді?

- Оны лопатаус дейді.

- Ал адамды не дейді?

- Адамаус дейді, - деп Ишағаң Исағаңның берген сұрақтарына «аусты» қоса беріпті. Сонда Исағаң «апыр-ау, шет тілінің өзі онша қиын емес екен ғой», - деп Ишағаңа риза болып қалыпты.

Ишан ағай нағыз өнер иесі еді. Мектеп балаларына домбыра үйретіп, ауылда домбыра оркестрін ұйымдастырып, ел жастарын ән-күй үйірмелеріне тартып, өнерге баулығанын ұмытпаймыз. Осы күні атақтары көпке белгілі ағайынды Құсайыновтар Ишағаңды пір тұтатын шығар деп ойлаймын. Дәл осы Ишағаң сияқты энтузиаст адамдар ауылымызда бар ма? Сол Ишан, Қуат, Шери ағаларымыз бастаған өнерлі жастар атпен, будка тіркеген трактормен көрші ауылдарға барып, өнер көрсетуші едік қой. Барған ауылдарымыз ән-күйге қарқ болып, қуанысып қалатын. Тіпті, «кетпеңдер, тағы бір күн болыңдар», - деп

жалынатын. Ол кезде біздің Баян жастары берісі облыс, әрісі республикаға дейін белгілі болдық. Ал бүгінгі жастарымыздың жәй-күйі қалай? Сұрақтан сұрақ туа береді.

Жалпы біздің еліміз зерделі сөзге, ән-күйге құштар ауыл еді. Елуінші жылдары біздің ауылдың айтыскер ақындары облыс, республика көлеміне әйгілі бола білген. Самарқан Жұмадиев дүркін-дүркін облыста жүлделі орын алып, «облыстың халық ақыны» атағын алған. Ол кісінің шығарған өлеңдерін өршелене, өркендете айтатын арқалы әнші Қуат Анафин ағамыз қандай еді? Бәрі де біздің есімізде, бәрі де көз алдымызда. Өкінішке орай, сол кездегідей өнер дүмпілі қазіргі кезде біздің аулымыздан естілмейді. Ал заман қиын деп жалтаратын болсақ, ол кездегі тарыншылық заман бүгінгіге қарағанда нағыз зұлмат заман еді. Себеп басқада болса керек. Бүгінгі күні әркім өз күйін күйттеп, бақай есептеніп, дүниеқоңызданып, ұсақтанып кеткен сияқтымыз.

«Бұлақ көрсең көзін аш, пайдасы тиер халыққа» деген ұлағатты сөз бар. Дәл біздің ауылымызда түртіп жіберсең тесіп шығатын жастар бар шығар-ау. Бұған үлкен тәрбие, ұлағатты ұстаздар керек. Елдің бірлігі, тірлігі керек. Біздің көпті көрген ұлағатты ағаларымыз отырған жерлерінде бірін-бірі кекетіп-мұқатпай, түйреп-түрткілемей кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық уәлі сөздер айтып отырса, біздің бүгінгі

күні немере-шөбере сүйіп отырған аналарымыз, жеңгелеріміз, замандастарымыз тырнақ астынан кір іздеп, әлдекімнің түймедейін түйедей қылып сыпсың өсекке жол бермей, ұрпақтарын ірілікке, адамгершілікке тәрбиелесе – бұл болашақтың бастауы, құнарлы өмірдің арқауы болар еді.

Ал, келешек ұрпақты «соларға ұқсап, солардай болыңдар» деп игі істерін өнеге етіп тәрбиелейтін азаматтарымыз іште де, сыртта да баршылық. Осы елдің ішінде көпке пайдасы тиіп, елге ебін тигізіп жүрген Разиев Болат, Бекетұлы Тілеген, Еркалин Жанұзақ, Наурызбаев Аусәт сияқты жігіттеріміз, сыртта жүрген абырой-атақтары көпке таныс Бегалин Сүйіндік, Сағындық, Үмітбаев Манабай, Сүгірбаев Таңат, Ишанғалиұлы Қуандық, Әбілқайырұлы Әскер, Жетеев Өтеген, Тәжин Жангелді, Нұрпейісов Еркеш сияқты ел түлектері баршылық. Бұларға қызғанып емес, қуана қарап, ұрпақтарымызды солардай болуға баулысақ ел абыройы өсе берер еді.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде ата-анамен қатар мектептің де, мұғалімдердің де алар орны ерекше. Бұл жөнінде Сайран ағам айта жатар. Менің айтарым, мектеп ішінде өнеге аларлық жерлестердің, елге елеулі аға ұрпақтың игі істері жөнінен мағлұмат аларлық орын болуы керек. Кезінде өзімізді оқытқан, саяз санамызға білім нәрін сеуіп, арманның асқағына жол сілтеген ұстаздарымыз Оспанов Сағди, Тәжин

Сайран, Елеманов Нұржан, Мырзагельдина Зурә, Күнгенеева Бөшен, Ғаббасов Қабылқан, Зарипов Салықжан, Өскенбаев Иса, Сенкібаев Қари, Барқытов Сәркен, Есмағамбетов Шадат сияқты ұлағатты тәрбиешілерімізді ешқашанда ұмытпаймыз.

Ал қолынан іс келетін, абыройлы қызмет атқарып жүрген іштегі-сырттағы адамдарға айтарым: қолыңнан келсе жерлестеріңе, ауылдастарыңа көмектес. Баяғы совет заманындағы ұлтжандылықты ұлтшыл деп, ағайыншылықты арамдық деп қазақты қазаққа, туысты туысқа қарсы қоятын арамза саясаттың заманы өтті. Қолыңнан келсе, елдесіңді елеп, ауылдасыңды жебеп жіберсең бұл еліңе, жеріңе жасаған көмегің емес пе?

Ұлық боп күннің көзін жаба алмассың,
Бай болып жердің жүзін ала алмассың.
Дүниенің төрт бұрышын кезсең дағы
Ыстықты туған жердей таба алмассың! – дегенді есте ұста.

«Жеті атасын білген ер жеті жұрттың қамын жер» деген ұлағатты сөз өмірден алынған. Кешегі совет дәуірінде жеті ата түгіл, екі атамызды да ұмыттырып, мәңгіртіп жіберді ғой. Бүгінгі күні егеменді ел болдық, сондықтан есесі кеткен еліміздің, қабырғасы қайысқан қазағымыздың болашағы үшін бәрімізде күресуіміз керек. Ол үшін ең алдымен біздің халқымыз өзінің тілі, діні, әдет-ғұрып, салт-санасы бар,

кең пейілді, өресі биік, дана халық қалпына келуі керек. Өйткені, «Ақтабан шұбырынды» қырғын қысылтаяң күн-келсе, бетін аулақ қылсын деп айтамын, орысша шүлдірлеген қазақ емес қазақ ел намысын қорғай алмайды. Олай болса, қазақтың қазақшылығы, кең пейілділігі, даналығы, көрегендігі, кемеңгерлігі, имандылығы, ибалылығы біздің еліміз сияқты қаймағы бұзылмаған қазақ ауылынан басталса ғой деп ойлаймын.

Мен осы өз елімде 1962 жылдан 1971 жылға дейін бөлімше басқарушысы болып істедім. Бұл жылдары да өндірістегі көрсеткішім жаман болған жоқ. 1970ж. сегізінші бесжылдықтың қорытындысы бойынша егін шаруашылығынан облыста бірінші орын алдық. «Отделение высокой культуры земледелия» деген атақ беріліп, облыс басқару органдарының дипломымен марапатталдық. Егін өнімі бесжылдық орта көрсеткіш бойынша гектарынан 24 ц-ден болды. Үлкенмен де, кішімен де тіл табысып, қоян-қолтық жұмыс атқардық. Баласың деп басынбай, сөзімді далаға тастамай, жаманымды жасырып, жақсылығымды асырып құрметтеген көпшілікке, еліме әр уақытта ризамын. Бұл өз өмірімнің ең бір қызықты кездері екен-ау!

Ардақты ақ босағам, сұлу төрім,
Арқауы өмірімнің туған жерім.

Әрқашан бір өзіңмен астасады,
Қуаныш, толғанысым, қайғы-шерім.

Туғанда жайып тастап жазығыңды,
Нәр бердің ана сүті – азығымды.
Әлдилеп дөңдеріңнен домалатып,
Тыңдаттың үйлдеген назды үніңді.

Самалың желкілдетіп тұлымымды,
Сыйладың аямай бар шырыныңды.
Нұр шапақ анамның ақ пейілі болып
Мейрімге шомылдырдың құлыныңды.

Еркелеп қойныңа ендім орманыңның,
Солқылдақ сұлу талдан «жорға» міндім.
Басыңа шығып биік шынарыңның,
Алдағы жолын шолдым арманымның.

Сағымың желкілдетіп сезімімді,
Бітірді алға сүйреп төзімімді.
Алаңсыз аңғал-саңғал жүргенімде,
Қылтадан сұлу қыздың көзі күлді.

Сыр күттім лебізінен соқпа желдің,
Үстінде тұрғандай-ақ қырқа белдің.
Бой түзеп, жылтыратып шашты қайрып
Дүбілген бозбалалық шаққа келдім.

Ұнаттым айсыз қара түндеріңді,
Білмедім сонда өзімді кім дерімді.
Бөрідей қой торыған дөңгеленіп,
Аңдыдым қыздарыңды – Гүлдеріңді.

Қалдырдым мен өзіңде жастығымды,
Балалық бал шағымды-шаттығымды.
Жалғанда тірі жұмақ – жер ұйығым,
Өзіңсің, қаламаймын басқа ұғымды.

Мен үшін сенің күнің, айың басқа,
Көл-жыра, қырат-белің, сайың басқа.
Қалауы жүрегімнің бір өзіңсің,
Жүрегін берер ме ешкім айырбасқа?

Еске алам абзал ана, жеңгемді де,
Ақ сақал, қара сақал, өңгеңді де.
Аңсаймын теңдесі жоқ туған жерім,
Табанға сұғып алар шөңгеңді де.

Сақайдым, сараланып тоқырадым,
Ой құшып, бей-жәй шақта отырамын.
Дәм бітіп, сапар шексем мәңгілікке,
Бұйырсын бір өзіңнің топырағың.

Әрқашан өзім анда, жаным мында,
Сарп етіп бойға біткен бағымды да.

Қойныңа кеше ғана әкеп қойдым,
Қосылған қыздайынан жарымды да.

1971 жылдан бастап совхоз тарағанға дейін осы елді Құрманғали Сұраганов, Кеңес Ахметжанов басқарып, жемісті еңбек етті. Ал 1977 жылдың желтоқсан айында біздің еліміз «Баянауыл» кеншары болып жеке шаңырақ көтерді. Шаруашылықты іскер басшы, тура мінезді Тобыл Кенжетайұлы Тоқышев басқарған кезде мұнда көптеген құрылыс салынып, ел әжептәуір түрленіп қалып еді. Бірақ ол кеткеннен кейінгі жылдары еңбек көрсеткіштері біршама құлдырап, төмендеп сала берді.

Ал бүгінгі күн басқаша. Қазіргі ел тағдыры жаңа іскер жігіттердің қимылына, әркімнің өзінің жеке басының өмірге деген ұмтылысына байланысты. Жан-жағыңа жалтақтап, әлдекімдерге емексімей өз күшіңді сарп етіп, ерінбей еңбек етсең, үйіңді жанға, қораңды малға толтыратын заман осы.

Мен тарихтың талай сынынан өткен еңселі елімнің болашағы жарқын, мерейі үстем болатындығына сенемін.

Қайырбек Қамзаұлы,
Соғыс және еңбек ардагері

ЖИЫРМАСЫНШЫ ЖЫЛДАРЫ ТУҒАНДАР



1941 жылдың жазы. Атақты Баян ауылының керілген кең даласы. Ақбасты көлін айнала машинамен шөп шауып жүрген пішеншілер үзіліске тоқтай қалды. Бәрі де көңілді, әсіресе жастар, бірін-бірі әзіл-оспақпен қағытып, жүздері бал-бұл жайнайды. Жаз да тамылжып, көлдегі құстар неше түрлі әсем әнге басып сайрайды.

Көл жағасына қалың өскен көк шөпке шалқасынан жата кеткен пішеншілердің кейбірі мызғып та кетсе керек. Солардың бірі – Құсайынов Қаппас айғайлай оянды.

- Әй, не болды саған, тапа-тал түсте албасты басты ма сені, - деп жұрт ду күлісті.

Бір-екі минуттай мең-зең болып отырған Қаппас:

- Апыра-ай, жігіттер, сатыр-сұтыр атылған мылтық дауысынан шошып ояндым, тегі соғыс басталып кетті-ау деймін, - дегенде пішеншілер:

-Қой әрі, қайдағы сұмдықты айтпа, құдай түсінде аян беретін сен пайғамбар ма едің, сонша?! – деп ұнатпай қалысты.

Кешке қарай ауылдан келген шабарман суық хабарды жеткізді. Бұл – 22 маусым еді.

Келесі аптада біраз азаматтар ел қорғауға аттанды. Ел қатты күйзелді. Жылап-сықтап, кеткен жігіттердің кәрі ата-аналары, сүйген жарлары, шиеттей жас балалары қалды. Бірақ олардың көпшілігі біраз уақыттан кейін естерін жиып, белдерін буып, әсіресе әйелдер жағы, еңбекке кірісе бастады. Кейін бар ауыртпалық соларға түсті.

Колхозымызда, 1938 жылы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысып, сыйлыққа алған жалғыз 1,5 тонналық жүк машинасы бар еді. Оның жүргізушісі Рамазанов Қайыржан әрі көрікті, әрі қашан да жүзі жайнап, күліп жүретін, колхоздың жүгін де, адамдарын да күн сайын Петухово станциясына тасымалдаудан бір жалықпайтын, елдің сүйікті жігіті еді.

Сол Қайыржан соғыстың екінші күні-ақ аудандық әскери комиссариатқа шақырылып, әлгі машинасымен майданға аттандырылды.

1-2 айдан кейін біздің ауылға алғашқы қайғылы хабар – қара қағаз – сол Қайыржан Рамазановтың майданда ерлікпен қаза тапқаны туралы келді. Бүкіл ел қатты қайғырып, жыласты. Ал оның сүйген жары Рахима Ыбырайқызы бұл қаралы хабарды естігенде есінен танып, беті ауған жаққа кетіп, жұрт одан көз жазып қалған. Бүкіл ел болып үш күн іздеп, Маса көлінің жағасындағы бір құдықтан тауып алған.

Құдық суы жазда да суық болатыны белгілі, бірақ әйтеуір, суы терең болмаса керек. Рахима тірі екен. Әйтсе де, оның қатарға қосылары белгісіз еді. Жас адам ғой, құдай қолдап, халықтың емі, туғандарының күтімі арқасында қатарға қосылды, балаларын өсіріп, ер жеткізді, олардың қызығын көріп, жетпісінші жылдары көз жұмды. Үлкен ұлы Сәбит Қайыржанұлы Рамазанов көп жылдар Сергеев аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болды, қазір басқа қызметте.

Ол кезде менің 16 жасқа қараған кезім. Бір күні колхоз төрағасы Қажымұрат Үмітбаев пен ауылдық Кеңес төрағасы Қажахмет Еркалин шақырып алып:

- Қайырбек, сен осы аздап өлең жазасың ғой. Мына Қайыржанның қайғысына өлең жаза аласың ба? – деді. Мен жазуға уәде бердім. Сөйтіп Қайыржан қазасына өлең арнадым. Ол өлеңім кезінде елге тарап айтылып жүрсе де, менің жадымда толық сақталмапты. Тек:

Жарқын жүзі жайнаған,
Жігері оттай лаулаған
Жігіттің гүлі еді ғой,
Ердің ері Қайыржан, - деп басталатын еді де,-
Мұны жазған Қайырбек,
Ерге ескерткіш болсын деп,
Қайғырма, бекін, туыстар,
Алынады жаудан ертең кек!-деп аяқталғаны есімде.

Жаудан кек алынды. Жеңіске де жеттік қой! Бірақ қанша азаматтар, боздақтар майданнан оралмады?! Сол Қайыржанның Нұрғали, Жұма деген екі бірдей ағасы да қан майданда Отан үшін қаза тапты. (Жұманың бір баласы азамат болды). Тек Рәшит Рамазанов деген олардың інісі ғана ұзақ жылдар аудандық ішкі істер бөлімдерінде офицер болып қызмет істеп, сексенінші жылдарда қайтыс болды. Сол жылы күзде Қожанов Кәкімнің қаза тапқаны туралы қаралы хабар келді.

1942 жылдың бас кезінде жиырмасыншы жылдары туғандар, үйленіп те үлгермеген, тіпті 16-19-дағы жастар майданға аттана бастады. Олардың көбі майданнан оралмады. Солардың ішінде менің бірге оқыған жолдастарым, құрбы-құрдастарым: Жоламанов Қайыржан, Сағдиев Қали, Қожахметов Әмен, Таутаев Серікпай, Көпжасаров Қапез, Ілиясов Күлімжан, Бопасов Еркін т.б. бар.

1942 жылдың орта кезінде мен армияға аттанар алдында нағашым Бектасов Жұмабектің майданда қаза тапқаны туралы қара қағаз келді. Оның інісі Арын да майданнан оралмады.

1947 жылы елге демалысқа келгенде елдің көптеген азаматтарының майданнан оралмағанын естіп, қатты қайғырдым. Әкем екеуміз олардың үйлеріне барып, көңіл айтып, аят оқып, қайғыларын бөлістік.

Менің нағашым Еркемырзаұлы Тәжібайдың екі бірдей ұлы – Сейпетден және Дәкіш майданнан оралмады. Өлгенін көрмеген, қолынан қабірлеріне топырақ салмаған нағашым Тәжекең сол балаларын өзі өле-өлгенше өлімге қимады, өлгеніне сенбеді. «Олар тірі, келеді», - деп сенумен, тосумен, сағынумен, жылаумен көзін жұмды.

* * *

1942 жылы армия қатарына аттанған мен кеңес-жапон шекарасынан, Амур өзенінің жағасындағы Ермаково шекара заставасынан бір-ақ шықтым. Сақылдаған сары аязда шекара күзету оңай шаруа емес екен. Сондай суықта бүгін түнде оң қанаттағы Смирново заставасы шегіне 30 км. жүрсек, ертеңгі түнде сол қанаттағы Кузнецово заставасы шегіне барып, 20 км. жүріп келеміз. (Дозор). Тау басындағы бақылау нүктесінде (НП) отырып, өзеннің ар жағындағы қарсыластарымыздың іс қимылын, ол

жақтан біздің жерімізге өтіп, шекара тыныштығын бұзбауын қадағалау да оңай емес.

Жапонияның кемесі Амурмен келе жатқанда 2-3 шекарашы тау ішіндегі жалғыз аяқ жолмен сол кемеден қалмай жүгіре отырып, келесі застава жерінің шетіне дейін шығарып саламыз. Өйтпесе олар көбіне түн қараңғысын пайдаланып, біздің жерге өз шолушыларын түсіріп кетеді. Мұндайда жанында үйретілген ит болмаса олардан көз жазып қалуымыз әбден мүмкін.

1945 жылдың 8 тамыз күні түнде біз жасырын арғы жағалауға өтіп, жау заставаларына лап қойдық. Олардың заставалары алынғаннан кейін қашқан бөлімшелердің соңына түсіп, тау кезіп, оларды ұстап, тұтқындадық. Сөйтіп жау шекарасын ашып, Қызыл Армия бөлімдерінің бөгетсіз ілгерілеуіне мүмкіндік жасадық.

Жаудың заставасына оқ жаудырып, гранаталарды лақтырып, бірінші болып кіргенім үшін және таудағы қашқын офицерлерді ұстап, тұтқындауда көрсеткен батыл іс-қимылдарым үшін мен «Ерлігі үшін» медалімен наградталдым.

Одан кейін біз Жапонияның Амурмен келе жатқан кемесін тұтқынға алып, Манчжурияның Мохэ, Сахалян деген қалаларына барып, тұтқындалған жау әскерлерін, кейінірек тұтқынға берілген Квантун армиясының әскерлерін кемеге қабылдап, баржа-

ларымызға қамап, күзетпен Благовещенка қаласына тасымалдап, Қызыл Армия бөлімдеріне тапсырып отырдық.

3 қыркүйекте соғыс та бітті. Мен өз заставама қайтып келіп, шекарашылық қызметімді жалғастырдым. Алдымен бөлімше командирі, кейінірек застава бастығының саяси оқу жөніндегі көмекшісі қызметін атқардым. Ал 1949-1950 жылдары Магдагачи станциясында шекара базасының бастығы болдым.

1950 жылдың 12 сәуірінде Армия қатарынан босанып, 2 мамыр күні Алматы қаласына келдім.

Мен 1940 жылы Майбалық орта мектебінің 8 класында оқып жүргенде оқу үшін төлейтін ақшам болмағандықтан оқудан шығып қалған едім. Содан Армияға аттанғанша «Баян» колхозында ас тасушы, бригада есепшісі, жылқышы болдым. Алматыға келгесін өзімнің 8 жыл бойы шекарада жүріп, өмірден кеш қалғанымды түсіндім. Сол жылы жұмыс істей жүріп, №24 кешкі орта мектепті бітіріп, аттестат алдым. 1951 жылдың қаңтарында күнделік дәптеріме бұл жылы өз алдыма үш негізгі мақсаттар қойғанымды жаздым: 1. ҚазГУ-дің философия факультетіне оқуға түсу; 2. Қаладан пәтер алу; 3. Қалыңдық тауып, үйлену.

Түсем деген оқуға түстім, пәтерді де (жайлы болмаса да) алдым. Жыл аяқталуға жақын қалды. Қаладан қалыңдық таба алмадым. Мен өзім Слан деген

туған шешемнен ауызданбай жетім қалған бала екенмін. Екінші шешем Мырзақия 1934 жылы қайтыс болды.

1 желтоқсан күні Баянда өзіммен 8 жыл бойы бірге оқыған Ишанғали Қасымұлы деген досымның келіншегі босанып, мені үйіне қуанышына шақырды.

Сол үйде мектептің пионер жетекшісі Әбілмәжінова Бәткен деген қызбен таныстым. 8 желтоқсанда елдің, құрбы-құрдастарымның көмегімен той жасап, үйлендік. Сонымен 3 мақсатым да орындалды. Ертеңіне Бәткен екеуміз Алматыға жүріп кеттік.

Балаларым үйленіп, немерелер, шөберелер сүйіп отырмын.

1956 жылы ҚазМУ-ді бітіргеннен кейін семья жағдайына байланысты Қызылжарға көшіп келдік. Көп жылдар бойы қалалық, облыстық партия комитеттерінде лектор болып, облыстық «Білім» қоғамында жауапты хатшы қызметін атқардым.

Соңғы ширек ғасыр бойы Батыс Сібірде, Оралда, Орта Азия мен Қазақстанда мұнай, газ құбырларын электрлендіру-монтаждау басқармасы бастығының орынбасары болып жұмыс жүргіздім. Көп жылғы еңбегім үшін «Отан соғысы» ордені мен 14 медаль алдым.

Ожан ҚАЛИ,
жазушы

БАЯНДЫ ЕСКЕ АЛҒАНДА



Сонымен Петропавл педучилищесін аяқтасымен арнайы жолдамамен сол кезде Преснов ауданына қарайтын Баян орта мектебіне аттандық. Бұған дейін атағы аспандап тұрған Баянды естігенім болмаса көргенім жоқ. «Маса» көлінің адыр қыратына ақшаңқай үйлер жайыла орналасқан «Баян» колхозы төрт көшеден тұрады екен. Бәрінің аты бар. Мықтыбай, Шағырай, Балта және Татар деген түрлі ұлттан тұратын көшелер кәдімгі қаладағыдай түптүзу салтанатымен көз тартады. Баянда Үмітбаев Қажымұрат басқарма болғанда «миллионер» атанып Тұралин Сексенбайға ауысқан кезең екен. Төрт көшенің қиылысқан қақ ортасында бір кезде Майбалық ауылынан көшіріліп әкелген мектеп, колхоз конторы және дүкен орналасыпты. Мектеп екі корпустан және интернат жатақханасынан тұрады. Август конференциясы өтіп, мұғалімдерді кластарға тағайындап

жатқанда жетіппін. Маңдайы кере-қарыс, ашаң өңді мектеп директоры Ахатов Садық пен қызыл шырайлы, ойлы жүзді Оспанов Сағди жылы қарсы алды. Құжатымды өткізіп тіркегеннен кейін: Иманов Хакім жетекшілік ететін бастауыштың төртінші сыныбын аласың. Ол кісі мына отырған адам, деді. Имановты атағынан сырттай таныспын. Республикадағы оқуағарту ісінің үздігі, сол кездегі Ленин орденді жалғыз қазақ. Төрде мығым отырған, шашын ұстарамен алдырған тақыр шашты дембелше келген келбетті адам маған көзілдірігінің үстінен сынай қарап қойды. Көзқарасы қатаңдықты байқатты.

Ертеңінде-ақ оқуға кірісіп кеттік. Төртінші сыныпта 32 бала бар. Бұл Баянда балалар санының асып-тасып жатқанын аңғартты. Екі жыл қысқа курсты аяқтап келген жап-жас маған нар тарта алмас жүктей болып көрінді. Таныса келгенде соның үштен бірі татар мен неміс балалары болып шықты. Олар кештете оқуға түскен бе, бойлары сидиған маған тетелестері де бар. Есімде қалғанын айта кетейін. Ағалы-қарындас Егоф Эрнст-Анна, Гейлер Мина, Лампель Эмма, Нина, Катя, Оля, Рауф тағы басқалары. Бәрі де қазақша сайрап тұр. Сөйлеп кетсе, алды орайтындары да табылды.

Мен табиғатымнан солақай едім. Мән бермей кемдігімді тап осы арада тас төбеден ұрғандай түсіндім. Алайда, бормен тақтаға оңқай жазатыным

мені сақтап қалды. Қысыла-қымтырыла жүре қаламды оңқай ұстап, тәлтірек қимылмен оқушыларға білдірмей жүріп, әйтеуір алты ай дегенде өзіме-өзім келейін дедім. Осылай оңқай жазуды оқушылар үйретті. Сөйтіп екі қолмен алма-кезек жазуды тәжірибеде көрсетіп, балалар алдында аяқ астынан шалажансар беделге де ие болып қалдым. «Диірменшіге ұн жұқпайды» деген рас-ау, бір жылда осы кластан екі бала, екі қыз екі қолмен жазуды үйреніп шыға келді.

Иманов Хакім көрші аудиторияда, бірінші класты оқытудың «құдайы». Жүген құрық тимегендерді оқытуда өзіндік әдістемелері бар оқыту жүйесін халықтық педагогикамен байланыстырудың нағыз майталманы десе де болады. Сол елуінші жылдардың өзінде сол маңнан оның алдынан мыңға тарта бала хат танып шыққан көрінеді. Ақсақал ұстаз сөйлеп кетсе әңгімесі терең, арғы-бергіні алдыңа сүбелісін жүйелеп, жіліктеп шағып шертеді. Біз жас мұғалімдер Қари Сеңкібаев, Мағел Басыбаев, Ишан Қасымов, Әсет Ыбыраев, Жасұлан Рсаев, Сайран Тажин, Жұмағайыр Абдрахманов, Нұржан Еламанов, тағы басқалары тыңдай білсек одан аңғарып алатынымыз аз болмады. Бір ғажабы, барлығымыз да сидиған сүрбойдақтармыз. Алдарында тәлім алатын қыздардың көпшілігі кәмелетке аяқ басқандар.

Жастың аты қай күнде де жас қой! Колхозда жас-

тар жиналатын клуб деген жоқ. Әлгі сойдиған сүрбойдақтар кей-кейде жиналып, мектеп жанындағы дүкенге іңірлете барамыз. Дүкенші Бәри бұған үйреніп алған. Біздерді кәдуілгі құдасы келгендей жалпылдап қарсы алады. Кіргеннен кейін ілмешегін салады, сықсима май шамдарды жағады. Алға көк шөлмектерді тартады. Бөлке нан турайды. Әрқайсымызға тұздаған балықтың құйрық жағын ұстатады. Ал, кәне, қырлы стақандармен тарт. Бәридің бұл жағынан тәжірибесі мол екенін байқатады. «Тек дауыс шығармай қылғытыңдар, үндемей сылқылдатсаңдар көп іс тындырасыңдар», - деп қояды. Дүкеннен түн жарымы асқанда тәлтіректей шығып, үйге әзер жетіп құлаймыз.

Ай соңында Бәри мектеп есепшісі Ишанның жанына отырып алады да, ай бойғы қарызды бір тиынына дейін есептеп алады да, кетерінде: «Тағы келіңдер, енді көк мойынды қызыл уылдырықпен татасыңдар, кеше тек сіздер үшін жеткіздім», - дейді. Бәри дүкеншінің жұмысы тыңғылықты жүруіне сүрбойдақтардың көмегі осылай тиетін. Осы бір шалдуар, шәлкес шақтар да уақыт өтіп алыстаған сайын өз алдына жұмбағы мол қызық болып көрінеді.

Қарт саналатын тағы бір неміс тілінен дәріс беретін Лариса Петровна деген кейуана бар. Бұл атақты троцкийшіл Каменевтің келіні екен. Оны өзі айтпайды. Үш айда бір рет тексеріп отыратын үндеместің

ісінен білдік. Ленинград тәрбиесінен шыққан, аса мәдениетті, кеңпейіл, байсалды ақылман адам еді жарықтық. Мектеп түбіндегі екі бөлмелі үйде, Семейден институт бітіріп келген Алевтина Петровна деген сұлумен бірге тұрады. Екі жақтан келіп, Баянда табысқан сіңлім дейтін оны. Көпті көрген данагөй Лариса Петровна асқан психолог, жоғарыдағы сүрбойдақтардың сырын үйде жатып білетін әккі еді. Неден не шығатынын күні бұрын аңғарып, ол «сақ жүрсеңдер, тоқ жүресіңдер» деп алдын ала ескертіп қоятын. Сонда Жұмағайыр: «Оқушы қыздармен сақ болыңдар дейсіз, жаныңдағы Алевтинаға жолатпайсыз, сонда біз не істемекпіз, соның тәсілін айтыңызшы?» - деп қалжыңдайды. Бұған оның жауабы дайын. Қыздар оныншы класты бітірісімен жоғары оқу орнына алып кетіңдер. Сонда құда да, құдағи да тыныш болады. Осы ақыл оларға дөп келді. Оқу бітірісімен Қари-Шәруге, Ишан-Үмітке, Мағел-Көкенге, Әсет-Алмаға, Жұмағайыр-Зураға үйленіп, жаңа отау көтеріп шыға келді. Арада бір жыл өткен соң Ишан үйінде Қуандықтың шілдеханасы болды. Қазіргі Қайырбек Хамзин ақсақал Бәткенмен сол шілдеханада танысып, ертеңінде Алматыға алып кеткенін Баяндықтар бір-ақ естіді.

Өтіп жатқан жылдар-ай десейші, қазір осылардан туған балалар ата дәрежесіне жетіп, төртінші ұрпаққа қарай жол тартты.

Қанша айтқанмен үлкен мәдениет орталығынан суарылып шыққан ғой, осы Лариса Петровнадан көп игі істер жастарға жұғысты болды. Айдауда жүргеніне қарамастан өзін өр ұстайтын. Балаларға ешуақытта екілік баға қойған емес. Сол бір соғыстан кейінгі ауыр жылдары балалар кем-кеттікке түсіністікпен қарайтын. Киімі жоқ жүдеубастарды маңдайынан сипап, «жақсы оқы, жақсы оқысаң жоқтық сенен қашатын болады», деп желеп-жебей түсетін.

Осыларды ести-көре жүре өз класыма қараймын. Отыз екі баланың ішінде ала-құлалары толып жатыр. Ата-ананың қамқорлығына малына бөленгендер де бар. Жұқалығынан күн көрінетін одан басым. Жөні келгенде соның бір екеуіне тоқтала кетейін. Бакенова Роза болу керек, ағалы-қарындасты екі жетім оқыды. Сол кезде Роза атты қыз Баянда біреу-ақ болды. Екеуінде де күтім жоқ, кейде қарындасы оқуға келмей де қалады. Мәнісін барып білуге тура келді. Шағырай көшесінде тұратын Әбілғазы ақсақалдың інісінің балалары болып шықты. Ошақбасы үшінші әйелі екен, отағасыдан әлдеқайда кіші. Ал інісі Бәкен Ұлы Отан соғысында қаза тапты. Шиеттей шырылдап қалған екі баласын атасы қолына алған. Үй ішіндегі польский ақ кереует пен Баян ауылындағы сайраған жалғыз патефон сандық солардан шашылып қолды болған дүниеліктер екен. Бір кездерде сол солқылдақ ақ кереуеттің үстінде аққудың уілдірігіндей

болып ақ мамыққа оранып, сонау екі бала жатқан ғой. Енді онда керіле созылып жас тоқал жатады да, балалар ауыз үйдегі бұзау қасында түнейді. Қатты айтуға бізде шама бар ма, ешқандай құқымыз жоқ. Әбікеңнің есіне жайлап осыларды салдым. «Уһ, қайтейін, қай мұңымды айтайын, - деп таусыла күрсінді. Мұны осы ауылда бірінші болып сен айтып тұрсың, балам, рахмет. Мұны енді бір жайына келтірмесем, дүниеден Әбілғазы болмай өтейін», - деді. Содан былай қарт уәдесін епте болса да орындайын деді. Көздері ашылысымен жетімдіктің жұтқыншағына түскен міскіндердің былайғы күндері қалай болды екен, арманда кеткен сонау Бәкеңнің ұрпағын әрі қарай жалғастыра алды ма екен деген аянышты ойлар оралады кей-кейде.

Мықтыбай көшесіндегі Ердәулеттің жеті баласы жеті класта оқыды. Соның бірі – Қабдол дегені менің алдымда төртінші сыныпта. Бала үлгерімі жақсы, алайда сабаққа кешіге келеді. Мәнісін көп ұзамай білдім. Алдыңғы төртеуі бірінші сменада, қалған үшеуі олардың келуін күтіп, киімдерін ауыстырып киіп жеткенше қоңырау қағылып кетеді екен. Ол кездің әдістемесінде ата-анамен араласу деген бар; Ердәулет табалдырығын аттауға тура келді. Төрт-бұрышты жайпақ керте үй, жартысын жалпиған пеш алып жатыр. Анау дөңгелек үстелде балалар сықсима шаммен сабаққа дайындалады, - деді Ердәулет.

Құдайға шүкір, көйлектері көк болмаса да тамақтары тоқ. Үй жылы. Әке-шешесі қасында. Бұлардан артық оларға не керек» деп тәубәшылықты тартады алға.

Май айының түнінде сол үйден өрт шықты. Өртті сөндіруге Мықтыбай көшесі ғана емес, бүкіл Баян жабылды. Сырттағы томардан қатар тұрып су тасымалдап, соңғысы суды өртке бүркіп қалғанда өрт одан сайын лаулайды. Ал Ердәулет болса адамдар арасынан балаларын іздеп әлек. Бәрін бір жерге жинап, түгендеп жатыр. Бұған күйінгені ме, Ердәулет жиналған нәрселерді отқа қайтадан лақтырады. «Құдай оңдағанда балаларым аман екен деп қуанады. Ердәулет аман болса мұндай жеркепені бір-ақ күнде ертең-ақ тұрғызады». Айтқаны тура келді. Маса көлінің көлбеу бетіндегі құйқасынан шым ойып, бұрынғысынан кеңдеу етіп, бүкіл ауыл жабылып жаппа үй салды да берді. Бірі жастық-көрпе, бірі көйлек-көншек дегендей Ердәулет үйін жарылғады да тастады. Қатын-баласының ортасында шірене отырған Ердәулет «Ел іші алтын бесік деген осы. Енді мені жарлы деп айтатын кісі де табыла қоймас», - деп күпсіне түседі.

Жоғын жоқтамай, барын базар ғып өткізген осы тәубашылдықтың өркендеп өзек жарғанын кейінде көрдім.

Алматының сылдырап аққан бұлағы бар, саялы көшесінде келе жатсам, әдемі киінген екі жігіт жолыға

кетті. Біреуі мені танып, «ассалаумағалайкүм» деп сәлем де берді. Алматы төрінде бұлай қазақшалаған кім екен деймін, жауабын кідірместен өзі айтты. "Мен баяғы Ердәулеттің баласы Қарабимін. Мына жігіт жолдасым. Қазақстан Орталық партия комитетінде істейміз" - деді. Шәкірттің мұндай шырқау биікке көтерілгеніне қуанып қалдым. «Жас өспей ме, жарлы байымай ма», деген осы екен-ау!

Сонау елуінші жылдардың екі жылында алдымнан қанаттанып алпыс бала аттаныпты. Солардың көпшілігі Одақ кезінде жетіліп, шыныға ширай партия, совет органдарында көрнекті қызмет жасады. Кәсіпорын, шаруашылықтарды басқарды. Атап айтар болсақ: Өтеев Сайлау бас агроном, кеңшар директоры, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына дейін көтерілді. Жетеев Тілеген кеңшар партком хатшысы, кеңшар директоры, шаруа қожалығының бастығы, журналист, жазушылықты меңгерді. Есмақанов Баймұрат – Тың өлкелік газетте журналист, бөлім меңгерушісі, КГБ қызметкері, жарқын жүзді жігіт ағасы болып өсіп еді. Жуырда дүние салды. Топырағы торқа, жатқан жері жайлы болсын! Шарипов Әскер – теміржолшы-инженер. Егоф Эрнст - айтулы бесаспап механизатор. Балтабаев Қ. - ауыл-шаруашылығы маманы. Айта берсе тізім жалғаса береді. Қыз балалардың көпшілігі мұғалім болып, ұстаздық жолды қуды. Мектеп меңгерушісі, директоры болғандары бар.

Баян – менің 1948 жылдың тамыз айында мұғалімдік қызметті бастаған жерім. Баян – менің «мастығым» һәм достығым! Мұның ішінде жігіттік деген желікпелеу кезеңде алшаңдап жүріп өткізген қызығы да «шыжығы» да мол дүниелер бар. Оның ішінде қолға қалам алып облыстық үн қағазға алғашқы әңгімелер ұсынған да осы жер болатын. Баян дегенде айтар сөз, аңызға бергісіз әңгімелер жетерлік. Таңат ініміз Баян туралы қысқа естелік жазып берсеңіз деген соң жазып едім, енді аяқтайын.

АТА-АНАМДЫ ЕСКЕ АЛҒАНДА

Білмеймін мен әкемнің түр-түсін де,
Жүрісін, қоңыр назды күлкісін де.
Сақталған жалғыз ғана жансыз бейнең,
Көңілге медет болды бұл күндерде.



Біздің әкеміз Ыбырай Тұралыұлы 1898 жылы дүниеге келіп, бар өмірі қиыншылықпен өткен адам. Азамат соғысы, одан Совет өкіметін орнатуға белсене араласқан, ашаршылықты басынан өткізген. 44 жасында 1942 жылдың 15 наурызында майданға аттанып, 494 атқыштар полкында соғысқа қатынасқан. Сол сұрапыл соғыста 1942 жылдың 2 тамызында жаудың қоршауына түсіп, Гамбург қаласында концлагерьде болады. Тек 1945 жылы 3 мамырда Совет жауынгерлері азат еткеннен кейін елге оралады. Күйзеліп

қалған ел шаруашылығын көтеруге араласады. Бірақ елде аман-есен жау қолынан оралған майдангерді құшақ жайып қарсы ала қоймайды. Әкемнің әрбір сөзінен, ісінен, тырнақ астынан кір іздеушілер табыла бастайды. 1950 жылы солардың көрсетуімен оны түн ішінде қара көлікпен алып кетіп, темір тордың аржағынан бірақ шығарады. Соғыс азабынан пәршеленген жүрек осындай қорлыққа шыдай алмайды, Ақтөбе қаласының түрмесінде қайтыс болады да сонда жерленеді.

Әкемді білетін ел адамдары оны өте ілтифатпен еске алатын, көшеде мені тоқтатып, көрген сайын «кім баласысың?» деп сұрайтын. Мен «Ыбырай баласымын» десем, «ой, шіркін-ай» деп бір күрсініп алатын. Үмітбаев Қажымұраттың шешесі Балбөпе әжей, Жағыпар, Рыспай аталар, Тортбаева Рабиға әжей, тағы басқалары «әкең өте жақсы, шебер адам болған» дейтін еді. Мен оған сенемін, өйткені әкемнің қолынан жасалған көп заттарды өз көзіммен көрдім: тіккен етік, туфлилерін, басқа да үй бұйымдарын. Әкемнің қарындасы Рабиға да сондай шебер еді. Одан туған жалғыз ұлы Шери де он саусағынан өнері тамған, суретші, арнаулы оқу орнын бітірген. Анамыз Айбөпе Рабиға апамыздың атын атамаған, тек қана «қыз» деп айтатын. Бірде үйге жаңа құдалар келіп жайғасқаннан кейін шешем немерелеріне «қызды шақырып келіңдер» десе керек. Әлгі құдалар «қыз-

ды» тосып отырса, бөлмеге 80-дегі кемпір кіріп келеді де шешеміз оны «қыз» деп таныстырады. Құдалар қыран-топан күліп, бір мәз-мәйрам болып қалады. Иә, бұл сол кездегі адамдардың бір-біріне деген сый-құрметі еді.

Анамыз Айбөпе Иманқұлқызы өте қайратты, қайсар адам болатын. Кеңес аулының тумасы, 1912 жылы дүниеге келген. Төрт ағасы Ұлы Отан соғысынан оралмаған. Өзінің жан жары Сейпіл Шаймерденұлы да сол соғыста қаза болып, екі баламен – сегіз жасар Балкен мен алты жасар ұлы Садақпен қалады. Соғыстан кейін біздің әкеміз Ыбырай жалғыз қызы Рахимамен менің шешеммен қосылып бір жанұя болады. Рахима анамыздан екі ұл туған: Сәбит Рамазанов көп жылдар Сергеев қаласында аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып абыройлы қызмет атқарды. Бүгінгі күні зейнеткер жасына жетсе де аудандық білім бөлімінде кәсіподақ ұйымын басқаруда. Екінші ұлы Қуаныш Қызылжар қаласында колледжде ұстаздық етіп келеді.

1947 жылы апам Бәтима дүниеге келеді, мен 1950 жылы 1 мамырда туған екенмін. Төрт баламен 39 жасында жесір қалған анамыз жұмысқа кеткенде бір жастағы мені апам Балкен балқаймақ қайнатып бағып өсірген еді. Анамыз бар күш-жігерін бізді қатарымыздан кем қылмауға жұмсады, оқытты, еңбек сүюге

тәрбиеледі, жоғары білім алғызды. Ерлермен бірге біздің болашағымыз үшін қар жастанып, мұз кешті, күні-түні колхоздың жұмысынан қол үзбеді. Күндіз қырман басында, түнде сиырды арбаға жегіп шөп, сабан тасыды, жер жыртты. Шешем сол кездегі шаршау дегенді білмей тек күні-түні еңбекпен жүрген кездерін еске алғанда немересі Жамбыл «әже, мынау нағыз ертегі ғой» дегені бар. Иә, анамыз нағыз сол ертегідегі қайсарлы да қайратты нағыз қазақ әйелдерінің бірі десек қателеспейміз. Еңбектен тек ағам Садақ үйленіп, немерелері болғанда ғана қол үзді. Анамыз 8 немере сүйіп жаңа ғана көрген қиындықтары ұмытыла бастағанда 42 жасында ағамыз Садақ қайтыс болды. Анамыздың сол күндердегі келбеті есіме түскенде көкірегімді ауыр мұң басады.

Бүгінгі күні сол қара шаңырақтың түтінін сөндірмей жеңгеміз Күләш Ахметжанқызы ұл-қыздарымен ел қатарлы от басы болып отыр. Ал апам Бәтима бар өмірін денсаулық сақтау саласына сарп еткен жандардың бірі. Бұл күндері зейнеткер жасына жетіп, құрметті демалыста. Жұбайы Айтмұқан екеуінің Азамат, Самат атты ұлдары бар, жоғары білімді. Қызылжар қаласында тұрады. Өзім Баян орта мектебін бітіргеннен кейін Қарағанды кооперативтік институтына түсіп, экономист мамандығын алдым. 25 жылдан астам Сергеев аудандық тұтынушылар одағында жоспарлау бөлімін басқардым, қазір

облыстық балалар ауруханасында бас экономист қызметін атқарып жүрмін.

Жолдасым Мұрат Жантілеуовпен бір ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірдік. Қарлығаш банк қызметкері, Ернар облыстық прокуратурада істейді.

"Ауылым – алтын бесігім" деп халық бекерге айтпаған. Елге барғанда ата-анамызды білетін ел адамдарымен кездесіп, ата-анамды көргендей сезіммен ораламын.

Әсіресе Қапен ағайдың жолдасы Жәмилә апайдың "Самсонжан" деп бетімнен сүйетіні маған өте ыстық сезім қалдырады. Өйткені шешем маған жүкті болып жүргенде бақсыға көрінеді. Бақсы ұл туады деп жорамал айтады. Әкем қуанып (өйткені ұл бала болмаған) ұл туса атын майдангер жолдасының құрметіне "Самсон" деп қоймақшы болып ұйғарым жасайды. Өкінішке орай мен қыз болып туып, ұмсынып қалдық деп Ұмсындық қояды.

Менің ендігі тілегім, сол ата-анамды көрген ел адамдары ұзақ жасап, аман-сау жүрсе екен, олар барда менің де ата-анам бар деп есептеймін.

ОЛАР ҰМЫТЫЛМАУҒА ТИІС

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында бүкіл кең-байтақ Кеңес елінің жер-жерін жайлаған індет тәрізді "қызыл қырғын-репрессия" менің де туыстарымды айналып өтпегенін, орны толмас өкініштпен еске аламын.

Ұлы ақын-жазушыларымыз, қоғам қайраткерлері, қазақтың біртуар азаматтарынан басқа өзіміздің ауылымыздың арыстары да, қарапайым ел ағалары да қыршынынан қиылды емес пе?! Біреудің ағасы, біреудің маңдайына басқан ұлы, біреудің жары, біреудің әкесі жалған жаламен атылды, немесе айдауда көз жұмды. Қазіргі таңда қабірлерінің қайда екенін білмей, әлі күнге тәу етер зиратын таба алмай зар жылап жүрген адамдар бар. Сол жандардың бірі менің анам Кәмеш Байқасқызы мен Иманбай атамның жиені Жақия Уақпаевтың қыздары - Әспет, Зура, Зара.

Алпыс жылдан астам уақыт өткенмен, биылғы жылы анамның өмір бойы іздеген, күткен үлкен ағасы Фазыл Байқасұлының қандай жағдайда айдалып, қандай жаламен еңбекпен түзеу лагеріне жіберілгені туралы деректердің беті ашылып, шындық туы желбіреді.

Шынын айтқанда, анам екеуміз мемлекеттік қауіпсіздік комитеті орналасқан сұр түсті ғимараттың есігін үлкен үмітпен және белгісіз бір қорқыныш сезіммен аштық. Иә, сол кездегі "қырағы" қауіпсіздік комитетінің жалғасы, қазіргі комитеттің де міндеті елді ішкі және сыртқы жаулардан қорғау емес пе?! Қай ел болмасын лаңкестермен, наркомандармен, шпиондармен күреседі, елдің саясаты мен экономикасына зиян келтірмеу үшін жанталасады. Ал сол кезде кез келген адамға сенімсіздікпен қарап, кез келген адамды "жапон шпионы" етіп көрсету белең алғаны соншалық, сауатсыз шаруаны, өзінің ауылының төңірегінен шықпаған, әліпті таяқ деп, бірді бірге қоса білмеген кісіні "контрреволюционер" етіп көрсету адам таңғаларлық жағдай. Алла тағала кейінгі ұрпақты сондай зобалаңнан сақтай көрсін.

Шешемнің тоғыз жасар кезі екен... Атам Байқас, әжем Бәди, үлкен ұлы Фазыл, келіні Дәріш, немересі бір жасар Ләззат, кіші ұлдары Жағыпар, Құдайберген, Қалинұр, Қамза – бәрі Преснов ауданы Баян ауылында тату-тәтті өмір сүріп жатқан. Ағасы Фазыл денелі, ашаң жүзді, аңқылдаған ақжарқын, еті тірі, өзі әнші, домбырашы азамат еді. Отбасының бас көтерер, арқа сүйер қамқоршысы - ол колхоздың есепшісі қызметін атқаратын. Бір күні басқарма екеуі жүз шәйісіп қалады. «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» демекші өркөкірек басшы алты кісіні куә

қылып, біреуге арыз жаздырған. Көп жылдар өтсе де анамның көз алдында – түсі суық екі милиционердің үйдегі барлық заттарды қопарып, астан-кестен тінту жүргізгендері, қатты шошып, дауысы жер жарып, жылаған қарындасы мен шыңғырған бір жасар Ләззатқа қарап ағасының айтқан «жыламаңдар, менің ешқандай кінәм жоқ, жақында босатады» деген сөзі, сенімді үні әлі күнге құлағынан кетпейді.

Бұл оқиға 1937 ж. 2-ші қазан күні болған еді.

Ағасы 1958 жылы ақталғанмен, еліміз егемендік алғаннан кейін, архив құжаттарының беттерін ашқызуға, сол істерді туғандарына оқытуға болатынын естіген анамның үміті – тым болмады, архивте сақталған заттарын, құжаттарын, хаттарын, суретін алып жүзіне үңілу еді. Болмады.

Неше түрлі қолдың таңбасы бар бұл қағаздардың ішінде бірнеше хаттамалар мен анықтамалардан басқа ештеңе жоқ болды. "Тінту", "үкім", ақталды" деген бірнеше құжат бар. Қашан өлді, қайда жерленді, қайтқанға дейін қандай жерлерде болды, ондай деректер сақталмаған. Өкінішті. Бірақ сол құжаттарды оқып отырғандағы анам екеуміздің толқып, қиналып, күйзеліп, жылағанымызды сөзбен айтып жеткізуге болмайды. Шаршап, сенделіп, тәлтіректеп, ауыр жүк арқалағандай әзер шықтық. Нағашым ұсталып кеткеннен кейін кішкентай қызы қайтыс болады, келіншегі жылай-жылай үш жылдан соң басқамен

отасады, бірақ өмір бойы Фазылын аузынан тастамаған.

Шешем ағасының ең соңғы үшбұрышты хатын осы уақытқа дейін мың рет оқып, сонша рет көзіне жас алғаны Аллаға аян. Латын әрпімен әдемі жазылған осы хатты мен де талай оқыдым, 4-ші қазан 1941 жылы Омбы қаласы, 4-ші линия, 90 үйдің мекен-жайы көрсетілген. Ол үйде сол кезде қазақтар тұрған, менің аяулы нағашыма жаны ашыған кім болды екен, іздеп барсақ, мүмкін ұрпақтарын табармыз деп те ойлайтынмын. Нағашым Жағыпар Байқасұлының іздеу салуымен 1957 жылы 17-ші сәуірде, 1958 жылы 27 ақпанда прокурор Костяевтің жауап хаттары, ал 1958 жылы 5-ші наурыздағы Солтүстік Қазақстан облыстық соты Соколдың Фазыл Байқасовқа қатысты 1937 жылы 3-ші қарашадағы «үштік» шығарған үкімнің күші жойылып, оның біржола ақталғаны туралы анықтамасы, ең ауыр соққы - ол кісіні 4-ші наурыз 1942ж. түрмеде қайтыс болғаны туралы естірту хаты.

«Қағазға бәрі сияды, қағаз бәрін де көтереді» демекші, бір отбасының қайғысына себеп болған, асыл азаматтың обалына қалған адамдар туралы ойласаң, құдайдан қорықпағандарына таң қаласың. «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деген сол.

Менің нағашым Фазыл Байқасұлынан басқа, бір күнде, бір сәтте тағы үш кісінің тағдырына балта

шабылғанының еріксіз куәсі болдық. Оларды да еске алайық. Есіл азаматтардың аруақтары, кейінгі ұрпақтары риза болсын. «Контрреволюционер – ұлтшылдар колхозды құртуға әрекеттенушілер» деген айыппен үш кісі ату жазасына, бір кісі 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне айдалды:

1. Мырзабаев Жанымбет, 1877 жылы туған, "бұрынғы бай" деп көрсетілген, 2-ші қазанда ұсталынып, 3-ші қараша 1937 жылы "үштіктің" үкімімен атылған. Ол да менің атам Иманбайдың үлкен ұлы Базардың туған қайын атасы, біздің қадірлі құдамыз, елдің ардақты адамы еді. Журналист, ақын Байтұяқ Жанымбетовтың атасы.

2. Қанафин Мұқыш, 1903 жылы туған, Баян орта мектебінің мұғалімі, "бай – молданың баласы" деп көрсетілген, 2-ші қарашада ұсталып, 3-ші қазан 1937 жылы атылған.

3. Божақов Далабай, 1896 жылы туған, "Баян" колхозының басқармасы қызметінен босатып, коммунистік партиядан аластатылып, "халық жауы" колхозды тұралатты деп 11-ші қарашада ұсталып, 3-қазанда "үштіктің" үкімімен ату жазасына кесіліп, сол күні атылған.

4. Байқасов Фазыл, 1907 ж. туған, колхозшы, 2-ші қарашада ұсталып, 3-қазан 1937 ж. "үштіктің" үкімімен 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне айдалған.

Баласын ұстап әкеткен соң, үкім шығарылмай тұ-

рып нағашы атам Байқас Төлебайұлы Қызылжарға ақ түрмеге іздеп келеді. Қарап тұрса қол-аяқтарына ауыр шынжыр бұғау салған көп тұтқындардың арасында баласы Фазыл мен Жәнімбет аға өтіп бара жатады. Атамды көріп Жәнімбет аға жылап жіберіпті, ақ сақалын жас жуып алыстай беріпті... Атам баласына бірдеңе айтпақшы болып, ұмтылған екен, жолатпапты. Қатты қайғырып, қамыққаннан есінен танып құлап, бір уақытта есін жиса, тұтқындар көрінбейді, жолықтырмайды. Содан атам елге келіп, қатты ауырып, қайтыс болады.

Тағы бір туысымды айтпауға болмайды. Ол талантты журналист Жақия Уақпайұлы Уақпаев, менің атам Иманбай Қаражігітұлының үлкен апасынан туған. Руы - Бидәлі Уақ. Уақпай жездемнің отбасында Бақтыбай, 1909 жылы туған, Жақия, 1904 жылы туған, Кәтия, 1910 жылы туған - үш ұлы болған. Апамыз ерте қайтыс болып, Кәтия емшектегі жас бала кезінде анасыз қалған.

Жақия білім алып, Төңкеріс ауданында аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеген. Аудан таратылған соң 1931 жылы Алматыда рабфакта оқып, журналист болып шыққан, «Кеңес» газетінде жұмыс істеген.

1935-1937 ж. аралығында Атбасарда аудандық газеттің редакторы қызметін атқарған. Кейін «Ленин туы» газетінде ауылшаруашылық бөлімін басқарған,

газеттің партия ұйымының секретары болып істеген. 1937 жылы «халық жауы» деген жаламен ұсталып, ақ түрмеге жабылған. Бір ай бойы әйелі түрмеге күнде барғанмен жолықтырмаған, содан хат-хабарсыз кеткен. Кішкентай қыздары Әспет пен Зураны ағасы Бақтыбай ауылға алып кеткен, ал әйелі кіші қызы Зарамен 1938 жылға дейін қалада тығылып жүріп, кейін елге қайтқан.

Қазір менің жиеншарларым, аяулы апаларым Әспет, Зура, Зара Жамбыл ауданында тұрады. Туған апама, әкелерінен кішкентай кездерінде айырылған апаларыма, басқа да репрессия құрбандарының отбасына сол қарғыс атқан заман енді қайтып келмесін, арманда кеткен асыл азаматтардың жандары жәннатта, топырақтары торқа болсын деймін. Біз ешуақытта оларды ұмытпаймыз, олардың жақсы аты мен жарқын істері өшпек, өлмек емес. Артында қалған ұрпақтары, ел мен жұрт аман болсын!

үнемі шаруасы бітпейтін, айғай-шуы басылмайтын қат-қабат жұмысына араласып кеттім.

Ол тұста ауылымыз "екі жүз үйлі Баян ауылы", - деп аталушы еді. Шынында да ол кезде облыс көлемінде одан үлкен ұжымшар болмаған шығар. Ауылдың жер көлемі ауқымды, әрі құнарлы, түгін тартса, майы шығады, - дейтіндей еді. Бір қызығы, көрші Архангелька селосындағы селолық тұтынушылар одағы (сельпо), машина-трактор станциясы (МТС) және май зауыты Баян атымен аталатын.

Ауылда агроном Бірімжан Шайпин, зоотехник Жағыпар Байқасов (оның алдында 1,5 жылдай ақсақ Иванов деген орыс жігіті істеген еді), бригадир Алекпер Асадулаев деген жер ауып келген түрікмен істеді. Екінші бригадирдің кім екенін ұмыттым. Әуелде ол қатардағы комбайнер еді. Қасына Олег дейтін балдызын (бірге көшіп келген) алатын. Бір жылы егін мол шығып, «Еңбек Ері» болып шыға келді. Содан кейін оны бригадир қойды. Бригадир болып 1-2 жылдай ғана істеді, көрші Архангелькада Түменнен алып келіп, қарағайдан үй салып, сонда тұрды. Бірақ көп ұзамай, туған еліне көшіп кетті.

Бұлардың алдында ертеректе Ақұла Шақабаев, Базарбек Мұстафин, Мұхаметжан Жәнімбетов деген ел азаматтары бригадир болған. Кейіннен бір шамалы уақыт Қазиқан Оразалин, Хамит Мұқышев бригадир болды. Мұқаметжан Жанымбетов кейіннен біраз

жыл қырман меңгерушісі, онан кейін Мақыш Айтенов қырман меңгерушісі, сатушы болды. Көп жылдар бойы №2 бригадаға Қайырке Байтасов жетекшілік етті. Ал №1 бригаданы Қатау Қанафин басқарды. Онан соң ол бригаданы көп жылдар бойы Кеңес Ахметжанов басқарып, кеңшарға ауысқан жылдары бөлімшені басқарды, Еншібай Шегебаев деген азамат жасынан еңбекке араласып, көп жылдар трактор-егіс бригадасының есепшісі, кейіннен қойма меңгерушісі болды. 60-шы жылдардың басында өзінің туған жері, қазіргі Шал ақын ауданындағы Кеңес ауылына көшіп кетті.

Ертеректе Мырзахмет Жетеев мал фермасының меңгерушісі болып істеді. Онан кейін менің әкем Нұрмұқан Омаров тауарлы сүт фермасының меңгерушісі, сүт қабылдау бөлімшесінің меңгерушісі (орысша зав.сливочным отделением дейтін), бір-екі жылдай орманшы (лесник) болып істеді. Менің әкемнен кейін көп жыл сүт қабылдау бөлімшесінің меңгерушісі болып Серікбай Ташенов істеді. Ол орманшы да болды.

Елуінші жылдары тебінде жылқы, "Тәйкот" деген жерде қой базы болды. Жылқыны Әбілдә Әбдешов, Рахымжан Нұртазин, Жағыпар Белгібековтар бақты. Қой базын бүкіл отбасымен Есенбай Ахметов ақсақал ұстады. Құрбас Найманов, одан кейін Біркен Бегалин кілтші болды. Біркен кейіннен Баян орта

мектебінің жанындағы интернаттың меңгерушісі, сатушы болып жұмыстар атқарды, үлкен ағасы Қазиқан Бегалин көп жылдар трактор-егіс бригадасының есепшісі, жасы ұлғайған шақта ағаш шебері болды. Екінші ағасы Төлен Бегалин жүргізуші болды. Жалпы ауылда Жұматай Негметжанов, Рәшит Базарбеков, Кәрібай Көпеев, Қабиден Тоққожин, Ахметжан Әбілғазин, Мұхамедия Сүлейменов, Қапан Ахметжановтар жүргізуші болып істеді, Кейіннен олардың қатарына Әскер Тәжин, Садақ Сейпілов, Қуандық Мырзабеков сияқты жастар қосылды.

Садуақас Мұстафин көп жылдар пошташы болып, еңбек демалысына шыққан соң, оның орнына жұбайы Кәмәш істеп, содан зейнеткерлікке шықты. Ертеректе Оразбай Бошанов тракторшы, Ленин орденін алған соң бригадир болды. Ақанбай Жүндібаев кейіннен Ердәулет Мұқаметқалиев жанар-жағармай тасымалдаушы болды. Кәкім Иманов ауылымыздың қадірменді қарты еді. Ол ауылдан шыққан тұңғыш мұғалім болатын. Ауылдың сол тұстағы көп азаматтары осы кісі мен Жұмабаев Көшербайдан сауат ашқан еді.

Татар-неміс көшесінен Яков Геллер мен Егор Лампель өмір бойы ұжымшардың ұсталары болды. Бірер жыл шаруашылық темекі өсіріп, онымен айналысатын әйелдер бригадасын Зәйди Тухватуллин

басқарды. Рысбай Байтөрин, Тіржан Бейісов, Тәжібай Еркемұрзин, Сағындық Қоқыманов, Мырзабек Қокин, Бекмағанбет Нұрғожиндер шаруашылықтың ағаш шеберлігі, құрылыс жұмыстарын атқарды. Құрманғали Сұрағанов (кейіннен Еңбек Ері, бөлімше басқарушысы болды), Рысжан Наурызбаев, Ахат Халиков, Масғұт Сабыров, Елубай Әбілмәжіновтер комбайнер, Рәшит Сәдуов, Меңдібай Қалиев, Оразалы Нұрғожиндер тракторист болды, Әннас Ғабдуллин біраз жыл мал фермасын басқарды.

Ұжымшардың қара мал, шошқа, құс фермалары болды. Өзінің акушерлік-фельдшерлік қосыны жұмыс істеп, жас әйелдерді сонда босандыратын. Онда Сергей Горчиков фельдшер, Мақпуза Сәдуақасова акушер болып істеді. Ұжымшардың өз ауылдық кеңесі болды. Онда көп жылдар бойы Уақпан Тәжин, кейіннен оның хатшысы болған Сұрағаң Уәйісов төраға болды. Сұрағаң Нұрғожин ұжымшар кеңшарға қосылғанға дейін шаруашылық басқармасы төрағасының орынбасары болып көп жылдар бойы істеді.

Ұжымшарда 1957 жылдың тамызынан 1961 жылға, яғни көрші Приишим кеңшарына қосқанға дейін счетовод болып қызмет істедім. Қазақта: - Қостың кішісі болғанша, иттің күшігі бол, - деген әзіл сөз бар. Жас болған соң, қажет болған сәттерде (ал ондай сәттер күн сайын болатын) кеңсеге керек адамдарды

шақыруға мені жұмсайтын. Ондайда Сексенбай Тұралин жегулі тұрған өз атын беретін. Енді бірде трактор-егіс бригадасынан шұғыл мәлімет әкелу қажет болады. Ондай сәтте кеңсенің алдында қай жүргізуші тұрса, сонымен мені жұмсайтын. Ал, көп ретте жүргізушілер өздері баруға ерінетін де, машиналарын маған сеніп беретін. Мұндай сәтте қуана-қуана жұмсаған жерге машинамен баратын едім. Жыл соңында ұжымшардың есеп беру-сайлау жиналысы болады. Соған клубқа отын әкелдіріп, пеш жақ-қызу, жиналысқа келген адамдарды клуб есігінде отырып тіркеу, жиналыс басталған соң президиумда отырып, залдан сөйлеушілер мен сұрақ қоюшылардың сөздерін жазып алып, мәжіліс хат құжатын толтыру менің мойнымда болатын.

1959 жыл болу керек, Сексенбай Тұралинді аудандық партия комитеті қызметінен түсірді. Бірақ ол оған арланған жоқ, ауылда балташы болып жұмыс істеді. Жарты жыл шамасында оны көрші Орталық ауылына басқарма төрағасы етіп сайлады. С.Тұралиннің орнына Петропавл қаласынан бір кәсіптік-техникалық училищенің директоры болып істеген Мусин деген азамат келді.

1961 жылдың басында ұжымшарды көрші «Приишим» кеңшарына қосты. Бұл жерде мына бір жәйді айта кеткім келіп отыр. Ол кезде басқарма төрағасы Бірімжан Шайпин болатын. Осы ауысар тұста

кеңшар директоры Андрей Донченко кеңсеге қайта-қайта телефон соғып: - Ана жеңіл автомашинаны сатпа, сөйтсең бөлімше басқарушысы болып орныңда қаласың, - деп Бірекеңе ескертіп жатты. Бірақ ол директордың бұл өтінішін орындамай, «Москвич» жеңіл автомобилін (алды-арты бірдей тартатын еді) ұжымшардың Ортаққөл бөлімшесінде тұратын ағайынды Нүкен, Мәкен Зікіриндерге сатып жіберді...

Шынында да ауыл кеңшарға қосылған соң, А.Донченко Бірекеңді басқарушы етіп қалдырған жоқ. Оның орнына ұжымшарда агроном болып істеп жүрген Тілеген Жетеевті тағайындады да, оны көрші Қаратал ауылына агроном етіп жіберді. Мен трактор-егіс бригадасына есепші болдым. Көктемгі егіс науқаны басталмай жатып (1960 жылы Алматыға барып Қазақтың мемлекеттік университетінің филология факультетінің журналистика бөліміне сырттай оқуға түсіп келгенмін). Мамыр айының басында 1 курстың емтиханын тапсыруға Алматыға кеттім. Одан келісімен мал фермасына фуражер болып, жаз бойы базға шөп қабылдап, сүрлем салу жұмыстарын жүргіздім. Қыста малдарға жем-шөп өлшеп босататын болдым. Келесі жылы 2-ші курсқа емтихан беруге барғанымда, журналистке оқу үшін не газетке, ең болмағанда мектепке мұғалім болып ауысып, әр курсқа емтиханға келгенде газеттерде

жарияланған мақалалардың қиындысын әкеліп тұру қажеттігін айтты. Сөйтіп, ауылға келісімен онбіржылдық мектепке мұғалім болып ауыстым. Осы қызметті істей жүріп, 1966 жылы университетті бітіргеннен кейін, облыстық «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан» газеті) газетіне қызметке ауыстым.

Бұл республикада алғаш ашылған тарихы бай газеттердің бірі. Ол кеңес өкіметі орнаған соң 1920 жылдың ақпанында ашылған болатын. Н.Хрущевтің билігі кезінде Қазақстанды бөлшектеу мақсатымен республикада бірнеше өлкелер, соның ішінде ең жері құнарлы да шұрайлы солтүстіктегі бес облысты (Ақмола, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстары) қосып, тың өлкесін құрған болатын. Соған байланысты аталған өңірлердегі облыстық газеттер жабылып, өлкелік «Тың өлкесі» дейтін бір-ақ газет шығарылып тұрды. Н.Хрущев тақтан тайдырылғаннан кейін оның орнына Леонид Брежнев келіп, республикадағы өлкелер таратылып, облыстық газеттер 1965 жылдан бастап қайыра шыға бастады.

Әрине, алтын бесік ауылың кімге болмасын ыстық. Сыртта жүрсек те, оның жақсысына сүйініп, жаман жағына күйініп отырамыз. Араға ондаған жылдар салып болса да, елге ара-тұра жол түсіп қалады. Сонда байқағаным, ана бір кеңшар орталығы болған жылдары ауыл біршама өсіпті.

Бірақ үйлер жөн-жобасыз салына берген екен. Ауылда тіпті айналатын жер қалмағандай.

Елге барғанда: - Е, пәленше-еке, - деп қол алысып, төрін ұсынатын адам да жоқтың қасы. Көшеде кездескен адамдардың бірін де танымайсың. Құдды бір бөтен ауылға келген сияқтысың. Өйткені, биыл, яғни 2008 жылы мен елден кеткелі 42 жыл болды. Мен кеткенде жаңа туып жатқан сәби, қазір 42 жастағы азамат. Ал сол кезде жалаңаяқ, жалаңбұт шауып жүрген балалар бұл күндері елуден асып кеткен ел ағасы жасында. Енді оларды қайдан танырсың...

Ауылда үйлер саны өскенімен, мәдени-тұрмыс жағы кемшін қалғаны байқалады. Оған, әрине, қоғамда болып жатқан адам түсініп болмайтын қымқуыт өзгерістердің, ауыс-түйістердің де әсер еткені анық. Одақ тараған кезде сол кездері ауыл билігін қолына алған азаматтар шаруаны дұрыс жүргізе алмаған сыңайлы. Жасырып не керек, қазір жаңа қоғамдық құрылысқа көшіп, бірақ оның әртүрлі себептермен қиюы қабыспай жатқан алмағайып кезеңде өмір сүріп отырмыз. Бұл қиыншылық, әсіресе, ауыл тұрғындарына өте ауыр тиіп тұр. Біздер, оның сыртта жүрген түлектері еліміздің еңсе көтеріп, ауылымыздың абыройын асқақтап, экономикасының өсіп, тұрғындарының әл-ауқатының артқанын тілейміз.

ӨЗ БАҚЫТЫМДЫ ТАПТЫМ



Қазіргі Жамбыл ауданындағы Орталық ауылындағы Орман жеті жылдық мектебін бітірген соң, Петропавлдағы Калинин атындағы мектеп-интернатта екі жыл оқыдым.

Сол жылдары ауылдың жылқылары ауруға шалдығып, түгелдей қырылып қалған. Сондықтан әкем Орталықтан пар өгіз жегіп бізді Петухово стансасына апарып, жүк таситын поезға отырғызады, осылай қалаға жетеміз. Жолда екі сөтке жүріп жылына екі рет ауылға келеміз. Елге қатысудың қиындығын ескеріп, 10-сыныпты Баян орта мектебіне келіп оқыдық. Бұл 1950-51 оқу жылы болатын. Алғашқы тұрған пәтерім қолайсыздау болды. Үй иесі сауыншы (жесір әйел) бір қызы бар. Үйдің барлық жұмысы менің мойнымда болды. Ең қиыны қол диірменмен ұн үгу. Бөлменің ортасында аша бар. Математиканың формулаларын, тілдердің

ережелерін қағазға жазып соған жапсырамын. Ұн үгіп отырып жаттаймын. Ақыры бір айдан кейін басқа үйге көшіп, жағдайым дұрыс болды.

Пәтер ақысына ұн, ет, сары май, тоң май, керосин, сабын алады. Ол кезде қолдан сабын жасайды. 1-айға жұдырықтай (оны үлкен бұзаушық дейді) сабын әкелеміз. Үй иесі өздері жатқанша ғана шам жағады. Кешке сабақ оқу жоқ. Таңертең ерте тұрып оқимыз.

Сол жылдары Баян мектебі де, ауыл да гүлденіп тұрған кезі еді. Мектепте кластан тыс жұмыс өте көп болады. Петропавлдан келгендіктен мұғалімдер де, оқушылар да өзге ерекше көзқараста болды. (Біз қаладан келгендіктен «керемет» санайды). Мұғалімдер мен оқушылар бірігіп спектакль қоямыз. Жиі-жиі концерт береміз.

Ишан ағай Қасымов ұйымдастырушы. Бізге ән үйретеді. Әбілмәжінова Бәткен екеумізге өзі домбырамен сүйемелдеп бірнеше ән орындатады. Қыз Жібек ариясынан да әндер үйретіп, сахнаға шығарды. «Ақан Сері» спектаклін де қойдық.

Ауыл адамдары, қариясына дейін ойын-сауыққа көп жиналады. Мектепте үнемі қайнап жатқан өмір, бір бос уақытымыз болмайды. Мұғалімдер де білімді, ығаймен-сығай жас жігіттер. Осы бір жыл өміріме үлкен өзгеріс әкелді.

Қиаметтік асыл жарым Мағел Әлмырзаұлымен

танысып, жанұя құрдық. Мәкеңдей білімді, ақылды, парасатты жігітке кездестірген Аллаға, тағдырыма да ризамын.

Баян мектебінде талайлар өз бақытын тапты. Мұғалім жігіттер көбі өзі оқытқан қыздарға үйленді. Сондықтан Баян ауылы біздің өмірімізден ерекше орын алады.

Байтұяқ ЖАНЫМБЕТОВ

ТІЛШІЛІК ТІРЛІКТЕН



Мен кезінде қазақ баспасөзінің қарашаңырағы, бертінде Елбасы «Бас газетіміз» деп атаған бұрынғы «Социалистік Қазақстан», кейін «Егемен Қазақстан» газетінде ширек ғасыр тілшілік міндетін атқарыппын. Соның он сегіз жылы осы өндірісті Павлодар облысында өткенін менің замандастарым жақсы біледі. Әрине, бұл тіршілік кейбіреулердің түсінігінше жергілікті жерден хабар-ошар жазумен шектелмей, өзінді, газетті сыйлайтын

дәрежеде бой көрсету үшін Мәскеу билеп тұрған замандағы бойынды аласартпайтын дөңестен көрінуге бару керек болатын. Сонда оқырмандардың, басшылардың назарына ілігетін туындыларың өз алдына да, облыстағы кереметтердің "мына тілші өтірік жазады, әкетіңдер" деген Орталық Комитетке жеткен телефон шылдырынан аман қалу да оңай емес еді. Тіпті онысы жүзеге аспаса заңнан гөрі өз бойын биік ұстайтын шала сауатты құқық қорғау қызметкерлері алды-артын ойламай айдап салушылардың ықпалында кетіп, өзіңмен соттасуға баратын.

Ал ондайларды айдап салушылар өзін жіберген Мәскеуін сағалап тайып тұрғанда әлгі «кереметті» қолдаушылар өз арамыздан табылып, республикалық парламентке кәдімгі халық қалағандай депутат болып сайланғанда жеген асың ішіңе жақпайтындай күй кешеді екенсің. Ойлап-ойлап, біреулер білетін, біреулер білмейтін сол тіршіліктің кейбір сырларын сөз ете кетуді жөн көрдім.

Алғашқы қадамдар

Біздің кезіміз аға-аталарымыз көрген қияметтен гөрі жылылау, кішкене бой көтере бастаған заманға келді десем артық болмас. Үлкендеріміз жердегі құдайға табынған бүкіл халықтардың көсемі о дүниеге аттанғанда мен төртінші сыныпта оқитын едім.

Мұғалимамыз бұл хабарды жеткізіп, көз жасың төккенде бәріміз бірге жылағанымыз есімде қалыпты.

Ес жимай жатып, арада біраз жылдар өткен соң бар билікті ұстап тұру үшін сезіктілердің бәрінің көзін құртуға барғанын білдік. Біраз жылдардан кейін «үндеместердің» мұражайына үңілсек сол «халық жауларының» ішінде әлгі мұғалимамыздың туған ағасы, менің аталарым кете барыпты. Олардан хабарым жоқ. Баян орта мектебін ойдағыдай аяқтап, болашақ жайлы ойға жүгіне бергенде дәлізде ілінулі тұрған кестеге есеп-қисапқа келгенде алдына жан салмайтын мұғалима жайлы біреулер жаман сөздер жазып кетіпті. Алдында сөзге келіп, бір есеп жайлы дауласып қалғанымды құлағы шалғандар бәрін маған жаба салды. Тіпті өте жақсыға жазып жүретін әдеби шығармаларымның ішінде кейбір әріптерімнің ұқсастығын «тапқан» мектеп директоры Сағди Оспанов бірнеше мұғалімдерді қосып алып, мені жылармаңға жеткізді.

Жаспын ғой, ерегіске келгенде алдыма жан салмайтынымa бағып, соңғы емтиханға бармайтын болдым. Мұндай тентекті көрмеген сынып жетекшім Сайран Тәжин ал жүгірсін келіп. Ақыры жетектеп әкеліп, сынаққа жүктеді. Ерегіскенім үшін дегенмен мұғалімім кәмелдік куәлігіме ілігетін "үшін" қойып үлгеріпті. Қалғандары «төрт» пен «бес».

«Қайыршыға жел қарсы» деп аталарымыз бекер айтпаған ғой, тай-құлындай бірге тебісіп өскен әке-

шешесі түгелдердің бәрі жоғары оқу орындарына аттанып кете барғанда, маңдайымнан сипайтын туған әкенің алақанын көрмей-ақ жетілген шағымда нағашым сыйлаған құлыннан өскен Н.С. Хрущевтің арқасында жолыма жарап қалатын байталдан айырылып, ақыры «комсомолдық жолдамамен» колхоздың малын бағуға қалтырылдым.

Сөйтіп, бір жаз, бір қыс оның қызығын көріп, жай жүрмей кешкілік курсқа барып, механизатор атандым. Онымен қоймай, Қызылжардағы орта білімі барларды ғана қабылдайтын техникалық училищеден тәлім алып, токарь әмбабап мамандығын игеріп, қаладағы өндірістердің біріндегі жұмысшылар қатарына қосылдым.

Ол кез теріскей облыстарда қазақ газеттері жабылып, ана тілімізде шығармалар жазуға қабілеті бар біздейлердің болашағына балта шабылған кез еді ғой. Соған қарамастан журналист атануға ниет қойған қалпыммен сырттай болса да оқи беруге бекініп, ҚазМУ-ге барғам. Мектеп қабырғасынан бері баспасөзде жарық көрген туындыларымды құжаттарыммен бірге қабылдаған соң, сынақтан сүрінбей-ақ өте шықтым. Жұмыс орнына оралып, жазып жүрген өлеңдерімнің бір тобын «Тың өлкесі» газетіне жолдай салып едім, ондағылар суретімді сұратып алып, бір беттің жартысын ала жариялап жібергенде төбем көкке бір жеткен.

Көңілім өсіп, жұмысымды жалғастырып, бір курсты да тәмамдап тастағанда, бұрын денсаулығымнан кәдік тапқаннан соң қызыл билет ұстатып қоя берген әскери комиссариаттағылар жауынгерлер жетпей жатқандықтан ба, қайта шақырып алып, Мәскеу мен Ленинградтың орта жолындағы Волдай биіктігіне орналасқан құпия әскери бөлімнен бір-ақ шығарды. Оның ішінде де таңдаулыларды маңдайынан шертіп алатын әскери жүктерді қалаған жерге апаратын күзетшілер ротасындағы қызметке жіберілдім. Қатарда бірер ай қызмет етпей жатып, арнайы бұйрықпен полк мектебіне жіберіліп, кіші командир атанған соң қарамағыма үш-төрт жауынгер ертіп, бергі шеті Свердлов, арғысы Прибалтика, Мәскеу, Ленинград, Украина дегендей сырт бүтіні почта вагонына ұқсайтын бір ғана кірер есігі бар құрамды поездың қарауыл бастығы ретінде талай жерлерді кезуге тура келді. Әрине қасымызда эшалон бастығы, оның орынбасары дегендей басқа бөлімнен шенді сарбаз қоса жүретін. Бір тәулік өтпей-ақ олармен тіл табысып, әңгіміміз жарасып жүре беретінмін. Жолда кездесетін талай оқиғалардан жол тауып, бөлімге олар жазып беретін мадақтаулардың септігі тиген болар, ондай сапарларға шығуға көбіне командирлерім мені қалайтын.

Ал ротада жүрген тыныштық кездері атқарар негізгі қызметім – взвод командирінің орынбасары ғана

болса да, сол бөлімнің тұтас билігі және рота старшинасы міндетін атқару да маған жүктеле беретін. Бірде орысша жазуға ниет білдіріп, байқап көрейінші деген ниетпен біздің әскери бөлім қарайтын Ленинград әскери округінің «На страже» газетіне хабарлар жібере бастадым. Оларым жарияланып жүрді. Содан кейін бастықтарым сол қаладағы жоғары саяси әскери институтқа сынақсыз-ақ екінші курсқа жіберейік, өкінбейсіңге басты.

Алайда олар мені оған көндіре алған жоқ. Менің сылтауым - абыроймен міндетімді атқарып еліме оралу. Енді босануға күндер таянғанда «жақсы қызмет берейік, осында қал» деп те азғыратын болды. Көнбей араға үш жыл салып, әскери есепке тұруға барсам терезеден түріме үңіле қараған бір қыз:

- Сәл тоқтай тұрыңызшы, - деп әрі қарай жөнелді. Кешікпей басқа есіктен шыға келген бір майор шенді етженді кісі өз бөлмесіне шақырып, оралуыммен құттықтаған соң:

- Осында және Приозерск мен Сарыөзектегі әскери бөлімдерге взвод командирлері керек. Қалағаныңды таңда, - деді.

Мен ойланып көрейінге басып, рұқсат сұрап шығып кеттім. Ауылға жетіп, әке-шешем, туыстарыммен қауышып, зор үмітпен қайта ашылған облыстық «Ленин туы» газетінің редакциясына бардым. Жігіттер жылы шыраймен қарсы алды. Редактор сол кез-

дегі өндіріс бөлімінің бастығы Ожан Қалиевке жіберіп, «мына жігітті сынақтан өткіз» деп қадағалай тапсырды. Ал Ожекең болса бірден қаладағы зауыттардан, сосын электр қуатын беретін станциядан, темір жолдан мақалалар жазып әкелуді ұсынды. Орындадым. Олардың бірі жарияланбай жатып, «енді ауданға бар» дейді. Қалтамда көк тиын жоқ. Жолсапарға бірдеңе керек пе демейді тағы. Не істерімді білмей көшеде келе жатып алдымен төлқұжатымды алайыншы деген ой келді де, милиция бөліміне соққам. Ондағылар мені бастықтарына сүйреп, «участік инспекторы болсаң қайтеді» деп азғыра бастады. Ақыры көндірді. Сөйтіп, сенделіп жүрген басым жарты-ақ күнде қызметке орналасып үлгерді.

Онда да абыройсыз болған емеспін. Екі жылдай тәртіп сақшысы ретінде бой көрсетіп, кезекті сессияға барғанымда журналистика факультетінің деканы Т. Амандосовқа газет жанрлары жайлы емтихан тапсырып отырғанда «қайда жұмыс жасайсың» деп қалғаны. Аңқау басыммен шынымды айттым.

- Онда келер жылы баспасөзге ауыспасаң басқа факультетке кет, - деп төбемнен бір-ақ қойды.

Сөйтіп, ол кісі ішкі істер басқармаларында сондай қызмет атқаратын орталықтар барын қаперіне де алған жоқ.

Амал жоқ жасап жүрген қызметімнен кетуге күш салуға тура келді. Оңай емес екен. Облыстық партия

комитетіне дейін жүгініп, болмаған соң орныма лайықты адам тауып беріп, зорға деп редакцияға келсем, «өткенде кетіп қалғансың, енді орын жоқ» деп бір-ақ қайтарды. Сүйретіліп, «үлкен үйге» қайта барсам «не істейік, қайта милицияңа бар», дейді. Қайтып келген қыз жаманға басып, көнбедім. Ендеше «Қайқарметке» цех бастығы болып бар деген ұсыныс жасады. Көнуге тура келді. Жер-жерлерден келетін темір-терсектерді вагондарға тиеп, шикізат ретінде металлургия комбинаттарына, бір шеті Жапонияға жөнелтуде оңай шаруа емес екен. Ауыр жұмысқа келетін жөні бүтін адамдар да аз. Бір жылдай ерте келіп, кеш кетіп, үлкен бастықтарға жағып жүрген кезімде облыстық газеттің редакторы Алматыға кетіп, жаңасын күтіп отырған көрінеді деген сыбыс жетті. Мұннан кету жөнінде жедел өтініш жазып, өкпемді қолыма ұстап, тұра шаптым. Барсам редактордың орынбасары Сұлтан Темірханов қабағын түйіп:

- Бір айға кіші әдеби қызметке алып көрейік. Сыннан өтсең әрі қарай көрерміз, - дегені ғой. Көндім.

Мен сынақтан өтіп жүргенде Көкшетаудан редактор болып Уәп Рақымжанов келді. Алдына менің өз жазғандарым, өңдеген автор материалдары жеткен болар, сынақ мерзімім бітпей жатып толық әдеби қызметкер, одан кейін аға әдеби тілші, бірер жыл өтпей жатып бөлім меңгерушісі болып шыға келдім.

Сырттай оқуымды аяқтап, облыстық партия комитетінің жолдамасымен жоғары партия мектебінде де оқуға тура келді. Облыстық газетте, сол мектепте оқып жүргенде де кейбір жазған дүниелерім «Қара шаңырақта» жарық көретін еді. Сол себеп болды ма, қайтып оралуға тиіс болған обкоммен келісіп, мені Солтүстік Қазақстан облысы бойынша тілшілікке қабылдады.

Бірден тілшілік тірлік газетіңе көзге түсер хабар-ошар, көлемді туындылар жазу ғана емес, облыстағы тірлікке де белсене араласып, өзіңді ел басқарғандар да санасатын тұлға ретінде көрсету керектігін бірден түсініп, кәдімгідей бой көрсетуге салған беттен тырысып бақтым.

Теріскейдегі кең тірлік

Алдымен тілші болып тағайындалған куәлігімді көрсету үшін Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің бастығы Сергей Пресняковтың алдына бардым. Ол кісі құптағандай сыңай танытқанмен біздің айтуымызбен жүресің дегендей:

- Сіздер ана жақтың өкілісіздер. Елшісіздер дейін. Ал бірінші хатшы президенттер сияқты. Бір шаруаларың бола қалса маған келіп мән-жайды айтасың, сосынғысын көрерміз, - деп қарап отыр. «Үйге тілшілер

тұрағы» ретінде телефон орнатуға көмек сұрасам басын қасиды. Сонда бұл кісінің қолынан не келеді деп ойладым да білек сыбанып өзім кірістім.

Енді бірде «обком хатшысының мына тақырыпқа мақаласы керек еді» десем, оның көмекшісіне жұмсайды. Бұдан өзімше қортынды жасадым да қажет болғанда қабылдауын өтініп, олардың өзіне тура баратынды шығардым. Онымды көре бастаған әлгі бөлім бастығы «алдымызды орап жүрсің бе» деп өкпелегендей сыңай байқатып жүрді. Кейін екінші хатшы Ғалым Шәкіровпен етене жақындасып, көп мәселелерді шешіп алуға қолым жетті. Ал бірінші хатшы Василий Демиденкоға бара қалсам үлкен кабинетінің қақ ортасына шығып, қол алысып, шіренбей-ақ қарсы отырып, барын сұрап жататын. Обалы не керек, баспасөзге, қалам ұстағандарға жылы қабақпен қарайтын ондай төрені өз басым осы «Қара шаңырақта» ширек ғасыр еңбек ете жүріп кездестірген емеспін.

Тіпті кейде іссапармен ауданға шыға қалса «Каз. правданың» тілшісі екеумізді бірге шақырып, дәм ішкен жерде бірге отырғызатын. Бірде өзі де тілшілік тірлікті сол кездегі Семей облысында бастан кешіріп барып редакцияда ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы болып жүрген Мамадияр Жақып біздің жаққа іссапармен келе қалды. Мақсаты: мен шағын туындылармен мадақтап жүрген Булаев ауданының

дикандары жайлы газетімізге бір бет материал беру екен. Табиғатынан қарапайым және тілшілер жағдайын білетін Мәкең қонақ үйге өзі орналасып алып, тек обкомға бірге баруға ғана қолқа салды.

Білсін деп бірден бірінші хатшыға апарғам. Ол кісі жылы жүзбен қабылдап, Мәкеңнің келу мақсатын білген соң, аудандағы әріптесіне телефон шалып, ескертіп те үлгерді. Енді біз уақытын алмайық деп шығуға ыңғай білдіргеніміз де Василий Петрович:

- Мына тілшілеріңіз мені Мәскеуде бір айлық дайындықта жүрсем де тауып алып, мақаламды ұйымдастыра береді, - деп бір басып қалды.

Мәкең маған таңданғандай бір қарады да қойды. Тысқа шыққаннан соң ғана "соны қалай жасайсың" деп сауал қойды. Мен редакциядан тапсырма алған соң, бірінші хатшының елде жоғын біле тұра екіншісі Ғалекеңе баратынымды, ол тақырыбы бойынша мақала дайындауды тиісті бөлімге тапсырма беретін де, дайын болған соң біріншіге телефонмен өзі хабарласып, рұқсатын алып беретінін айттым. Ол «дұрыс екен» деді де қойды.

Ақыры аталмыш ауданнан озат тәжірибе ретінде бір бет дайындап, ал гектарынан жиырма центнерден өнім алып жүргендерді кейін жеке-жеке сөйлетуді мен міндетіме алдым. Ол да орындалып жатты. Кейін сол ауданның бірінші хатшысы Қасым Төлебеков Еңбек Ері де атанды. Кешікпей жылда редакциядағы

жиналысымызға бара қалсам, сол кездегі Алматыдағы ең биік ғимарат «Қазақстан» қонақ үйінде Алтын Жұлдызын омырауына қадаған Қасекеңді жолықтырғанымда бөлмесіне шақырып, дәм беріп, баспасөз бетінде талай мадақтағаным үшін алғысын айтып, өзін құттықтауға келгендерге менің мәртебемді өсіре жік-жапар болғанда тіршілік тірлікте адамдардың тұлғасын өсіруде біздердің қосар үлесіміз бар екендігіне тағы бір көзім жеткен еді.

Кейде өткенге көз жүгіртіп, қарап отырсам газеттен басқа жеке «Сәдуақасовтар әулеті» атты жеке кітап, кезінде әр түрлі баспаларда жарық көрген он шақты жинақтарға енгізілген көлемді очерктер де бар екен.

Осы жылдарда облысқа сапарға келгенде Елбасының соңынан еріп қана қоймай, екі рет үш сағаттан жеке қабылдауында болып, көңілімде жүрген түйткіл сауалдарыма жауап та алған екенмін. Оған да шүкір!

ЕЛГЕ ОРАЛАМЫН



Мен 1947 жыл 5 шілдесінде тудым, Баян орта мектебінде тәлім-тәрбие алғаннан кейін Целиноградта, Жетіқарада тұрдым. Аты алысқа белгілі болған Жетіқара Асбест комбинатының екінші кезегін іске қосуда комсомолдың жолдамасымен құрылыс штабында істедім. 1970 жылы комбинаттың екі бірдей кезегі 1 миллион 200 мың тонна асбест өнімдерін беретін дәрежеге жетті. Сол іске қосылған мекеменің басқару жүйесінде әртүрлі қызметтер атқардым. Желтоқсанның ызғарлы желінен ығып, тағдыр айдап қырғыз елінде тұрып жатқаныма 21 жыл болды. Елден кеткеніме 42 жыл толды. Әр түрлі себептермен арнайы жоғары оқу орнын бітіре алмадым. Жас кезімде сахнаға шығып ән айтып, өлең жазатында кез болған еді. Әжем Үнжәпияның бауырында өсіп дүние тіршілігін ертерек таныдым.

Жолдасым Алтынсара екеуміз бір ұл, екі қыз тәрбиеледік. Кіші қызым Ботагөз Астанада үлкен баспаханада дизайнер программист болып істейді. Балам Нұрлан жанұясымен Бішкек қаласында тұрады. Үлкен қызым өзімнің орнымда, Алматыдан келіп полиграфия мамандығын игеруде. Қазір тұрып жатқан жерім Ыстық көлдің шығыс жағы, облыс орталығы Қарақол деген қалада тұрамын. Жеке меншік шағын баспаханам және орыс тілінде шығатын «Иссык-Куль тур» деген газеттің редакциясын басқарам ол да жеке меншік газет тәуелсіз өзіміздің Ыстық көл облысына тарайды, көбіне саяси оқиғалар, күнделікті тұрмыс, туризм, этнография, тарих мәселелерін көтереміз.

2005 ж. өзім құрған Шоқан Уәлиханов атындағы Ыстыққөл қазақтарының қауымдастығын басқарам. Әрқашан туған елден шет жүрген қандастарыма қолдан келгенше көмек-кеңесімді беріп тұрамын.

Ендігі мақсат, денсаулық болса қазақ балаларына арнап облыс орталығында жексенбілік қазақ мектебін ашсам ба деген ой бар. Оны алла жазса алдағы өмір көрсетер. Мектеп үйін салып, дайындап қойдым.

Баспаханамда газет-журналдар, кітаптар, буклеттер, көптеген баспа өнімдері шығады. Жергілікті қырғыз ақын-жазушыларына көмек беріп жүрмін, өлеңдер жинағын, повестерін жарыққа шығардым.

жоқ. Даниярдан Қали – Қабдолбәрі туды. Базарбайдан Оразалы туған.

Қаранайдың бесінші баласы Сақау. Одан Байғуат, Жанғуат, Бекболат туды. Байғуаттан Тәсібек, Тәсібектен Уәйіс, одан Сұраған туған.

Қаранайдың алтыншы баласы Шағырайдан Тоғай, Жайық, Бердалы туды. Тоғайдан Жапабай, Қызылбет туған. Жапабайдан Нұртаза, Байпеис, Әлпейіс туды. Нұртазадан Рақымжан, Елеу туған. Байпеистен Мұқаметқали – Қали – Сабыр. Әлпейістен ұрпақ жоқ. Қызылбеттен Сүлеймен, Өсіп туды. Өсіптен Ахмади, Ақмағамбет, Ғосман, Шериздан.

Шағырайдың екінші баласы Жайық екен. Жайықтан Қожабай, Мырзабай, Мұсабай туды. Қожабайдан Құттымбет, Садуақас, Әбіл.Мырзабайдан Жанымбет, Жанен, Сейтен туған. Жанымбеттен Мұқаметжан дүниеге келген, Мұсабайдан ұрпақ жоқ.

Шағырайдың үшінші баласы Бердалыдан Ахмет, одан Қожахмет туды.

Қаранайдың жетінші баласы Жарты екен. Одан Бекбау, Тұрлыбай туған. Бекбаудың Қоқы, Сейтімбет, Әйтімбет, Әйтен, Алпыс атты ұлдары болған. Қоқыдан Мырзабек, одан Құсжан туған. Сейтімбеттен ұрпақ жоқ. Әйтімбеттен Қамза туды. Әйтеннен Төлеген, Мақыш. Алпыстан ұрпақ жоқ.

Тлеудің екінші баласы Жәдігер. Одан Меңібай, Әлжан, Шоқы туды. Меңібайдан 4 ұл: Алтай, Темеш,

Қапан, Тұяқ. Алтайдан Кешкей, одан Досман, Досманнан Мағзұм туған.

Темештен Мәтіш, Сәрсенбай, Құл туды. Мәтіштен Махамбет, Нұрғожа, Байғожа, Алпыс. Сәрсенбайдан Досқожа, одан Әубәкір, Қанафия, Нұрпейіс туған. Құлдан ұрпақ жоқ.

Меңібайдың үшінші баласы Қапан екен. Одан Нысамбай, Қоқыман, Баржақсы туды. Нысамбай мен Баржақсыдан ұрпақ жоқ. Қоқыманнан Омар.

Меңібайдың төртінші баласы Тұяқ, одан Жолды, Ыбрай туған. Екеуінен де ұрпақ жоқ.

Жәдігердің екінші баласы Әлжаннан Такі, Шорман, Күзен. Күзеннен 5 ұл: Жақсыбай, Ағыбай, Әжібай, Конотай, Қуаныш. Ағыбай, Әжібай, Конотайдан ұрпақ жоқ.

Жақсыбайдан Нұрғали, Нұрымбет, Уәли, Қуаныштан Балтабай, Махмет туған. Нұрғалидан Аманжол, Нұрымбеттен Едірес туды.

Қантайдың Баян атты бәйбішесінен туған екінші бала Қалыбек екен. Одан Әуел, Итқара, Қуан, Қожағұл. Әуелден алты бала болған: Құлғара, Бота, Собы, Жаманғара, Тасболат, Сарша. Құлғарадан Ілекер туды. Одан Рыскелді, Дұрыскелді, Итбол, Байбол. Рыскелдіден Бекмырза, Тумырза, Мәмбет туған. Ал Бекмырзадан Аймырза, Ташен, Қасен. Аймырзадан Омархан, Сейілхан туды. Ташеннен ұрпақ жоқ. Қасеннен Мағзұм, Шеген. Тумырза мен Мәмбеттен ұр-

пақ жоқ. Ілекердің төртінші баласы Байболдан Көшер, Күсеміс туды. Көшерден Ыбырай, одан Мұқа туған. Күсемістен Рамазан, Меңдімырза. Рамазаннан Бекқожа, одан Шоқан туған. Меңдімырзадан Нұрғожа.

Әуелдің Бота деген баласынан Бокаш, Келдібай туған. Бокаштан Жүзбай, одан Қайралап, Құдабай туды. Қайралаптан Байтас, Құдабайдан Жетпіс, Жантас туған.

Келдібайдан Көшербай, одан Жиенбай, Жиенбайдан Тілеген туды.

Әуелдің баласы Шаршадан 6 ұл болыпты: Қылыш, Қайқы, Түйте, Балта, Бектемір, Тортуыл.

Қылыштан Шалғынбай мен Құлқай туды. Шалғынбайдан Пишп, одан Мықай. Құлқайдан Шағымбай, одан Нұрпейіс, одан Қали, Қалидан Марат, Еркеш туды.

Қайқыдан Жұматай, Боқатай туған. Жұматайдан Өскенбай, одан Қалабай туған. Боқатайдан Төлеубай, одан Қаумен. Қауменнен Ақымжан туды.

Түйтеден Орақбай, одан Есенгелді, Есеней туған. Есенгелдіден Ташмағамбет туды.

Балтадан Итіш, Итен, Тұманбай туған. Итіш, Итеннен ұрпақ жоқ. Тұманбайдан Биман, Исақ. Биманнан Нұркей, Қожахмет, ал Исақтан Сейтақ туды.

Саршадан Бектемір, одан Дүйсембі, Сәрсембі туған. Сәрсембіден Қанафия, Анафия. Қанафиядан Есләмбек, одан Төлеген, Сайлау, ал Анафиядан Қуат туды.

Саршаның Тортуылынан Манабай, Жанабай туған. Манабайдан Нұрмағамбет, Тасқара, Кетік, Қоңқақ туды. Нұрмағамбеттен ұрпақ жоқ. Кетіктен (Есмағамбет) – Шадат туған.

Қантай баласы Қалыбектің кіші әйелі Жәмшіден Итқара, Құлан, Қожағұл туды. Итқарадан Сексен, Тоқсан туса, Сексеннен Шөкей, одан ұрпақ жоқ. Тоқсаннан Балық, Тұяқ, Медет туған. Балықтан Темірбай, одан Бәйімбет, одан Қайырбек туды.

Тұяқтан Жақсыбай, Бошан, Мұстафа, Нұрғожа туды. Жақсыбайдан Қалы, одан ұрпақ жоқ. Бошаннан Баймақан, Жұмақан, Оразбай туған. Баймақаннан Айтан, Ақанай, Нұрғожадан Сұраған, Мұстафадан Жүніс, Төлепберген, Садуақас туды.

Медеттен Әлібай, Тәжі туған. Әлібайдан Молдахмет, Рақым, Жанақым. Молдахметтен Зейнолла, Тәжіден Уақпан, Есмақан туды.

Қалыбектің екінші баласы Құланнан Барак, Үрпок, Стамқұл туған. Бараста үш ұл болған: Арсары, Тлебалды, Тоғжан. Арсарыдан Еламан, одан Мұқамедия, Нығметжан, Қабдолла туды. Мұқамедиядан Қабкен, Танат. Нығметжаннан Ғаббас, Ғалым, Хамза, Қабдолладан Марат, Қайрат болды.

Тлебалдыдан Шолақан, Тоқбай, Бүркіт, Қарашаш туған. Шолақаннан Қали, Мырзалы туды. Мырзалыдан Қанафия, одан Қатау, Қаби, Зейнолла, Рамазан. Тоқжаннан Бекжан, одан Есқақ. Есқақтан Ораз туды.

Құлан баласы Үрпектен Елтоқ, одан Елеусіз туған. Елеусіздің баласы Жанболған.

Құланның үшінші баласы Стамқұлдан Дәуіт туды. Дәуіттен Иман, Найман туған. Иманнан Хакім, одан Асаубай, Бура. Ал Найманнан Құрбас туды, одан Серік, Боташ, Хамит.

Осымен Құлан ұрпағы бітеді.

Қалыбектің кіші баласы Қожағұл екен. Одан Бекше, Бегайдар туған. Бекшеден Жұмабай, одан Оңғар, Мырзабай, Мырзатай, Бөкіш, Түстікбай туған. Оңғардан Сүгірбай, одан Айтмұқаш, Бірімжан туды. Айтмұқаштан Қайса, Таңат, Бірімжаннан Мұстариза, Жетпіс, Әлтай, Уәнтай.

Мырзабайдан Қази, одан Ахметжан туды. Ахметжаннан Қапан, Доған, Кеңес, Жарас. Бөкіштен Наурызбай, Көшербай туған. Наурызбайдан Рысжан, Төлеген, Көшербайдан Еркін, Әскер, Майдан, Сәуле, Кенже туды. Мырзатай мен Түстікбайдан ұрпақ жоқ.

Бегайдардан Қырғызбай, Мықтыбай, Қуан туды. Қырғызбайдан Күлімбай, Құдайберген туған. Күлімбайдан екі ұл: Жүндібай, Үмбетай. Жүндібайдан Оразалы, Ақанбай, Шоқанбай, Ботан, Қаражан туды. Қырғызбайдың екінші баласы Құдайбергеннен Жайлыбай, одан Мұхаметқали туған. Мұқаметқалиден Ердаулет, Дүйсенбі, Кемел туды. Бегайдардың екінші баласы Мықтыбайдан ұрпақ жоқ.

Бегайдардың үшінші баласы Қуаннан Ералы туды.

Одан Қалы, Байбосын, Бейсенбі туған. Қалыдан Исабай, Таласбай. Байбосында бала жоқ. Бейсембіден Седен. Сондықтан Қанабектің қазақша қара шаңырағы Ералы баласы Бейсембі болып табылады.

Қантайдың бәйбішесі Баяннан туған Тілеу мен Қалыбектің ұрпақтары жайында жазылған шежіре осымен аяқталды.

Қантайдың екінші әйелі Қоянгөзден 4 бала болған: Бесім, Қабыл, Жанғозы, Кенжеғозы. Бесімнен ұрпақ жоқ. Жанғозыдан Әлғозы, Сармантай, Берсүгір туған. Әлғозыдан Атамбай, Қыстаубай, Итемген. Атамбайдан Көшібай, Тортай, Тілеуберді, Құлатай, Құдабай, Ертай туды. Ал Көшібайдан Жүсіп, Кәдік, Қаумен. Жүсіптен Қожахмет, Мырзахмет туған. Кәдіктен Исабай, Смағұл. Исабайдан Мұстафа туды. Қауменнен Әбдіреш. Тілеубердіден Сыздық, Әубәкір туған. Сыздықтан Шайке, Рақымжан туды. Шайкіден Есім туған.

Әлғазының кіші баласы Итемгеннен Жайықбай, Жаманбай, Қабанбай, Аманбай туды. Жайықбайдан Жұмағұл, одан Байтілеу, Мұқаметжан туған. Байтілеуден Рамазан, Мұқаметжан, Сапен. Сапеннен Жақия, Бекет туды. Жаманбайдан 5 бала: Жарқын, Балқынай, Байтөрі, Айторы, Аймырза. Балқынайдан Әбдеш, одан Әбілда, Мәлік туған. Байтөріден Рысбай, одан Серік. Айторыдан ұрпақ жоқ.

Аймырзадан 4 ұл: Ғаббас, Шокеш, Бағытай, Естай.

Ғаббастан Сайлау, Бағытайдан Қазбек, Естайдан Тұяқ туған.

Қабанбайдан Қожағұл, Тілеуғабыл туды. Қожағұлдан Құсайын, Қасен, Тәжібай.

Жанғозының ортаншы баласы Сармантайдан 3 ұл болған: Құлболды, Қоржаз, Жолан. Құлболдыдан Орақбай, Айтбай, Қойош, Қорақбай, Аманжол туған. Басқаларынан ұрпақ жоқ. Орақбайдан Шығамбай, одан Хакім туды. Сармантайдың ортаншы баласы Қаржастан Көркембай, Күзімбай, Тоқтыбай болды. Көркембай мен Күзімбайдан бала жоқ. Ал Тоқтыбайдан Уәйіс, Раис туса, Уәйістен Қожахмет пен Шаяхмет туған.

Сармантайдың үшінші баласы Жоланнан Байғожа, Әжке туды. Жанғозының кіші баласы Берсүгірден 3 бала болған: Бает, Данық, Төребек. Баеттен Оразақ, Қазанбай, Созанбай, Тішінбек, Қасбақ, Қыпшақбай туған. Оразақтан Шақай, одан Аяған туды. Қазанбайдан Төлеген, одан Сұраған, Сұрағаннан Құрманғали туған. Созанбайдан ұрпақ жоқ. Тішінбектен 2 ұл: Ақан, Окой. Ақаннан Есжан, Тасбай, Окойден Елеусіз, Кенжебай туды. Қосбақтан ұрпақ жоқ. Қыпшақбайда ер бала болмаған.

Берсүгірдің екінші баласы Данықтан Жылқыбай, Беркінді, Ортақбай, Жантүгел туған. Жылқыбайдан Жақып, Жүсіп, Нетіп. Жақыптан Қожан. Жүсіптен Жұман, одан Жанболған. Нетіптен Сабыр туды.

Беркіндіде 4 ұл болған: Сәрсембай, Құрсабай, Кетебай, Құсайын. Сәрсембай мен Кетебайдан ұрпақ жоқ. Құрсабайдан Саден, ал Құсайыннан Криш туған. Данықтың Ортақбайынан ұрпақ жоқ. Жантүгелден Махмет, Рахмет, Қиналған, Сәду қалды.

Берсүгірдің үшінші баласы Төребектен Таттыбай туған, одан Жексенбай, Бейсембі туса, Жексенбайдан ұрпақ жоқ. Бейсембіден Еспембет, одан Кәрібай туды.

Жанғозының екінші әйелі Сұлудың төркіні Күрсары Керей екен.

Ескерту: Жанғозының қолына Кіші жүзден қашып бір жігіт келіп, паналапты. Өзі бай Жанғозы әлгі жігітті ұнатып, үйлендіріп, отау тіктіреді. Әперген келіннің аты Сұлу, ал жігіттің аты – Қасқашеке екен. Ескенің баласы Сандықбоздақ Сұлуға ғашық болып Қасқашекені өлтіреді. Сұлу үш баламен жесір қалады. Сандықбоздақ бір күні Жанғозы байдың үйіне келіп қонады. Жатар кезде Сұлу Жанғозының сапысын төсегінің басына, ал Қасқашекенің сапысын өзінің төсегінің басына іліп жатады. Мұны көрген Боздақ түнде келіншекке баруға қорқып, жай жатады да кетеді. Ертеңіне Сұлу қайнағасы Жанғозыға: «Қасқашекені өлтірген Боздақ еді, енді бұл бізді де өлтірер. Сондықтан ініңнің жылына дейін мені төркінім Күрсары Керейге жібер. Жылы болғанда келейін», - дейді.

Ескерту: Қасқашекеден туып қалған екі баланың аттары Сатыбалды мен Сатыбай екен. Нағашысына барған соң туған баланың аты – Ыдықбай.

Қасқашекенің жылын берерде Жанғозы келіні Сұлуды екі баласымен төркінінен алып келіпті. Онда барған соң туған Ыдықбайды нағашысы алып қалыпты.

Қасқашеке баласы Сатыбалдыдан Әжімбай, Бәжі туған. Әжімбайда 4 ұл болған: Медебай, Пішенбай, Жусанбай, Шәбікей. Медебайдан Рамазан, Сәрсекей, Сәрсембі, Арбабай, Төлеген туды. Рамазаннан Дәулетбай, Қосақбай, Қосай, Сәрсекейден Нығметжан, Әбушәріп, Мұқамбет, Сәрсембіден Сәду туған. Сәдуден Рашит, Арбабайдан Тоғайбай, Сейтақ туса, Төлегеннен ұрпақ жоқ.

Әжімбайдың екінші баласы Пішенбайдан Бораншы, Бидалы туды. Бораншыдан Зікірия, одан Шамши, Зағыпар туған. Зағыпардан Аманжол.

Пішенбайдың екінші баласы Бидалыдан 2 ұл болған: Мұқамбетден, Әбілғазы. Мұқамбетденнен Бәкен мен Есләм туды. Бәкеннен Ерніс, Әбілғазыдан Ахметжан туған. Әжімбайдың үшінші баласы Жусамбайдан ұрпақ жоқ. Оның баласы Оспан дүниеден өткен.

Әжімбайдың төртінші баласы Шабікейден Шайпі, Рази, Ілияс атты 3 ұл болған. Шайпіден Қапез, Қамза туды. Қапезден Бірімжан, Ахмади, Еркін, Разиден Әміржан, Ілиястан Ережеп, одан Әскер туған.

Сатыбалдының екінші баласы Бәжіден Шәулі, Сауғабай, Елшібай туды. Шәуліден Мұса, Оразалы, Нұғыман, Мұстафа, ал Мұсадан Қасым, Қанафия туған. Қасымнан Ишанғали, Қанафиядан Сәруар, Оразалыдан Сұлтанғазы, Ғабдолла, Ғабдолладан Қаби, Мұстафадан Нияз туды.

Бәжінің Сауғабайынан 3 бала қалды: Құсайын, Нұрсеит, Мұқыш. Нұрсеиттен Бәри.

Бәжінің үшінші баласы Елшібай екен. Одан Қожа, Асылтай, Махмет туған. Махметтен Кенбай туды.

Қасқашекенің Сатыбайынан Құлшағаш, Матығұл атты ұлдары болған. Құлшағаштан Жетей, одан Мұқажан, Иманбек, Сейітахмет, Қожахмет, Мырзахмет туған. Мұқажаннан Әуелбек, Иманбектен Шаяхмет, Қосман, Қожахметтен Мағаз, Арушан, Мырзахметтен Тілеген, Өтеген туса, Сейтахметтен ұрпақ жоқ.

Сатыбайдың екінші баласы Матығұлдан Жабағы, одан Жүсіп туған.

Жанғозы Сұлуға үйленгеннен кейін 3 ұл дүниеге келді: Байсал, Кент, Қарамент. Байсалдан Елекей, Ұзақ туды. Елекейден Жүнгене, Шағалақ, ал Жүнгенеден Бәйімбет, Битай туған. Бәйімбеттен Құбаш, одан Ескен туса, Битайдан ұрпақ жоқ.

Байсалдың Ұзағынан 6 бала болған: Тікей, Бөкей, Мау, Төлебай, Күнгене, Ташен. Тікейден Ноғайбай, Тойшыбай, Ноғайбайдан Нүрпейіс, Бейіс, Уақбай, Жалтыр туған. Нұрпейістен Қасен, Қанафия, Бейіс-

тен Шәріп, Жүсіп туса, Уақбай, Жалтыр, Тайшыбайдан ұрпақ жоқ.

Ұзақтың үшінші баласы Маудан Рамазан туды.

Ескерту: Рамазан Маудің қызынан туған жиен екен. Түбі – Бағаналы. Рамазаннан Қайыржан, Нұрғали, Жұма, Рашит туды. Қайыржаннан Сәбит туған.

Ұзақтың төртінші баласы Төлебайдан Үмітбай, одан Қажымұрат пен Шәңкі туды. Қажымұраттан Шери, Манабай, Шәңкіден Дүйсембі, Макар туған.

Ұзақтың Күнгенесінен Мырзалы, Шапаш, Нақыш туды. Шапаштан Мөржан туса, Мырзалы мен Нақыштан ұрпақ жоқ.

Ұзақтың алтыншы баласы Ташеннен Бимаш, Ержан, Серікбай туады.

Осымен Байсалдың ұрпағы бітеді.

Жанғозының Кент деген баласынан 5 ұл болған: Тотыбай, Молтай, Қотыр, Шодыр, Айдапсал. Тотыбайдан Балашау, одан Омар, Сыздық, Әбілмәжін, Мұқыш туды. Омардан Тіккөз туса, Сыздық, Әбілмәжін, Мұқыштан қыздан басқа ұлдар жоқ. Молтайдан Мапіш, Қотырдан Шығамбай, Қызылбай туды. Қызылбайдан Қасым, Шодырдан Қапар, Балғожа туған.

Айдапсалдан Хамит, Елембай, Сарғопай туды. Хамиттен 2 ұл: Ахмет, Жоламан болды. Ахметтен Базарбай, Шәріп, Елембайдан Тайжекен, Елубай туса, Сарғопайдан ұрпақ қалған жоқ.

Хамиттің екінші баласы Жоламан, одан Серғали

туған. Жанғозының Қараментінен Ақсақал туды. Одан 5 ұл: Қожагелді, Сыпрынды, Үкібас, Нұрмұқан, Нұртай. Қожагелдіден Шалабай, одан Қожахмет, Сейдахмет туды. Қожахметтен Әмен, Сейдахметтен Мұхамедия туған. Сыпрынды мен Сүлейменнен қалған ұрпақ жоқ.

Үкібастың Әби, Оразай, Тұрлыбай атты ұлдары болды. Әбиден Жакен, Оразайдан Қабдунас, Нұртайдан Тажахмет туды.

Қантайдың Қоянгөзден туған екінші баласы Қабыл. Одан Тұрыпберді туды. Оның шешесін Кенжеғозы алғаннан кейін Жаманша туған. Одан 8 бала: Жаңаберген, Жанбай, Әліберген, Тәңірберген, Шегір, Телғара, Қаракесек, Бұлтақ қалған.

Жаңабергеннің Маңдай, Көбек, Тіналы, Тоқа, Мақұл атты балалары болған. Маңдайдан Жүсіп туған, одан ұрпақ жоқ. Көбектен Ақылбай, Құсайын, ал Ақылбайдан ұрпақ қалмады. Құсайыннан ұзын Қасен туды. Тіналының 3 ұлы: Бақай, Тақай, Жүзей. Тоқадан ұрпақ болмады. Мақұлдан Көшекен, Шакен туған.

Жаманшаның Жанбайынан Дөненбай, Кәлен, Тілекей туды. Дөненбайдың Нұрта, Қасенінен, Кәленнің Сейдахметінен ұрпақ жоқ. Тілекейден Есім, Сұлтан, Қамза қалды. Есімнен Жасұлан туған.

Жанабергеннің үшінші баласы Әлібергеннен Жылысай, Қоңыр, Қаржау, Нұржау, Қоймұрат атты

бес ұл болды. Жылысайдан Жақып, Баймұрат, Еділбай, Бәйіш туған. Қоңырдан Мырзалы, Шәкібай, Қаржаудан Елембай, одан Шауали, Шаяхмет, Қожахмет туды. Шаяхметтен Жамбыл, Нұржаудан Ақылбек қажы, Қали, Ақылбектен Ғабдолла, ал Қоймұраттан Шәріп дүниеге келді.

Жаманшаның Шегірінен Абиыр, одан Мұқаметжан, Мақай, Смаил туды. Мұқаметжаннан Баязит, Мақайдан Сейітбаттал, Сейтахмет, Баяқой, Шұбыр, Ғабдол дейтін ұлдары болған.

Жаманшаның алтыншы баласы Телғарадан Әділбай, ал Қаракесегінен Самрат туды.

Ескерту: Жаманшаның Өзікелді деген жалшысы болыпты. Одан Майбасар, одан Әлдібай, Шарбақбай туған. Әлдібайдан Тұралы, Сүйін, ал Тұралыдан Ыбрай туды.

Шарбақбайда 3 бала болған: Жүсіп, Үсен, Арбабай. Жанаберген Өзікелдінің баласы Майбасарға: «Менің әкем Жаманшаға сенің әкеңнің көп еңбегі сіңіп еді, түбінде біздің тұқым озбырлық істер. Сондықтан саған Қайрангөлді беремін», - депті. Осы көлдің маңына орыстар қоныстанып, ол содан Майбасар атанып кетіпті.

Қантайдың Қоянгөз деген әйелінен туған Қабыл өлгенде Тұрыпберді жетім боп қалды. Қабылдың әйелін Кенжеғозы алды, содан Жаманша тарады. Кешегі Қабылдан қалған жетім бала Тұрыпберді

мыңдаған жылқысы бар бай болды. Одан Мәмбетәлі, Райымқұл, Алыпқаш атты ұлдары қалды. Мәмбетәліден Шоңдыаяқ, Әсер, Мәуітбай туды. Шондыаяқтан ұрпақ жоқ. Әсер, Мәуітбайдың балалары Сарқұл, Есен, Аман, Асанбек, Табылды.

Мәмбетәлінің үшінші әйелі Қаракүңнен Түлкібай мен Бөрібай туды. Түлкібайдан Ержан, Дүйсенбі, Жанмұрат, Жаналы туған. Ержан мен Жаналыдан ұрпақ болмады. Дүйсенбіден Дәуренбек, Жанмұраттан Сыздық туды.

Бөрібайдан Нұржан, одан Шайпедтен, одан Шәріп туған. Мәмбетәлінің төртінші әйелі Белеккүңнен Қалдыр, одан Шоқпыт, Елеусіз туды. Шоқпыттан Ыбрай, одан Қожахмет туған. Елеусізден ұрпақ жоқ.

Мәмбетәлі байдың жалшысы Құдайқұл екен. Одан Келдібай, одан Зурман туған. Зурманнан Тілеулі, Барақой деген 2 ұл болған. Барақойдан Мұқаметжан, Тілеуліден Жекебатыр, одан Әбілқайыр, Көшербай туған. Әбілқайырдан Әскер, Болат.

Көбеннен Өтеш пен Маймақ туған. Өтештен Әкімжан, Қасен, Әкімжаннан Рамазан, Мырзахмет, Шарапи туды. Қасеннен Салмен, Шаймерден, одан Сафуан туған.

Маймақтан Қоқыбай, Тоққожа, Айтқожа туды. Қоқыбайдан Қайырбай, Малдыбай, Жолдыбай, Тоққожадан Нұрқан туған.

Ескерту: Мәмбетәлінің қарамағында қыпшақтан

қашып келген Ақанай деген болыпты. Одан Мыңбай туды. Мыңбайда 4 ұл болған. Аманжол, Мұса, Күсеміс, Сәт.

Аманжолдан ұрпақ жоқ. Мұсадан Сұраған, Дайыр, Күсемістен Назар, Бекет, Балсейіт туған. Балсейіттің Теміржан, Серік деген ұлдары бар.

Мәмбетәлінің Раимқұлы 4 әйел алған екен. Бірінші әйелінен Майлыбалта, Бектас атты екі ұлы болған. Майлыбалтадан Қазанқұл, одан Шөтей, одан Бегалы туған. Бегалыдан ұрпақ қалмаған. Бектастан Күлік, Жүндібай. Күліктен Арғынғазы, Бурабай туды.

Раимқұлдың екінші әйелінен Ақбай, одан Аққөл, Саркөл деген ұлдары болды. Аққөлден Оразбай, Саркөлден Жолболды туды. Жолболдыдан Сарсекей, одан Бакен, Базарбай, ал Бакеннен Баймолда туған.

Раимқұлдың үшінші әйелінен 5 бала қалған: Салеке, Топай, Байжырық, Жанатай, Қызылбай. Салекеден бала жоқ. Топайдан Тілеміс, одан Батас, Калім, Шәріп туған. Батастан Нұрымбет, Байжырықтан Малдыбай, одан Қанафия, Молдажар, Жапасбай деген ұлдары болды. Жанатайдан ұрпақ жоқ. Қызылбайдан Төлек, Жақып, Арып, Жәнібек туған. Төлектен Қапар, Жақыптан Жұмабай, Бекмұрат туды.

Раимқұлдың төртінші әйелінің балалары: Тоқыш, Шөгел, Бектен. Тоқыштан Қоңыр, Жол-

дыбай, Ақмылтық, Қоңырдан Бикаман, одан Қанафия туды. Төлеген Ақмылтық баласы. Одан Қажыбай туды. Бектеннен Шайхы, Құдабай деген балалар қалған.

Шөгелден 7 ұл: Ақтан, Дөнеке, Бақа, Бапалақ, Қылышбай,Садықбай, Ақбала екен. Ақтаннан Оспан, Жақып, Ахмет туған. Оспаннан Байбосын, Мендібай, Байбосыннан Қойжан, Ахметтен Ережеп, Көкі, Ережептен Бірбала, Көкіден Шәріп атты балалары болған.

Дәнекеден Саутбек, одан Сағди туған. Бірақ бұдан ұрпақ жоқ. Бақадан Шегебай, Бастау туды. Шегебайда 2 ұл болған: Нашарбай, Жұмабай. Нашарбайдан Қазбазар, Мұқыш туған. Жұмабайдан Қасым туса, Бостаудан ұрпақ болмады.

Бапалақтан Шакетай, Көшербай, Тақбаян туды. Соңғы екеуінен ұрпақ жоқ. Тақбаяннан Қайырбек, Сабыр туған. Қылышбайдан Әубәкір, бірақ бұдан ұл болмаған. Садақбайда да ұл бала жоқ. Ақбаладан 2 ұл қалды: Сыздық пен Азан. Сыздықтан Аманжол, Азаннан Ыбралы туған.

Тұрыпбердінің кіші баласы Алыпқаштан Қыздар, одан Қанаш пен Ыбыш туды. Ыбыштан Қуандық, одан Әбілмажін туған. Ал Қанаштан 2 бала: Шаден мен Молдахмет болған.

Міне, Қалы атам ауызба-ауыз айтып, баласы Исабайға жаздыртқан шежіре де тәмамдалды.

Ахметжанов Кеңес Ахметжанұлы



Ахметжанұлы Кеңес 1934 ж. Баян ауылында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін колхозда жұмыс істеді. Екі жылға жақын Баян орта мектебі жанындағы интернаттың шаруашылық бөлімін басқарды. 1954ж. Совет Армиясы қатарына алынып, әскери міндетін өтегеннен кейін елге оралды. 1958 жылдың наурызынан 1964 жылға дейін трактор-егіс бригадасының бригадирі болып істеді. Бұдан кейін бригадалардың ірілендіруіне байланысты 14 жыл қатарынан осы ұжымның есепшісі қызметін атқарды. Ал 1978 жылдан 1995 жылға дейін яғни зейнеткерлікке шыққанға дейін «Баянауыл» кеңшарының бөлімшесін басқарды.

Кеңес ағаның зайыбы Ясира Шайхудтинқызы Баян орта мектебін бітіріп, 1971 жылдан 1990 жылға дейін үзіліссіз бастауыш сыныптарда мұғалім болды.

Зейнетке шыкса да тағы үш жыл еңбек етті. Ясира бастауыш сынып мұғалімдерінің алдыңғы қатарында болды. Әр сабағына ізденіс арқылы мұқият дайындалып, шәкірттерін терең жан-жақты біліммен сусындатып, олардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырды. Бұл жанұяда 4 ұл, 3 қыз өмірге келді.

Ахметжанов Абай Қапанұлы



Абай Қапанұлы Ахметжанов 1949 жылдың 15 қазанында Баян ауылында өмірге келіп, осы ауылдағы қазақ орта мектебін тәмамдаған соң арман қуып әсем қала Алматыға келеді. Осындағы көп оқу орындарынан Қазақ Мемлекеттік Политехникалық институтын таңдап, оның архитектура факультетіне құжатын ойланбастан өткізеді. Өйткені, Абай бала кезінен сызу, сурет салу өнеріне бейім болатын. Арман адастырмапты. Зерек баланың талабы институт қабырғасында кеңінен ашыла түсті. Ол студенттер арасынан белсенді жас ретінде қоғамдық

жұмыстардың ұйытқысы атанды. Оқуды 1973 жылы үздік бітірген соң оны арнайы жолдамамен Целиноградтағы Инженерлік-құрылыс институтына ұстаздыққа жіберді.

Абайдың қабілет-дарыны осында кең қанат жайып, іздену жолына біржолата берілді. Ол ұсынған көптеген архитектуралық жобалар Республикалық белгілі сәулетшілерден жоғары баға алып, сол кездің өзінде-ақ СССР Сәулетшілер Одағының мүшелігіне өтті. 1980 жылы Алматыға қоныс аударған соң, сол жылдан бастап, Алматы іргесіндегі аграрлы аудандардың бірі – Талғардың бас архитекторы болып, өзінің бала кезінен армандаған кәсібіне белсене кірісіп кеткен болатын. Абай Қапанұлы бұл салада ширек ғасырдан астам уақыт жұмыс істеді. Осы жылдар ішінде ол еліміздегі белгілі сәулетшілермен, жобалау институттарымен тығыз байланыс жасап, әсіресе, ауылшаруашылығы саласына қажетті құрылыс объектілерін жобалауға атсалысты. Сонымен қатар Талғар ауданының өсіп-өркендеуіне, көркеюіне өзіндік үлес қосты. Атап айтқанда, 17 елді мекен мен Талғар қаласының бас жоспары жасалып, оның біразы халық игілігіне берілді де. Бесағаш ауылындағы 540, «Шаңырақ» мөлтек ауданындағы 400 орындық орта мектептерде, Талғар қаласы мен басқа да ауылдарда бой көтерген сауда орындары мен жол бойындағы қызмет көрсету объектілерінде, қонақ

үйлер мен кафе, барларда, түрлі ойын-сауық отауларында бас сәулетшінің қолтаңбасы сайрап жатыр.

Осыған орай, Абай Қапанұлы атақ-абыройдан да, сый-құрметтен де қалыс қалған жоқ. Ол 1997 жылы Европа университетінің сәулетші мамандығы бойынша «доктор» атағына ие болса, 1998 жылы Мәскеулік бөлімшенің «Табиғат және қоғам жөніндегі Халықаралық Ғылым Академиясының» толық мүшелігіне сайланды. Ал, 2002 жылы осы ғылым Академиясының Құрметті атағы беріліп, «Ғылым және өнер серісі» орденімен марапатталды. 2005 жылы Табиғат тану ғылымы Европа Академиясының «Құрметті докторы» дәрежесіне ие болып, осы Академияның «Золотой коронованный орел» орденімен, сонымен қатар «Қазақстан Республикасы Ата Заңының 10 жылдық мерекелік, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген архитекторы» медальдармен марапатталған ел азаматы еді.

2007 жылдың ақпанында дүниеден өтті.

Әбілов Әскер Әбілұлы



Әбілов Әскер 1930 жылы Майбалық ауылында туған. 1946 жылы осы ауылдағы орта мектептің 9 сыныбын бітірген соң 17 жастан бастап ұстаздық қызмет атқарды. Алдымен Қарағаш бастауыш мектебінде, одан кейін Амангелді, Айтуар, Преснов, Киров, Архангелка мектептерінде, ал 1956 жылдан Баян орта мектебінде оқушыларға сабақ берді.

1977 жылы «Баянауыл» кеңшарының жұмысшы комитетінің, бірер жылдан кейін ауылдық кеңестің төрағасы қызметтерін атқарды. 1991 жылы Баян орта мектебінің оқу ісінің меңгерушісі болып жүріп құрметті демалысқа шықты.

Көп жылғы мінсіз еңбегі үшін бірнеше медальдармен марапатталған.

Әскер Әбілұлы жұбайы Әмина Тәжібайқызымен он бір бала тәрбиелеп өсірді.

Әубәкіров Қуантай Әубәкірұлы



Қуантай Әубәкірұлы 1942 жылдың 3-ші қаңтарында Ресейдің Қорған облысының Лебяжье ауданында дүниеге келген. 1945 жылы әкесі қайтыс болып, ол Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданы Амангелді аулында тұратын нағашыларының жанына көшіп келді. Сол ауылда 1948-1955 жылдары жетіжылдық мектепті бітірді. 1953 жылы шешесі дүниеден өткен соң, туыстары Қуантайды Баян интернатына орналастырды. Сол жерде 1955-1958 жылдары Баян орта мектебінің 8-10 кластарында оқиды. Мектепті бітіргенмен әрі қарай оқуға баруға үстінде не киімі, не жолға ақшасы жоқ, ол жаңа ұйымдасқан Жамбыл совхозында 2 жыл жұмыс істеуге мәжбүр болады. Содан кейін ол 1960 жылы Алматыға келіп, ауылшаруашылық институтының агрономиялық факультетіне оқуға түседі.

Институтта оқып жүріп ол ғылыми жұмыстармен айналасуға ниет білдіреді. Ректорат оған ғылыми

жұмыспен айналасуға ұсыныс жасап, Қазақстандағы алғашқы болып ашылған, сол кездері атағы жоғары ғылыми ошақтың бірі Қостанай облысында орналасқан Қарабалық селекциялық тәжірибе станциясына ғылыми қызметке жібереді. Сол жерде жұмыс істеп жүріп, 1967 жылы Москвада Бүкілодақтық халық шаруашылық көрмесіне қатысып, үшінші дәрежелі сыйлығын алды.

Қуантай Әубәкірұлы 1968-1971 жылдары Қазақтың В.Р.Вильямс атындағы егіншілік ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасын бітірді. 1973 жылы «жоңышқаның селекциясы» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғады.

Қуантай Әубәкірұлы жаңадан ашылған (1969 ж.) Қазақтың шалғындық және жайылым ғылыми зерттеу институтына қызметке жіберілді. Мұнда ол 1974 жылы аға ғылыми қызметкер дәрежесіне көтерілді. 1979 жылдан сол институттың «Шалғындықты жақсарту және тиімді пайдалану» бөлімін басқарды.

Сол жылдардан бастап оның басшылығымен Қазақстанның далалық, құрғақ далалық және шөлейт аймақтарындағы табиғи шабындықтарды жақсартудың және тиімді пайдаланудың теориялық негіздері зерттелді. 25 жылдық ғылыми еңбектің негізгі қорытындысы ретінде Қуантай Әубәкірұлының 2002 жылы жарық көрген «Пойменные и лиманные луга

Казахстана» (Алматы «Бастау» 350 бет) монографиялық ғылыми еңбегін айтуға болады.

1979-1990 жылдары ол Республика көлемінде өз саласында жүргізілген ғылыми жұмыстарды жоспарлау мен сараптау комиссиясына жетекшілік етті. Москвада, Новосибирде, Владимирде, Самарқандта, Эстонияда, Қырғызстанда, Белоруссияда өткен ғылыми конференцияларға қатысып ғылыми баяндамалар жасады.

Қуантай Әубәкірұлы 110-ға тарта ғылыми еңбектің және 4-5 кітаптың авторы. Оның ғылыми жұмыстары Республикалық, Бүкілодақтық және Шет ел (Қытай, Вьетнам) ғылыми журналдары мен кітаптарда басылған.

Ол 2002 жылдан бастап Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің жалпы егіншілік және өсімдік шаруашылығы кафедрасының профессоры. Университетте «Научные основы повышения продуктивности пойменных и лиманных лугов Казахстана» тақырыбына докторлық диссертация қорғады. (2005 ж.).

Бұл жұмысты Қазақстанда осы тақырыпта жүргізілген және қорғалған алғашқы ғылыми еңбек деп айтуға болады.

Қуантай Әубәкірұлының жетекшілігімен төрт аспирант кандидаттық диссертация қорғады.

Қазір ол «Мал азығын өндіру», «Шалғынтану негіздері» пәнінен қазақ тілінде оқулықтар мен оқу

құралдарын шығаруға жетекшілік етеді. 2007ж. Оның авторлығымен «Жаңа және аз тараған мал азықтық өсімдіктер» кітабы жарық көрді. (Алматы «Білім» 235 бет).

Қуантай Әубәкірұлы университеттің ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторлық диссертация қорғау кеңесінің мүшесі. Университетте жүргізіліп жатқан ғылыми жұмыстарға жетекшілік етеді.

Оның жұбайы Әубәкірова Мариям Қосайқызы Қазақтың ауылшаруашылық институтын бітірген, мамандығы агроном. Қазақтың шалғындық және жайылым ғылыми зерттеу институтында ғылыми жұмыстармен айналысқан. Қазір құрметті демалыста. Екі баласы бар. Ұлы – Әубәкір Айдар Қуантайұлы 1969 жылы туған. Қазір Республикалық Кеден комитетінің қызметкері. Қызы – Әубәкірова Анар Қуантайқызы 1974 жылы туған, экономист. Үш немересі бар – Абай, Әділ және Әлихан.

Әскер Әбілқайыр



Әбілқайыр Әскер Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Баян ауылында 1942 жылы 25 қаңтарда дүниеге келген, Жылы – Жылқы, Жұлдызы – Суқұйғыш. Баян орта мектебін 1959 жылы жақсы бітіргенімен, бірден жоғары оқу орнына түсуге асықпай, еңбекке араласты. Өйткені сол кездегі талап бойынша мектеп бітіруші жоғары оқу орнына түсу үшін міндетті түрде екі жыл тікелей өндірісте еңбек етуі қажет болатын. Осы мақсатпен ол 1961 жылы Преснов ауданындағы көршілес Архангелка селосының № 36 ауыл шаруашылығы механикаландыру училищесінің механизаторлар даярлайтын қысқа мерзімді курсында оқып, оны үздік тәмамдады. Трактортшы-комбайншы мамандығын алып шыққан ол, туған ауылында механизатор болып еңбек етіп, шаруашылықтың көктемгі егіс, жазғы жемшөп дайындау және күзгі егін орағы сияқты науқанды дала жұмыстарының бәріне белсене араласты.

Осылай екі жыл тікелей ауыл шаруашылығы саласында еңбек еткеннен кейін 1962 жылы Алматыдағы Абай атындағы ҚазПИ-дің филология факультетінің күндізгі бөліміне оқуға түседі. Дәл сол кезде жоғары оқу орындарының студенттерін үш жылға әскер қатарына шақыртып, азаматтық борыштарын өтеу үрдісі бар болатын. Бұл міндет бойынша ол, 1963 жылы күзде әскер қатарына шақырылып, бірақ алынбай, бір жылға кейінге қалдырылады. Осыған байланысты ол бір жылға академиялық демалыс алып, каникул кезінде Алматыдағы Орта Азияға белгілі «КВО және Т» зауытында уақытша слесарь-құрастырушы болып еңбек етеді, келесі жылы институттағы оқуын одан әрі жалғастырады. Бірақ бір жыл өткеннен кейін әскер қатарына тағы да шақырылып, 1964-1967 жылдары аралығында азаматтық борышын Ресейдің Саратов қаласында абыроймен өтейді. Әскер қатарында жүріп КПСС мүшелігіне қабылданады. Міндетті азаматтық борышын өтеп келген соң бірден жоғары оқу орнындағы оқуын одан әрі жалғастырып, ҚазПИ-ді 1970 жылы жақсы бітіріп шығады.

Институтты бітірісімен-ақ ол республика Оқу министрлігінің жолдамасымен сол кездегі Көкшетау облысына жіберіледі. Облыстық оқу бөліміндегілер жылы қарсы алып, оған алыстағы Қызылту ауданындағы бір орта мектептің оқу ісі жөніндегі

меңгерушісі қызметін ұсынады, келесі жылы мектеп директоры зейнетке шығады, оның орнын өзің басасың, - дейді. Бірақ ол институтта қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі мамандығын алып шықса да, мектепте сабақ беруден бас тартып, жоғарыдағы жақсы ұсынысқа да құлақ аспай, ұстаздықпен айналыспайды. Өйткені ол бала кезінен өзі армандаған журналист болуды мақсат етіп, соның жолына түседі. Ол да тектен-тек емес еді. Себебі оның өлеңдері мен мақалалары мектепте оқып жүрген кезден бастап, облыстық «Ленин туы» газетінде жиі жарияланып ауылда жергілікті тілші атанса, материалдары республикалық «Қазақстан пионері», «Лениншіл жас» газеттері мен «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері» журналдарында басылды, республикалық Қазақ радиосынан жүйелі оқылды. Осылардың әсері болар, сөйтіп ол, көптен армандаған журналистік жолға бел буып, 1970 жылы Көкшетау облыстық «Көкшетау правдасы» газетіне әдеби қызметкер болып орналасады. Бұрыннан шығармашылық жұмыспен үнемі шұғылданып жүрген оған, журналист болу онша қиындық туғызбайды. Бәрі де ынта-жігерде, ерекше құлшынысқа және бейімділікке байланысты ғой. Ерінбей еңбектену мен жалықпай ізденудің арқасында журналистік жұмысты да аз уақыттың ішінде ұршықша үйіріп, жедел игеріп кетті.

Соның нәтижесінде ол 1971-1973 жылдары рес-

публикалық «Қазақстан әйелдері» журналында әдеби қызметкер болып қызмет атқарды. Ал 1974 жылдан бастап, зейнетке шыққан 2005 жылдың 25 қаңтарына дейін табаны күректей отыз бір жыл үзбей «Солтүстік Қазақстан» облыстық газетінде алғашында аудармашы, әдеби қызметкер, аға тілші болып қызмет атқарса, кейін хабар және спорт, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы сияқты үлкен бөлімдердің меңгерушілігіне, бөлім редакторына дейін жоғарылатылады, көп жылдар редакция алқасының мүшесі атанды. Ол ұзақ жылдар редакция кәсіподақ комитетінің төрағасы, облыстық кәсіподақтар кеңесінің мүшесі, Астанада өткен Қазақстан Кәсіподақтары федерациясы XVIII съезінің делегаты, 1978 жылдан КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағы облыстық ұйымы басқармасының жауапты хатшысы болды. Сондай-ақ ол Қазақстан Аграрлық партиясының мүшелігіне қабылданды. Ал қазір республикалық «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының мүшесі.

Сондай-ақ ол 2003-2004 жылдары республикалық «Заң газетінің» Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өңіріміздегі тұңғыш меншікті тілшісі болып қызмет атқарды. Ал 2003-2007 жылдар аралығында республикалық «Спорт КЗ» спорт газетінің аймағымызда алғаш рет Солтүстік Қазақстан облысы

бойынша меншікті тілшісі, республикалық «Дала дидары» және «Аграрный Казахстан», «Шығыс спорты өнерлері» газеттерінің қоғамдық тілшісі де болды.

Оның очерктері мен суреттемелері және әр түрлі тақырыптағы проблемалық, көкейкесті мәселелерді көтеретін мақалалары жергілікті облыстық газеттерде ғана емес, сонымен бірге республикалық мерзімдік басылымдарда да жүйелі жариялануда. Ол кезінде бірнеше қайта республикалық газет-журналдардың жыл қорытындысы бойынша жариялаған конкурс-байқауларының жеңімпазы, жүлдегері атанды.

Оның өлеңдері мен очерктері, суреттемелері және басқа да мақалалары баспадан шыққан ұжымдық жинақтарда жарияланған. Атап айтқанда, Петропавл қаласында 2003 жылы жарық көрген Солтүстік Қазақстан облысы қаламгерлерінің «Қызылжардан ескен леп» атты жинағында-топтама өлеңдері, Мәскеудің «Русский раритет» баспасында 2005 жылы жарық көрген «Солтүстікқазақстандықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында» басылымында – «Елбасы құттықтаған майдангер» очеркі, Мәскеудің «Профсоюзы» журналының 2003 жылғы №5 санында – «2003 жыл – Ресейдегі Қазақстан жылы» айдарымен «Қорғандағы кездесулер» атты сапарнамалық суреттемесі, облыс орталығындағы «Северный Казахстан» баспасынан 2004 жылы шыққан

«Татары на Севере Казахстана» жинағында – «Жаса, татар туыстар!» суреттемесі, 2005 жылы «Северный Казахстан» баспасы ЖШС-ында басыл-ған «Өмірде ізі жарқырап» естеліктер жинағында – «Жорналшылар жолбасшысы» естелігі жарияланған. Сондай-ақ, облыстық әр түрлі тақырыптардағы бай-қау-конкурстардың талай рет жеңімпазы, жүлдегері атанды.

Ә.Әбілқайыр 1965 жылғы 4 мамырда КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жиырма жылдығы» мерекелік медалімен, 1981 жылы 11 желтоқсанда КСРО Халық шаруашылығы жетіс-тіктері көрмесінің (ВДНХ-ның) қола медалімен, 2000 ж. 4 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталған. Сондай-ақ, ол – Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Құрмет Грамотасының (2000ж.), Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің Құрмет Грамотасының (1995 ж.) иегері.

Бегалин Сүйіндік Қазиханұлы



Бегалин Сүйіндік Қазиханұлы 1953 жылы 25 ақпанда Баян ауылында туған. 1978 жылы Қарағандының политехникалық институтын бітіргеннен кейін № 112 қалалық кәсіптік-техникалық училищеде шебер, аға шебер, директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары болып істейді.

1987 жылы Петропавл қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланды. Он алты жыл Солтүстік Қазақстан кәсіптік-педагогикалық колледжінің директоры болып еңбек етті. Бірнеше рет депутат болып сайланды. Ал 2006 жылғы қарашадан бастап Петропавл қалалық мәслихатының хатшысы болып істеді.

Оның адал еңбегі мемлекеттік наградалармен атап өтілді, кәсіптік-техникалық білім жүйесінің үздігі атағын алды. Педагогика Ғылымының кандидаты Сүйіндік Қазиханұлы жоғары жауапкершілігімен, парасаттылығымен және ізгі ниетімен ерекшеленді.

2007 жылғы 7 маусымда қайтыс болды.

Бегалин Сағындық Қазиханұлы



Бегалин Сағындық Қазиханұлы 1958 жылы 29 маусымда Баян ауылында туған. 1980 жылы Қарағанды политехникалық институтын бітірген, кейін Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің заң факультетін тәмамдады.

1980 жылы ЕС-164/4 еңбекпен түзету мекемесіне мемлекеттік жолдамамен темір өңдеу цехының бастығы болып қызметке орналасады, әрі қарай осы мекемеде 1993 жылға дейін әр түрлі басқарушы қызмет орындарында жұмыс істейді.

1993 жылдан 6 жыл бойы Петропавл қаласы Заречный кентіндегі түзету колониясында алғашында директор, кейін осы мекеменің бастығы болды.

1997-2000 жылдарда Солтүстік Қазақстан облысы ішкі істер басқармасы Қылмыстық атқару жүйесі басқармасының бастығы, ал 2000 жылдан 2003 жылға дейін облыстық ішкі істер басқармасының бастығының орынбасары, ал қазіргі уақытта

облыстық ішкі істер департаментінің Көші-қон полициясы басқармасының бастығы болып істейді.

Сағындық Қазиханұлы полиция полковнигі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің еңбек сіңірген қызметкері, мемлекеттік марапаттар иесі.

Үйленген, екі баласы бар.

Бостандық Шабанайұлы Исатай



Бостандық Шабанайұлы Исатай 1945 жылдың 25 қыркүйегінде Айтуар ауылында туған. 1962 жылы Баян орта мектебін күміс медальға бітіріп, осы жылы Ташкенттің электротехникалық институтына түсті.

Баян орта мектебінде ширек ғасыр уақыт бойы ұстаздық етті, математика мен физикадан сабақ берді. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Үгітші, насихатшы, бастауыш партия ұйымының хатшысы, сотта халық заседателі, ауылдық сайлау комиссиясының төрағасы секілді қоғамдық қызметтерді мінсіз атқарды.

1993 жылы Бостандық Шабанайұлы Баянауыл ауылдық Кеңестің төрағасы болып сайланады, ал 1995 жылы осы селолық округтың әкімі қызметіне тағайындалды. Осындай жауапты жұмыстарды атқарып өзінің ұқыптылығымен, зиялылығымен көзге түсіп еді. Сөйлеген сөзінен, жүрген жүрісінен, тұрған тұрысынан ұстаз екені сезіліп маңайына нұр шашып тұратын.

Зайыбы Күлзара Ғалымжанқызы да жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін Баян орта мектебінде мұғалім болып істеді. Бүгінде Бостандық пен Күлзараның балалары да олардың жолын қуып, ұстаздықты таңдап алған. Дилбар мен Ербол Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде оқытушылық қызметте, Жандос Жамбыл аудандық ішкі істер бөлімінде, полиция майоры. Ал Жәнібек Петропавл жоғары әскери училищесінде оқытушы, ең кенже қыздары Баян жоғары білімді фармацевт.

Бостандық Шабанайұлы 2003 жылы өмірден озды.

Еламанов Нұржан



Еламанов Нұржан Уәйісұлы 1928 жылдың 18 наурызында Төңкеріс ауданының Молалы ауылында туған. 1942 жылы Үлгі жеті-жылдық мектебін, 1946 жылы Петропавл қаласындағы Калинин атындағы № 5 орта мектепті бітірген. 1950 жылы Абай атындағы Алматының педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін ойдағыдай аяқтап, еңбек жолын Баян орта мектебінде бастады. 1951-1954 жылдары армия қатарында әскери міндетін атқарып, кейін осы мектепте ұстаздық жолын жалғастырды. 1970-1977 жылдары Жамбыл ауданының Озерный орта мектебінде қызмет етті. 1977 жылы қайтадан Баян орта мектебіне оралып, қызметін жалғастырды.

Нұржан Уәйісұлы өзінің 41 жыл педагогтік өмірінің денін осы мектепте өткізген. Ол ұлағатты ұстаз, елге сыйлы болған, ауылдың қоғамдық өміріне тығыз араласқан азамат. Өмірінің ақырына дейін мектептен қол үзбей, педагогтік білімін, өзінің ұс-

таздық ұлағатын, ақыл-кеңесін кейінгі жас ұрпақ ұстаздарға беріп отырды. Нәтижелі де жемісті еңбектері үшін «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағын алды, «Құрмет белгісі» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталды.

Жұбайы Зура Мырзагелдіқызы да 1954 жылы педагогикалық институтты бітіріп, жолдамамен осы Баян орта мектебіне келген болатын.

Ұлан, Батыр атты ұлдарын өсіріп, үлгілі отбасы болды. Үлкен ұлы Ұлан Қарағанды политехникалық институтында инженерлік мамандық алып Арқалық қаласының әуежайында 22 жыл қызмет еткен. Қазір Щучье қаласында еңбек етеді. Кіші ұлы Батыр жұбайы Зәбирамен елде тұрады.

Есмағамбетов Шадат



Есмағамбетов Шадат 1913 жылы 20 тамыз күні Орталық ауылында дүниеге келген. Әке-шешесінен ерте айрылып, ағасы Сұлтанның бауырында тәрбиеленіп, «Раздолье» совхозында жұмыс істейді.

1936 жылы Қызыл әскер қатарына шақырылады. 1939

жылы ақ финдермен болған соғысқа қатысқан. Міндетті әскери борышын аяқтаған соң Свердловскіде кіші әскери командирлер даярлау мектебін бітіріп, кіші лейтенант атағын алады.

1940 жылы елге оралып Майбалық мектебіне мұғалім болып орналасады. 1941 жылы тамыз айында Ұлы Отан соғысына аттанады. Семей қаласында жасақталған 318 атқыштар дивизиясының құрамында 1942 жылы наурыз айында Калинин майданының Великие Луки қаласының маңында алғашқы ұрысқа кіреді. 1943 жылы қараша айында «Молодой труд» қаласын азат етуде көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталған.

1944 жылдың күзінде екінші рет жарақаттанғанына байланысты 101 ерекше атқыштар батальонда оқужаттығу ротасының командирі қызметін атқарады.

1946 жылы әскер қатарынан босап келіп Майбалық мектебіне мұғалім болып орналасады. Осы мектептің Баян ауылына көшірілуіне байланысты Баян орта мектебіне мұғалім болады. 1954 жылдан аталмыш мектепте алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, кейіннен мектеп жанындағы интернатта тәрбиеші болып құрметті демалысқа шыққанға дейін қызмет етті.

1981 жылы наурыз айында 68 жасында қайтыс болды.

Есмақанов Баймұрат



Баймұрат Есмақанұлы 1939 ж. Баян ауылында дүниеге келген. Орта мектепті күміс медальға бітірген соң, Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің журналистика бөлімін бітіріп, 1962 жылы еңбек жолын «Тың өлкесі» газетінде әдеби қызметкер болып бастайды.

1964 ж. партия органдарының жолдамасымен Москвадағы КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Жоғары мектебіне оқуға жіберіліп, оны 1966 жылы бітіреді. Одан соң ұзақ жылдар қауіпсіздік органдарында қызмет атқарады, Ақмола ауылшаруашылығы институтында аға оқытушы болады.

1977 жылы облыстық «Коммунизм нұры» (қазіргі «Арқа ажары») газетіне қайта оралып, бірнеше жыл үгіт-насихат және ауылшаруашылығы бөлімдерін

басқарып, редактордың орынбасары лауазымына дейін көтерілді.

Қаламы қарымды журналист Баймұрат Есмақанов зейнет демалысына шыққаннан кейін де қарап отырмай аударма ісімен айналысты. Ол тәржімелеген ағылшынның атақты жазушысы Уильям Мак-Гиверннің «Барлығына қарсы – жалғыз өзі», швейцария жазушысы Фридрих Дюрренматтың «Судья және жендет» атты романдары 2003 жылы «Аударма» баспасынан жарық көрді. Сол сияқты ол американ жазушылары Эд Макбейннің, Джадсон Филипстің детективті романдарын орыс тілінен аударып шықты. Жалпы оның қаламынан көптеген очерктер мен әңгімелер туды. Асып-таспайтын, кішіпейіл, қарапайым, өз мамандығын жетік меңгерген дарынды журналист еді. Өмірінің соңғы жылдары денсаулығының сыр бере бастағанына қарамастан шығармашылық жұмысынан бір сәтке де қол үзбеді.

Еламанов Әбдірахым



Еламанов Әбдірахым (19.09.1916, Солтүстік Қазақстан обл., Жамбыл ауданы Баян ауылы. 13.05.1970, Алматы) – ғалым, Қазақстан ҒА-ның корр. мүшесі (1962), ауылшаруашылық ғылымдарының докторы (1968). Алматы зоотехн. мал дәрігерлік институтын бітірген (1936). 1936-38 жж. агротехниктер мектебінің оқытушысы, 1938-41 ж. мал шаруашылығы стансасының ғылыми қызметкері болған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1946-52 ж. Сібір мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, директоры, 1955-56 ж. және 1965-70 ж. Қазақстан Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары, министрі (1962-64), 1957-61ж. Қазақ ауыл шаруашылық Ғылым Академиясының мал шаруашылығы бөлімінің академик-хатшысы, 1964-65ж. Қазақстан Министрлер Кеңесінің кеңесшісі қызметтерін атқарған.

Негізгі ғылыми еңбектері қойдың жаңа тұқымда-

рын шығаруға, Қазақстанда қой шаруашылығын өркендету жүйесін жасауға арналған. Биязы жүнді байкал қойы (1956) мен солтүстік қазақ. мериносын (1967) шығарушылардың бірі. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Еламанов Қабдолла



Еламанов Қабдолла 1896 жылы Баян ауылында туған. Троицк қаласындағы гимназияны бітірген. Орыс тілін жетік меңгерген, сол сияқты араб тілінде жаза да сөйлей де білген. Латын әріптерімен қазақша сауатты жазатын. 1928 жылы Ленинград қаласында халықшаруашылығын басқару жөніндегі курстың тыңдаушысы болған. ВКП(б) мүшесі, Ақмола, Көкшетау облыстарының ауылшаруашылығының әртүрлі учаскелерінде еңбек еткен.

1937 жылы қуғын-сүргінге ұшырып, 20 жыл бойы мекен-жайы белгісіз болған. 1957 жылы дүниеден

өтті. Қорған облысының Петухов стансасында жерленген.

Артында Қайрат, Марат және Қайыргелді атты ұлдары қалды.

Еламанов Таңат Мұқамедияұлы



Еламанов Таңат Мұқамедияұлы 1928 жылы 1 ақпанда Баян ауылында туған. Ұлы Отан соғысы жылдары ол оқуды тастап тылда майдан үшін жұмыс істеді. Соғыстан кейін орта мектепті экстерно бітіріп, Қазақтың Мемлекеттік университетінің физика факультетіне оқуға түсті.

Университетті бітіргеннен кейін Т. Еламанов СССР-дің әскери-теңіз флотында азаматтық борышын өтеді. Әскери қызметін өтеу барысында ол Қара теңіз және Балтық флоттарында болды. Аға лейтенант дәрежесін алып елге оралды.

Армиядан кейін Таңат Еламанов өзін ғылымға арнады. 1970 жылы академик Тәкібаевтың басшылығымен кандидаттық диссертация қорғады. Т. Еламанов Қазақстан мен Орта Азияда электрондарды

жылдамдатқышты бірінші рет ұшырған, осы жөнінде «Огонек» журналында жарияланды. Ол сонымен қатар Алматының энергетика институтында Оптика мен Ядролық Физиканың лабораториясын құрды.

Соңғы уақытта Қазақ Мемлекеттік университетінде және Алматының энергетикалық институтында физика кафедрасының доценті болып істеді.

Таңат Еламанов «Ұлы Отан соғысындағы жеңіс үшін», «Социалистік жарыстың жеңімпазы» медальдарымен марапатталған. Оның ғылыми мақалаларының көшірмесі Стенфорд университетінің кітапханасында сақталған.

Үш баласы, бірнеше немересі және шөберелері бар.

Еламанов Марат Қабдоллаұлы



Еламанов Марат Қабдоллаұлы 1938 жылы 24 наурызда Баян ауылында туған. Орта мектепті 1957 жылы бітіріп, осы жылы Алматыдағы Қазақтың мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне түскен.

Институтты ойдағыдай бітіргеннен кейін туберкулезді

зерттейтін Қазақтың ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер, одан кейін осы институттың өкпе туберкулезі бөлімінің меңгерушісі болды. Ленинград қаласында аспирантурада оқып, оны 1973 жылы бітіргенде кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты. Оның тақырыбы туберкулезден емдеу жолдарына арналған еді. Осыдан кейін Алматының дәрігерлердің білімін жетілдіру институтында доцент болып істеді.

Кейінірек Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне жұмысқа шақырылып, онда еңбекті экспертизациялау бөлімінің бастығы болды.

1991 жылы Алматыдағы аймақтың диагностикалық орталықтың директоры, соңғы кезде – ауданаралық (Әуезов, Бостандық аудандары) туберкулезге қарсы диспансердің бас дәрігері.

М.Қ.Еламанов – жоғары санаттағы дәрігер, Медицина ғылымдарының кандидаты, СССР-дің денсаулық сақтау саласының үздігі. Медицина жөніндегі 34 ғылыми еңбектің авторы.

Үйленген, бір қызы және бірнеше немерелері бар.

Едірісов Мырзахан Ғосманұлы



Мырзахан Ғосманұлы Едірісов 1947 жылы Баян ауылында туған. 1966 жылы Буденый орта мектебін бітірді. 1972ж. Целиноград ауылшаруашылық институтын бітіргесін, Преснов ауданының XXIII партсъезі атындағы кеңшарда механик-бақылаушы ретінде еңбек жолын бастады. 1975-1982 жылдары Жамбыл ауданының "Жаңажол", "Благовещенский" кеңшарларының бас инженері болып қызмет атқарды.

1982 жылдан 1986 жылға дейін Жамбыл аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженері, бастықтың орынбасары болды. 1986 жылдан 9 жыл бойы Жамбыл ауданының "Жамбыл" кеңшарын басқарды.

1996 жылдан 2004 жылға дейін Преснов, (аудандардың қосылуынан кейін) Жамбыл ауданы электр желілерінің бастығы, 2005 жылдан 2006 жылдың шілде айына дейін "Ауыл" ҚСДП Солтүстік Қазақстан облыстық филиалында үйлестіруші, ал 2006 жылдың шілде айынан бүгінгі күнге дейін "Есіл су" РМК-ның Соколов су құбырлары басқармасының бастығы болып қызмет атқарады.

Жұмабаев Еркін қажы



Еркін қажы Көшербайұлы Жұмабаев 1934 жылы туған. Баян орта мектебін бітіргеннен кейін Щучинскідегі тау-кен техникумында оқып, геолог мамандығын алған. Жезқазған, Көкшетау геология-барлау экспедицияларында геолог ретінде зерттеу жұмыстарымен шұғылданған. Ал 1979 жылдан 1986 жылға дейін яғни зейнеткерлікке шыққанша Көкшетаудағы Васильковка кен байыту комбинатының құрамындағы Абай геологиялық партиясында еңбек етті.

2002 жылы мұсылмандықтың бес парызының бірі – қажылыққа барып келді.

Зайыбы Сайран Әубәкірқызы көп жылдар геология саласында қызмет атқарды. Қазбек, Жәнібек, Көкен деген ұлдары, Сара атты қызы бар. Жеті немере сүйіп отыр.

Жетеев Тілеген Мырзахметұлы



1940 жылы 18 наурызда туғанмын. Ресми еңбек өтілім 1960 жылдан бүгінгі күнге дейін десе де болады. Шындығы алғаш колхоз жұмысына, өгіз жетектеуге 11 жасымда араласа бастадым. 1946-47 оқу жылында Баян орта мектебінің 1-класына барып (мұғаліміміз атақты Кәкім Иманов болды), 1956-57 оқу жылында орта мектепті тәмамдап аттестат алдым. Оқу жаман болған жоқ, күміс медальға бір «4»-ім артық болып, ілеге алмай қалдым.

Әке-шешемнің денсаулықтарына байланысты жоғары оқуға бара алмадым. Бір жылы «С-6» комбайнында істедім. Содан 1957 жылдың аяғында Петропавлдағы ауылшаруашылық техникумына алғашында сырттай түсіп, 1958 жылда күндізгісіне (очныйға) ауысып оқыдым. Техникумды 1960 жылы наурыз айында аяқтап, бөлімше агрономы мамандығын алдым.

1960-62 жылдары алдымен «Баян» колхозында бас агроном, 1961 жылы колхоз совхозға ауысқанда бөлімше агрономы болдым. 1962 жылы наурыз айынан бастап бөлімше басқарушысы, 1971 жылы қараша айынан 1975 жылдың қазан айына дейін совхоз парткомының хатшысы (50 лет ВЛКСМ с-зы), 1975-1980 жылдары Ступинский совхозының директоры, 1980-1985 жылдары Возвышенка элеваторының директоры, 1985-89 жылдары Қайранкөл элеваторының директоры, Қайранкөл селолық советінің төрағасы, «Батыр» шаруа қожалығының жетекшісі, ал 2007 жылдың желтоқсанынан аудандық «Ауыл арайы» газетінің қазақ бөлімінің редакторымын.

1966-1972 ж. Целиноград ауылшаруашылығы институтын сырттай бітіріп, ғалым-агроном мамандығын алдым.

Еңбек Қызыл Ту ордені, медальдарым бар.

Жұмабаев Социал Жұмабайұлы



Жұмабаев Социал Жұмабайұлы 1937 жылы Молалы ауылында туған, Баян орта мектебін күміс медальға бітірген.

1962 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих-әдебиет факультетін бітіріп, 1971 жылға дейін Үлгі сегіз жылдық мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді.

1971-1985жж. арасында Жамбыл аудандық оқу бөлімінің инспекторы болып істеген.

1985-1990жж. Жамбыл аудандық оқу-ағарту қызметкерлері кәсіподағының төрағасы, 1990 жылы Жамбыл аудандық «Ауыл арайы» газетінің жауапты хатшысы қызметіне тағайындалып, 1995 жылы зейнеткерлікке шықты.

2001 жылдан бері Солтүстік Қазақстан облыстық өлкетану музейі жанындағы «Асыл мұра» орталығының қызметкері болып істейді.

«Арманды ақын» (Баймағамбет Істөлин туралы), «Сегіз сері» (екі томдық), «Қожаберген жырау»

кітаптарын құрастырушы, «Тоқсан би», «Бір әулеттің тарихы», «Мәлік Айдарбеков», «Шағырай шешен», "Ер Есеней", «Ұлылар туған өлке», "Туған ел шежіресі" кітаптарының авторы.

Бірнеше медальдармен, мақтау қағаздарымен, Қазақ ССР оқу-ағарту ісінің озық қызметкері белгілерімен марапатталған.

Зейнел-Ғабиқызы Марал



Марал Зейнел-Ғабиқызы 1951 жылы шілде айының 23-жұлдызында, қазіргі Шал ақын ауданы Ортаққөл ауылында, жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың отбасында дүниеге келді. Ол жастайынан өлең-жыр, ән мен күйге құмар болып өсті. Баян орта мектебінде оқып жүргенде әдеби кештерге, спектакльдерге, концерттерге белсене араласты. 1968 жылы Қызылжар қаласындағы облыстық № 2 мектеп-интернатты аяқтап, ауылда клуб меңгерушісі болып еңбек етті. 1970-76 жылдар аралығында Целиноград мемлекеттік

медицина институтында оқып, дәрігерлік мамандық алып шықты.

Соколов аудандық орталық ауруханасында 20 жыл дәрігер бола жүре, еліміз егемендік алғаннан кейін 1994-99 жылдары аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланып, түрлі мәселелерге өз пікірін ашық айтып, шешімін табуға ат салысты. 2000-2002 жылдар аралығында Қызылжар аудандық денсаулық бөлімінің бас маманы, ал 2002 жылдан бері Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімінде бас маман қызметін атқарады.

Негізгі мамандығынан басқа сүйікті ісі - шығармашылық. Жазған өлеңдері мен мақалаларын «Солтүстік Қазақстан», «Көкшетау», «Северный Казахстан», «Егемен Қазақстан», «Маяк», «Қызылжар және қызылжарлықтар» газеттерінен оқуға болады. 2002 жылы Алматы қаласы «Ғылым» ғылыми баспа орталығында алғашқы өлеңдер жинағы «Қызылжарым» жарық көрді, оқырмандар жылы қарсы алды. 2003 жылы ақын Мағжан Жұмабаевтың 110 жылдығына арналған өлеңдер жинағы «Қызылжардан ескен леп» атты кітапқа бірнеше өлеңдері басылды. 2004 жылы Петропавл қаласында облыс ақын қыз-келіншектерінің "Бәйшешектер-Подснежники" атты шығармалар жинағы жарық көрді, оған орысша-қазақша бірнеше

өлеңдері кірді. Одан соң, 2004 жылы жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың 80 жылдығына арналған «Қалам қадірін ұстаған біледі» атты жинаққа да өлеңдері басылды. 2006 ж. Петропавл қаласы «Полиграфия» баспасынан «Сырлы сезім» өлеңдер жинағы жарық көрді. 2006 жылы бір топ өлеңдері Қазақстан Жазушылар одағының газеті «Қазақ әдебиеті» газетіне басылды. Марал Зейнел-Ғабиқызы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. 2006 ж. Астанада өткен Халықаралық әйелдер конференциясы - Евразия әйелдері Саммитінің делегаты.

Отбасында жұбайы, екі ұлы бар. Жұбайы - Оспанов Абай Бейсенбайұлы хирург болып істейді. Ұлдары - Айбар, Айдын және Асылхан атты немересі бар.

Иманбаев Зейнел-Ғаби



1924 жылы 2 қаңтар күні Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданына қарасты (қазіргі Шал ақын ауданы) Ортаққөл ауылында туған. 1941 жылы Баян орта мектебін бітіреді де, денсаулығына байланысты, одан әрі қарай оқуын жалғастыра алмайды. Колхозда есепші болып істейді. Бірақ өздігінен оқып білімін көтереді, үнемі іздену, талаптану үстінде болады. Өлең жазады. Алғашқы өлеңдері облыстық «Ленин туы» газетінде /1940 жылы/ жарық көреді. З. Иманбаевтың тұңғыш әңгімесі – «Қанатты өмір» 1953 жылы республикалық «Әдебиет және искусство» /қазіргі «Жұлдыз»/ журналында басылады. Содан былай қарай облыстық, республикалық газет, журналдарда әңгімелері, очерктері, повестері үнемі жарияланып тұрады. Жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаев 22 қараша 1960 жылы Кеңес үкіметі Жазушылар Одағына мүшелікке қабылданды, Әдеби псевдонимі-Қаражігітов. Алғашқы әңгімелер жинағы – «Бастама»

деген атпен Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан 1959 жылы басылып шықты. Одан кейін «Сырымбет» /1960/, «Арлан» /1961/, «Дала көктемі» /1962/, «Жирен сақал» /1963/, «Кішкене малшы» / 1964/, «Кең аймақ» /1965/, «Жас шыбықтар» /1966/, «Солмайтын гүл» /1968/, «Нажағайлы түнде» /1970/ , «Кіреуке мерген» /1973/, «Айналайын, адамдар» / 1975/, «Қыран түлегі» /1977/, «Дала әңгімелері» /1979/ , «Құстар қайтып оралғанда» /1981/ А-Аты «Жалын», «Ауыл түтіні» /1985/, «Солмайтын гүл» /1988/ атты повестері, әңгімелері мен очерктері жеке кітап болып басылып шықты.

Зейнел-Ғаби Иманбаев өмірден оқыған жазушы. Әр қаламгер өмір сырына өз көзімен қарап, содан өзінше ой түйетіні белгілі. Осы тұрғыда нағыз шындықтан жаза баспауға тырысатын Зейнел-Ғаби Иманбаевтың тақырып шеңбері де ауқымды. Ол өзінің әңгіме, очерк, повестерінде ауыл өмірін, тың және тыңайған жерлерді игеру кезіндегі адамдардың қажырлы еңбегін, Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылдағы ауыртпалық, қиындықтар, әр түрлі мамандық иелері жайлы сөз қозғайды.

Зейнел-Ғаби Иманбаев өмірдегі елеусіз құбылыстардың өзінен тартымды әңгіме тудырып, тереңнен ой толғай білетін, тілге бай, сөзге тапқыр жазушы.

Ол балаларға арналып жазылған көптеген әңгіме,

повестердің авторы. Шығармаларының негізгі тақырыбы – туған жердің тамаша табиғаты, бала бойындағы кіршіксіз таза сезім, олардың аңқау да адал көңілдерінен туындап жатқан жайлар. Жазушы қай тақырыпта болмасын жас буынды Отанды сүюге, туған жер табиғатын қорғауға, батылдыққа, ержүректікке, еңбекте табанды болуға шақырады, достық, кішіпейілдік, тапқырлық, батылдық жайлы сөз болады.

Зейнел-Ғаби Иманбаев «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Грамотасымен, «Тың жерлерді игергені үшін», «Ерлік еңбегі үшін», «В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жеңісінің отыз жылдығы», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жеңісінің қырық жылдығы» медальдарымен наградталған.

1987 жылы ұзаққа созылған аурудан қайтыс болды.

Иманов Асаубай Кәкімұлы



Иманов Асаубай Кәкімұлы 1951 жылы Баян ауылында туды. 1975 жылы Целиноград ауылшаруашылығы институтын бітірген. Еңбек жолын 1975 жылы Сергеев ауданы Октябрь кеңшарында механик-бақылаушы болып бастаған.

1976 жылдан бастап Баянауыл кеңшарында бөлімше механигі, кәсіподақ комитетінің төрағасы, МТМ меңгерушісі, кеңшардың бас инженері болып істеді.

1998 жылдан Баянауыл селолық округінің әкімі.

Калин Таласбай



Калин Таласбай Қалыұлы 1936 жылы туған, Баян орта мектебін бітіріп, содан кейін Омбыдағы жоғары әскери училищеге оқуға түсті. Бір жылдан кейін Қиыр Шығыстағы маршал Рокосовский атындағы әскери училищеге

ауыстырылып, оны 1960 жылы ойдағыдай бітіріп шықты. Училищенің жолдамасымен Белгородтағы әскери ракеталық бөлімге қызметке барды. Мұнда бес жыл қызмет еткеннен кейін Магадан облысындағы Чукот ұлттық округындағы Анадыр қаласында қызметін жалғастырды. 1970-1975 жылдары Семейдегі сынақ полигонында әскери қызмет атқарды.

1975-1979 жылдары біздің облыстың Булаев аудандық әскери комиссардың орынбасары болып жүріп зейнетке шықты. 1979-1981 жылдары Петропавлдың 44-мектебінде әскери жетекші болып істеді. Таласбай Қалыұлы 1981 жылдың қараша айында туған ауылына оралды. 5 жыл «Баянауыл» кеңшарында кәсіподақ ұйымының төрағасы, 9 жылдай Баян орта мектебінде әскери жетекші қызметтерін атқарды. 2007 жылы 71 жасында дүниеден өтті. Артында Асқар, Серік, Алтай атты ұлдары, Гүлнар, Баян атты қыздары қалды.

Құсайынов Серікбай Бәриұлы



Серікбай Бәриұлы 1937 жылы туған. Сегіз жасынан бастап домбыра тартқан.

Атақты күйші Дина Нұрпейісованың шәкірті. Республикаға танымал домбырашы Ғұлман Әлжановтан нота үйреніп шәкірті болған Серікбай облысқа танымал күйші болды. Республикалық талай жарыстардың лауреаты болды. Петропавл, Шымкент қалаларындағы музыкалық училищелерді бітірген Серікбай 1963ж. бері ұстаздық қызмет атқарып келеді. Сол уақыттан бері Петропавл қаласында бірнеше домбыра оркестрлерін ұйымдастырып, тамаша домбырашыларды тәрбиеледі.

Жас музыканттарды тәрбиелеуде қол жеткен табыстары үшін «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағы берілді, Алтынсарин атындағы медальмен марапатталды.

Құсайынов Кәрібай Бәриұлы



Баян ауылы өнерпаздардан кенде емес. Сонда да консерватория бітіріп, қолына жоғары білімді музыкант мамандығын алған Кәрібай Бәриұлы Құсайынов көптің емес, санаулылардың қатарында. Ағасы Серікбайдың домбырашылығы, ұстаздығы облысымызға белгілі. Осы шаңырақтан Күлән Көкшетаудың музыка училищесін, Күлзәра мен Күлбарам ағаларының алдынан музыка мектебінің домбыра класын бітірген.

Кәрібай қолына домбыра ұстап, ауыл сахнасына 7 сыныпта шыққан. Әуелгіде «Кеңес», «Қосалқа», Динаның «Той бастар», Хабидолла Тастановтың «Би» күйлерін орындап жүрген.

Баян орта мектебінен кейін Кәрібай Көкшетаудың музыка училищесіне түсіп, арасында әскер борышын өтеп келіп, оны 1984 жылы бітіріп шығады. Сол жылы ілгері талпынып, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында бағын сынап көреді. Жолы болып, 65 талапкерден бағы жанған 20

студенттің бірі болады. Консерваторияның 3 жылын күндізгі оқуда, қалған үш жылын сырттан оқып бітіреді. Осы оқу орнын бітірерде бағдарлама талабы бойынша Кәрібай домбыра үйрету әдісі мен оның теориясы бойынша реферат жазған, оған қоса өз жанынан екі күй шығарған. Соның бірі – «Баянауыл» күйін жиын-тойларда, түрлі концерттерде өз орындауында естіп жүрміз. Бұл күйден біз автордың туған ауылына деген перзенттік махаббатын, думанды балалық, жастық шағын, замандастарына деген ілтипатын ұққандай боламыз.

Дипломды маман Кәрібайдың Құрманғазының, Динаның, Нұрғиса Тілендиевтің, Ахмет Жұбановтың, Шернияз Ахметовтың төкпе күйлерін, Тәттімбеттің, Төлеген Момбековтың, Мағауия Хамзиннің шертпе күйлерін алдымен сүйіп орындайтынына көп тыңдаушылары куә. Барлығы 250 күй, соның ішінде 200 күйді нотаға қарамай жатқа тартады.

Кәрібай Қазақстанның талай жерінің дәмін татып, шаршы топқа түсті. Ол 1992 жылы қазақтардың Бүкілдүниежүзілік құрылтайында меймандар мен үкімет басшыларының алдында өнер көрсетіп, Құрманғазының Атырауда өткізілген 175 жылдық, Қашаған ақынның Маңғыстау жеріндегі тойларына қатысып, жүлдемен, сыйлықпен оралған. Ресейдің көршілес Омбы, Қорған облыстарының көрермендері де оның орындаушылық шеберлігіне талай рет ризашылықтарын білдірген.

Қанафин Сайлау



Қанафин Сайлау Еслямбекұлы 1940 жылы 25 ақпанда Баян ауылында туған. Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін әкесі Еслямбек майданға алынып, Харьков қаласы маңындағы шайқаста ерлікпен қаза болған. Анасы Насиха күйеуінен қара қағаз келген күні дүниеден өтті. Сайлау орта мектепті бітіргеннен кейін 2 жыл Петропавлда пединститутта оқыды. 1961 жылы әскерге алынып, Отан алдындағы борышын өтеп 1964 жылы елге оралды. Осы жылы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне түсіп, оны ойдағыдай бітіріп шықты.

1970 жылдан бастап Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында судья, адвокат қызметтерін атқарып, 2000 жылы зейнетке шықты.

Қазір Петропавл қаласында тұрады. Зайыбы Сәуле 40 жыл медицина саласында жұмыс істеді. Ұлдары Нұрлан мен Алмас жоғары білімді азаматтар.

Қапезов Еркін



Қапезов Еркін 1931 жылы Баян ауылында дүниеге келген. Ұстаз деп аталатын аса бір құрметті де қадірмен мамандықты өмірлік мұратына айналдырып, оның қиындығы мен қызығын қатар көрген, өз бойындағы жүрек жылуы мен мейірімділік шуағын жас жеткіншектерге арнап, оларды білімнің кәусар бұлағымен сусындатқан абзал жандардың бірі. Ол Петропавл педагогикалық училищесін бітіргеннен кейін бірнеше жыл Ортаққөл ауылында, одан кейін Баян орта мектебінде жиырма жылдан астам бастауыш сыныптардың мұғалімі болып еңбек етті. 2 жыл Преснов аудандық оқу бөлімінде инспектор қызметін атқарды.

Жас ұрпаққа саналы білім беріп, қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелеу жолындағы Еркін Қапезұлының еңбегі елеусіз қалған жоқ. Жемісті педагогикалық қызметі үшін ол сол кезде «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Еркін аға зайыбы Мариашпен 10 бала тәрбиелеп өсірген абзал жан еді.

Қапезов Асқар Еркінұлы



Қапезов Асқар Еркінұлы 1958 жылы Баян ауылында дүниеге келді. Баян орта мектебін бітірген.

1975 жылы Қарағанды политехникалық институтына түсіп, 1980 жылы инженер – механик мамандығын алып шығады.

1980–1992 жылдары Солтүстік Қазақстан Ішкі істер басқармасының бөлімдерінде әртүрлі қызметтерді атқарды.

Облыста алғашқылардың бірі болып жекеменшік кәсіпорнын ашқан.

1993–1996 жылдары «АСУ» ЖШС директоры, 1996 жылдан бүгінгі күнге дейін «Фрегат» ЖШС директоры болып қызмет атқарады.

Асқар Еркінұлы басқаратын «Фрегат» ЖШС ет өнімдерін ұқсату және өткізу жөнінде Солтүстік Қазақстан, Астана, Қарағанды, Алматы облыстары бойынша алдыңғы орында. Ет өнімдерін ұқсату бойынша соңғы технологияларды пайдалана оты-

рып 50-ден артық шұжық және ет сүрлеулерін шығарады.

2001 жылы піскен шұжық өндіруден Қазақстан Республикасы бойынша медальмен марапатталды.

2002 жылы Астана қаласында өткен Халықаралық көрмеде «Фрегат» кәсіпорны екі алтын, төрт күміс медальды жеңіп алды.

«Фрегат» кәсіпорны «Қазақстанның ең жақсы тауарлары» атты Республикалық көрмесінде «Сапа алтын кітабына» енгізілді, осы көрменің Дипломымен марапатталды.

2006 жылы «Фрегат» кәсіпорны Жамбыл және Партизан көшелерінің қиылысында қазіргі заман талабына сай жабдықталған «Көктөбе» атты әмбебап дүкенін салды.

Өзімен бір мекемеде жұмыс істейтін зайыбы Розамен екеуі бір ұл мен бір қыз тәрбиелеп өсірді. Ұлы Ақан облыстық салық комитетінде жауапты қызметте, қызы Айнаш - Л. Гумилев атындағы Евразия университетінің студенті.

Асқар Еркінұлы облыстың экономикасының дамуына қосқан елеулі үлесі үшін «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен және көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Қапезов Серік



Серік Еркінұлы 1960 жылы Баян ауылында туған. 1978–1983 жж. Целиноград мемлекеттік мұғалімдер институтының жалпы пәндер факультетінің машина тану және еңбек пәндері бойынша мамандығын алып шығады.

1989 жылы Баян орта мектебінің оқу-тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі, 1990 жылы осы мектептің директоры болып тағайындалды. Кезінде Серік басқарған Баян орта мектебі аудандағы алдыңғы қатарлы мектептердің бірі болды.

1997 жылы өз өтініші бойынша бұл жұмыстан босап, Баян ауылында «Айбек» шаруа қожалығын ұйымдастырды. 2001 жылы Баян және Б. Ізтөлин ауылдарында халықтың жер үлестерін жиып алып, «Әжімбай – Агро» серіктестігін құрады. Қазір серіктестік жыл сайын 5000 га жерге егін сеуіп, жоғары өнім алуда.

Серіктестік өзіне қарасты елдің әлеуметтік тұрмыс деңгейін жақсартуға көп көңіл бөлуде.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Серік Еркінұлы «Астананың 10 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталды.

Жұбайы Айжан Бәйкенқызы Петропавл қаласындағы Қожаберген жырау атындағы № 6 орта мектепте мұғалім, ұлдары Саян мен Айбек Солтүстік Қазақстан университетінің студенттері.

Қасымов Ишанғали Қасымұлы



Жиырмаға жетпеген Ишанғалиды да Ұлы Отан соғысы қару ұстаттырып, сапқа тұрғызды. Қатардағы жауынгер болып шақыртылған жігіт сержанттық мектепті тауысып, пулемет взводы командирінің көмекшісі болып шайқасқа кірді. Атқыштар полкінің марштық үш ротасын дайындасып, соғыс өнерінен тәлім берді. Соғыстың аяғында Фрунзе атындағы жаяу әскерлер училищесін тәмамдап 1948 жылы ғана туған елге оралды. Келе сала бес жыл соғыс зардабы есеңгіретіп кеткен елдің

мешеу шаруашылығына араласып кетті. Тракторист, бригадир, ауылдық Кеңестің хатшысы, колхозда есепші міндеттерін ауыстыра атқарып жатты. Әйтеуір, қайда керек болса сонда барды. Солай жүріп орта жолда үзіліп қалған оқуын сырттай жалғастырып, оныншы класты бітірді. Талап пен ізденіс Алматыға апарды. Осындағы шет тілдер институтының ағылшын тілі факультетіне қабылданды. Үш курсын іштей оқып ұстаздыққа ауысты да, қалғанын сырттай бітіріп диплом алды. Алдынан дәріс алған оқушыларына мамандығының қажеттігін дарыта білді. Қиырда жатқан ауыл мектебінде ағылшын тілін жасөспірімдердің бойына сіңіре білді. Ол өз нәтижесін берді. Ишағаңның шәкірті Қараби Мұқаметқалиев Алматы шет тілдер институтының ағылшын тілі факультетін бітіріп, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде жауапты қызметкер болды. Соңғы жылдары Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінде істеп, полковник дәрежесін алып құрметті демалысқа шықты. Ал Қайыржамал Омарова, Бижамал Есхожина жоғарыда аталған оқу орнын бітіріп, ұзақ жылдар шәкірттерге ағылшын тілінен сабақ берді.

Ишанғали Қасымұлы қазақтың қасиетті қара домбырасын қатардан қалдырмай, оның өшпей жануына, жаңғырып жаңаруына, әр шаңырақтың төрінен күмбірлеген күйдің, сыңғырлаған әннің орын алуына сіңірген еңбегін ешнәрсемен өлшеп болмас.

Ишағаң қолына домбыраны он жасар шамасында ұстаған екен. Ортаққөлдік кішкене Нұралы деген кісі қолдан жасап берген домбырамен 12 жасында «Шалқыма» күйін тартуды үйреніпті. Қабырғасында «Ишан» деп ойып жазылуы бар сол домбыра осы күні Қызылжарда облыстық өлкетану мұражайында... Оны тапсырып жүрген өзі домбыра өнерін үйретіп, баулып қанат қақтырған, қазіргі уақытта облыс орталығында тұратын белгілі күйші-ұстаз Серікбай Құсайынов.

Сонау 1949 жылдан бері Ишағаң мектептегі домбыра үйірмесін басқарып, талай шеберлерді ұядан ұшырды. Оның алдынан дәріс алған жоғарыда аталған Серікбай Құсайынов, Ақмола облыстық газетінің бұрынғы редакторы Октябрь Әлібеков, Мариаш Ахметова, Рита Қажымұратова, ұлы Қуантай, қыздары Жұбаныш, Құралай, Мақпал кезінде өнер сайысында талай жүлдеге ие болған. Кәйкен Баекин, Зияда Некібаев, Қуат Анафин және басқалары екі шек пен перненің сиқырлы сырын толық меңгергендер.

Құрметті ұстаз, соғыс және еңбек ардагері Ишанғали Қасымұлы өмір сүрген ортасында адамдық парызын осылай өтеген жан.

Ұстазым Ишанғали Қасымовтың қазасына

Әкемнің жолдасы еді бірге өскен,
Жастық шақ, қызық күндер бірге кешкен.
Қалжыңдап, отырыста ән салатын,
Кездері көңілді бір кетер ме естен.

Зиялы ұстаздардың бірі еді,
Ауылдың еркелеткен гүлі еді.
Үлкенге іні, кішіге аға болып,
Әрдайым сыйластықпен жүріп еді.

Ел қорғап, үлесін де қосып еді,
Қол ұшын ауылдасқа тосып еді.
Ғашық қып әсемдікке шәкірттерін,
Сиқырлы саз әлемін ашып еді.

Әз аға, нұрлы болсын қабіріңіз,
Жәннаттан орын берсін Тәңіріміз.
Бақидан желеп-жебеп арттағыны,
Жалғассын ұрпақтармен ғұмырыңыз.

Қасымов Қуандық Ишанғалиұлы



Қасымов Қуандық Ишанғалиұлы 1950 жылы Баян аулында туған.

Мектеп жасынан бастап көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, «әнші бала» атанған.

Қуандық Ишанғалиұлы П.И.Чайковский атындағы Алматы музыкалық училищесін, кейін әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтын қызыл дипломмен бітіреді.

Қуандық Ишанғалиұлы ұйымдастырған қазіргі Шал ақын ауданы мәдениет үйінің «Ақ бидай» ансамблі Алматы және Ресей қалаларындағы өнер жарыстарына қатысып лауреат атағын алды және осы ансамбль «Москва-80» олимпиадасына қатысып жүлдегер болды.

1980 жылдан 1987 жылға дейін Жамбыл аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып істеді. Ауданда жүргізілген ірі мәдени шаралардың ұйтқысы болды, тұңғыш рет орталықтандырылған кітапхана жүйесін

ашты. Осы ауданның көркемөнерпаздар үйірмесі облыста жүлделі орындарға ие болып жүрді. Жаңажол ауылының көркемөнерпаздар үйірмесі халық театры атағын алды.

Аудандық мәдениет үйі жанынан қазақ жастарының эстрадалық ансамблін ұйымдастырды.

1985 жылы облыста бірінші болып Жамбыл ауданында Қарағанды, Көкшетау және жергілікті айтыскер ақындар: Кеңес Тынымбаев, Бүркіт Бекмағамбетов, Рақым Бисарин, Ерік Асқаровтардың қатысуымен үлкен ақындар айтысын өткізді.

Кейін Соколов және Қызылжар аудандары мәдениет бөлімдерінде меңгеруші, 2002 жылдан бастап облыстық филармонияның директоры, 2006 жылдан облыстық қазақ театрының директоры болып істеп келеді.

Облыстық мәдениет саласында 38 жыл қызмет істеп, Республикалық өнер жарыстарының бірнеше рет жеңімпазы, лауреаты атанды, дипломдармен және көптеген медальдармен марапатталған.

«Астананың 10 жылдығы» мерекелік медалінің иегері.

Жұбайы Раиса Орынбасарқызы облыстық балалар кітапханасының директоры, ұлы Данияр - «Қазақстан» телеарнасының саяси шолушысы, қызы Дана - студент.

Нығметжанов (Еламанов) Қайрат Қабдоллаұлы



Нығметжанов (Еламанов) Қайрат Қабдоллаұлы 1928 жылы Баян ауылында туған. 1952 жылы Алматының зооветеринарлық институтын бітіріп, 3 жыл Семейдің зооветеринарлық институтының оқытушысы болып істеді. 1955 жылдан 1963 жылға дейін санитарлық-эпидемиологиялық стансаның қызметкері болды. 1963 жылы диссертациясын қорғап, биология ғылымдарының кандидаты атағын алды. Содан кейін 9 жыл зооветеринарлық институттың доценті, факультет деканы қызметтерін атқарды.

1972 жылдан 1991 жылға дейін Қазақ Ғылым академиясының вирусология және микробиология институтының бас ғылыми қызметкері болды. 1986 жылы Москвадағы Бүкілодақтық малшаруашылығы институтында ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы атағын алу үшін диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты.

Көптеген ғылыми еңбектердің авторы. Бүкілодақ-

тық халықшаруашылық көрмесінің лауреаты, бірнеше ғылыми жетістіктері шетелдерге кеңінен мәлім.

1992 жылдан 2002 жылға дейін нарық және менеджмент Академиясының Алматыдағы орталығының ректоры, одан кейін Нарық және Құқық жөніндегі Халықаралық Академияны басқарды.

2002 жылдан «Микробиотик» қоғамдық қорының атқарушы директоры.

2 баласы және бірнеше немерелері бар. Ауылшаруашылығы саласы жөнінде жазылған 107 ғылыми еңбектің авторы.

Найманов Хамит



Найманов Хамит Әбілқасымұлы 1949 жылы қаңтардың онында Баян ауылында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1966 жылы Алматының зооветеринарлық институтына түсті. Осы институтты 1971 жылы ойдағыдай бітіріп ғалым-зоотехник мамандығын алып шықты. Еңбек жолын «Заря»

кеңшарының №1 бөлімшесінің зоотехнигі қызметінен бастады. 1974 жылдың қаңтарынан 1978 жылдың тамызына дейін «Ступинский» кеңшарының бас зоотехнигі болды. Содан кейін 2 жыл осы кеңшардың еңбек және еңбекақы жөніндегі экономисі, 5 жыл бас экономисі қызметтерін атқарды. 1985 жылдың қазанынан 1988 жылдың қарашасына дейін И.Ибраев атындағы кеңшардың партия ұйымының хатшысы болды. Бұдан кейін 3 жыл аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, 2 жылдан астам зейнеткерлік қордың Сергеев ауданы бойынша уәкілі болып істеді. 1993 жылдың тамызынан 1997 жылдың маусымына дейін Сергеев аудандық ауыл шаруашылық басқармасы бастығының экономика жөніндегі орынбасары болса, кейін бір жыл Жамбыл ауданындағы «Баян» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің директоры болды. Бірнеше ай «Кендала – Север» ЖШС атқарушы директоры, бір жылдай «Афанасьевский», «Ольгинский», Быковский атындағы өндірістік кооперативтердің конкурстық басқармасының өкілі қызметін атқарды. 1999 жылдың желтоқсанынан 2000 жылдың тамызына дейін Сергеев аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы, бір жылдан астам Шал ақын ауданының әкімінің аграрлық мәселелері жөніндегі бірінші орынбасары болды. 2001 жылдың қыркүйегінен осы уақытқа дейін Шал ақын аудандық ауылшаруашылық

басқармасын және ауыл шаруашылық бөлімін басқарады.

«Тыңға 50 жыл»,«Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Ерен еңбегі үшін» медалдарымен және Тәуелсіздіктің он жылдығына байланысты Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталған.

Зайыбы Досымбекова Бақыт Қазиқызы аудандық инспекцияда бас бухгалтер болып істейді. Дәурен атты ұлы, Гүлнар, Динара, Гулвира есімді қыздары – бәрі де жоғары білімді, жауапты қызметтерде істейді.

Найманов Қуаныш Серікұлы



Найманов Қуаныш Серікұлы 1969 жылы Баян ауылында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін Совет Армиясы қатарында әскери борышын өтеді. Отан алдындағы міндетін оның қалай атқарғандығын аға лейтенант В. Несеннің дивизия газетіне жариялаған мына бір мақаласынан білеміз.

Қуаныш Серікұлы Найма-

нов бөлімше командирлерінің ең үздіктерінің бірі. Ол өз қызметін қарауылдың күзетшісінен бастап, оны тек «үздік» деген бағаға орындады. Басшылар оның ұмтылысын, тиянақтылығын ескере отырып, күзет бастығының оқуына жібереді. Оқуды ойдағыдай бітіргеннен соң күзет бастығы болып әскери қызметін жалғастырды.

Грузияда жалпылай тәртіпсіздік басталғанда қарсы тұрған жауынгерлерге тастар мен металдан жасалған заттар лақтырылды. Осындай жағдайда менің аман қалуыма Қуаныш қана себеп болды, мен оған өмір бойы борыштымын. Ол бронежилет киген еді, мені әр уақытта қорғай алды. Оның бетіне тиген тас маған лақтырылған еді.

Қуаныш он төрт жастағы баланы ажалдан құтқарамын деп өзі жарақат алды. Осындай қайсарлығы мен өжеттігі үшін ол «Қызметтегі белсенділігі үшін» құрметті белгісімен және бағалы сыйлықпен марапатталды. Әскери борышын өтеп оралған Қуаныш Шал ақын аудандық ішкі істер бөліміне келген. Ол адал, еңбексүйгіш, өз ісіне шын берілген үлгілі полиция қызметкері болды. Әр адаммен оның әлеуметтік жағдайына, лауазымына қарамай біркелкі қарым-қатынас жасайтын. Өзінің жақын таныстарына, достарына, тіпті танымайтын адамдарына қамқор болып, көп көңіл бөлетін. Кім көмек қажет етсе, соған көмектесуге дайын тұратын. Тапсырылған

жұмысты атқару кезінде жинақылық, ұқыптылық көрсетті. Қуаныш 2004 жылдың 10 шілдесінде жол апатынан қайтыс болды.

Мұқанбетқалиев Қараби Ердәулетұлы



1943 жылдың 13 шілдесінде Баян ауылында Ердәулет пен Асылтас жанұясында туған екенмін, метриканы әкем 18 шілдеде алғанда ауыл кеңесінің хатшысы сол күнді көрсетіпті. Елде балалар ерте есейдік, жеті жасқа толмай-ақ өгізге мініп, үлкендерге көмектестік, жазда шөп жинап – бір маяға 12 шөмеле сүйреп, күзде егін даласында масақ тердік. Шалдар ағаш айырмен мая үйсе, жоғары сынып қыздары тырнауышпен населке соңында шөп жинайтын. Отряд басына қонатынбыз, онда бір мезгіл ыстық тамақ беретін, үйден шынша сүт, не шалап, бір таба нан шешеміз беріп жіберетін. Ол кезде 99 пайыз ұлқыздар төрт пен беске оқитынбыз. Мектепте тәртіп қатал, бізді бүкіл ауыл болып тәрбиелейтін. Көшеде

мұғалім немесе үлкен кісілер келе жатса, бас киімізді шешіп, сәлем беретінбіз, бұл қорыққаннан емес, сыйлағанның белгісі еді. Қыс сол жылдары қатты, ызғарлы, боран жиі болатын, қар қалың түсетін. Баян үлкен, сол төңіректе, тіпті облыстағы ең басты қазақ ауылы еді. Көрші, кіші-гірім ауылдарының ұл-қыздары бізде интернатта оқитын. Ауылды олар «бес Баян» – деп атайтын, онысы бізде көшелер Каспий жағасындағыдай ұзын болатын. Біз ұлы атамыз Мықтыбай көшесінде, туысқан ауылдастар Балта, Шағырай, татар, неміс көшелерінде тату тәтті тұрушы едік. Баянда 3 бригада, оған қоса Ортақкөл ауылы да осы ұжымның құрамына кіретін. Елдің күн көру деңгейі де бірдейге жақынды, колхоз табысы жағынан миллионер еді, бірақ еңбеккүннен басқа, ақша деген болмайтын, әлбетте ауыл шенеуніктері мен интеллигенция тәуір киінетін. Ауылда қазақ орта мектебі, кітапхана, емхана, мәдениет ошақтары оңды дамыған еді, клубта оқушылар мен жастар жұртшылыққа спектакльдер, концерттер қоятын.

1961 жылы мен Баян орта мектебін бітіріп, Қазақтың Абай атындағы педагогтік институтының шетел тілдер факультетінің ағылшын тілі бөлімшесіне түстім. Институт ректоры Кеңес Одағының батыры академик Мәлік Ғабдуллин болатын. Өте кішіпейіл адам еді, аспирантпен, кейде студентпен де шахмат ойнап жіберетін. «Жатаққана керек пе, әлде стипен-

дия ма?» дегенде, маған сол кезде тарих-филология факультетінде оқып жүрген жерлесім Таңат Айтмұқашов ағай соны сұрайды, сен «мен Көкшетау жанындағы Қызылжарданмын де» деп үйреткен. Солай дегенімде, ректор күлді де, «жақсы оқы» деді. Кейін Алматы шетел тілдер институтында қызмет істегенде оның жұбайы Назия Батешовнамен әріптес болып едім. Стипендияға ілектім, ал жатар орынды Таңатпен бір темір керуетті бөліскенбіз. Оқу қиын болған жоқ, Баянда мұғалімім Ишан Қасымов неміс тіліне қоса бізге ағылшын тілін де үйреткен.

1963-1966 жылдары Томск, Иркутск, Ангарск қалалары маңында әскери борышымды өтеуге Алматы шетел тілдері институтының 3-курсынан шақырылғанмын. Полк командирі «институтта сырттай оқуға рұқсат жоқ, әскери училищеге жіберіңдер», - депті. Озат оқығанымның пайдасы тиді. Мектеп бітіргенде геометриядан төрт алғаным бар еді, енді соны түзеуге күш салып, Иркутск мемлекеттік педагогтік институтын екі жылда әскерде жүріп, тәмамдадым. Кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сыртқы байланыстар бөлімінің нұсқаушысы кезінде, 1980 ж. Мәскеуге КГБ жоғары мектебіне оқуға жібергенде, 1964-1966 жылдардың дипломы шыға келді. Құдай тағы да сақтап қалды, мен 1982 жылы Мәскеу жоғары партия мектебін де бітірдім. Ол кезде қазіргідей емес екі жоғары оқу орнында оқуға рұқсат бол-

майтын. Атам Мұхамедқали (ел ішінде Боқатай) дәукес болды деуші еді, сонымен Қантай бабамның аруақтары риза болыңдар, қолда, - деп тіледім.

Өмірбаян туралы бірер мағлұмат:

1966-1967 ж.ж. Иркутск облысының Ангарск, Черемхово қалаларында ағылшын тілінен мектеп мұғалімі-тәрбиеші;

1967-1969 ж.ж. Алматы шетел тілдері институты жанындағы жоғары педагогтік курстарында ағылшын тілінен дәріс бердім;

1969-1972 ж.ж. Алматы шетел тілдері институтының оқытушысы;

1970-1975 ж.ж. Қазақстанның Азия және Африка елдерімен ынтымақ комитетінің жауапты хатшысы (Мәскеудің республикадағы өкілі);

1975-1980 ж.ж. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сыртқы байланыстар бөлімінің нұсқаушысы;

1980-1982 ж.ж. Мәскеу КГБ (МХК), Партия жоғары мектептерін бітірдім;

1982-1995 ж.ж. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті – арнайы қызмет: бөлім бастығының орынбасары, Инспекциясының аға инспекторы, бөлім бастығы, баспасөз қызметінің бастығы (1978 жылы Кеңес Одағы журналистер одағы мүшелігіне қабылдап еді), полковник;

1995-1997 ж.ж. ҚР Қаржы министрлігі – бас

маман, бөлім бастығы, басқарма бастығы – департамент директорының орынбасары;

1998-1999 ж.ж. Қазақстан халық банкі «АҚ» департамент директорының орынбасары;

2002-2004 ж.ж. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялау комитеті арнайы және кадр жұмыстары, жабық қорғалатын диссертациялар мәселелерімен шұғылдандым – бас эксперт;

2005 жылғы ақпаннан Алматы қаласы әкімдігі қалалық жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру департаменті арнайы жұмыстары бөлімінің бас маманы, соңғы жылдары сол бөлімнің бастығы болып істеймін.

Жұбайым Қабира Хұсайынқызы өзінінің мамандығы бойынша көп жылдар ағылшын тілінен шәкірттерге сабақ берді, кейін туристік агенттікте еңбек етті. 2006 жылы өмірден озды. Немерем Жантемір мектепте оқиды.

Қыздарым – Шолпан банк қызметкері, Айжан – ғылым магистрі, Нью-Йоркте қызметте.

Мұстафин Қуаныш



Мұстафин Қуаныш Ниязұлы 1947 жылы Баян ауылында туған. 1966 жылы орта мектепті бітіріп, осы жылы Алматы қаласындағы ауылшаруашылық институтының ауылшаруашылығын электрлендіру факультетіне оқуға түседі. Институтты бітіргеннен кейін Тимирязев ауданының электр жүйелері мекемесінде техника қауіпсіздігі жөніндегі инженер, участок шебері, бастығы қызметтерін атқарды. 1974 жылы Петропавл қаласындағы ауылшаруашылығын механикаландыру техникумына оқытушы болып қабылданып, осы күнге дейін еңбек етуде.

1987 жылы Мәскеудің ауылшаруашылығы инженерлері институтының педагогикалық факультетінде сырттан оқып, екінші жоғары білім алады.

Қазақ тілінде жазған «Механиканың физикалық негіздері» деген кітабы 2002 жылы Астана қаласында

жарық көрді. 2004 жылы облыс әкімінің сыйақысымен марапатталды. «Қолданбалы механика» атты екінші кітабы баспаға дайын тұр.

Екі баласы бар: ұлы – Дулат, қызы – Айгүл.

Рамазанов Женис Рашитович

Доцент специальной кафедры № 3 факультета №1 Академии КНБ Республики Казахстан полковник запаса Рамазанов Женис Рашитович родился 5 августа 1944 года в г. Сергеевка Северо-Казахстанской области.

После завершения учебы в средней школе с. Явленка Северо-Казахстанской области в 1963 году был призван в ряды Советской Армии.

Трудовую деятельность начал в должности начальника штаба Гражданской обороны при исполкоме районного Совета народных делутатов (с. Явленка), где проработал с октября 1966 г. по июль 1967 г.

В 1967 году поступил и в 1972 году окончил Высшую Краснознаменную школу КГБ СССР им. Ф.Э.Дзержинского в г. Москве, получив специальность юриста-правоведа со знанием японского языка.

С учетом знания иностранного языка в период с 1972 по 1975 годы проходил службу и УКГБ СССР по Тульской области, где осуществлял контрразведы-

вательные мероприятия по японской линии. Именно там, работая по этому направлению контрразведывательной деятельности, выявил иностранцев, отдельные из которых подозревались в причастности к спецслужбам и впоследствии были выдворены из СССР, а также приобрел опыт проведения острых чекистских мероприятий, оперативных комбинаций.

Дальнейшая служба Рамазанова Ж.Р. связана с КГБ Казахской ССР.

В Управлении КГБ по Северо-Казахстанской области он работает с 1975 по 1988 годы, где последовательно занимает должности старшего оперуполномоченного, начальника отделения, зам. начальника отдела, неоднократно избирается зам. секретаря партбюро УКГБ.

В 1980 году по линии КГБ СССР участвовал в мероприятиях по обеспечению безопасности проведения в г. Москве Олимпиады 1980 года, за что награжден грамотой Председателя КГБ СССР Ю.В.Андропова.

Дважды, в 1977 и 1985 годах, с контрразведывательными заданиями выезжал в загранкомандировки в Италию и Японию. С возложенными задачами успешно справился.

С учетом положительных результатов в оперативно-служебной деятельности, организаторских способностей в 1988 году был рекомендован на

работу в центральный аппарат КГБ Казахской ССР, где назначен на должность начальника 1 отдела 5 Управления.

В 1992 году, после объявления Казахстаном суверенитета, он назначается главным инспектором Инспекции КНБ Республики Казахстан.

Свойственное Рамазанову Ж.Р. умение возглавить ответственные участки по обеспечению национальной безопасности, сплотить вокруг себя большой коллектив потребовалось ему в 1994 году, когда он был назначен на должность первого заместителя Оперативно-поискового управления Комитета национальной безопасности Республики Казахстан, за короткое время сумев поднять на должный уровень работу курируемых подразделений.

Богатый оперативный опыт, способность четко выделять цели и задачи на порученном участке позволили Рамазанову Ж.Р. быстро адаптироваться в стенах Института, а затем Академии КНБ, где он работает с сентября 1997 года, после увольнения в запас КНБ.

На Доске почета Академии КНБ помещена его фотография, под которой текст: "Считает себя счастливым человеком, так как не изменил профессии и продолжает трудиться в сфере обеспечения национальной безопасности".

Особое внимание уделяет разработке учебных и

методических материалов. Так, полковником запаса Рамазановым Ж.Р. подготовлено свыше 30 наименований учебных, учебно-методических и других материалов.

За активную и плодотворную преподавательскую деятельность решением Ученого совета от 26 февраля 2003 года ему присвоено ученое звание "доцент Академии КНБ Республики Казахстан".

В 2003г. им подготовлено закрытое учебное пособие "Организация оперативно-розыскной деятельности по линии борьбы с терроризмом".

Дважды, в 2001 и 2003 годах, участвовал в работе международных научно-практических конференций, где выступал с докладами по проблемам борьбы с терроризмом, обеспечения национальной безопасности.

За добросовестное исполнение служебных обязанностей полковник запаса Рамазанов Ж.Р. неоднократно поощрялся руководством Комитета. Награжден 9 медалями, юбилейным знаком "60 лет ВЧК-КГБ СССР".

Его жена - Райса Рахимжановна – экономист по образованию. Супруги воспитали двоих детей, имеют трех внучек и одного внука. Сын Булат продолжает дело отца - он майор, сотрудник Службы охраны Президента.

Садуов Төлеген Рашитұлы



Садуов Төлеген Рашитұлы 1965 жылы Баян ауылында туған. Ол он сегізге толар-толмастан 1983 жылы қарашаның тоғызы күні Петропавл қаласындағы арнаулы оқу орнында алаңсыз оқып жүрген жерінен Отан алдындағы борышын өтеуге шақырылған. Жарты жылдық Ашхабад қаласындағы әскери өмірдің қыр-сырын үйрену оқуынан кейін Төлеген ауған жеріндегі соғысқа жіберіледі.

Алғашқы түскен жері Кабул қаласы болған, 2-3 күндей аялдаған әскерлерді бұл қаладан 60 шақырым жердегі Гардез қаласына жөнелткен. Кіші сержант Т. Садуов күзет бөлімінде әскери қызметін атқарып түрлі әскери операцияларға да қатынасып, колонналардың қауіпсіздігіне жауап берген. Аяғына оқ тиіп, алланың көзі түзу болып жарақаты жеңілдігінен азап тартқан жоқ. Дегенмен, сол күндердің белгісі – жара орны тыртық болып қалды. «Ерлігі үшін» медаль иегері, жауынгер-интернационалист өзімен бірге ауған соғысында болған жолдастарын жиі еске алып,

реті келгенде кездесіп жүретіндіктерін де айтып отырады. Олар – Үлгі ауылынан Қайрат Есхожин, Орталықтан Е.Қабылов.

Бүгінгі күні Төлеген Рашитұлы үлгілі отбасы, үш баланың әкесі.

Сүгірбаева Дикан Ережепқызы



Сүгірбаева Дикан Ережепқызы 1943 жылы Жамбыл ауданының Айымжан ауылында туған.

Еңбек жолын ауылда сауыншылықтан бастап, бірнеше рет ауылдық кеңестің депутаты болып сайланған.

1963 жылдан 1971 жылға дейін Баян орта мектебі мен Майбалық сегізжылдық мектептерінде ұстаздық қызмет атқарды.

Көкшетау мәдени ағарту техникумының кітапхана бөлімін бітірген.

1971 жылдан 2005 жылға дейін Жамбыл аудандық кітапханасының директоры болып істеді.

Дикан Ережепқызы 34 жыл басқарған Жамбыл аудандық кітапханасы талай рет облыстық және

республикалық байқаулардың жеңімпазы болды.

Қожаберген жырау, Сегіз сері мұраларын алғаш зерттеушілердің бірі болды. Осы ұлыларымыз жайында орталық баспа беттерінде зерттеу мақалалары басылды.

Бірнеше медальдармен, өз саласы бойынша Республикалық, облыстық мақтау қағаздарымен, «кітапхананың озық қызметкері" белгілерімен марапатталған.

Тұралин Сексенбай



«Баян» ауылының тарихы, азаматтары туралы сөз болғанда ауылда 20 жыл басқарма болған Тұралин Сексенбайдың есімін атамай кетуге болмайды. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық игілігін жасауда көп еңбек еткен азаматтың бірі.

Жас кезінен бастап орысша оқып, жауапты қызмет атқарған Секең 1938-1941 жылдары «Баян» колхозының басқармасы болады. 1941 жылы «Киров» колхозының басқармасы қызметін атқарып жүргенде, 1942 жылы Ұлы Отан со-

ғысына алынады. Осы жылы соғыста алған жарақатына байланысты елге оралады, Преснов ауданында өнім дайындау Министрлігінің аудандық өкілінің орынбасары, «Амангелді» колхозының басқармасы, Преснов аудандық Атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарып, 1945-1958 жылдар арасында «Баян» колхозының төрағасы, 1958-1961 жылдары «Орталық» колхозының төрағасы, 1961-1966 жылдар арасында Приишим кеңшары «Баян» бөлімшесінің басшысы қызметтерін атқарды. Еңбектегі ерлік істері үшін «Ленин» және «Құрмет белгісі» орденделімен, бірнеше медальдармен, ССРО Жоғарғы Кеңесінің Мақтау қағаздарымен марапатталған.

Тұралин Марат



Мен, Тұралин Марат Сексенбайұлы, бұрынғы Преснов ауданындағы Баян ауылында 1938 жылдың 9-шы шілдесінде дүниеге келген екем. Менің алдымда екі қыз – Зура, Үміт – болыпты. Мен туған жылы әкемді сол колхоздың басқармасы қылып сайлаған екен. 1945 жылы әкем жұмыс бабымен «Баян»

колхозына қайта басқарма болып сайланады да, біздің семья Пресновтан Баянға көшеді. Сол жылдың күзінде мен мектеп табалдырығын аттап, бүкіл облысқа артынан белгілі болған орденді мұғалім – Кәкім Имановтан дәріс алатын болдым. Екі жылдан кейін мені әкем заманның ағымына қарай, аудан орталығындағы орыс мектебіне оқуға берді.

Сол мектепті 1956 жылы бітіріп, колхозда малшы, автокөлік жүргізушісі болып істеп, 1958 жылы Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік ауылшаруашылық институтының агрономия факультетіне түстім. Үш курстан кейін елге қайтып Приишим совхозында тұқым дақылдарының тазалығын қадағалайтын агроном болып істедім. 1963 жылы Солтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы болып, комсомол қатарында 1970 жылға дейін істедім. Сол жылы обком комсомолда екінші хатшы болып істеп жүрген мені облыстық партия комитетінің шешімімен Москвадағы СОКП қасындағы жоғары партия мектебіне жіберді, айтылған мектепте екі жыл оқыдым. 1972 жылы елге қайтып Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөліміне нұсқаушы болдым. Кейін сол бөлімнің бастығының орынбасары қызметін атқардым. 1975 жылы облысымыздың бірінші хатшысының көмекшісі болып бекітіліп, сол жұмыста 1976 жылдың қарашасына дейін істедім.

1976 жылдың тамызында облыстық партия комитетінің шешімімен мені СССР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қатарына қабылдап, Солтүстік Қазақстан облысындағы басқармасының бөлім бастығының орынбасары қылып бекіткен. Кейінгі уақытта жұмыс бабымен Қызылорда, Жамбыл облыстарындағы Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің басқармаларында, Республика орталық аппаратында басқарушы қызмет атқардым. 1991 жылы полковник шенінде әскер қатарында болу мерзімім толғасын зейнетке шықтым. Комсомол, партия, МҚК жүйелеріндегі еңбегім үшін көптеген салалық, мемлекеттік тараптардан марапатталдым. 1963 жылы Үлгі ауылының қызы Дина Шаяхметқызына үйленген болатынмын. Ол институт бітіргесін Преснов ауданындағы Жамбыл, Баян орта мектептерінде орыс тілінен дәріс берді. Облыстық архивте қызмет істеп, зейнетке шығар алдында Алматыдағы Президент архивінде архив қорын сақтаушы қызметін атқарды. Біздің үш қызымыз жоғары білім алып, әр салада қызмет атқарып жүр. Олардан көрген бес жиеніміз бар.

Тәжин Жангелді Уақпанұлы



Еңбек жолын Баян орта мектебінде мұғалімдіктен бастаған. Целиноград облыстық атқару комитетінде, Тимирязев және Сергеев аудандық Комсомол комитетінде бөлім меңгерушісі, Сергеев кәсіптік-техникалық училищесінде директордың орынбасары, Сергеев аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1985-89 Сергеев аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады.

1996 жылға дейін Тимирязев аудандық партия комитетінде үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі, аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары, аудан әкімінің орынбасары қызметтерінде болды.

Петропавл қаласының тарихындағы алғашқы қазақ гимназиясының ашылуына байланысты 1996 жылы 1 тамыздан бастап оның директорлығына тағайындалды.

Петропавл қалалық маслихатының депутаты, маслихаттағы «Нұр Отан» ХДП-сына мүше депутаттардың партиялық тобының жетекшісі, Петропавл қалалық ономастикалық, жасөспірімдер жұмысы туралы қалалық комиссиясының мүшесі. 2003-2004 жылдары «Нұр Отан» партиясының Солтүстік Қазақстан облысындағы өкілділігі төрағасының орынбасары қызметін қоғамдық негізде атқарды, соңғы жылдары облыстық саяси кеңесінің мүшесі. «Нұр Отан» ХДП-ның, республикалық мұғалімдер съездерінің делегаты.

«Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 10 жылдығы», «Қазақстан Республикасының Конституциясының 10 жылдығы» медальдармен марапатталған.

Тасеменов Жамбыл Серғазыұлы



Тасеменов Жамбыл Серғазыұлы 1945 жылы Киров ауылында туған. Баян орта мектебін күміс медальмен бітіріп, Петропавл педагогикалық институтына оқуға түседі.

Жамбыл Серғазыұлы Тасеменовтың есімін жерлестеріміз, әсіресе спортқа бейім жастар жақсы біледі. Алпысыншы жылдардың ортасында классикалық күрестің шебері ретінде оның атағы бүкіл Кеңес Одағына жайылды. Ол кезінде Қырғызстан мен Өзбекстанның үш дүркін чемпионы, КСРО халықтарының IV спартакиадасының жүлдегері болды, 1969 жылы Варшавада өткен халықаралық турнирде бірінші орын, Поддубный атындағы халықаралық турнирге екі рет қатысып, ВЦСПС спартакиадасында қола медаль алды. Армиядан кейін облыстық спорт мектебінде және №2 қазақ мектеп-интернатында күрестен жаттықтырушы болды. Облыстық комсомол комитетінде бөлім меңгерушісі болып істеген жылдардағы жемісті

жұмысы Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің және БЛКЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамоталарымен, арнайы белгімен аталды.

1974-1991 жылдар аралығындағы облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасы бастығының орынбасары, 1991 жылдан 1994 жылға дейін облыстық дене тәрбиесі басқармасының бастығы болды.

1994 жылдан облыс орталығындағы №1 мектеп-интернаттың директоры. Пединститутта алған мамандығы бойынша биолог, химик.

Шайпин Бірімжан



Шайпин Бірімжан Қапезұлы Баян ауылында 1924 жылдың 25 қыркүйегінде дүниеге келді. Әкешешеден ерте айырылып, тұрмыстың ауыр кезеңін басынан өткерді. Отбасының үлкені болғандықтан жетім бауырларын өсіріп жеткізу оның үлесіне қалды.

Сондықтан уақытпен санаспай еңбек етуге тура келді.

1942 жылы Майбалық орта мектебін бітірісімен 18 жасар Бірімжан армия қатарына шақырылып, Ярослав облысының Рыбинск қаласындағы 146 атқыштар полкының құрамында ұрыс жолын бастады. Одан кейін Карело-Фин майданында және шекарашылар бөлімінде әскери міндеттерін атқарып жүріп, ауыр жарақат алып 1944 жылдың 10 мамырында елге оралды.

Ауылдағы еңбек жолын Баян ауылдық Кеңесінің хатшылығынан бастап осы шаруашылықтың басқармасы дәрежесіне дейін көтерілді, яғни бұл кезең 1944 жылдың шілдесінен 1953 жылдың қазан айына дейін жалғасты. Өз білімін көтеру мақсатында Ленин ауыл шаруашылығы техникумында сырттай оқып, агроном мамандығын алып шықты. Сонымен бірге 1953-1955 жылдары Петропавл қаласындағы колхоз басқармаларын дайындайтын арнаулы мектепті де оқып бітірген. 1955 жылдың қазан айында «Баян» колхозы басқармасының төрағасына сайланып, шаруашылық тараған 1961 жылдың ақпанына дейін сол қызметті атқарды. Ауылдың көрші «Приишим» кеңшарына қосылуына байланысты бөлімше агрономы болып, осы қызметте зейнет демалысына шыққанға дейін яғни 1980 жылдың шілдесіне дейін абыройлы еңбек етті.

Еңбектегі табыстары үшін 5 рет Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысты, медальдармен және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Бірімжан Қапезұлының отбасында бес ұл, үш қыз болды, бәрі де жеке шаңырақ көтерді. Бірағаң 1995 жылдың 7 тамызында дүниеден өтті.

Хамзин Балтабай



Хамзин Балтабай Әбенұлы 1938 жылы туған. Балтабаймен бір мектепте оқығанбыз. Мектеп қабырғасында 10 жыл білім алып, нағыз өмірдің босағасын аттар алдында оның арманын алғаш ашып айтқызған бір жәйт болатын.

1957 жылдың көктемі. Қалада онжылдықты бітірушілердің слеті болды. Слетке қатысушылардың көкейінде «өмірге кім болып кірсем екен» деген жалғыз игі ой болатын. Әркімдер болашақ мамандықтарын айтып жатты. Көпшілігі колхоз, совхозда

қалып еңбек етуге ниет білдірісті. Солардың бірі болып Балтабай да арман-тілектерінің бірін ағытқан болатын. «Елде кісі жетіспей жатыр ғой», - деген болатын. Ол уәдесінде тұрды. Жүргізуші болды. Алдында Алматыдағы қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, семья жағдайына байланысты ауылға қайтып келді. Бухгалтерлік оқуды бітіріп, 1976 жылы өмірден озғанға дейін есепші болып еңбек етті.

Балтабайдың артында алты баласы қалды. Олар Қазыбай, Төлеген, Насихат, Талғат, Ләззат, Қарлығаш. Әкелері ерте дүние салған олар, бірін-бірі шешелері Алманың қамқорлығымен өздері жетілдірген.

Сәбит МҰҚАНОВ

«БАЯН» КОЛХОЗЫ

Туған жерді, туған елді жақсы көргеніңмен, оның кемшілігімен келісуге болмайды. Мен туған ауылдың колхозы, жыл санап ілгері өрлеп келе жатқанымен, әлі алдыңғы қатардан орын ала алған жоқ.

Бірақ, озат колхоздар бұл маңайда жоқ емес. Мысалға, біздің ауылдан алпыс-жетпіс шақырым жерде тұратын, Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданындағы Баян колхозын алайын. Бұл колхоз біздің ауылдың колхозымен бір кезде ұйымдасты. Жер жағдайлары бірдей. Үй сандары да шамалас, Үкіметтің жәрдемі екеуіне де бірдей беріледі. Сөйте тұра, біздің ауылмен салыстырғанда, Баян қала сияқты көрінеді. Неліктен бұлай?

Бұл сұраудың жауабын берерден бұрын, Баян колхозының ішкі өміріне үңілейік. Ол үшін Баянмен қашаннан танысқанымды оқушылардың алдына елестете кетейін. Бұдан 35 жыл бұрын, 1918 жылдың күзінде оқуға түсу үшін, Қызылжарға (Петропавл) сапар шектім. Ол кезде қазіргі Баян колхозының

орталығы орнаған жерде бойы биік болмағанмен, жуандығы кісінің құшағы жетпейтін жалғыз қайың тұратын. Қайыңды қоршаған қалың зират еді...

...1930 жыл. Мезгіл - майдың аяғы. Оқудың, қызметтің жағдайларымен туған елден ұзап шығып, сағынған елді көруге демалысқа келем, астымда автомобиль.

«Әркімнің өз туған жері ыстық» - деседі. Ол рас. Бірақ, туған жер болғандығынан ғана емес, мен туған өлкенің көктем айларында көз тіккен адамның делебесін қоздырарлық аса бір көркемдіктер, дем тартқанда жанды рахаттандыратын аса ләззатты бір лептері болады: ерсілі-қарсылы ырғалып теңселген шалғынның арасынан әлдене түсті гүлдер жарқ-жұрқ көрінеді де жасырынады, жасырынады да көрінеді; теңселе толқыған тоты түсті қалың шалғынның қай жағына көз тіксең де, алыстаған сайын көмескіленіп, арғы шеті сай-салада ирелендей толқыған көгілдір сағым, сағымның аржағы сирек ақша бұлтты аспанмен тұтасып кетеді; сол айнала толқыған сағымның бейнесіне қарап тұрсаң, төңірегінде шоқтала өскен ормандар, я, әлдекайда отырған ауылдар теңіз үстінде қалқып, өзіне қарай келе жатқан сияқтанады; көзіне не шалынса, соның бәрі жұпар бүріккендей, қоңыр самалды ауадан жаныңның ләззаттанатыны сондай, - демді үнемі ішке тартуды тілейсің, сыртқа дем жібергенде өкінгендей боласың...

Туған өлкенің осындай бір аса көркемденетін шағында келе жатырмын. Маршрутым: Бескөл, Надежка, Боголюбов, Өрнек, Алтай-Мұрат, Қоржынкөл, Жекекөл, Майбалық, өз ауылым.

Қоржынкөлдің (Спасовка) «Г» әрпіне ұқсас көшесін батысқа қарай жарып өткеннен кейін, менің есіме Баян дөңі түсті. Ол – алдымызда сонау сағымданып көрінген орманның аржағында. Сол маңайдан хат жазып тұратын бір жолдасымның хабарынша, Баян дөңіне, өткен күз тұрғын елден ұйымдасқан бір ауыл шаруашылық артелі, осы жылдың көктемінен бастап қоныс салмақ.

Баян дөңінің бергі беті – калың қара ағаш. Сол ағаштан арғы ашыққа шыға келгенімізде, алдымызда сағымдана дөңкиген дөңнің жан-жағынан үстіне шұбай шығып жатқан көп арбаларды, үстінде ерсілі-қарсылы ағылған көліктер мен адамдарды көрдік. Жел алдымыздан еді, шақ-шұқ шапқан ағаштардың дауысы естіледі, күнге шағылысқан балталардың жарқылдары көрінеді.

Дөңге жақындасақ, шұбаған көліктердің тасығандары құрылыс саймандары, әсіресе, ағаштар. Дөңге шықсақ, баяғы, өзім бұдан он екі жыл бұрын көретін, «Баян бейітін» ортадағы алапқа бастап, шығыстан батысқа қарай көсіле біткен дөңнің қырқа жонын бойлап, ортасы көшелене, бірнеше ағаш үйдің іргелері көтеріліп қапты, бірнеше ағаш үйдің сайман-

дары, болашақ жұрттың орындарына үйіліпті. Салынып жатқан да, салынғалы жатқан да ағаш үйлердің қастарында шошайып бір-бір қараша киіз үйлер тұр.

Біз жұрттың көбіректеу жиналған бір тұсына тоқтай қалдық. Сол арада, ақ көбігі шығып, бүйірлерін соға ентіккен, тарантасқа жегілген аттар тұр. Тарантастың тоқыма кең қорабында екі жас жігіт отыр, өзге топ соларды қоршапты.

Машина кеп тоқтаған соң топтың көңілі бізге бөлінді. Тарантастан түсіп екі жас жігіт те келді: біреуі – қалың қабақты, дөңгелек кескінді, қара торы, біреуі – қыр мұрынды, ашаң өңді аққұба. Жөн сұрассақ, қара торы – артельдің председателі Исабай Калин екен, аққұба артельдің есепшісі Сексенбай Тұралин екен.

Қазекеңнің жолаушы көрсе «дәм тат» дейтін әдеті. Жөн біліскен соң-ақ:

- Қане, Исабай, біздікіне апар, бұл кісілерді, - деді, түрі Исабайға ұқсастау, шоқша сақалды адам.

«Мұнысы кім?» дегендей, біз оған қарап ек:

- Анау Исабайдың мен әкесімін, - деді қарт, - атым – Қалы.

Қасында ағаш үй қиылып жатқан киіз үйге бізбен бірге Исабай, Қалы, Сексенбай және бірнеше адам кірді.

Артель жайын сұрастырғанда, сөзуар Қалы жауапты өзгесінен гөрі бұрынырақ айтып қалады:

- Бұл артельдің аты «Баян» - дейді Қалы, - осы дөңнің аты Баян еді де, қазақтың «Баян», «Баянды болсын» деген сөздері жақсы сөздер ғой. Жақсы тілеумен ұйымдасқан соң, артеліміз баянды болсын деп, атын «Баян» қойып ек те.

-Үй сандарыңыз қанша?

- Елуге жақын бар ғой деймін, балалар, ә!

- Қырық сегіз, - деді Исабай – маңайдағы өзге артельдердің біразы осында қосылмақ.

-Кимелей берді деп сөкпе, шырағым, - деді Қалы. Мына балаларға енді көшіп жүруді қойып, біржола ірге тебеміз дейсіңдер ғой. Өйтетін болсаңдар, қоқырсып шым үйде отырмай, айта қаларлықтай ғып, үй басы бір-бір ағаш үй қыйғызыңдар – дедім. Балалар: «Оны істер ек, әзірге күшіміз келе ме», деп еді, «өкметтің өзі емес пе, жақсы тұр деп жатқан, - дедім мен, - қарызға болса да ақша сұрамайсыңдар ма?» Айтқаным келді, сұраған екен, Сексенбай шырағым айтып жіберші, немене деп еңдер өкметтің берген ақшасын?

- Кредит, - деді Сексенбай жымиып.

- Иә, сол – деді Қалы, онымен де қоймай, ағаш та беріп жатыр өкмет, төбе жабатын қаңылтыр да, шеге, шыны да беріп жатыр. Өкмет сұрағаннан тартынып жатқан жоқ. Сонымен, не керек, мақтанды десең де айтайын, шырағым, кешегі байлар заманында, байдың байы-ақ отыратын еді ағаш үйде, енді, міне,

артельдің барлық мүшесі бір-бір ағаш үй қиғызып жатыр.

Артель сол жылы 50 гектар ғана егін сепкен екен. Он бес шақты өгіз, жиырма шақты аттан басқа, ортақтасқан мал жоқ екен. Мәдениет орнынан – сол жылы бастауыш мектепте 4 бөлмелі ғана үй салынады екен.

Жас «Баян» артелінің, оқтай түзу, кең көшесінің екі бетінде кейбіреуінің іргесі қаланып, кейбіреуінікі қаланбаған ылғи ағаш үйлерді түгел аралап шықтық. Көше бұдан 12 жыл бұрын көретін, қамысы ортасына сақиналана біткен, суы жалтыр, түбі қайраң, жары биік Масакөлінің жағасына созыла тартылған екен. Қайталап айтайық: көшенің нақ ортасындағы алапта, бұтағы қалың жуан жалғыз қайың шыққан «Баянның бейіті».

Қайыңның қасына, «Баян бейітінің» басына кеп тұрып бұдан 12 жыл бұрын, жаңбырлы күзде, осы ағаштың панасы жетпей жауыраған қойларды еске түсірдік. Сондағы қой кезегін баққан бала қазіргі колхоздың есепшісі және комсомол ячейкасының секретары Сексенбай Тұралин екен.

- Бұл артельдің атын «Баян» қоюға себепші болғандар, әсіресе, әйелдер, - дейді Сексенбай, - олар Баян баяғы заманда арманда өлген, сол кездегі күң әйелді біздің өкімет теңдікке жеткізді, Баян сияқты армандылардың көз жасы далаға кеткен жоқ, енде-

ше, Баян қоямыз артель атын деп шуласты. Солардың ұсынысын қабылдадық...

- Енді уәде былай болсын, қонақ жолдас, - деді Сексенбай Тұралин маған, - біз осы артельді мәдениетті, бай колхозға айналдыруға тырысайық. Сіз енді төрт-бес жылда тағы бір келіңіз, соған дейін ойдағыны орындай алмасақ, жамандап жазуға біз шыдадық.

- Болсын, келем!

* * *

Уақытты метрмен өлшегендей-ақ, мен Баянға осыдан кейін, тағы да он екі жыл өткен соң, 1942 жылдың күзінде соқтым. Бірақ, бұл күз, бұдан 23 жыл бұрын осы арада кездесетін күздей жаңбырлы емес, қоңырсыған құрғақ салқын-ды, төңіректегі ағаштардың жапырағы да, жол жиегіндегі ұшырасатын егіндер де сарғайған «алтын» деп атарлық күз.

Мезгіл жағдайы айтпай-ақ мәлім: Ұлы Отан соғысы қызуда. Отанның бар күші жауды тойтаруға, жеңіп қашыруға, жойып жоғалтуға кетіп жатыр.

Баянға мен ылау атпен келем, Қасымда Тауағаш колхозында баласы мұғалім боп отырған Аткелтір дейтін маған туыс бір шал.

Ол Баянды Тауағаштан шыға-ақ мақтады.

- Керемет бай колхоз, - деп көтермеледі ол Баян-

ды, құрылысы да тамаша! Көшесіне кіргенде көрерсің. Мына шетінен ана шетіне дейін, көшелерінің өнбойы түп-түгел ағаш үй. Астығы да орасан шығып тұр өзінің жыл сайын.

Біз Баянға кіргенде, ымырт жабылған еді, бірақ, ай сүттей жарық.

Көшенің шетінен кіре, «Аткелтірдің сөзі рас екен-ау» - деп ойладым ішімнен. Ленинградтың проспектілері сияқтанған тұп-тура кеп-кең, арғы шеті күңгірттенген түнгі аспанның жиегімен тұтасып жатқан көше!..

Көшені бойлай біраз жүріп кеп, бұрыла екінші бір көшеге түссек о да манағыдай!.. Аткелтір айтқандай бұл колхоздың көшелерінде, мыжырайған шым үй кездеспейді, – бәрі – еңсесі көтеріңкі ағаш үйлер!.. Жан-жағына қарасаң, расында бұдан он шақты жыл бұрын ғана іргесін қалаған ауыл сияқты емес. Көп заманнан орныққан байсалды шаһар сияқты. Қай үйге барсаң да, бойы өсе, кербездене қарайды.

Сұрастыра кеп, колхоздың председателі егін басында екенін білген соң, серігімді оның үйіне орналастырдым да соған тарттым.

Жол жосылып жүк тартқан көлік.

- Бұл не? – десең, бәрінің берер жауабы біреу-ақ:
- Астық.
- Қайда апарасыңдар?
- Мәкөшінге.

- Бұл колхоздың, – дейді менің бастаушым, екі жүк машинасы бар еді, оларды армияға бердік. Ендігі транспорт - өгіз.

- Көп пе еді колхозда өгіз?

- 50 пар. Бәрі де қу мүйіз атан өгіздер.

Жол қалың егіннің арасынан кеп килікті. Ай аса жарық. Егер қараңғы болса, біз аралап келе жатқан егінді көлдің қамысы деп ойларлық. Не деген биік, қалың егін!.. Әлдеқайдағы өлкенің бүйірін солқылдатқан трактор даусын, біз ауылда-ақ естіп: «yah, мынау «ЧТЗ» екен!» дегеміз.

- О неғып жүр? – дегенде, бастаушым:

- Комбайн сүйреп жүр, - деген.

Біз жақындаған сайын «ЧТЗ-ның» гүрілі күшейе түсті.

Сонау бір қарауытқан орманның бергі бауырында демінен ұшқын бүріккен трактор мен комбайнның қарауытып өздері де көрінді... Оларға тура тартуға алдымыз тірелген егін.

Жол бізді егін арасымен орманның қойнауына сырғауылдан кертелеп салған, төбесіне қоян жондап сабан жапқан ұзыннан-ұзақ, маңайы егінге керекті сайманға толып, бензин сасыған сарайға алып келді.

Жақындаған еркекті айдың жарығымен тани кеттім: ана жылы көретін қарт Қалы. Жөн сұрасып амандасқаннан кейін:

-Бала-шаға ер жеткен соң, мен жұмыстан қалып

едім, - дейді қарт, өзің білетін Исабай райкомның қызметінде. Өзге балалар әскерде. Біздің колхоздан жауға қарсы көп жігіттер кетті. Ауылдағы жұмыстың ауыртпалығы бала-шағаға, қатын-қалашқа, біз сияқты кәрі-құртаңға түскен соң, үйде отыруға ұялып, мен де жұмысқа шығып, белімнің бір шойырылмасы болған соң, ауыр жұмысқа жарамай, осы керосин күзетінде тұрмын.

- Қоста кім бар?

- Жан адам жоқ. Жұрт қазір көздерінің шырымын кезекпен ғана алады да, ұйқыдан көзі ашылса, жұмыстан қол үзбейді. Осы жұмыс істелмесе, егін жинала ма, егін жиналмаса, жау жеңіле ме?

- Рас, ақсақал.

Біз комбайн жаққа кеттік. Жолда салт жолыққан колхоз председателі – Хажымұратты ерте кеттік.

Комбайн бір өлкені орып тауысып, тағы бір жалпақ егінді жағалап кеткен екен, гүрілдеген дауысы ғана естіледі, тұрбасынан шашыраған ұшқын ғана көрінеді, өзі көрінбейді.

- Алыстап кетті, – деді Хажымұрат, – осы арада 120 гектар тұтас массив бар еді, соны орап кетті, қуып жете алмаспыз, оралуын тосайық.

Комбайн жағалап кеткен егіннің шетіне түсіп, арасына кірсек, ауыр бастары қаздың мойнындай иілген бидайлардың сабағы кіші-кірім адамның бойынан асады екен.

- Неше центнерден береді, мұның гектары? - деп сұрадық Хажымұраттан.

- 25-тен айналып тұр.

- Шығымды екен.

- Одан да артық күтіп ек, бұл залокке сепкен егін еді, дәл керек шағында жаңбыр кемірек жауып, ойдағыдай болмады.

- Ойдағыдай болса қалай болар еді? 38-жылы осындай жер 45-50 центнерден берді ғой.

- Барлық егіс көлемдерің қанша еді?

- Бір мың сегіз жүздей.

- Өкіметке қанша бермексіңдер?

- Жиырма мың центнердей.

- Еңбеккүнге қанша жоспарлап отырсыздар?

- Күніне бес килодан келеді ғой деймін...

Комбайн оралғанша, колхоздың жалпы жәйін кеңестік.

-Баянды бүкіл Қазақстан колхоздарының мәндай алдына таластырамыз ба деген ойымыз бар еді, соғыс бөгейтін болды, - деді Хажымұрат, комбайн жақындаған соң, сөзін жинап айтып, - қолғанат болар жігіт аз, тәжірибеге сүйенгенім болмаса, өзім оқымаған қараңғы жігіт ем, бай колхозды жақсылап басқара алсам жарар еді.

* * *

Преснов аудандық партия Комитетінің секретары Владимир Андреевич Васин жолдаспен мен 1946

жылдың август айының аяғында кабинетінде, аудандағы МТС директорларымен мәслихаттасып отырғанда кездестім.

Мәселе астық жинаудың барысы туралы екен.

-Көктемде жаңбыр көңілдегідей болмағандықтан, - дейді Владимир Андреевич, - астық биыл ойдағыдай шықпады. Орташа шыққан астықты жинауға кіріскенімізге 10 шақты күн өткенмен, біраз колхозда биыл салақтық болып отыр. Ташкент, Алматы, Семей, Омбы, Челябі сияқты бізді қоршаған бірнеше қалалардағы метеорологиялық станциялардың хабарлауына қарағанда, алдымыздағы сентябрьдің бесінен әрі, әлденеше күнге тұтасқан жаңбыр болмақ, соған дейін егінді шауып үлгеруіміз керек. Кейбір колхоз соққан астығын қайда сақтауды да еске алған жоқ. Астық сақтауда Баян колхозын үлгіге тартуға болады: оның председателі Тұралин Сексенбай жолдас, жабық қырманды жаз бойы даярлатып, қазір соғылған астығын дымнан аман сақтауға даяр отыр. Еңбек жақсы ұйымдасқан колхоздың егін жинау, астық тапсыру жағы да жақсы, бұл жөнінен де Баянды мысалға алуға болады.

Мәслихат біте, кабинетте Владимир Андреевич екеуміз ғана қалдық. Ол өзі көркем әдебиетті де көп оқыған, жазушыларға бірсыпыра тілегі де бар адам екен.

- Бүгін одақтық Орталық Партия Комитетінің «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы

қаулысын оқыдым, - деп бір қойды, Владимир Андреевич, маған жымия қарап, қазіргі заман темасына жазылған көркем шығарма азы рас. Ауыз толтыра сипаттайтын колхоздар көп, мәселен, біздің Баян...

Баян жайын Владимир Андреевич көп және мақтай сөйледі.

- Біздің ауданның жігіттері өзара қалжыңдасқанда, - деді ол, Пресновканы «Москва» дейді де, Баянды «Ленинград» дейді. Аудан көлемінде, құрылыс, мәдениет жағынан, Пресновкадан соң, Баянға талассатыны жоғы рас. Бұдан он алты жыл бұрын жапжаланаш тұратын дөңде, аз жылда осындай көркем қала өссе, ол туралы неге жазбасқа!..

Васин жолдаспен Баянға баруға келістік.

- Сіз оның қазіргі күйіне ғана емес, алдағы жаңа бес жылдықта қалай өркендеуіне де көңіл бөліңіз, - деді Владимир Андреевич, - колхоз бесжылдық жоспарын жуырда басқарма мәжілісінде бекітіпті, жақында аудандық атқару комитетінің президиумында қаралады. Баянның председателі Сексенбай Тұралин деген жолдас, ақылды, шаруаны аса жақсы білетін жігіт...

Сұрастырсам, бұл Тұралин, өзім білетін Тұралин боп шықты. Ол 1942 жылдың аяғында тіленіп армияға кетіп, оң қолынан кемтар боп, 1944 жылдың көктемінде келіпті. Содан кейін ол, аз күн аудандық атқару комитетінде істеп, Баян колхозының пред-

седателі Үмітбаев Хажымұрат ауысқан соң колхозшылардың сайлауымен Баянға председатель болыпты.

Баянға біз сентябрьдің алтысы күні түнде келдік. Бүгінгі Баян – ұзын, тік, кең көшелі, жаппай ағаш үйлі!..

Бір көшені бойлап кеп, үш көшені тұтастыратын алапты жарып өттік. Кең алаптың бір бүйіріне шұбалта салған өзіме мәлім астық сарайының алдында, жағылған фонарьлардың жарығынан бірнеше жүк машинаға астық тиеп жатқандар көрінеді. Бұрылып бардық. Сексенбай Тұралин бізді тани кетті. Қасында Исабай Қалин де жүр.

- Сен қайда едің, Исабай?

- Мен осы Баян советінде председательмін.

- Өкіметке биыл жеті мың жарым центнер астық бермек ек, - дейді Сексенбай, ол астықты станцияға жеткізуді Мамлютканың автоколоннасы мойнына алған еді, мынау артып жатқандар солар.

Бес-алты жүк машинасы сарайдағы бидайды еңсеріп алып кетті. Сол кезде, бір көшенің өнбойын тұтас алған, бричкаларға парланып жегілген, шаңырақ мүйіз, атан түйедей өгіздердің де алды сарайға кеп тірелді. Бұлар қырманнан астық тартып әкелгендер екен.

- Неше пар барлығы?

- Жиырма бес.

Кеңсеге кеп колхоз жайын сөйлескенде, Сексенбай Тұралин колхоздың биылғы күйін соғыстың алдындағы 1940 жылмен салыстыра айтады: ол жылы 1818 гектар еккен едік, биыл 1925 гектар; ол жылы 13370 центнер астық алып ек, биыл 18188 центнер астық аламыз; ол жылы өкіметке 6111 центнер астық беріп ек, биыл 7114 центнер береміз; ол жылы жұмыс өгізі 80 еді, биыл 150, ол жылы МТФ да 170 сиыр бар еді, биыл 204; жылқы 70 еді, биыл 130; қой ол жылы 560 еді, биыл 850...

Колхоздың бесжылдық планымен таныстық. 1950 жылы 2500 гектар егін, 4000 гектар шөп себіледі, сиыр басы 50 процент, жылқы 61 процент, қой 108 процент өседі; 400 тауықты, 200 қазды құс фермасы болады, аранның 40 ұясы жасалады...

- Біз енді алманы Алматыға барып қана жемейміз, - дейді Сексенбай жымиып Мичуриннің алма ағаштары біздің жаққа да келді, Мамлютканың тәжірибе станциясы алманы өсіріп жеп отыр. Алдағы жылдан бастап біз де егеміз, 1950 жылы бізде 5 гектар алма бағы болады.

1942 жылы барғанда, Баянның сонша көркем түріне жарасымсыз жалғыз ғана зат барды, ол мектебі. Мектептің үйі екі-ақ бөлме екен.

Енді 1946 жылы келсек колхоз, қарағайдан 18 бөлмелі үй салдырып жатыр екен, саймандары түгел, октябрьде бітпек, сол үй бітісімен, 7 класты мектеп

онжылдыққа айналмақ, мектеп қасында 60 балалық интернат болмақ.

Мектептің мұғалімі он төрт екен. Солардың ішінде ең қарты совет мектебіне 26 жыл қызмет атқарған, 52 жастағы Хаким Иманов.

- Мектептің жаңа үйі салынғанға қуаныштымыз, – дейді Тастамбек, күлімсірей сөйлеп, – бірақ, осы колхозда клуб жоқ, колхозда елуден аса комсомол бармыз. Өзге жастар да көп. Олар бос уақытын мәдениетті орында өткізгісі келеді.

-Бізді салақсымасын деп айтып тұр мұғалім, – дейді Сексенбай, – әйтпесе, алдағы жылда қарағайдан қиғызып, кең залды клуб салуды жоспарлағанымыз өзіңе мәлім, сонда кітапхана да, физкультура, шахмат бөлмелері де болмақ, кино аппарат орнатылмақ.

Ол күнгі кеңесті сонымен аяқтап, түнде дем алдық та, ертеңіне бай колхоз Баянның мал жайылған, егін себілген өлкелерін аралауға аттандық.

* * *

1952 жылдың жазында барсақ, Баян колхозы, социалистік құрылыстың тағы бір биік сатысына шығыпты: колхозда жүз киловат-сағат күші бар электр станциясы орнапты.

Баянда әлі де председательдік, қызмет атқарып келе жатқан Сексенбай Тұралин жолдастың айтуын-

ша, колхоздың егін соғу, қой қырқу, ұсталық істерін атқару сияқты жұмыстары электр күшімен бітеді екен.

Колхоздың ана жылы барғанда салуға ниет қана етіп жүрген клубы, қазір қызметін атқарып жатыр екен. Электр жарығына бөленген сәнді клубта кешке болған жиналыста, XIX-партия сьезінің материалдары талқыланған еді. Сонда, коммунизм туралы сөз болғанда, жүзге жақындаған бір қарт сөйлеп:

-Аз жылдық қана өмірім қалды менің, - деді сезімі толқыған дауыспен, бірақ мен көрем оны. Көруіме куә, - деді ол төбеде жарқырай жанған электрлік зор лампаны дірілдеген қолымен нұсқап, - соно-оу сәуле!.. Оның қалай жанатындығына менің ақылым жетпейді. Менің ақылым жететіні, - осы шамды бізге Ленин жіберді, Ленин жолымен жүрушілер жіберді!..

Баян колхозы осындай!.. Оны көргенде, өзімнің туған ауылымның да, басқа ауылдардың да колхоздары осылай болса екен деп тілеймін.

Олар солай болады да.

Иван ШУХОВ

КРЕМЛЕВСКАЯ ТЕЛЕГРАММА

Рассказ-быль

Большая наша республика – Казахстан.

Есть у нас высокие горы, дремучие леса и бурные реки на юге. Есть у нас глубокие озера, березовые рощи и привольные степи на севере. Все это можно увидеть на красивой цветной географической карте в школе. Горы на карте нарисованы коричневой краской, озера и реки – голубой, степи - зеленой. Города на картах рисуются большими кружочками, аулы и села – маленькими.

А вот колхоз «Баян», о котором рассказывается здесь, не найдете ни на какой карте. Его не только маленьким кружочком, а точкой и то не отметили. Это, наверно, потому, что «Баян» - маленькое селение. Таких небольших колхозных сел и аулов очень много в степных просторах нашей республики, и всех их не нарисуешь, даже на самой большой и красивой карте!

Далеко от этого колхоза до Алма-Аты - столицы нашей республики. А еще дальше – до Москвы и до московского Кремля. И не только на географической карте, но и в степи нелегко разыскать заезжему человеку это маленькое селение. Летом его белые

глиняные домики прячутся за густой березовый лес. Зимой их заносит до крыши снегом.

Но хоть маленький это был колхоз, а слава о нем прошла однажды по всей стране большая.

И вот как это случилось.

Когда началась Великая Отечественная война, в колхозе «Баян» остались одни старики, женщины да дети. Все лучшие – самые сильные и ловкие, самые молодые и храбрые – джигиты аула ушли на войну. Ведь война была самой трудной и самой главной работой!

...Джигиты ушли воевать. А в колхозе остались большие поля неубранного хлеба. Лето в тот год стояло жаркое. Рано и дружно поспевала золотая пшеница.

То-то было веселья и радости до войны в страду колхозным ребятам. Очень интересно смотреть, как работают на уборке хлебов умные машины – комбайны. Можно было прокатиться с трактористом на тракторе, с лобогрейщиком – на лобогрейке, с комбайнером – на высокой штурвальной площадке комбайна. Можно было поиграть в прятки среди копен и снопов сжатого хлеба или вдоволь поваляться на золотой шелковистой соломе.

Даже старый Ералла – полевод колхоза - никогда не бранил детей за такие забавы. Он не прогонял ребятишек с колхозной полосы.

-Пусть себе порезвятся, только им и достанется! – говорил добрый и старый дед Ералла о колхозных детях.

И дети резвились, когда работали взрослые и всякие умные уборочные машины.

Но как скучно и пусто стало в маленьком колхозе, когда ушли на войну джигиты! А выйдешь в степь – и там не веселее. Хмурым стал старый полевод Ералла. Не весел был и председатель колхоза. Еще бы им быть веселыми, если пшеница созрела, а убирать было ее некому. Машины все были на полном ходу, а мастеровых людей на них не хватало. Задумались колхозники:

-Что будем делать?

Вот тут-то и пришли им на выручку колхозные дети. А случилось это вот как.

Самым бойким и смелым среди баянских школьников считался двенадцатилетний Ерекеш. Он был мал ростом, но зато так ловок и силен, что никто его не мог побороть из ребятишек. Это был хороший наездник. На байге его конь всегда приходил первым. И поэтому взрослые люди называли Ерекеша джигитом. А среди школьных сверстников слыл Ерекеш вожаком и затейником во всех самых интересных играх. Ему подчинялись почти все баянские ребятишки: что он им скажет, то они и делали.

Отец и два старших брата Ерекеша ушли на войну. Отец, прощаясь с Ерекешем, сказал ему:

- Пока мы воюем, ты, Ерекешка, будешь тут у нас в доме самым главным хозяином. Помогай матери жить без нас, как сумеешь...

Однажды приходят к Ерекешу товарищи и зовут его играть в "волки и овцы". А Ерекеш отвечает им:

- Мне теперь не до игр. Я – главный хозяин в доме!

- А что ты будешь делать, главный хозяин? – спросили ребята.

- Что я буду делать, то и вам советую. Приходите завтра пораньше ко мне, все узнаете, - отвечал им Ерекеш.

Наутро собрались к Ерекешу школьные товарищи. Их была целая бригада – двенадцать человек.

- Марш за мной! – скомандовал им Ерекеш и повел их, как командир, за собой в поле.

Явились ребята на колхозную полосу ржи. Смотрят – идет уборка. Шесть лобогреек работают. Шесть возле полевого стана без дела стоят. Подошел Ерекеш к старому Ералле и баском спрашивает:

- Дед Ералла, почему у тебя не все лобогрейки косят?

- Потому не все косят, что много мастеровых рук просят. А у меня мастеровых рук нет. Таков мой ответ, - отвечает сердито дед Ералла. Он когда был сердит, то всегда отвечал, как акын, - в рифму.

- Не горюй, дед Ералла. Найдутся мастеровые руки, - сказал Ерекеш и весело подмигнул своим товарищам.

- Ишь ты какой бойкий! Кто ты такой?! – удивился дед.

- Я – сын лобогрейщика Акимжана. Мой отец на войне. А я – главный хозяин в доме. И я тоже хочу стать лобогрейщиком, - сказал Ерекеш.

- И у нас отцы на войне. И мы тоже хотим быть лобогрейщиками, - заявили дружным хором все товарищи Ерекеша.

-Нас целая бригада, - сказал Ерекеш. Шесть погонщиков и шесть лобогрейщиков. Посади нас, дед Ералла, на шесть лобогреек. Мы тебе тридцать га хлеба в день свалим.

- Как это так – тридцать га?! - опять удивился дед.

- Старый, а таблицы умножения не знаешь, - упрекнул деда Ерекеш. – Шестью пять сколько будет? Знаешь?

- Знаю. Шестью пять – тридцать, - сказал дед.

- Шесть лобогреек. Каждая по пять га в день убирает. Вот тебе и выходит – тридцать за день, - сосчитал Ерекеш.

- Храбрый ты в арифметике. Посмотрю, каким будешь на деле, - сказал старый Ералла. Потом, немножко подумав, он согласился организовать из ре-

бятишек бригаду лобогрейщиков. А Ерекеша правление колхоза назначило бригадиром.

Не сразу пошла хорошо и гладко работа в бригаде молодых лобогрейщиков Ерекеша. То постромки с вальков срывались. То волы в запряжке непослушно себя вели, да и пшеницу с тяжелым колосом не легко было сбрасывать ребятам с платформы рогатиной. И пот с них градом лил. И руки с непривычки в первые дни очень болели.

Но не прошло и недели, как про боевую бригаду молодых лобогрейщиков Ерекеша заговорил весь район. И о них даже в районной газете написали. Так они хорошо работали. У них и в самом деле слово не расходилось с делом. Пообещали они старому Ералле убирать своими лобогрейками по 30 гектаров в день и убирали по 30. Видят остальные баянские школьники – хорошо работают на уборке товарищи Ерекеша. Неловко и остальным ребятишкам стало слоняться без дела. И принялись через несколько дней все баянские ученики за работу. Одни из них хлеб с колхозных токов в государственные амбары возили. Другие – зерно веяли. Третьи – колосья на полосах собирали. И работа пошла веселей и дружнее даже у взрослых. Повеселел, подобрел старый дед Ералла и говорит ребятам:

-Молодцы вы у нас, ребятишки. Настоящие герои тыла.

Стояла вторая военная зима.

Красная Армия громила немцев на фронте. А советские люди помогали фронтовикам в разгроме врага трудом в тылу. И не только трудом, а и трудовым рублем. Многие колхозники продавали свой скот, а деньги посылали в Кремль и просили купить на эти деньги боевой самолет для наших летчиков или танк для танкистов.

Много скопилось трудодней у баянских школьников за два года работы на колхозных полях. Перевел колхозный счетовод эти трудодни на деньги – совсем здорово получается. На такой капитал, пожалуй, и настоящую боевую танкетку для Красной Армии купить можно!

Справились школьники у своего учителя – можно ли им купить танкетку? Учитель говорит – можно.

И решили баянские ребята отправить заработок в Москву, в Кремль, и попросить купить настоящую боевую танкетку для защитников города Ленинграда.

Сказано – сделано.

Через два дня колхозный счетовод перевел весь заработок баянских школьников в Москву, в фонд обороны Родины, а ребята сами написали, как умели, письмо в Кремль и отправили его по почте.

Не прошло и месяца, как вдруг прилетает однажды вечером в колхоз «Баян» нарочный из район-

ного центра. Спешился нарочный со взмыленного коня и вручил пакет директору школы.

Вскрыл директор пакет. А в пакете – телеграмма.

Да не простая, а правительственная. Из Москвы. Из Кремля.

Через пять минут сбежались в школу все ученики и их родители. Начал директор читать телеграмму, а у него голос от волнения засекается. Слушают дети и взрослые и ушам не верят. Телеграмма-то была адресована Ерекешу Акимжанову и всем его школьным товарищам. Простыми и всем понятными, теплыми словами благодарили Ерекеша и всех его товарищей за их героический труд в тылу и за их помощь фронту. А еще в телеграмме говорилось о том, что просьба детей колхоза «Баян» будет выполнена. На полученные деньги от баянских ребятишек пообещали им приобрести одну танкетку для воинов Советской Армии.

И это было сделано.

АЗАМАТ

(Әңгімелер)

Тауфикты біреу түртіп оятты. Вагоншенің сығыр терезелері бозғылт тартыпты. Ұйқы меңдеткені сонша, көздерін аша алмай отыр.

-Тұр, шырағым, уақыт болды. Комбайндарыңды дайында.

- Тауфик ұшы имектеу зор мұрнын уқалады, есінеді.

- Жас адамға ұйқы қандырған теріс емес, әр нәрсенің өз реті бар, - деді оятушы күңкілдеп. Қаракөленкеде темекінің шоғы қызарады. Қолқаны қапқан ащы түтінге жөткірініп, Тауфик тысқа шықты. Таң сібірлеп келеді екен. Қаракөк бұлттың ернеуі ақтаңдақтанып айнала жарық бола бастапты. Сайда боз тұман қалқиды. Тұман арасында оты сөнген кемелердей болып комбайндар көңілсіз қарауытады.

- Бас аяғыңды, жұмыс көп! - деп асықтырады Елубай ағасы. Өзі қып-қысқа аяқтарымен тыпырлай басып, комбайндар жаққа жүрді. Қызыл «Нива» шыққа шомылып тұр. Темір біткен дымқыл, суық.

-Алдымен жатканы алып тастау керек, - деп Елубай білегін түріне бастады. Кескіні қан-сөлсіз, әбден

шаршаған. Ақсұр жүзінде қап-қара болып сақалмұрт өсіпті.

-Ағатай-ай, жұрт қатарлы тынығып алсаң қайтетін еді, - деді Тауфик. Елубайдың даусы жатқаның астыңғы жағынан шықты.

- Айналайын, айтқаның да болады, тыныгу қайда қашады дейсің, тамашалап тыныгатын бір мезгілім бар. Қашан дейсің бе? Комбайндар қаздай тізіліп, десте жинап кеткенде шаршағаным ұмыт болады.

- Ағатай-ау, бізбен әуреленіп қайтесің, өз комбайныңмен жүре берсең болмай ма? - деді Тауфик. Елубай тікен мұртын сипап үстін қағынды.

- Жалғыз менің істегенім не болады? - деп шырт түкіріп тастады. «Ниваны» десте жинауға дайын ету оп-оңай шаруа емес, бір бөлшегін қате орнатып қойсаңдар қайтем, әлгі әкең қайда?

- Әу, мен мұндамын, - деп тарпылдай басып Ғалимолла жетті. – Неге оятпағансың, шаршаған екен. Небары төрт-ақ сағат ұйықтаппыз ғой.

- Ештеңе етпес, - деп дағдылы сөзін қайталады Елубай, өзі комбайн қуысына кіріп тарсылдатып жатыр.

- Бала менікі, үйретіп, қамқор болушы Елубай... – деп қысыла күлімсіреді.

- Сенде татарлық, менде қазақтық жоқ бірге жасасып келеміз, бала бәрімізге бірдей, - деді Елубай темекі тұтатып жатып.

- Рас-рас, - деді Ғалимолла. - Үйретсе, қолтықтап демеп жіберсе азамат болып кетер, Елубай ағасынша Москваға барар, съезге қатысар.

Жайшылықта үндемейтін Елубай Москваны сөз еткенде желпініп қалатын еді, бұл жолы:

- Жігіттер, тездетейік! Тауфик жұртпен бірге десте жинауға кірісіп кетсін! - деді.

Дала әлі қаракөлеңке. Ақ мұнар арасынан шілдедегідей бөдене шақырады. Үйректер сымпылдап ұшып өтті. «Нива» десте жинауға дайын болғанда іргеден күн шықты. Жер бауырлай төгілген сәуле қызғылт күлгінденіп, дірілдеп біраз тұрды да, биіктеп жарқырай түсті. Шөптердің, егін сабақтарының басынан шық тамшылары мөлдірейді. Оңнан жылы жел тұрды. Тауфиктың «Нивасы» айналаны жаңғырықтырып, азынап қоя берді. Жұрт оянып, комбайндарына қарай жүгірісті. Тауфикқа бірінші жеткені:

- Апыр-ау, шырағым-ау, комбайныңды десте жинауға қашан дайындап үлгергенсің? – деп таңдана сұрады да, жауабын тоспастан: - Міне азамат, әй, жігітсің сен, Тауфик! - дей берді.

ЖАУЫНДЫ ТҮНДЕ

Күз желі соғып тұр. Қарашаның алапат желі. Катия трактор есігін жауып, жылу жүйесін қосып еді. Кабинадан жабысып тұрған шыбындар тіріліп ұша

бастады. - Жылылық деген жақсы ғой, - деп күлімсірейді. Кеше әкесінің қабағы қатып отыр еді. Себебін сұрағанда: -Сүйектерімнің қақсап кеткені, жауын болар, - деген. Қарттың «барометрі» қате айтпапты, бұлт қаптап, ауа райы өрекпи бастады. Түн дегеніңіз мұнша ұзақ болар ма? Іңірден бері қанша уақыт өтті. Аңызды қалай да бітіру керек. Мына бұлттың кескінінің жаманы-ай, қара бауырдай талаурап тұр ғой!

Жел ышқына соғып, терезелерге тамшылар ұрғылайды. Жұмыс істетпейтін қырсық тамшыларға қарап жатқан Қатиялар жоқ. «К-700» соқаны жұлындай ұшырып келеді. Қатия ер жеткелі техниканы ерттеп мінді. Еңбек жолын шоферлықтан бастап, дала желімен жарысып, алыс сапарларға барды, бәрінен де алып тракторлар қызықтыратын еді. Сұранып жүріп оқуына барып, алыбынды ауыздықтап шыға келді.

-Әп, бәрекелді, қимылдап көр, Қатия! – деді ауылдастары. Қатия қимылдады да, оның тракторы қақаған қыста да, шыжыған шілдеде де бір күн тоқтаған емес. Қайда жұмсаса Қатия даяр...

Жаңбыр суылдап құйып кетті. Трактор жұлқынып ілгері ұмтылды. Азғана қалдықты бітіріп тастаса жарар еді. Жоқ қалайда бітіру керек. Жаңбырдың мөлдір тамшылары трактор жарығында сау-сау етеді. Ылғалға бөккен сарғыш егістік шалқып кетті. Бұлт жапқан кара түнек аспанның етегі бозғылт тартты. Шынымен-ақ таң білініп келеді.

Қара бұлт күн сәулесіне бөгет бола алмады. Айнала көгілдірленіп алыс-жақын айқын көріне бастады. Жауын жауып тұр. Кәсемсоттың доңғалақтары ауыр айналып жүріс қиындап барады. Жыртылған аңыз ортасында тілдей ғана сарғыш қалдық жатыр. Қас қылғанда мына нөсердің төпеп кеткені-ай!

Жауын терезелерді шәйіп тұр. Мотор қинала тартып қап-қара түтін атқылайды.

-Шыдап бақ, батырым, не бары бір-ақ айналым, - деп күңкілдейді Қатия. Трактор шайқалып тайғанақтап келеді. Қатияның маңдайынан, тер моншақтап отыр. Аспандағы алапат бұлтқа қарап газды баса түсті. Жауын құйып тұр.

И. ӨСКЕНБАЕВ
Преснов ауданы, «Баян» колхозы
("Ленин туы", 22 маусым 1956 ж.)

КІТАПХАНАШЫ ҚАЙКЕН

Бұл оқиға бұдан үш жыл бұрын болған еді. Преснов аудандық комсомол комитеті секретарының кабинетіне ұзын бойлы қараторы жас жігіт келіп кірді.

-Биыл Баян онжылдық мектебін бітірген едім, - деді ол секретарьға. – Ендігі мақсатым елде болып, қызмет істеу. Жоғары оқу орнына сырттан түспекпін.

Аз сөзбен келген мақсатын баяндаған бұл жас

жігіт пен секретарь арасындағы әңгіме әжептәуір ұзаққа созылды. Сөз қорытындысында әлгі жігіт аудандық комсомол комитетінің жолдамасы бойынша Баян селолық кітапханасының меңгерушілігіне тағайындалып, енді бір күннен соң Пресновка станицасынан «Баян» қолхозына жүріп кетті.

Кітапханашы! Мектепте оқып жүрген кезінде айтуға оңай осы міндетті атқару оншалықты шеберлікті керек қылады деп ойлай қоймаушы еді Қайкен Баекин.

- Кітапты ауыстырып беруден басқа қандай жұмысы бар оның. Ал ол үшін оншалықты білім де, қабілетті іскерлік те қажет бола қоймас, - деп ойлайтын ол.

Осы оймен өзіне тағайындалған міндетті атқаруға кіріскен алғашқы үш күн шын мағынасында Қайкеннің өміріндегі ауыр шақтардың бірі болды. Кітапхана село орталығындағы үйге орналасқанмен бұл күндері мұнда ешкім де келе қоймады. Ал өмірі коллектив ортасында өткен жас жігіт үшін жалғызсырауға ұшыраудан артық ауыр жаза бар ма?! Міне, оның жападан жалғыз бір бөлмеде отырғанына бір аптадай уақыт болды. Рас, бұл күндер ішінде кітапханаға 5-6 оқушы келіп, кітап ауыстырып әкетті. Ал колхозшылардан ешкім де бас сұққан емес. Мүмкін кітапхана үйінің маңдайшадағы жазудың көмескілігінен болар деп, «Баян селолық кітапханасы» деген

жазуды көрнекті әрі әдемі етіп жазып көріп еді, бірақ бұл "шараның" жұмысқа етер әсері аз болды.

Енді не істеу керек? Оңаша бөлмеде жалғыз отырып, зерігуден туған осы бір сұраққа жауап табу Қайкенге оңай соқпады. Оның бірінші болып көмек сұраған адамы «Баян» колхозы бастауыш партия ұйымының секретары Бірімжан Шайпин болды.

- Кітапханада отыра бергенмен саған ешкім келе қоймайды. Әңгіме сенің жұртты іздеуіңде емес, жұрттың сені іздеуінде болуы керек, - деді парторг Бірімжан жас кітапханашының «сәтсіздік» туралы айтқан өтінішін ой елегіне салып.

- Ол үшін қандай шараны жүзеге асыру қажеттігі жайлы сөйлесейік.

Арада жарты жылдай уақыт өтті. Бір кезде кітапханашы болғанына өкінген Қайкеннің ендігі жерде тіпті өткен оқиғаны еске түсіруге де уақыты жетпейтін болды. Ал кітапханада тұрақты кітап оқушылар саны бұл уақыт ішінде 60 адамнан 350-ге жетті. Енді аздан соң жас кітапханашы өз жұмыс тәжірибесі туралы баяндама жасау үшін Алматыға, Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің коллегия мәжілісіне шақырылды.

Министрлік бұл кітапхананың жұмыс тәжірибесін үлгілі деп тауып, республиканың мәдени ағарту мекемелеріне онан үлгі алуды ұсынды. Міне, жас кітапханашының еңбек жолы осылай басталған еді.

-Менің ең бірінші етіп алға қойған мақсатым білім

бұлағы болып табылатын кітапты колхозшылар арасында кеңінен насихаттау болды. Шынында кітапханашының міндеті еңбекшілердің өскелең рухани талабын қанағаттандыру, ең алдымен оларға кітапты дос етуге жеткізу ғой, - дейді Қайкен өз жұмысының алғашқы кезеңдерін еске түсіріп. - Әрине, бұл оңай жүзеге асырыла қоятын жұмыс емес.

Қайкен бұл саладағы өз жұмысын колхозшылармен тікелей әңгіме өткізуден бастады. Мәселен, бригаданың өндірістік жиналысында ол кітаптың адамның рухани өмірінде алатын орны туралы қызықты әңгіме өткізді. Бұдан соң селолық кітапханада қандай пайдалы кітаптар барлығы туралы айтты.

Мәселен, Сізге, Әлиақбар ағай, - деді ол жиналыста отырған Социалистік Еңбек Ері комбайнер Асадулаевқа, - Порновтың «Комбайнерге көмекші құрал» деген кітабын алып оқу пайдалы болар еді. Ал егіншілер үшін жазушы Геннадий Фиштің қолхоз ғалымы Терентий Мальцевтің еңбегі туралы жазған көркем шығармасын оқуға болады.

Айта кету керек, бұл сияқты әңгімелерді колхозшылар арасында жиі өткізіп отыру бұдан былайғы жерде жас кітапханашының әдетіне айналды. Әрбір өтілген әңгімеден кейін кітап алып оқушылар саны да көбейе түсті. Ендігі жерде Қайкенге кейбір қызықты кітаптың мазмұнын колхозшыларға әсерлі түрде айтып беруге де тура келіп жүрді.

Бірақ бұл шара тек алғашқы қадам ғана еді. Ендігі жерде кітапхана үшін тек жекелеп әңгіме өткізу өте тарлық жасайтын болды. Ал ол үшін ең алдымен кітапхана төңірегіне активтердің берік тобын топтастыру қажет еді. Ал бұл үшін колхозда мүмкіншілік толық болатын. Орта мектептің оқытушылар коллективі, колхозда жұмыс істейтін ауыл шаруашылығының мамандары бұл жағдайда зор көмек көрсетті.

Кітапхана өмірінде бірінші рет өткізілген кітап оқушылар конференциясы Қайкеннің әлі есінде. Бұл конференцияға ол кітапхана активтерімен және Бірімжанмен келісе отырып, жазушы Михаил Шолоховтың «Көтерілген тың» романын алған еді. Коллективтендірудің алғашқы дәуіріне арналған бұл кітап ең алдымен колхозшылар үшін түсінікті болатын. Оның үстіне конференцияда баяндама жасаған орта мектеп мұғалімдері Н.Елеманов, Б.Кунгенеева жолдастар роман мазмұнын кітап оқушыларға қызғылықты етіп айтып берді. Бұдан кейін басталған жарыссөзге конференцияға қатысқан 300 адамнан көптеген адамдар сөйледі. Конференция барысы мұндай шараны бұдан былайғы жерде жиі өткізіп отырудың қажет екенін бірден аңғартты.

- Кітапханашылар жұмысында кейде зиянды сыңаржақтық орын алады, - дейді Қайкен. - Біз кейде көркем әдебиетке баса назар аударамыз да, тақырыптық әдебиеттерді елемейміз.

Бұл кемшіліктен арылу үшін ол жеке тақырыптық кеңестер өткізуге баса назар аударды. Мәселен, жүгері өсірушілермен өткізілген кеште осы тақырыпқа жазылған әдебиеттерді талқылау әсерлі өтті. Бұдан кейін мұндай тақырыптық кештер сауыншылар арасында, трактор бригадаларында жиі өткізіліп отырылды.

Дауыстап кітап, газет оқу мұнда әдетке айналған іс. Жуырда Қайкен барлық бригадаларда жазушы Иван Шуховтың «Кремль телеграммасы» атты әңгімесін оқып берді. Ал бұл әңгімеде «Баян» колхозы туралы айтылған еді. Сол сияқты жас кітапханашыны мал фермаларында да жиі көруге болады. Мұнда ол сауыншылар еңбегі, мал бағу тәжірибесі туралы жазылған кітапшаларды алып келеді.

Мыңға жуық халқы бар колхоз еңбекшілерінің кітап жөніндегі қажетін толық өтеу бір адамның қолынан келе қоятын іс еместігі айқын. Бірақ селолық кітапхананың активтері бұл қиыншылықты жеңуге жүйелі көмектесіп келеді. Мәселен, мына бір фактіні алайық: биылғы жазда мұнда 5 жылжымалы кітапхана бар. Олар – трактор бригадаларында, мал фермаларында. Ал оның жұмысын жүргізгендер – есепші Хайрутдинов, тіркеушілер Х.Ақанбаев, А.Тажин, аспазшы Б.Ыбраева сияқты кітапхананың белсенді активтері. Бұл кітапханалардың әрқайсысында жүзден астам кітап бар. Ал Қайкен бұл кітаптарды әр апта сайын ауыстырып отырады.

Қайкен тек кітап тарату жұмысымен ғана айналысып қоймайды. Ол сонымен қатар еңбекшілер арасында саяси-бұқаралық жұмыстарды да кеңінен өрістетуші. Мәселен, көктемгі дала жұмыстары кезінде ол егіншілер мен механизаторлар арасында жиі болып, социалистік жарыстың жариялылығына жетісуде партия ұйымына көмек көрсетті. Әр смена соңынан жұмыс қорытындысы жайында әңгіме өткізуді, еңбек барысын көрсеткіш тақта, жауынгерлік листоктар, қабырға газеті арқылы бейнелеуді ол күнделік әдетке айналдырды. Сол сияқты Қайкен көркемөнерпаздардың концерттерін ұйымдастыруға да белсене басшылық етті.

Шөп шабу кезінде де бұл кітапхананың жүргізгелі отырған жұмыстары әр алуан.

- Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің рухани қажетін толық өтеу – мәдениет ошақтары қызметкерлерінің абыройлы борышы, - дейді Қайкен. Қазір біздің кітапханада 8 мыңнан астам кітап бар. Ал кітап оқушылар саны 700 адам.

Озат кітапханашы қолхозшылардың орынды құрметіне бөленген. Еңбекшілерді мәдени қамтудағы қажырлы еңбегі үшін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Қайкен Баекинді Құрмет грамотасымен наградтады.

Кітапханашы Қайкен бұдан былай да еңбекшілерді мәдени қамтуда жаңа табыстарға жете береді. Оған оның озат ісі кепіл.

Сайлаубай ЫБЫРАЕВ, ардагер

АБЗАЛ АЗАМАТ ЕДІ



Өмірде абзал жандар аз емес. Өзім оларды көзі тірісінде бағалап, құрмет тұтуға тырысам. Өйткені адам өмірге қонақ, соның куәсіндей ардақты ағаларымыздың қайсыбірі уақыты келіп арамыздан о дүниеге аттанып та жатыр.

Осындай абзал, асылдарымыздың бірі Қазақстанның мемлекеттік қауіпсіздік органдарының ардагері подполковник Бәйімбетов Ескен Құташұлы еді. Есекеңді білеміз дейтіндерден, бірге қызметтес болғандардан әлі күнге ол кісі туралы бір ауыз артық сөз, немесе теріс пікір естіп көрген емеспіз. Жақсының соңына сөз, жаманның соңына шөп ереді деген халық даналығы осы Есекеңдей ағалар туралы айтылса керек.

Еліміздің тәуелсіздігін сақтап қалу үшін орасан зор істердің ыстығына күйіп, суығына тоңып, Қазақстанның мемлекеттік қауіпсіздігін сақтайтын органдарында табаны күректей 42 жылдан астам еңбек еткен

Есекең жайлы еске алып, жылы лебіз білдіруді биылғыдай жылы өзіме парыз санадым. Өйткені мен ол кісіден өмірлік тәжірибе алдым, ағалық шынайы көңілімен айтқан талай ақыл-кеңестерін тыңдап өстім.

Сонау 1967 жылдың көктемінде сол кездегі ССРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Минск қаласындағы Жоғары курсін жартылай бітіргеннен кейін тәжірибеден өту үшін Қазақстанның Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Көкшетау облысы бойынша бөліміне келгем. Бөлім бастығы полковник М.П.Черепанов менімен қысқаша сөйлескеннен кейін, кабинетіндегі көп телефондардың бірінің құлағын бұрап қалды да: "Маған кіріп кетіңіз" – деді. Көп болмай кабинетке орта бойлы, қара шашын кейін қайырған, үсті-басы өте ұқыпты, әскери киімі өзіне құйып қойғандай, жас шамасы қырықтың ар жақ бер жағындағы бір капитан кіріп келді.

Келген капитан өз жұмыс орнына ертіп келді де, бос тұрған бір орындықты нұсқап: "Отыр інім" – деді. Жайғасып болғаннан кейін: "Қане, таныс болайық" – деп өзінің аты-жөнін, қарсы барлау бөлім бастығының орынбасары екенін айтты. Бірінші қойған сұрағы: "Бұл органға жүрегіңнің қалауымен келдің бе?" – болды. Сұрақтың аржағында не жатқанын бірден түсіне алмасам да, - Әрине – деп жауап қаттым. – Онда дұрыс екен, - деп маған сын көзімен бір карап қойды да, - Әзірше орналасып ал, алдағы

жұмыстар жайын кейінірек сөйлесеміз, - деді. Есекеңмен алғашқы танысуым осылай басталған еді.

Арада бірер күн өткеннен кейін облыстағы Зеренді деген ауданға екі күндік іссапарға бірге баратынымды ескертті.

Екі күн ішінде Зеренді ауданының 5-6 совхозын араладық. Қай жерге келсек те Есекеңді білетін адамдар көп болып шығады, жылы амандасып, болып жатқан жаңалықтарымен бөліседі, сұрақтары да табылады. Соның бәріне де Есекең көңіл аударып, кейбіреулерін қойын дәптершесіне жазып алып жатады.

Осы іссапарда жүргенде, Есекең реті келгенде өткен күндерін есіне түсіріп, біраз жайлардан мағлұмат беріп те үлгерді.

Мемлекеттік қауіпсіздік органдарындағы қызметімді, деген ол, Зеренді аудандық бөлімшесінде бастадым. Бұл кезең Ұлы Отан соғысының аяқталған кезі еді. Соғыс сойқандары Ресей, Украина, Белоруссия және Балтық жағалаулары республикаларында өткені белгілі. Неміс басқыншыларына сатылып, өз отандастарына жәбір көрсеткендер өздерінің қылмысты істерін жасыру мақсатымен жан-жаққа бытырай қашып іздерін жасырмақшы болды. Солардың біразы Қазақстанға, оның ішінде осы Зеренді ауданына да жалған құжаттар жасап алып, сіңісіп кетпекші болған. Олардың ойы – Қазақстан жерінде соғыс

болмағандықтан, жасаған зұлымдықтарының да куәлері жоқ, басқа жұрт бұларды танымайды.

Бірақ біздің халық алдындағы борышымыз мұндай қылмыскерлерді жауапкершіліктен құтқармау. Жеке басым осы ауданда бой тасалап жүрген сондай сатқындардың төртеуін іздеп тауып сот органдары олардың тиісті жазасын берді дегені әлі есімде.

Есекең 1953 жылы Көкшетау облысының Щучье аудандық бөлімшесіне қызметке ауысады. Осы аудандағы Бурабай стансасында тұратын бір адаммен Белобран үшінші кісі арқылы байланысқа шыққан. Ол бұрынғы қаруласы екенін айқындаған Есекең, дереу Украинаның арнайы органдарына Белобранның жасырынып жүрген жерлері туралы нақты мәліметтерді көрсетіп, хабар жіберген. Соның нәтижесінде әлі де болса қару-жарақтарын жасырып, керек болған жағдайда пайдаланбақшы болып жүрген қанды балақ Белобран және оның тобы қолға түседі.

1970 жылдардың бас кезі болса керек, бірде Есекеңе Көкшетау қаласындағы жол құрылыстарын жөндеу учаскесінде істейтін Химушкин Н.П. деген кісінің өмірбаянында кейбір күдікті тұстардың бар екенін айттым. Ол арнайы тексеріс жүргіз деп өзіме нұсқау берді. Қатты ескерткені: бұл істі жан баласы білмесін, ешкімге тіс жарып ештеңе айтпа, - деп күнделікті жұмыс барысын өзінің бақылауына алды.

Қысқасы бір жылға жақын созылған тексерісте

жан-жаққа жүздеген қағаздар жіберіліп, онда қойылған сұрақтарға жауап алынды. Химушкиннің Смоленск облысындағы М. деген селода соғыс басталған жылдары неміс полициясында жұмыс істегені, сол селоға немістер жасаған қанды қырғын тұсында оны түгел өртеп, тұрғындарын ату, асу жазаларына қатынасқаны белгілі болды, архивтерден соларды дәлелдейтін деректер алынды.

Немістердің осы қанқұйлы істі қандай мақсатпен кинотаспаға түсіргенін кім білсін. Бірақ олар осы деректер өз түптеріне жететінін ойламаған болар. Мәскеудің орталық архивінен табылған немістерден олжаланған осы кинотаспада қанды қырғынның бел ортасында жүрген неміс полицайы Химушкин де бейнеленген екен. Оның үстіне Смоленск облысында сол қанды қырғыннан тірі қалған жалғыз әйел табылды. Сөйтіп Химушкиннің зұлымдықтары толық дәлелденіп, Смоленск облыстық соты оны 25 жылға бас еркінен айырды. Егер Есекеңнің бұрынғы тәжірибелері, күнделікті көрсеткен көмектері болмаса, инемен құдық қазғандай бұл іс мұншама сәтті аяқталмас еді.

Бұл айтылғандар Есекеңнің соғыстан кейінгі жылдардағы еңбегінің мыңнан бір көріністері ғана...

Советтер Одағы Коммунистік партиясының XX съезінде жеке адамға табынушылық әшкереленді. Бұрын халық құдайдай табынған Сталиннің орасан заңсыздықтарға жол бергендіктері, соның салдары-

нан сан мыңдаған адамдар жәбір шегіп, мезгілсіз құрбан болғандары айтылды. Бұл қатып қалған мұздың шет жағасы ерігендей, сең бұзылғандай құбылыс болатын. Солақайлық саясат кезінде бұзылған заңдылықты орнына қайта келтіру үзілді-кесілді жүргізілді ғой. Нақты жұмыстар 1960 жылдардың екінші жартысында басталған болатын.

Сол жауапты істерді іске асыру үшін Қазақстанның Мемлекеттік қауіпсіздік органдарында, оның ішінде Көкшетау облыстық басқармасында да арнайы топтар құрылған болатын. Облыста құрылған топты сол кезде басқарманың жауапты қызметкерлері Ү. Хасанбаев пен Е.Қ. Бәйімбетов басқаратын, өйткені олар мамандықтары заңгер еді. "Бұл жұмысты азаматтық ар-ұят алдында адал атқару – біздер үшін парыз, әрі қарыз", дейтін ол. Олар ондаған, жүздеген қылмысты істерді қайта сараптан өткізіп және қосымша дәлелдермен салыстыра отырып, бұрынғы "екілік", "үштік" және "айрықша кеңес-тердің" шығарған шешімдерін бұзу үшін сот және прокуратура органдарына жіберіп жатты. Олардың жұмыс уақытында шек болмайтын. Есекең өзі де, басқалардың да түннің бір уағына дейін жұмыс істеуі үйреншікті жағдай болатын.

Осындай орасан еңбектің арқасында бұрынғы Көкшетау облысында мыңдаған адамдар ақталып, олардың ел-жұрты, туыс-туғандары, бала-шағалары

шексіз қуанышқа бөленді. Жабылған жала, жағылған күйеден тазартылған талайлардың үрім-бұтағының жүздері жарқырап шыға келгенін өзіміздің де көзіміз көрді.

1985 жылғы наурыз айы болатын. Мен ол кезде Мемлекеттік қауіпсіздік органдарының Уәлиханов аудандық бөлімшесінің бастығы едім. Есекең маған жасының келуіне байланысты отставкаға шығатынын және өзінің орнына мені ұсынғанын айтып, қарсы болмауымды сұрады.

Сөйтіп мен 1985 жылдың көкек айының аяқ кезінде Есекеңнің орнына келдім. Есекең сол кезде облыстық басқарманың бір бөлімін басқаратын еді.

Мамыр айының 15 күні Есекеңді құрметті демалысқа шығарып салу рәсімі болды.

Демалысқа шықты деген аты болмаса, Есекең қол қусырып үйде отыра алмады, тағы да жұмыс тауып, денсаулық сақтау саласында 8 жылдай заңгер болып істеді. Сөйтіп жарты ғасырға жуық тыным таппай еңбек етті.

Өкінішке орай бойындағы бар күш-қуатын елдің ертеңіне арнаған Есекең 66 жасында 1992 жылы ақпанның 12 күні мезгілсіз келген сұм ажалдың құрсауына ілікті. Бірақ көзі кеткенмен, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық өнеге қалдырды.

Подполковник Е.Қ. Бәйімбетовтің жанкешті еңбегі атаусыз қалған жоқ. Еңбектің орден, медальдармен

бағаланатын заманында, оның кеудесіне де 16 медаль тағылды (оның екеуі «Жауынгерлік еңбегі үшін»), көптеген грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Есекеңнің 42 жылдан астам Мемлекеттік қауіпсіздік органдарында абыроймен еңбек атқаруына Миаш апайдың қосқан үлесін айтпауға болмас. Өйткені өзінің қарапайымдылығымен, инабаттылығымен, ерінің алдынан кесіп өтпеген адалдығымен ел ішінде өзі де сый құрметке бөленген жан. «Есекеңнің арқасында мен де ел көріп, жұрт таныдым, талай жақсылармен араластым. Өз тағдырыма еш өкпем жоқ. О дүниелік болғанына 10 жылға таяп қалса да Есекең мен үшін әлі де тірі, түсімде жиі көрем. Екеуіміз бірге 40 жылдан астам өмір сүрдік, 3 ұл, 4 қыз сүйдік, олардан 10 немереміз бар. Бала тәрбиелеуге Есекеңнің қолы тиген жоқ. Әйтсе де бәрі де өз бақытарын тапты, өсіп-өнді. Әр салада жұмыс істеп жатыр. Ендігі уақытта Елімізге тыныштық, молшылық берсін. Есекеңдердің орындарын басқан жас ұрпаққа мықты денсаулық, мол табыс тілеймін, еліміздің нығаюы үшін аянбай еңбек етсін.

1925 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданы Баян ауылында туып, еліміздің талай қиынқыстау кездерінен сүрінбей өтіп, оның өркендеуіне, тәуелсіз ел болуына өз үлесін қосқан Ескен Құташұлы Бәйімбетов осындай абзал да адал азамат еді.

ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ, ҰСТАЗЫМ!

("Ленин туы" 10 қаңтар 1991ж.)



Өткен жылғы желтоқсан айының аяқ кезі болатын. Түс кезінде біреу редакциядағы жұмыс бөлмемнің есігін қағып, артынша «рұқсат па екен» деп, өзі де кіріп келді. Есіктен күлімсіреп еркелей енген орта мектептегі ұстазым Сайран Уақпанұлы Тәжин екен.

Көптен жүздеспеген ұстазымды көріп, қуанып қалдым. Бұрынғыдай емес, ақшыл жүзі ашаңданып, самай шашы ағарып бурыл тарта бастапты. Сәкең алғашқы амандық-саулықтан кейін бірден әңгіме ағытып, мұғалімдердің Қызылжардағы «Просвещенец» профилакториіне келгенін айтып, енді уақыт бітіп, кетіп бара жатқанын хабардар етті.

- Өзің білесің, осы редакцияда менің шәкірттерім аз емес қой. Сол өздеріннің амандық-саулықтарыңды білейін деп әдейі келдім. Шәкірттерімнің ішінде жур-

налистер көп. Оған өзім қуанып жүремін. Айтса да осы «Социалистік Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Байтұяқ Жанымбетов қазір Павлодарда ма? Екеуің бір класта оқыдыңдар ғой. Бастауыш, кейін орта мектепте оқыған кездерің менің әлі көз алдымда. Жақында осы профилакторийде жатқанда Целиноградтағы Баймұрат інімнен құттықтау телеграмма алдым. Мені алпыс жасқа толған мерейтойыммен құттықтап, игі тілек білдіріпті, - деді сөз арасында.

- Қайырлы болсын, Сәке, алпысқа да аяқ аттаған екенсіз ғой. Мен әлі сізді зейнеткерлік жасқа жеткен жоқ деп жүрсем, - дедім мен.

- Естігеміз жоқ мұндай қуанышты хабарды. Бізде қазір осындай мерейтойларға байланысты газетте құттықтау хаттар да жарияланып жатады. Оның ішінен де байқамадық.

- Ізгі ниетіңе рахмет, мен аса дабыра қылып, өзімді дәріптегенді ұнатпаймын ғой. Менің алпысқа келгеніме таңырқайсың, кешегі шәкіртім өзіңнің де шашыңның арасына ақ кіріпті ғой, - деп күлімсіреді әңгіме үстінде ол.

Сол сәт менің көз алдыма ұстазымның жас кезі елестеп, көлбеңдей берді. Бізге бастауыш класта сабақ бергенде ол небәрі жиырма жастағы жас жігіт екен. Ұзын бойлы, қызыл шырайлы, шашының ұшын бір жағына қарай тараған, жып-жинақы жігіт өзінің биязы да жұмсақ мінезімен жұғымды да

бауырмалдығымен кішкентай шәкірттерінің сүйіспеншілігіне бөленген еді. Кейін ол Алматыға оқуға кеткенде көптеген шәкірттерінің оны іздеп, басқаларға бауыр баспай, өгейсігені де бар. Кейін оқуын бітіріп келіп, бізге тағы да жоғары кластарда тарихтан сабақ берді. Сөйтіп сағына күткен ұстазымызбен қайта қуана қауышқан едік. Міне оған да талай жылдар өтіпті...

Жалпы, мен ұстазым Сайран Уақпанұлы жайлы жазарда қатты қобалжып, ерекше толқыдым. Кезінде ұстаздық етіп, тәлім-тәрбие берген мұғалім жайлы жазу өте қиын екен. Ұстазымның мысы басты ма, білмеймін, әйтеуір алғашында қаламым кібіртіктеп, жүрмей қойғаны анық.

Сәкең – Баян ауылының тумасы. Әкесі Уақпан кезінде колхоз басқармасының, ауылдық Совет атқару комитетінің төрағасы және аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып істеген беделді де белсенді коммунист еді. Марқұм Уәкеңнің іскерлігі мен адамгершілігі жайлы ауылдың көнекөз қарттары бас қоса қалғанда, күні бүгінге дейін ерекше әсермен әңгімелеп отырады. Сәкеңнің, оның інілерінің жоғары білім алып, өздері қалаған мамандықтарын игеруіне осы Уәкеңнің көмегі мен әсері аз болмаса керек. Уәкең өз балаларына ғана емес, інісі Есмақанның балаларына да қамқоршы болып өмірден өз орнын табуына көмектесті. Ағайын

арасындағы осындай тату-бірлік, туысқандықтың бүгінде де қаймағы бұзылмай, одан әрі жалғасуда. Бұл жағынан да Тәжиндерден үлгі алуға болады...

Сәкең кезінде Преснов орта мектебін бітірген. Мектепті орысша бітірсе де, қазақша таза сөйлеп, ана тілінде өз ойын еркін жеткізеді. Оның осылай екі тілді жетік меңгеруі кейін ұстаздық еткенде көп көмегін тигізді. Әсіресе, орыс орта мектебінде сабақ берген кезде тіпті де көмектесті. Ол орта мектепті бітірген соң Петропавл педагогика училищесіне оқуға түсіп, оны 1949 жылы тәмамдайды да, Баян орта мектебінің бастауыш кластарында сабақ береді. Кейін Алматыдағы Қазақтың Абай атындағы педагогика институтына оқуға түсіп, оны бітіргеннен кейін өзінің туған ауылына келіп, Баян орта мектебінің жоғары кластарына тарих пәнінен сабақ берді. Ал 1969 жылы коммунист Сәкең осы орта мектептің директорлығына жоғарылатылады. Осыдан екі жыл өткен соң Сайран Уақпанұлы Сергеев ауданындағы «Юбилейный» совхозының Крещенка орыс орта мектебіне директор болады. Бұл қызметте 1985 жылға дейін істеген ол қазір осы мектепте қатардағы ұстаздардың бірі.

Коммунист ұстаз қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысады. Ол сонау тың көтерген жылдардан бері насихатшылық жұмыспен үзбей айналысып келеді. Осынау қоғамдық қызметі үшін ол 1969 жылы

облыстық партия комитетінің Құрмет грамотасымен наградталды. Сол жылы наурыз айында облыстың таңдаулы насихатшысы ретінде кемеңгер көсеміміз В.И.Ленин болған орындарды арнайы аралап қайтты. Ол сол жолы Қазан, Ульяновск, Москва, Ленинград және Куйбышев қалаларында болды. Көп жылғы ұстаздық еңбегі үшін Сәкеңе «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» құрметті атағы берілген.

Сәкең – жеті бала тәрбиелеп өсіріп отырған үлгілі семья басы да. Олардың арасында әке жолын қуған мұғалім де, тәрбиеші де, медицина қызметкерлері де бар. Мәселен, Әлия деген қызы Целиноград педагогика институтын бітірген. Қазір ол Тимирязев ауданындағы Ишим орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Балаларының көпшілігі өз алдына отау тігіп, семья құрған, өмірден өз орнын тапқан.

Әңгіме үстінде Сәкең ең кенжесі – Ерболат жайлы ерекше сезіммен айтты. Бұдан біз көп балалы семьяда да, әке-шешесінің бір балаға бүйрегі бұратынының тағы да куәсі болдық. Ал Ерболат болса сол сенімнен шыққан сияқты. Ол Ауғанстанда өзінің интернационалдық борышын абыроймен өтеп келген көрінеді. Ол сонда жүріп «Ерлігі үшін» және Ауғанстанның медальдарымен және ССРО Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен, әскери бөлімше командашысының Грамотасымен наградталып, есімі жазыл-

ған қол сағатқа ие болыпты. Сонымен бірге Шекара әскерлері үздігі белгісінің бірінші және екінші дәрежесін өңіріне таққан.

Ағасынан үлгі алған Сайран Уақпанұлының інікарындастары да жүрген жерлеріне сыйлы, құрметке ие. Мәселен, Баймұрат – Целиноград облыстық газеті редакторының орынбасары, ал Жанкелді Сергеев аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, атақты «Ақ бидай» ансамблінің белді мүшесі болған. Журналист болғысы да келіп, аудандық «Новатор» газетінде әдеби қызметкер де болды. Ол қазір Тимирязев аудандық партия комитетінде нұсқаушылық қызметте. Бір сөзбен айтқанда, он саусағынан өнер тамған сегіз қырлы, бір сырлы жігіт. Одан кейінгі інісі Жанболат - Целиноград облысында комсомол қызметкері. Қарындасы Орынтай - өз облысымызда ағылшын пәнінің мұғалімі.

Қырық жылдан астам ұстаздық еткен Сәкеңнің шәкірттері арасында партия, совет қызметкерлері, ғалымдар, педагогтар мен журналистер, халық шаруашылығының түрлі саласының мамандары бар. Солардың арасында Сергеев аудандық ауруханасының бас хирургі Қуатбек Нұржанов, хирург Уәлихан Қаражігітов, балалар дәрігері Баян Мақышева сынды шәкірттерін Сәкең мақтан тұтады.

Сөз арасында Сәкең қазіргі қайта құруға байла-

ныcты мектепте тарихтан сабақ берудің қиындығын әңгімеледі. Соған қарамастан ол өзінің көп жылғы тәжірибесін пайдаланып, күнделікті газет-журналдарды көп оқып, радио-теледидар хабарларын үзбей тыңдап, көретінін баяндап, осының бәрін сабақ берген кезде пайдаланатынын айтты. Сонымен бірге ол «Преподавание истории в школе», «Вопросы истории партийной жизни» журналдарын үзбей оқиды екен. Өйткені жеке басқа табыну кезінде тарихи шындық бұрмаланып, оның бәрі халықтан бүркемеленіп, жасырылғаны белгілі. Сондықтан да бұрынғы кітаптар мен оқулықтардың барлығы да кәдеге аспай қалды...

- Иә, қазір бүкіл еліміз бойынша жағдай ауыр ғой. Әсіресе, ұлтаралық қатынастар тіпті де шиеленісуде. Мен сабақ бергенде халықтар достығына баса назар аударамын. Өйткені біздің мектепте орыс, қазақ, әзербайжан, татар, украин, белорус, армян және литван балалары да оқиды. Ал насихатшылық жұмысымда адамдардың санасына сіңіп қалған қалдықтарды жоюмен күресемін. Совхоздың экономикалық көрсеткіштерін, село тұрғындарының рухани өсуін, оларға жасалып жатқан қамқорлық жайын мысалға келтіремін, - деді Сәкең әңгіме үстінде.

Осы күні жұрттың бәрі саясатшыл болып алды. Нақтылы іс аздау соғып жатыр. Айтудай-ақ айтамыз, ал оны орындауға келгенде, белсенділік танып-

паймыз. Меніңше, қайта құруды мектептен, халыққа білім беруден бастаған жөн. Өкінішке орай, мектепке әлі қажетті көңіл бөлінбей келеді. Ең алдымен мектептің материалдық-техникалық базасын жақсарту керек. Сонымен бірге мұғалімдердің еңбекақысын өсіру де кезек күттірмейтін маңызды мәселе. Ұстаз сабақ беру, тәрбие жұмысынан басқа ештеңеге де алаңдамайтын болуы керек. Материалдық тұрғыдан басқа мамандық иелерінен жоғары тұрса, оған деген құрмет пен ұмтылушылық та арта түсер еді. Сондайақ мектепті бес күндік оқуға көшіру қажет. Аптадағы екі демалыс күні мұғалімдердің творчестволық пен жұмыс істеуіне, рухани өсуіне көмектесер сді. Мектеп мұғалімдерінің үй алуға, телефон орнатуға жеңілдіктермен пайдалануы да керек. Сонымен бірге мұғалімдерге партия, совет қызметкерлері сияқты, дербес зейнетке шығаруды ойластыратын кез жетті.

Бұл – Сәкеңнің мектепте қайта құруды, неден бастау керек дегендегі айтқан бүкпесіз ойы. Өнегелі ұстаздың бұл айтқандарымен толық қосылуға болады.

Ұстаз еңбегін өлшеп бағалау қиын. Өйткені оған баға жетпейді. Ұлағатты ұстаз Сайран Уақпанұлының да еңбегі - өлшеусіз, баға жетпестігімен ерекшеленеді.

«ӘРКІМ ӨЗ АУЫЛЫН ЖАҚСЫ БІЛЕДІ»

("Ауыл" республикалық газеті. 23 қазан 1996 ж.)

Өткен жылдың шыжыған шілде айында облыс орталығында атақты ресейлік Заволокиндердің құрметіне "Ойна сырнай, күмбірле домбыра» атты әнжыр мерекесі өткізілгені белгілі. Осынау оқиғаға орай Петропавл қаласының Ленин көшесінің өне бойына облыстың әр шалғайынан келген шаруашылықтары өз отауларын құрып, шаңырақтарын көтерген еді. Солардың арасында Жамбыл ауданындағы «Баянауыл» кеңшарының киіз үйі де бар болатын. Осынау киіз үйдегі мереке құрметіндегі дастарқан басына шаңырақ иелерімен бірге құрметті қонақтар да жайғасқан еді. Мұндайда жиналған жұрттың бірін-бірі қағыта әзіл әңгіме айтып, өзара сөз жарыстырып думандатып жататын әдеті ғой. Бір сәтте мерекелік дастарқан басында отырған милиционер Бопаш Серғалиев баяндықтардың намысына тимекші болды ма, кім білсін:

- Осы «Баянауыл» кеңшарының орталық қонысы қайсы? Манадан бері мақтап отырғандарыңыз, қай Баян ауылы, әлгі «Приишим» кеңшарының қасындағы Баян ауылы ма? - депті таңырқай.

Сол кезде дастарқан басында отырған Баян ауылының тумасы, қазір облыстық Қазақ сазды-драма-

лық театрының директоры Қуандық Қасымов Бопашқа қарап, жұлып алғандай:

-Ағасы, сіз қателесіп отырсыз. Әлгі сөз саптауыңыз дұрыс емес. Баян ауылы сіз айтқандай, "Приишим" кеңшарының қасында емес, керісінше Баян ауылының жанындағы "Приишим" кеңшары деген дұрыс. Өйткені Баян ауылы «Приишим» кеңшарынан бұрын отау тігіп, қоныс тепкен елді мекен. Әркім өз ауылын жақсы біледі ғой, бекерге таласпай-ақ қойыңыз, - депті.

СУРЕТ СЫР ШЕРТЕДІ

(әзіл-шыны аралас)

("Ленин туы" 21 желтоқсан 1991ж.)

Бұл әңгіме осыдан отыз жылға жуық уақыт бұрын болған еді. Онда мен Алматыда жоғары оқу орнының күндізгі бөлімінде оқитынмын. Ал Баян орта мектебінде он жыл бойы оқыған кластасым бүгінде «Егеменді Қазақстан» газетінің Павлодар облысындағы меншікті тілшісі Байтұяқ Жанымбетов ол кезде ҚазМУ-дің журналистика факультетінде сырттай оқитын еді. Сол тұста астанада жігіттердің иыққа түсетін ұзын шаш қоюы әдетке айналған болатын. Менің шашым да сол жылдары шамадан тыс ұзын болатын-ды. Оны қызықтап ескерткіш ретінде салалы шашпен талай рет суретке түскенім де бар...

Бірде сол Байтұяқ досымның Қызылжардағы үйіне ауылдан ағайын-туыстары келе қалыпты. Сонда бір қарт ана төрде тұрған екі кісінің бірге түскен суретіне қарап:

- Мынау Байтұяқтың қасындағы шашы кесілген кімнің қызы? Тегі, Баяндікі емес қой, сірә. Өзі әдеміше екен. Алматыға барғанда түскені ме, сол жақтың қызы шығар? Дәл төрге іліп қойыпты, келін қызғанбай ма? – деп сұрапты таңырқай.

- Сонда Байтұяқтың келіншегі Шайзада жұлып алғандай:

- Апа, рас танымай тұрсыз ба? Әлде әзіл үшін айтып отырсыз ба? – депті.

- Рас айтып отырмын, айналайын, айып етпе. Танысам тура айтамын ғой күдіктенбей.

- Апа, бұл – Баянның жігіті. Өзінің кластас досы Әскер ғой, Әбілқайырдың баласы. Екеуі суретке Алматыда түсіпті, - дейді күліп Шайзада.

- Ә, ойбай, құдай, мен жасыма жетпей алжиын деген екенмін ғой. Шашы қалай, қыздың шашы сияқты ұп-ұзын. Өзіміздің Әскер екен ғой, - деп қарт ана суретке сұқтана қарай беріпті.

Сол сурет, шынында да, Байтұяқ екеуміздің Алматыдағы студенттік бір сәтімізді бейнелегендей күні бүгінге дейін ерекше әсер қалдырады.

ӘМІР ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ

("Солтүстік Қазақстан" 10 сәуір 1996 ж.)



Әр адамның өмірі мен тағдыры қашан да бір-біріне ұқсамай, әр түрлі қалыптасады. Әмірдің де өмір жолы ешкімді қайталамай, өзінше өріс тапқан. Бір ауылда өссек те, мен оны кейін білдім. Әмір Жамбыл ауданындағы Орталық ауылында туса да, Баян ауылында өскен. Өзінің нағыз балалық шағын және жігіттік кезін осы ауылда өткізген. Мен де оны бертінге дейін Баян ауылының төл тумасы деп ойлайтынмын. Бірақ анығында мүлде олай емес екен. Енді бәрін басынан бастап баяндайын.

Бәрі де сол сұм соғыстың әсері болса керек. Сол сұрапыл соғыстың екінші жылы Баян ауылында тұратын нағашы атасы Қожахмет қарттың жалғыз ұлы Қаукен қанды майданға ел қорғауға аттанады. Шолпан мен Зейнеп есімді бойжеткен қыздары болса да, жан дегенде жалғыз ұлының майданға аттануы

қарттың қабырғасын қатты қайыстырады. Ақыры ұлы майданда көп кешікпей қаза табады. Соның қайғысына шыдамаған Қожахмет қария басын көтере алмай, төсек тартып жатып қалады. Бұл өкінішті жағдай Орталық ауылында тұратын тұрмыстағы қызы Күләштің де өзегін өртеп, қабырғасына қатты батады. Ақыры он ойланып, жүз толғанып, жұбайы Оразбен ақылдасып, тұла бойы тұңғышы Әмірді бес жасында Баян ауылындағы әкесі Қожахметтің бауырына салады. Сөйтіп Әмір жастайынан өз әкешешесінің емес, нағашы атасының қолында тәрбиеленіп өседі. Әкесі Ораз соғыс жылдары еңбек армиясында болған.

Қожахмет қария қақ-соқпен ісі жоқ, бүкіл ауыл сыйлайтын, құрметтеп – қадір тұтатын өте бір байыпты да байсалды, өз ортасында ерекше беделді адам болатын. Сондықтан да жиені Әмірді де барынша қамқорлыққа алып, ешкімнен кем қылмай, өз ұлындай мәпелеп өсірді. Соған орай, Әмір де жастайынан еңбек десе ерінбейтін ерекше елгезек болып өсті. Қатарынан қалған жоқ. Өз тұстастары сияқты ол да Баян орта мектебінің табалдырығын аттап, оны 1957 жылы ойдағыдай тәмамдап шығып, қолына кәмелеттік аттестат алды. Ал 1960 жылы Әмір астанамыз Алматыға барып, көптен бері армандаған ҚазМУ-дің журналистика бөліміне сырттай оқуға түседі. Оны 1967 жылы ойдағыдай тәмамдайды.

Әмірдің жоғары оқу орнына түскеніне Баяндағы нағашы атасымен бірге Орталық ауылындағы өз әкешешесі Ораз бен Күләш та ерекше қуанады. Олардың «Үйдің жақсысы – ағашынан, адамның жақсысы - нағашыдан» деген қанатты сөздің тегін айтылмағанына енді анық көздері жеткендей. Әрі өздерінің қолдары да құралақан емес. Құдайға шүкір, Әмірден кейінгі қыздары Күлшәма тұрмыста, үйлі-баранды, ұлдары Сапарғали мен Балғабек те ер жетіп, өз алдына шаңырақ көтеріп, отау тіккен. Ал Әмірдің туған әкесіндей болған нағашысы Қожахмет қария 1971 жылы дүние салды.

Әмір 1961 жылы өзімен орта мектепте он жыл бойы бірге оқыған ауылдасы Ұлболсынмен көңілдері жарасып, үйленді. Сөйтіп ауылдағы Қожахметтің баласы Әмір Еркалин Қажахмет қарттың күйеу баласы атанды. Қайын атасы Қажахмет ақсақал да ауылдың көпті көрген сыйлы азаматы болатын. Кезінде төрағасы болып та біраз жылдар жемісті қызмет атқарған.

Жоғары оқу орнына түскенге дейін Әмір «Баян» ұжымшарында бухгалтер, диспетчер де болып істеген. Университетке оқуға түскеннен кейін ол ұстаздық жолға ауысып, алғашында Мамлют ауданындағы «Қазақстанның 50 жылдығы» кеңшарының Октябрь ауылында, кейін Жамбыл ауданындағы өзінің туған ауылы Орталықта бастауыш мектептерде жас

ұрпақтарға дәріс берген. Кейін 1966 жылы облыс орталығы Петропавл қаласына көшіп келіп, бұрын жабылып қалған облыстық «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетінің қайтадан ашылуына байланысты осы редакцияға келіп, тілші болып қызметке орналасады. Сөйтіп Әмірдің енді журналистік өмір жолы басталады.

Оның бір ерекшелігі сол, алғаш қызметке орналасқан күннен бастап, өмірінің ең соңғы сәтіне дейін бір ғана бөлімде - ауыл шаруашылығы бөлімінде тілшілік қызмет атқарды. Сондықтан да облыстың ауыл-село өмірін, ауыл шаруашылығы саласын редакциядағы басқа әріптестеріне қарағанда өте жақсы білетін. Ал оны жазуға келгенде де ерекше шеберлік танытатын. Сол себепті де оның атына «Әмір ауыл шаруашылығының профессоры», немесе «академигі» деген марапаттау тұрғысындағы теңеулер жиі айтылатын. Осынау артық та, асыра айтылған теңеулердің ішкі астарында үлкен мән, шынайы шындық жататын. Ол – анығын айтқанда, қаламы жүйрік журналист Әмір Қожахметовтың орынсыз шашбауын көтеру емес, қайта оның талантына табынушылық, шығармашылық шеберлігіне ден қоюшылық, әрі қаламгерлігін шын тұрғыда мойындаушылық еді. Журналистің бақыттылығы да осында жатса керек. Шынында да Әмірдің ауыл шаруашылығы тақырыбына жазған сан алуан мақалалары,

репортаждары, суреттемелері, очерктері және рейдтері мен озық тәжірибені насихаттайтын арнайы беттері, жаңалыққа толы хабарлары оқырмандар көңілінен шығып, әріптестерінің айырықша назарына ілігетін. Оның облыс өңірінде бармаған жері, табаны тимеген елді мекені жоқ десе де болады.

Өйткені Әмір өте еңбексүйгіш журналист болатын. Іссапарларға шығуға ешқашан да ерінбейтін. Ал редакцияда ол таңертеңгі сағат тоғыздан бастап, кешкі алтыға дейін бір орында тапжылмай отырып жаза беруден ешқашан да жалықпайтын. Себебі ол уақытын көбіне босқа жібермеуге тырысып, қолына алған материалды барынша тез жазып тастауға бар күш-жігерін жұмсайтын. Оның тағы бір қасиеті бөлмеде біреумен сөйлесіп отырып та, радио тыңдап та мүдірмей жаза беретін, жаза беретін.

Ол кезінде осынау еселі еңбегінің зейнетін де көрді. Шынын айтқанда, өз әріптестері арасында жоғары үкімет марапаттарына тұңғыш ие болғандардың бірі де осы Әмір болатын. Атап айтқанда, ол 1981 жылдың 19 ақпанында КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен алғаш рет «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен наградталды. Бұл 1938 жылы тағайындалған одақтық дәрежедегі медаль еңбекте ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген өндіріс, ғылым және мәдениет қызметкерлеріне беріледі екен. Әмір шын мәнінде осы наградаға әбден лайық

еді. Әмір осы медальға ие болғанда оған редакцияның «Қаламгер» қабырға газеті мынадай құттықтау өлең жолдарын арнаған екен:

Әрқашан тілеп, адалдан өмір,
Газет мәнін дөп ұққаны үшін;
Наградталды медальмен Әмір, -
«Еңбекте үздік шыққаны үшін».

Медалің құтты болсын, дейміз біз,
Қадамың сенің өрлеуге бейім.
Тағы да саған жол сілтейміз біз, -
Оза бер, Әмір, орденге дейін!..

Кейін Әмірдің жолы құтты болып, «Еңбектегі ерлігі үшін» және «Еңбек ардагері» медальдарымен және көптеген Құрмет грамоталарымен де наградталған. Және бірнеше рет «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісіне де ие болған. Ал Әмірге облыс журналистері зор сенім көрсетіп, оны 1987 жылы Қазақстан Журналистер одағының жетінші съезіне делегат етіп те сайлапты. Бұл да болса журналист әріптесіміздің тынымсыз еңбегін жоғары бағалағандық болып табылады.

Әмірдің алда алар асулары, шығар биіктері көп еді. Әттең, ол тым болмаса зейнет жасына да жетпей, өмірден ерте кетті. Әлі есімде сол 1990 жылдың желтоқсан айының бас кезі болатын. Бұған дейін ауру-

дың не екенін білмеген, өмірі ауруханаға жатып көрмеген Әмірдің денсаулығы өзінен өзі кенеттен кінәрат бере бастады. Аузындағы тістері түсіп, соны салдырамын деп әуреленіп жүргенде оған қант диабеті, қан қысымының жоғарылауы сияқты қауіпті аурулар жабысып, оны арнайы аурулар тобы есебіне қойды. Сол науқастан айықпады ақыры.

Иә, Әмірдің дүниеден өткеніне де биыл алты жылға жуықтап барады. «Орнында бар оңалар» дегендей, шүкіршілік етерлігі сол, балаларының бәрі де өмірден өз орындарын тапқан. Үлкен қызы Қымбат – медбибі болса, одан кейінгі Баяны қаржы техникумын бітірген, тұрмыста. Қазір ол Ақмола облысының Степногорск қаласында тұрады. Ал Гүлнәрі политехника институтының экономика факультетін бітірген, қазір «Кредсоцбанкте» бухгалтер болып істейді, тұрмыста. Светлана мен Жанары тігінші-шебер, екеуі де тұрмыс құрған. Әмір көзі тірісінде тек Баян деген қызынан туған Ләззат есімді жиенін ғана көрген. Қазір Аслан, Асығат, Сағадат және Дамир есімді тағы төрт бірдей жиені өсіп келеді. Әмірдің суретін көріп, «ата» дейді олар.

Әмір ең кенжесі Мұрат деген ұлын ерекше жақсы көріп, өте еркелететін. Ер бала шаңырақ иесі, мұрагер болады дегендіктен бе, ол жайлы қызықтап көп әңгімелейтін еді. Ол туғанда 1976 жылы бар ағайын-туыстарын, дос-жарандарын, ауылдастарын шақы-

рып ұлан-асыр той жасаған. Сол тойға біз де отбасымызбен қатысқан болатынбыз.

- Мен алпысқа келгенде, сен жиырмаға толасың, - деп Әмір баласының арқасынан қағып, қызықтайды екен. Бірақ Әмір ол арманына жете алмады. Мұрат бүгінде Алматыда әскер қатарында өзінің азаматтық борышын өтеуде.

Сөз арасында мен Ұлболсын апамыздың отыз жыл отасқан қосағыңыздың қандай қасиеттері мен мінездерін ерекше атар едіңіз? – деп сұрадым. Сонда ол былай деді:

- Мейірімділік, ұстамдылық, адамгершілік қасиеттері басым еді. Балаларының бәрін жастайынан еңбекке баулып, тәрбиеледі. Қыз балаларының мамандық таңдауына ақыл-кеңес беріп, көмектесетін. Гүлнәр деген қызым әкесінің ақылымен әрі зауытта күндіз жұмыс істеп, кешке әрі институтта оқыды. Екеуіне де үлгерді. Балаларға бөтен мінез көрсетіп, орынсыз ұрыспайтын. Отыз жыл отау құрғанда мен де бір жаман сөзін естіген емеспін. Мінезі өте ұяң еді. Әмірмен бірге тұрған кездерімнің бәрін ең бір бақытты шақтарым деп есептеймін. Балалар да әкесі сияқты еңбекқор болып өсті, бәрі де инабатты, кішіпейіл, көпшіл. Былайша айтқанда, Әмірдің еңбегінің жемісін, біз көріп отырмыз. Сондықтан осы үйден Әмірдің ұрпақтарын өмірге қанаттандырып, ұшыра берсем деген ойдамын.

ЕСЕНГЕЛДІ ЕРЕКШЕ ҰСТАЗ

("Солтүстік Қазақстан" 30 қаңтар 2003ж.)



Өмірде құрдасың туралы ой толғаудың, сыр шертудің, қалам тартудың оңай емес екенін екінің бірі біле бермейді. Құрдас туралы жазудың өзіндік қиындықтары мен өзгешеліктері болатынын өзім де осы жолы анық байқағандаймын. Көп жылдар бойы республикалық және облыстық мерзімдік басылымдарда қызмет атқарған, қаламы төселген журналист болсам да тетелесім, ұлағатты ұстаз Есенгелді жайлы жазу үстінде көп ойлануға, толғануға, өткен өмір өткелдерін көз алдымнан өткізуге тура келді. "Шешінген судан тайынбас" дегендей, бастаған істі байыппен аяқтау үшін шабытымды шақырып, қаламыма ерік бергенім рас.

Осы орайда атақты "Армандастар" әнінің мәтіні ойға оралады.

Бір ауылдан түлеп ұшқан жастар едік,
Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны едік.

Бәріміз де жазылмаған дастан едік,
Армандастар-құрдастар.

Иә, біздер де бір ауылдың бір жылғы туған түлектеріміз, бір мектепте бірге он жыл бойы білім бұлағынан сусындадық, одан кейін үлкен өмір жолына да бірге аттанған болатынбыз. Міне, содан бері де табаны күректей қырық жылдан астам уақыт өткен екен. Бұл жай айтуға ғана оңай, әйтпесе, қырық жыл деген аз уақыт емес. Өткен күнде белгі бар дейтін болсақ, жүріп өткен жылдар сайрап жатқандай көрінеді маған. Ендігі әңгіме желісі өзіміз сөз еткелі отырған Есенгелді Төлепбергенұлы Мұстафин жайлы өрбімек.

Оқырмандарымыз Жамбыл ауданындағы Баян орта мектебі, оның ұлағатты ұстаздары мен түлектері туралы жақсы хабардар деген ойдамыз. Өйткені аталмыш орта мектеп бір кезде тек бір ауданның ғана емес, сол өңірдегі бірнеше ауданның көптеген ауылдарының балалары білім алған бірегей оқу орны болатын. Ол кездегі мұғалімдер де сайдың тасындай іріктеліп алынған өңкей бір ығай мен сығайлар еді. Елуінші жылдардың екінші жартысында осы мектепте ұстаздық еткен мұғалімдер мен олардан дәріс алған талантты шәкірттер жайлы жұрт осы уақытқа дейін сүйсіне әңгімелейді. Олардың көпшілігі кейін облысымыздың жекелеген мектептеріне жетекшілік те етті. Осындай орта мектепте оқып, тәрбиеленген

Есенгелдінің де қатарынан қалып, осал болуы мүмкін емес еді. «Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы» деп тегін айтылмаса керек. Есенгелді де жас кезінен білімге, өнерге құштар болып өсті. Әсіресе, оның кітапқұмарлығын ерекше айту керек. Қашан көрсең де оның қолынан әдеби кітаптар түспейтін.

Осы орайда мектептегі сол кездегі әдебиет үйірмесі жайлы да ерекше айтқан жөн. Бұл үйірме жас ерекшеліктеріне қарамастан бес-он сыныптар оқушыларының басын біріктіріп, әдебиетке бейім, өнерге үйір балалардың туындыларын талқылайтын, олардың шығармашылықпен айналысуына жол сілтейтін. Мүмкін содан да болар, үйірме мүшелерінің көпшілігі кейін журналистік жолға түсті, енді біреулері әдебиеттен сабақ беретін мұғалімдікті таңдады. Балалардың бейімділігін байқап, талантын тануда осы үйірмені басқарған ұстаз Нұржан Еламановтың да еңбегі ерекше еді. Сол кезде үйірме мүшелерінің мақалалары мен өлеңдері облыстық «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») және республикалық «Қазақстан пионері» газеттерінде жиі жарияланатын. Сол жылдары облыстық «Ленин туы» газетінің Баян ауылында тілшілер қосыны құрылған болатын. Оның белсенді мүшелерінің бәрі де мектептегі әдебиет үйірмесінің оқушылары еді.

- Жол азабына қарамастан облыс орталығынан 170 шақырымдай шалғайдағы ауылға жиі іссапармен

келіп, үйірме жұмысына қатысып, оқушылармен кездесулер өткізетін, өздерінің еңбектерімен ой бөлісетін жазушы Жәнібек Мұзафаров пен сол кездегі жас журналист, бүгінде «Солтүстік Қазақстан» облыстық газетінің бас редакторы Бақыт Мұстафиннің еңбектері де ерекше, - деп еске алады Есекең өзінің оқушылық кезінен сыр суыртпақтап.

Оның сол бала кезінде қалыптасқан облыстық газетпен байланысы әлі де үзілген жоқ. Ол күні бүгінге дейін өз жұмыстарымен облыс орталығына келе қалса болды, міндетті түрде облыстық газет редакциясының қасиетті шаңырағына соқпай кетпейді. Есекең өзінің көрген-білгенін естіген естеліктерін айтып, әңгіме-дүкен құрады, журналистермен тең дәрежеде аса маңызды мәселелер жөнінде ой бөліседі, әзіл-қалжыңмен бір серпілтіп кетері анық. Біз де оны ерекше ризалық көңіл-күймен шығарып саламыз. Әдебиетші ұстаздың тілдің майын тамыза, нақышына келтіре айтқан әңгімелерін сүйсіне де серпіле тыңдамау мүмкін емес. Әдебиетші Есекең қай салада сөйлесе де, қандай тақырыпты қозғаса да өзін тыңдаушыларына сөзсіз мойындатады. Бұл да оның өзіндік ерекшелігі болса керек.

Енді аз ғана шегініс жасасақ. Есенгелдінің жетпісінші жылдардың ортасына дейін, ауыл тынысы, еңбек озаттары, жастар өмірі, мектеп ұстаздары жайында жазылған көлемді мақалалары мен мәдени

хабарлары, сын материалдары көз алдыңа келеді. 1955 жылы 1 мамыр мерекесіне арналған өлеңі республикалық «Қазақстан пионері» газетінде жарияланды. Бұл өлең де кезінде мектептегі әдебиет үйірмесінде талқыланып, оң бағасын алған болатын. Мектептегі қабырға газеті де оның шығармашылығынсыз шығып көрген емес. Сонау бір жылдары солақай саясаттың салдарынан облыстық қазақша шығатын газет жабылып қалғанда Есенгелді аймақтық «Тың өлкесі» газетіне де жиі-жиі мақалалар жазып, өлкелік басылыммен де жақын бауыр басып кетті. Осы бағытпен кеткенде Есенгелді де білдей бір журналист болып кетуі де ғажап емес еді. Ана бір жылдары оны-сын дәлелдеп, сонау тыңдағы Тимирязев аудандық орыс тілінде шығатын газетте тілшілік қызмет атқарғаны да бар.

Өмірде бәрі өзің ойлағандай бола бермейді ғой. Әкесі Төлепберген ақсақал ауылға сыйлы, ағайын-туыстарға қадірлі адам болатын. Қолынан өнер тамған шебер балташы еді. Есенгелдінің де кезінде әке жолын қуып, ағаш шеберлігімен, ауылда үй салумен де айналысқаны бар. Қазіргі өзі тұрған үлкен үйді, кеңшар жаңа құрылған кезде басқа да біраз қоныстарды өз қолымен тұрғызғаны ауылдастарының әлі есінде. Сонда да Есенгелді әкесінің айтқанын бұлжытпай орындады. Өйткені Төлепберген кария кенже ұлының мұғалім болуын, ұстаздық етуін

қалаған еді. Есенгелді ардақты әкесінің айтқанын екі етпей оның тілегін орындады, ұстаз болуға біржола бекінді.

Осы мақсатпен Есенгелді Төлепбергенұлы бүгінгі әл-Фараби атындағы ұлттық мемлекеттік университетінің (бұрынғы ҚазМУ) филология факультетіне оқуға түсіп, оны ойдағыдай тәмамдады. Міне, содан бері қырық жылдан астам уақыт ұстаздық жолында жемісті еңбек етіп келеді. Оның соңғы отыз екі жылы өзі түлеп ұшқан Баян орта мектебімен тығыз байланысты. Үлгілі ұстаздың ұзақ жылғы жемісті еңбегі ескерусіз қалған емес. Басқаны былай қойғанда аудандық, облыстық оқу бөлімдерінің Мақтау грамоталары да бір басында жетерлік. Сондай-ақ, осы мекемелердің педагогикалық оқуларында талай рет жеңімпаз атанып, республикалық оқуда да белсенділік танытқаны үшін Білім министрлігінің Мақтау грамотасымен де марапатталған. Үкімет тарапынан «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен де көп жылғы ұстаздық еңбегі аталып өтті.

Ұстаздық еңбек тек марапаттаулармен ғана бағаланбаса, өлшенбесе керек. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» дегендей, ұстаздық еңбектің ең жоғары бағасы - шәкірт екені де анық. Осы тұрғыдан алғанда Есенгелдінің еңбегі ерекше деуге болады. Мәселен, осыдан ширек ғасыр бұрынғы шәкірттерінің бірі – Алтын Иманбаева республикалық радиохабарларын

тарату комитетінде белді қызмет атқарады. Оның әншілік және ақындық жолындағы еңбектері де айырықша атап өтерліктей. Бүгінде облыстық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары, ішкі қызмет полковнигі Сағындық Бегалин де - Есекеңнің мектептегі үлгілі шәкірттерінің бірі.

Кезінде Баян орта мектебінен атақты «Артек» демалыс лагеріне барған екі оқушының бірі де осы – Сағындық. Астана қаласының үздік медицина қызметкерлері санатында жиырма жылдай қызмет атқарып келе жатқан Бибіжан Шайпина, Ләйла Жұмағұловалар да - Есекеңнің әр жылдарда үлкен өмірге қанат қақтырған шәкірттері. Есекеңнің тағы бір ерекшелігі сол ол өзінің бұрынғы шәкірттерінің көпшілігімен үнемі хабарласып, үзбей байланыс жасап тұрады.

Шәкірттерінің тағы бір тобы бүгінде өзімен бір мектепте ұстаздық қызмет атқаруда. «Олармен бірге жұмыс істеу – үлкен мақтаныш. Өзіңе күш-қуат беретін тәрізді», - деген сөздерді Есенгелді әңгіме үстінде жиі-жиі қайталайды. Кім білсін, бұл сөздердің де үлкен мәні мен мағынасы бар шығар деген ой келді маған. Ал Елбасының жуырдағы Жарлығымен көп балалы ана ретінде «Күміс алқа» иегері атанған зейнеткер ұстаз Бөшен Күнгенеева былай ой толғайды:

- Есенгелді – менің алғашқы шәкірттерімнің бірі.

Ол озат оқушылардың бірі болатын. Жоғары оқу орнын бітіріп келгеннен кейін жиырма жылдай бірге еңбек еттік. Білімділігіне қоса талап қойғыштығымен, бастаған істі аяғына жеткізбей тыным таппайтын іскерлігімен көпшілік беделіне ие болған шәкіртім мен үшін үлкен мақтаныш. Оның үстіне менің сегіз ұрпағым – оның шәкірттері. Отбасындағы өзара әңгімемізде ол жайлы жиі-жиі лебіздер айтып отырамыз. Еңбегінің зейнетін көрсін, біздер сияқты...

Әр жылдың адам өміріне әкелетін қуанышы мен қызығы ерекше екені белгілі. Әйтсе де, Есенгелді үшін 1964 жылдың орны бөлек сияқты. Сол жылы партия қатарына қабылданып, Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ніл Болатбаевтың қолдауымен «Приишим» кеңшары комсомол комитетінің хатшысы болып сайланды. Шаруашылығы мығым дамып, өркендеп келе жатса да, жастармен жұмыстың әлсіреп кетуі аудан басшыларын да ойландырған болатын. Сол себепті ол өзіне жүктелген жауапты жұмысты екі аяғынан тік тұрғызу оңай болған жоқ, біраз тер төгуге тура келді. Ақыры ол жеңіп шығып, шаруашылықтағы жастар ісін алғы шепке шығарды. Бұл істе де жігерлі жас ауданның бірінші хатшысының ойынан шыға біліп, олардың арасындағы қызметтік байланыс пен қарым-қатынас ұзақ уақыт жалғасын тапты. Ніл Әдғамұлы кейін облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметінде

болғанда да Есенгелдіні қамқорлығына алып, оған тиісті ақыл-кеңесін айтып отыратын.

Есенгелді іскерлігімен аудан басшылығына келген Жақсылық Ысқақовтың көзіне түсіп, ілтипатына бөленді. Оған Жақаң кезінде аудандық партия комитетінде нұсқаушылық қызмет те ұсынған болатын. Бірақ ол отбасылық жағдайына байланысты бұл жұмысқа бара алмады. Сол кезде ауданнан бастап, Мәскеудегі комсомолдың жоғары орындарының марапаттарына ұсынылып, облыстық комсомол комитетінің, аудандық бюроның мүшелігіне де сайланған болатын. Кеңшарда партия комитеті хатшысының орынбасары болып сайланып, екі жылға жуық хатшылықты да қоса атқарды. Есекең жоғарыда есімі аталған ағаларының халық алдында адал атқарған істерін бүгінгі жастарға үлгі етіп баяндап беруді, оларды әрқашан үлгі тұтуды өзіне мақтаныш санайтындығы әңгіме арасында айқын көрініп отырды.

Есенгелді Төлепбергенұлы отыз жылдай Баян ауылының коммунистерімен кезінде саяси сабақтар да өткізіп, қоғамдық жұмыстарды да аса белсенділікпен атқарды. Осыған орай облыстық партия комитеті ұйымдастырған туристік сапарларға қатысып, тәжірибесін үзбей молайта түсіп отырды. Бұл саладағы қоғамдық белсенділігі де атаусыз қалған жоқ. Ол талай рет әр түрлі дәрежедегі марапаттауларға ие болды.

Жетпіс жастың бел ортасына келген ауылдың айтулы азаматы Социалистік Еңбек Ері Құрманғали Сұрағанұлы Есенгелді жайлы ойын былай түйіндейді:

- Есенгелді кезінде біздерге саяси сабақ бергенде өзінің білімді де білікті ұстаз екенін айқын көрсетті. Жасымыз үлкен болса да біз оны сыйлап «ағай» дейтінбіз. Ол өзі де тәртіпті, бізді де соған үйретті. Ауылдың майталман механизаторы Елубай Әбілмәжінов екеуміз күндізгі дала жұмыстарынан қанша шаршап келсек те, саяси сабақ басталғанда оның бәрін ұмытып кететінбіз. Осыны еске алып, бүгінде Есенгелдіні көргенде бір дуылдасып қаламыз. Ол менің үлкен ұлымның сынып жетекшісі болды. Мені егіс басында «Құрметті пионер» қатарына қабылдап, мойныма алқызыл галстук байлағанын қалай ұмытарсың. Сондықтан да ол маған мектептегі ерекше ұстаз сияқты көрінеді...

- Есенгелді Төлепбергенұлы кеңестік кезеңдегі соңғы сайланған аудандық депутаттардың бірі дейді Жамбыл аудандық мәслихатының хатшысы Таңат Сүгірбаев өзінің бір кездегі сыныптасы, ауылдасы, құрдасы жайлы лебіз білдіре. Аудандағы жаңадан құрылған тіл қоғамының жұмысын жандандыруға бел шеше кіріскендігін, аудандық «Ауыл арайы" газеті көтерген мәселелерге белсене үн қосқанын ерекше ризалық сезіммен әңгімелейді.

Есенгелді - өз отбасында екі қыз, екі ұл тәрбиелеп өсіріп отырған өнегелі әке де. Қыздары әке жолын қуып, болашақта ұстаз болуды мақсат тұтуда. Алтынайы СҚМУ-дің математика факультетін өткен жылы бітіріп, ұстаздық жолға түсті. Самалы биыл осы университеттің тіл-әдебиет бөлімін тәмамдамақшы. Манасы ата жолын қуып, "Манас" шаруа қожалығын құрып, еңбек жолын жеке кәсіпкерліктен бастап отыр. Қобыланы да оныншы сыныпты бітіріп, еңбекке араласпақ ойы бар. Зайыбы Бермет облысымыздағы шипалы да танымал емшілердің қатарында өз қызметін жалғастыруда. Ол туралы кезінде газетімізде жазылған да болатын.

Өткен жылы мамыр айында өзінің алпыс жылдығын атап өткен Есенгелді Мұстафин осындай өнегелі де өнерлі ерекше ұстаз деуге әбден лайық.

АУЫЛЫМ ӘНІМ

(ән әуенімен айтылады)

Ауылым ақ қайыңдар арасында,
Атақты Маса көлдің жағасында.
Баянға қанша барсам сағынамын,
Ауылдың ақсақалын, баласын да.

Әр талы, әр бұтасы таныс маған,
Қай бала таяқты ат қып жарыспаған.
Өзіңде туып, өсіп ержетсем де,
Қалалық бір балаңмын алыстаған

Қайырмасы:
Ай, Баяным-ай, Баяным-ай,
Өзіңді сағынамын баяғыдай.

Табиғат мың түрленіп боянасың,
Бүгінде өзгеріпті Бойағашым.
Балалық кездерімнің сенде өткізген
Таба алмай қиналамын баламасын.

О, менің кіндік кескен туған жерім,
Жасымда ойын-сауық құрған жерім.
Көліңе суға түсіп, рахаттанып
Гүл теріп, көбелек те қуған жерім.

Қайырмасы:

Көлінде балық шоршып, суылдаған,
Қамысың – құс базары шуылдаған.
Қыста да қызықтарым толып жатыр,
Мұзында коньки теуіп зуылдағам.

Демеймін: туған ауыл, алыстадың,
Қашанда жүрегімде таныс бағың.
Шалғайда, бір қиырда жүрсем-дағы
Өзіңмен бірге ылғи тыныстадым.

Қайырмасы:

Сүйемін ауылымды, дала таңын,
Мен-дағы бауырында өскен балапаның.
Туған жер, сенен ыстық ұя таппан,
Қалсам да мекен қылып қала маңын.

Зейнолла Әкімжанов,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі

АЗАМАТ ТҰЛҒАСЫ

«Солтүстік Қазақстан» газеті



Тәңір адам баласына қанша ғұмыр берсе де, әсіресе, есейіп, ел көзіне түскен жанның сол ғұмырдың бір бел-белесінде артқа ойша оралмауы мүмкін бе? Сол жылдардың бәрі жадыңда сақталмаса да елесі естен кетпейтін, кейде бір сүйіндіретін, кейде бір өкіндіретін бедерлері болады ғой. Алпыстың асқарына шыққан Сәбең де нақ осы күні сол бір сезімге бөленсе, ерсі емес.

Ғұмыр кезеңдерінде соғыстың алды-артында туғандардың тағдыры ортақ. Әсіресе, соғыс жылғы сәбилердің бесіктен белі босанбай жатып, тартқан тауқіметі ұмытылар ма? Сәбит те ел басына туған адам айтқысыз ауыр заманның дәмін татып үлгерді. Майданға аттанған әкесі Қайыржаннан сегіз айлығында мәңгілік көз жазды.

Сол зұлмат соғыс осы Рамазан балаларына тырнағын аяусыз батырды. Жұма, Нұрғали, Қайыржан, Рәшид есімді ағайынды төртеудің соңғысы ғана соғыс құрығынан аман қалды. Жастайынан буыны бекімеген, бұғанасы қатпаған бала колхоз тірлігінің тынысын сезіп-ақ еді. Ерте жатып, кеш тұру қайда, құлкынсәріден қызыл іңірге дейін ересектердің ісін бұл да атқарып, тылдың «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!" деген ұранына үн қосты.

Сөйте жүре Баян орта мектебін 1958 жылы бітірген. Арманы оқу еді, ол да бір қолға түспес сынаптай сырғып, уысынан шыға берді. Сол жылдары орта мектеп тәмамдағандар екі жыл шаруашылықта жұмыс істеуге міндеттелген еді. Сол құрықтан бұл да құтылмай, ауылда трактор айдап, мал бағып, міндетінен құтылған.

Арманшыл жігіт алыс деместен Алматыға аттанып, Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, тарихшы маман болып, дипломмен оралды. Қызметінің алғашқы баспалдағын мұғалімдіктен бастады. Семиполка орта мектебінде төрт жыл қызмет атқарған өнерлі, жігерлі жасты аудандық партия комитетіндегілер аңдамай, аңғармай қалмапты. Нұсқаушылық қызметке шақырды. Барды. Бірер жылдың ішінде аупарткомның үгіт-насихат бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалды.

Осы бір жолдарды жаза отыра кейде қиындық-

тардың адамды жасытпай, қайта жігерін жанып, намысын қайрап, шыңдайтынын пайымдайсың. Оның астарында әрине, табиғат – ана дарытқан туа бітті қасиеттер де болар, дегенмен де "көре-көре – көсем, сөйлей-сөйлей – шешен болады" демекші, адамдардың арасында жастайынан араласып, жақсы мен жаманды айыра білетіндерге өмір қаншама кедергі-тосқауыл қойса да – ол жеңе біледі. Міне, нақ осы Сәбең жолы сондай болған-ақ шығар.

Бұған онымен әңгіме барысында көзіміз анық жетеді де. Өйткені ол қызмет істеген Сергеев ауданында іссапарларда бола жүре бұл азаматтың қатардағы, санаттағы жай бір қызметкер, кеңсе адамы емес, нағыз істің, қолынан шаруа келетін тындырымды жан екендігін талай мәрте аңғарып, білдім. Сәбиттің жас шағының ең бір екпінді кезі осы ауданның экономикалық та, мәдени де өрлеуінің сәтіне тұспа-тұс келеді. Бұл ауданды марқұм Ніл Әдғамұлы Болатбаев, одан соң Жақсылық Ғабдоллаұлы Ысқақов, кейінде Еңбек Ері Есім Шәйкенұлы Шайкин басқарғаны белгілі. Бұлардың қай-қайсысы да кісілігін айтсаң, жағың талатын жасампаз істің адамдары. Нар тұлғалы бұл азаматтардан өнеге алмағандар құдайға емес, өзіне ғана өкпе арта алады. Жақсымен жанасқанның жолы болмай қалған ба, Сәбит те осы әйгілі ауданның әлеуметтік-экономикалық игіліктеріне зәредей болса да бір үлес қосқанын бүгін айырықша мақтан тұтады.

Оған, расында да, негізі бар. Өйткені аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып, әлеуметтік-мәдени мәселелермен айналысты. Біздің де іссапарлар кезінде Сәбеңмен араласқан тұстарымыз осы сексенінші жылдардың басынан еді.

Сол жылдары Сергеев ауданы облыстың ең астықты өңірі болды. Соған қоса беткей-белі мыңғырған мал. Не айтары бар, экономиканың өрлеуі халықтың әлеуметтік сұранымдарын белі қайыспай көтеретін жағдайға жеткізген. Ауыл-селолардың бәрінде типтік орта мектеп, мәдениет ғимараттары, әлеуметтік құрылыстар салынды. Оларды жоспарлау, жобалау, тұтынушы қолына беру ісі Сәбиттің де қолынан өтетін. Кеңшар орталықтары тұрмақ, түгелдей бөлімшелердің өзінде балабақшалар ашуға мұрындық болып, істің ауыр-жеңілі демей араласты. Онда жағдайдың көтергені ғой, бүкіл кеңшарларда, құрығанда, дәрігерлік амбулаторилар жұмыс істейтін еді.

Спорт пен мәдениет жөнінен де сергеевтіктер ел ішінде серке тәрізді еді сол жылдары. Айталық, Сергеевкада облыстың аудан орталықтарының ішінде алғашқы болып саябақ ашылды. Оны безендіріп, көркейтіп, көгалдандыру оңай жұмыс емес қой, алайда қала аты болғандықтан, кала тұрмысына сай тұлғасын таныту да жөн болды. Ондағы «Ертегі қалашығы» балдырғандардың сүйікті орнына айналды.

Сергеевканың стадионы сол маңайдағы елді ме-

кендер түгіл, өзге аудан орталықтарына үлгі боларлықтай дәрежеде болды. Соған сай ауданда спорт мерекелері жиі ұйымдастырылып ауыл-село спортшыларының жазғы-қысқы ойындарынан аудан командалары үнемі олжамен оралатын. Осының бәрі ауданды экономикалық-әлеуметтік өркендетудің жоспарына сай жасалған шаралар еді. Жоспарды жоспар үшін ғана жасамай, ондағы көзделген істердің жүзеге асырылуы соңғы нәтиже деңгейіне көтерілді. Сондықтан мұндай аса кең ауқымдағы істердің орайын келістіру жетекші адамның жекелей жауапкершілігіне, таным-пайымына, тындырымдылығына байланысты емес пе. Міне, Сәбит Рамазановты ауданда осы сипаттары үшін жоғары бағалайды.

Мәдени жұмыстар ауқымы өз алдына бір әңгімеге арқау. Сол кездері ауданда төрт халық театры болды. Ыбыраев атындағы кеңшарда, Новопокровкада, аудандық Мәдениет үйінде «Шторм» театры дегендей, өнер ұжымдарының талап-тілектері бір күнде шешілмесе де, бірте-бірте ел ішіне өнердің өрісін кеңейтуге негіз болды. Әсіресе, «Ақбидай» ансамблі туралы айтқанда, Сәбең риза бола түседі. Себебі, осы ансамбльдің тууы, тиянақты қадам басуы оның тікелей араласқан ісі.

"Ақбидайда" Қуандық Қасымов, Жангелді Тәжин, Уәлихан Қаражігітов, Қалқай Ниязов, Айтмұқан Смағұлов, Абай Малдыбаев, Қарлығаш Нүкенова,

Сәуле Смағұлова, Ұмсындық Тұралина, Сәуле Жағыпарова және басқа өнерпаздар осы өнер ордасына тоғысты. Әрине, бұлар алдымен өнерді пір тұтты. Түрлі салада қызмет атқарған бірі ұстаз, бірі дәрігер, бірі мәдениет қызметкері, бірі милицияда істеген осы жастардың Сәбең нағыз ақылшысы, ересек ағасы болды.

Қандай бір қиын түйіндер туа қалса, олар алдымен онымен ақылдасатын. Адам басында түрлі жағдай кездесуі – өмір заңы. Сол мұқтаждарды орайын тауып шешу де оңай емес. Алайда бұлардың Сәбеңе көңілі қалған кездері жоқ-ау, жоқ, шамасы.

«Ақбидайдың» даңқты жолының бірі – 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасында өнер көрсетуі. Соған қоса республиканың, Ресейдің бірқатар өңірлерінде, ірі орталықтарында өнер сапарына оқтын-оқтын шыққаны да мерейді үстей түседі. Әсіресе үгіт поезының құрамында Ресейдің Қаратопырақсыз аймағын аралап, қазақ өнерін танытқанын әлі күнге дейін жырдай етіп айтады.

- Қазір заман өзгерді. Ел басына қиындығы мол кезең туды. Бірақ, осылар еліміздің егемендігінің жанында ештеңе емес. Ендігі жерде бастапқы өмір соқпағына қайта түскендей болдым. Оншақты жылдан бері білім қызметкерлері кәсіподағының аудандық комитетін басқарамын, - дейді Сәбең.

Қай салада болмасын, атына кір жұқтырмай, адал

еңбекпен есімі ардақталған оның қазіргі жаңаша білім бағытында өз қолтаңбасын калдырары сөзсіз.

Жасы алпысқа келсе де жасқа бергісіз жігері бар Сәбең өмір өзі шыңдаған Сәбең ата болып, үш қызынан төрт жиен сүйіп отыр. Зайыбы Ғайша екеуі балаларына түгел жоғары білім әперді. Үлкені – Эльмира Қостанайда тұрады. Дәрігер. Екіншісі – Гүлнәр, осы Сергеевкада мұғалім. Кенжесі –Айгүл. Қостанайда «Қостанайгазпромда» заңгер.

«Орнында бар оңалар» демекші, әке шаңырағын құлатпай, түндігін жаптырмай, ордаға ту байлаған тұлғалы азамат болған Сәбең – Сәбит Рамазанов өмірінің үзік бір сырлары осындай.

ҚАЛАМГЕР ҚАЛАҒАН ЕСІМ

("Солтүстік Қазақстан". № 68. 2002 жс.)



Төрткіл дүниенің бір мүйісінде жатқан біздің ауыл әлемнің бір әсие, әдемі аумағы десем, ауылыма деген махаббатымнан шығар... Дөңгеленген қырлардың қия бетінде тақиядай төңкеріліп ойдым-ойдым ормандары жатыр. Бойқызыл, Мырық, Аяқ, Аралағаш, Отын-ағаш... Қазтуған жырлайтын «Жатып қалған тоқтысы жардай атан болған жер». Жидегі, шиесі, қарақаты, мойылбасы тіл үйіріп, алты ай жаз ауыл балалары орман кезіп кетер еді.

Осы ойдым-ойдым орманнан соң көзің көгілдір көлдерге түседі. Суаткөл, Ілия, Қайранкөл, Шырпылы, Кішкенекөл, Қылышбай, Сықпа сияқты бірі жанға дәру, бірі малға суат сулар-ай десейші. Махамбеттің жырлайтын «Қоғалы көлдер, қом сулары» да біздің атамекенде екен-ау!

Бұдан соң ауыл адамын ауызға аласың. Ау, табиғаттың тарыншылық жасамаған бай жерінен жаны

да соншалықты жомарт адамдар туатыны ғылыми дәлелденген ақиқат. Жазушы Сафуан Шәймерденов, тілші-қаламгер Малдыбай Қоқыбаев, олардың ізін басқан мен өзім, ұлы ұстаздар Мырзахмет Әкімжанов, Мағел Басыбаев, ғалым Қосыбай Айтқожин...

Иә, айта берсе - туған жерге деген махаббат асыра сөйлеткенімен, анығы адам баласы өзінің алтын кіндігі, асыл құндағы туған жерінің нәрін бойға дарытары шындық екен. Осыдан соң оған деген сағыныш та жүректі өртей береді.

Әлгі Отынағашқа арнаған бір жырым есімде:

Күндерді кешіп шырғалаң,
Жылдардың өтіп арасын,
Сан талай келер бұл балаң
Сау болса, Отынағашым! - деген едім.

Туған жерді бар жүрек-жүйкесімен аңсайтынның бірі есімі ел-жұртқа танымал ұстаз, білікті әдістемеші балдырғандар бағбаны Қарақат Ысқақұлы Шалабаев.

- Осы қалаға мен, анығымды айтсам, өмешегім үзіліп, ел көшті екен деп үйімді жыға көшпеген едім, інім, - дейді ол. - Ауылымды, Амангелдімді сағынамын. Әттең, соңғы жылдары ауылдың айы оңынан тумады ғой.

Иә, аға анығын айтады. Қазір біздің ауылды ауызсу жағдайы қинап тұр. Суды көлден ішкен жұрттың жайы мүшкіл.

-Ертеректе бәріміз де суды қысы-жазы көлден ішіп едік қой, - деймін мен.

-Е, інім-ау, ол кезде табиғат бүлініп пе еді? Өзің білесің, Сықпаның суын сіміріп, қысы мұзын ойдық, жазы сүзіп іштік. Ауырып-сырқап па едік? Нақ қазір олай емес қой.

Аға жөнін айтады. Ауылға барғанда осы судан зәрушілік көрген туған-туысқа жаның ашиды. Бірақ адам баласы да көнбіс-ау. Әсіресе, ауыл қазағы. Әйтпесе, баяғыдай сайрап жатқан жолың қайда? Басың ауырып, балтырың сыздаса бара қоятын дәрігерің дайын ба қазір?

Сонымен, Қарақат ағам да қоныс аударып, Қызылжар көшті. Қалалық классикалық гимназияға зайыбы Ермек Ырыскелді қызымен бірге қызметке орналасты.

Осы Қарақат ағайды Сафуан Шәймерденов ерекше қадірлейді. 1992 жылы ауылдағы жетпіс жылдық тойына келгенде айтқан мына сөздері есімде. Онда Қарақат осындағы сегізжылдық мектептің басшысы еді.

-1942 жылы, - деді Сапекең. - Мен онда жиырма жасар жігітпін. Еңбек армиясына алынған Ысқақтың үйінде осы сәби дүниеге келді. Есімін мен қойдым Қарақат деп. Көздері мөп-мөлдір, қарақаттай екен. Мен онда өлең жазушы едім. Жүрегіме жыр жолдары оралғандай болды да осылай атадым.

Болашақ жазушының, ел танығаң қаламгердің ақ

батасы нақ келіп, сол сәби Қарақат бүгін ата жасын алпысқа жетіп отыр.

Жасынан оқуға, білімге құштар зерек бал ауылдағы жетіжылдық мектепті бітіргенде «Ода арғы оқуды қайтейін!» деместен, ілгері жаққа назар аудара бастайды. Оған әкесі де сеп болған. Ағасы да өнеге танытқан. Ағасы Мағел Әлмырзаұлының өнеге берер білімі де, беделі де жетерлік еді.

- Бізді қойшы, - дейді Қарақат ағай. - Ұстаз деп Мағел ағамды айту жөн. «Ұстаз» деген сөзді әркім өзіне-өзі теліп ала алмайды. Оны халық береді. Осы атауға, меніңше, санаулы ғана жан ие болса дұрыс. Сол санаулының бірі - осы Мағел ағам еді. Оның зайыбы, жеңгеміз Көкен де ұстаз. Отбасымен солай. Бұл тәңірдің сыйы да!

Сондықтан, Қарақат сол кездегі осы төңіректегі ең беделді оқу орны - Баян ауылындағы қазақ орта мектебіне аттанады. Бұл сол Преснов ауданындағы жалғыз қазақ орта оқу орны еді ол жылдары.

1960 жылы осы мектепті алтын, күміс алқамен төрт шәкірт тәмамдайды. Атап айтқанда, алтын алқа дара. Оның иесі қазіргі Жамбыл аудандық мәслихатының хатшысы Таңат Айтмұқашұлы Сүгірбаев. Қалған үш күміс алқаның бірінің иесі облысқа белгілі қызметкер, бүгінде Қызылжар ауданындағы Архангелка селосында серіктестік басшысы Әскербек Смағұлов. Одан соң Түркістандағы Халықаралық Қа-

зақ-Түрік университетінің оқытушысы Сайран Әушәріпов. Соңғы алқа осы біз айтып отырған Қарақат Шалабаевқа бұйырған.

1965 жылы қазіргі Ұлттық университетіміздің филология факультетін тәмамдаған Қарақат ағай ұстаздық іске ат басын тіреген. Міне, санаған адам содан бері отыз жеті жыл бойы шәкірттер зердесіне білім нәрін дарытып келе жатқан оның еңбегін саралай да алар еді.

- Бұл ретте де менің алдымда аспандағы шамшырақтай болып Мағел ағам өнегесі тұрды. Соның жолын қуу бала күнгі арманым да еді. Алматының қызығына, орнықты, мақтаулы деген ғылыми-зерттеу мекемелеріне даңғыл жол сайрап жатса да, ешбіріне көңіл ірікпей туған жерге оралуымның сыры осында, - деді Қарақат.

Өнеге дегеннен шығады, сол кездері онымен оқығандардың ішінде бүгінгі ел таныған қаламгерлер Төлен Әбдіков, Бексұлтан Нұржекеев, Қабдөш Жұмәділов, Адам Мекебаев, Қажығали Мұхамбетқалиев, Жарылғасын Нұсқабаев бар. Япырау, осындай біршоғыр шоқ жұлдыздарды көтеріп тұрған курс қандай алпауыт десейші! Сол көште Қарақат та топжарған. Бірақ, әлгі айтқандай, ұстаздық істе тума талант ағаның асыл қасиетіне бас игендіктен оның жанына келіп, өнегесіне тәнті болды.

Біз ұстаздық отыз жеті жылдың тігісін толық тар-

қатып, жік-жігін қоймай бойлап кетуді мақсат етпедік. Айта берсе, марапат та, мақтау да бір басынан артып жығылады. Ана жылдары ол басқарған Амангелді сегізжылдық мектебі облыс оқу орындары арасында қатарынан бес жыл бойы үздік болып, оның мұғалімдері ұстаз білімін жетілдіру институтында неше мәрте өнегелі лекциялар өткізген. Әсіресе, Қарақат Ысқақұлының өзі Қызылжарды қойып, Алматыға, Көкшетауға, тағы басқалай қалаларға жылма-жыл барып, дәріс беріп келетін. Оның әдістемеші ұстаз атануының сыры да осында.

- Күнделікті сабақтың өзі әр сәтімен өзгеше болатынын мен ғұмыр тәжірибемнен білемін. Әр сабаққа ұстаз бір жүрек лүпілімен даярланбаса, оның еңбегі зая дей бер. Ондай ұстаз пәніне жаңалық әкелмейді, шәкіртке жақсылық нәрін дарыта да алмайды.

Міне, осыдан барып оның жүрдім-бардым іске берілмей, өзін-өзі қамшылай беретіні, соны өзгеден де талап ететіні түсінікті.

Ол Амангелді мектебін он екі жыл басқарды. Содан соң қалалық классикалық гимназияға орналасты. Осы 1999 жылы олар осында еңбек ете бастағанда зайыбы Ермек Ырыскелдіқызы мен Қарақат Ысқақұлын жақсы білетіндер ерекше қуанды, құптады.

-Міне, нағыз ұстаздар келді, - деді олар. - Осындай білікті ұстаздар болмайынша қалалық мектептің ісі өрге жүзбейді.

Көпшілік пікірі осындай. Соның ішінде мен де бармын. Өйткені, Қарақат ағай жылма-жыл облысты қойып, республикалық газет-журналдарда, әсіресе арнайы педагогикалық басылымдарда әдістеме мақалаларын жариялайтын.

Солардың бірі, Мағжанның жүзжылдығына орай жазылған «Мағжан лирикасын оқыту» деген зерттеу мақаласы арнайы жинақта басылды. Абайдың жүз елу жылдығына арнаған «Абай лирикасының табиғаты» атты мақаласы «Солтүстік Қазақстанда» жарияланды. Сәбеңнің мерейтойына арналған «Жазушы өмірінің өнегесі» деген мақаланы республикалық әдістемелік журнал «Қазақстан мектебі» тапсырмамен жаздырды. Ал, нақ бүгіндері жазылған «Ғабит Мүсірепов шығармашылығын мектепте оқыту» деген еңбегі республикалық арнайы кітапқа еніп, ағаның қолына тиіп отыр. Соның бәрі үлкен еңбектің, зор біліктілік пен толғамның жемісі емес пе?

«Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» деген атағы бар ағамыз осыдан екі жыл бұрын Алматыда өткен Білім және ғылым қызметкерлерінің съезіне облыстан сайланған делегаттардың қатарында болғаны да біраз танымды пайымдатса керек.

Әрине, осының бәрі оның әдістеме жұмыстарының да нәтижесі, ұстаздық білімдарлығының да жемісі. Ол бүгінде бесінші және он бірінші сыныптарға сабақ берсе, арнайы "Тіл мәдениеті" сабағын да

жүргізеді. Мұның да өз астары бар. Өйткені, қала мектебіндегі шәкірттің тіл байлығы, сөз қоры жетіле қоймағанын сезген ол гимназия басшылығына осы мәселені қойғанда Тәжин құп алып, осы курсты ашқан да Қарақаттың қолына ұстатқан. Соның әсері өзінің көксегеніне жетіп келе жатқаны да рас.

Әлгі әзірде Ермек Ырыскелдіқызын да сөз еткенбіз. Оның да еңбегіне ел разы. Бастауыштың білгір маманы екені де жұртқа белгілі. Ермек жеңгеміз Жамбыл мектебін орысша тәмамдаған. Ағаның арқасында туған тілге судай жүйрік. Республикалық баспадан әдістемелік екі кітабы басылып шыққаны да мерей. Сондықтан, классикалық гимназияға келген осы даңғайыр ұстаздарға қалай қуанбассың, оларды қалайша мақтан тұтпассың.

Қарақат ағамыздың тағы бір қасиеті - әншілігі. Оның әнін бір мәрте естіген жан жүрегі жылып, «Е, нұр сүйген жан екенсің!» демесіне сенбеймін өз басым.

Оның даусы - лирикалық тенорға жатады. Біржан салдың, Ақан серінің, Мәдидің, Сегіз серінің әндерін, қазақтың халық әндерін бойды шымырлата, құлақ құрышын қандыра шырқайды ол. Марқұм Рақым Бисарин екеуі әннің қос серісі болды. Үкілі домбыраны баптап ұстады, үнін аспанға әуелетті.

Қарақаттың сүйкімді дауысын республикалық радиодан неше мәрте естідік.

Жастайынан әнге құмар болды. Туған анасы Балуан ауылының әнші қызы екен. Сонау соғыс жылдары Отынағаш бойында жер жыртып, трактор мінген көнтерілі қазақ әйелінің бірі болған. Қамия, Зылиқа, Кәукәр сияқты жеңгелерімен бірге күні-түні белі жазылмай еңбек етіп, ауылдың жазғы, қысқы түндерінде ән салып, ел құлағының құрышын қандырады. «Шіркін, Сақтайдың салған әні-ай!" деп отыратын ел одан 1965 жылы елу бір жасқа толғанда айырылды.

Алайда, асыл ананың жанын толқытқан үні балаға дарып, Қарақат домбырамен ән салғанда «Е, орнында бар оңалар деген осы екен-ау!» десіп елдің бірі қуанып, бірі жұбанып, анасының құрбылары орамалының ұшымен көзіне үйірілген жасын құрғатып отыратын.

Әнші дегенде, Қарақат ауыл-үй аралап кеткен домбыра сабалағыш емес, мөлдірдің тұнығын таңдап ішетіндей жорға бұл ретте.

- Абай әндері де менің жүрегімді толқытады. Абай бейнесін сомдаған екі адам Ермек Серкебаев пен Ришад Абдуллиндер өнерін талай мәрте тамашаладым. Екеуі де Абай әндерін орындайды. Екеуінін де әсері өзінше бөлек. Сонда осы екеуі екі бағытта ән салатынына көзім жетті, - дейді ол. – Бірі әнімен Абайдың данышпандығын, ұлылығын айғақтаса, бірі поэтикасын, музасын шырқайды.

Қарақат ағайдың қазіргі уақытта қазақтың халық

әндерін, халық композиторларының шығармаларын орындаушы жастардың қатары сиреп кеткенін, бұлай бола берсе, олардың жадымыздан шығып қалуы мүмкін екенін айтып толғануы менің де жан-жүйемді тырнап өтті. Әбден жөнді, жанашыр сөз.

Біздің жастар бүгінде эстраданың алдамшы әуендеріне бөгіп бара жатқанын ағамыз дөп басып отыр.

Ол шырқайтын «Қарғаш», «Ақбақай», «Алқоңыр» халық әндері делініп келсе, кейін анық иесі Сегіз сері екенін білді. Ақан серінің «Сырымбеті», Біржанның, Мәдидің, Естайдың асыл туындылары - оның сүйікті әндері.

- Мен сабақта, мысалы, Ақан шығармашылығын өткенде оның әндеріне зор назар аударамын. Біржан, Сегіз сері жайлы да солай. Сонда шәкірт жүрегінде үлкен із қалады. Керек болса, осы әндерді орындап, бала жүрегіне ән әсерін де дарыту қажет, - дейді ұстаз.

Әңгіме басында сөз еткендей, туған жеріне тартып туған ұл, мінезі де сол көрікті көлдей кең, зәулім теректей самдағай, даласындай даңғайыр, досына кеңпейіл, Қарақат деген есіміне де жаны-тәні үйлескен сері азамат өмірі осындай.

Асыл жеңгеміз Ермек Ырыскелдіқызымен, сүйікті балаларыңызбен ғұмыр жасыңыз ғасырдан ассын, аға, дегін келе береді осы асыл азаматқа, әйгілі ұстазға.

Құрман РАМАЗАНОВ

ЖЫМИҒАН КЕЛБЕТІНДЕ НҰР ТҰРАТЫН

(«Солтүстік Қазақстан»)



Өмірде қолына қалам ұстаған адамның өзі жақсы білетін жан туралы ауызша айтудан гөрі жазуы қиынның қиыны екен деуші еді Мереке Тұралин кейде бір сыр сұхбаттың шетін суыртпақтаған кезде. «Оның несі қиын?» деп ойлайтынмын сонда қашанда сабырлы қалпын сақтап, әр нәрсеге байыппен қарап, байқап сөйлеп, сөздің мәніне терең үңіліп ой түйетін қаламгерге сұрақты жүзбен қарап. Сөйтсем оның да мәні бар екен ғой. Қолына қалам ұстап, қаламгерлік жолға түскеннен бастап талай адамдар туралы тебірене жазып, бар болмысын шынайы да нақтылы кейіпте суреттей білген Мерағаңның жалпы қай тақырыпты болмасын қиналмай бастап, еркін көсіле сілтейтін қадамы, шеберлігі мен еңбекқорлығы бәрімізге де үлгі болғандай еді.

Шеберлігі демекші, ол жазатын дүниесін қай қырынан бастауды білмей қиналып жүретін кейбіріміз сияқты емес, столға отыра сала бастап кететін. «Ең бастысы өзің жазатын тақырыпты терең түсініп, мәнін ұғып, сырын аша білу», - дейтін ол бұл жөнінде әңгіме қозғалғанда. Бірақ мен оның осы айтқанымен бірге сол тақырыпты меңгеру үшін білімділік, ізденіс, жан-жақты танымдық деңгей керек екенін сол кісіден байқайтынмын. Бұл жағынан келгенде Мерағаң нағыз майталман еді десем артық айтқандық емес.

Өз ойыңды айқын ашып, оқырманға арнаған сөзіңді түсінікті қылып жеткізе білу үшін ең алдымен сөз саптасына, оның орынды қолданысына мән бере білу керек. Сонда ғана айтқан сөзің нысанасына дөп тиеді. Жалпы ой, пікір айтып, әңгіменің мағынасын ашу үшін қысқа да нұсқа жазып дағдылану қажет деп отыратын ол әрдайым бәрімізге. Конфуцийден хабарың бар ма, Диоген туралы не білесің деп кейде әзілдеп қойғанымен «осы сен Сәбитті неше рет оқыдың, Абайдың ана бір сөзін қай еңбегінен білесің? Мұхтарды, Ғабитті қайталап тұрып оқу керек қой» дегенде өзім де кейде абдырап қалушы едім.

Білімділік, біліктілік көрсете білу қашанда іскерлікке, шеберлікке де байланысты. Мерағаң өз міндетіне қашанда іскерлікпен, жауапкершілікпен қарайтын кісі еді. Қандай бір ұзақ мәжіліс, не бір қоғамдық шара болмасын «таңғы сағат бес-алтыдан тұрып жазып

тастадым» деп жымия күліп материалын таң атпай елден бұрын машинкаға бастыруға беріп жататын. Ал, асығыс жағдай бола қалса қолжазбасы сол күйінде өндіріске жолдама алатын. Өйткені жазуы маржандай тізілген әдемі еді ғой. Ғалымдардың адамдардың жазуы – мінезіне қарай дейтіні де содан шығар. Мерағаңның қолтаңбасы да мінезіндей көрікті еді. Өзім араласып қызметтес болған редакция қызметкерлері арасында сол қолында темекісі болса, оң қолынан қаламы түспей өндірте еңбек етіп, тапжылмай отырып, жазатын адамдар Әмір марқұм мен осы Мерағаң еді.

Көптің ілтипатына ілініп, құрметіне бөлене білу де дәл Мереке Сексенбайұлы сияқты екінің бірінің қолынан келе бермейтін қасиет. Кіммен сөйлессе де оны байыппен тыңдап, нақтылы жауап бере отырып неше жерден қабағынан қар жауып, ашуға булығатындай жағдайға тап болса да біреуге бір ауыз қатты сөз, артық ғайбат айтқанын өз басым естіген емеспін. Редакцияның бастығы Бәкеңнен бастап, ардагер қарттары Дүйсенбі, Сәркен ақсақалдардың өздері «Мераға» деп тұратыны да содан болса керек. Көбіне жымиып, күлімдеп жүру өзіне өне бойы тән мінез. «Мән-жайды ұға білу де үлкен қабілетті, адами қасиетті көрсететін дүние» деп отыратын кейде өзі де.

Марқұм болған адамдар туралы не жақсылығын айту керек, немесе ештеңе демеу керек деген қағида бар. Жұмыр басты пендеде кінаратсыз жан жоқ. Мен

білетін Мерағаң аса көңілшек, жан-дүниесі, мінезі аңқылдаған ақжарқын да кінаратсыз аққөңіл, мейірімді кісі еді. Адами тұрғыдан келгенде ол қасиеттер кемшілік те емес. Мен редакцияға алғаш жұмысқа келген кезде ол сырқаттанып қалған Серік Қасеновтың орнында жауапты хатшы болатын. Сол кездің өзінде және одан кейін де өмірінің соңына дейін редактордың орынбасары болып жүріп әлдебір материалдарды жазып үлгере алмай, не басқа бір тапсырмаларды орындай алмай жатсаң жымиып қана: «асықпа, бірақ қимылда» деп тұратын. «Асықпасы» әлде біреулер сияқты жержебіріңе жететін айғай болмаса да көңіліңді көтеріп тұратын демеу іспеттес көрінсе, «қимылда» дегені жігер беріп, қолдағандай әсер ететін.

Жалпы мамандығы бойынша әдебиетші-филолог болып келген адамның газет ісіне бірден араласып, жауапты хатшы, редактордың орынбасары сияқты ауқымды міндеттерді атқарып кете білуі де біраз нәрсені ұқтырса керек. Газет жұмысын ұйымдастыру, беттеу, материалдарды іріктеп, ретімен орналастыра отырып көркемдеу сияқты қыр-сыры мен жауапкершілігі мол жұмысты бірден игеріп кету үшін де қабілет керек. Ал қабілет Мерағаңда ұшан-теңіз еді ғой. Қазақ мемлекеттік университетін бітірер алдында Алматы облысының Талғар қаласындағы С. Сейфуллин атындағы облыстық мектеп-интернатта диплом алдындағы практикада болғанда сол мектептің

ұстазы, қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін Раиса Шынтемірованың: «Мен қырық жылдай ұстаз болып жүріп дәл осылай сабақ беріп, балалар алдында тамаша да шебер сөйлеп, бәрін баурап, ойын әсем жеткізе білетін практикант қана емес, ұстаздың өзін де бірінші рет кездестіріп отырмын» деп таңдай қаға баға бергеніне таңданбасқа бола ма? Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі Р.Шынтемірова (балалар оны мінезінің қатаңдығына қарай сыртынан Шойынтемір дейтін) менің класс жетекшім болған еді.

- Мераған студент кезінен-ақ көп ізденіп, көп оқып, көп еңбектенетін еді, - дейді марқұмның бала кезден досы, өмірінің соңғы жылдарына дейін қарым-қатынастары үзілмеген ауыл шаруашылығы, милиция, қаржы салаларында ұзақ жыл еңбек еткен Болат Аяғанов. – Оны мен алғаш рет 1955 жылы көргенде портфелін сүйрете сабақтан келген сүпсүйкімді жеті-сегіз жасар ақсары бала еді. Содан араласып, білісіп кеттік қой. Әскерден кейін Алматыға ауыл шаруашылығы институтының агрофагіне оқуға түскенімде екінші курста оқып жүрген ол өзі іздеп келді. Содан бастап ол келген сайын жолдастарымның бәрі жадырап, құшақ жая қарсы алушы еді. Өйткені Мереке сол кездің өзінде бізге (ересек болсақ та) үлкен ғалым сияқты әсер ететін. Сонда кейде жатақханада қонып қалса түні бойы әңгіме айтқанда бәрі таң қалып, жігіттер: «Осы кісінің білмейтіні жоқ

шығар. Білімі терең құдық сияқты, нағыз ғалым ғой» деп жататын да, ал мен Мереке үшін марқайып, мақтанып қалушы едім.

Білімге құштарлығы ерекше болды дедім ғой. Қай жерде қандай ғылыми кездесу, қоғамдық шаралар, семинар-кеңестер, әдеби оқулар, жақсы театр қойылымдары болса бізді де сонда қояр да қоймай ертіп апарып жүруші еді. «Танысып, көріп, біліп, үйреніп алғанның артығы жоқ», деп жүріп 1967 жылы Әлкей Марғұланмен кездесуге ертіп барды. Одан басқа Темірғали Нұртазин, сол кездегі «Литературная газетаның» Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы меншікті тілшісі, жазушы Әнуар Әлімжановпен кездесулерге ертіп апарып жүргенін қалай ұмытарсың. Әттең журналистика саласына бұрылып кетті, әйтпесе нағыз үлкен ғалым болатын еді. Тағдырдың жазуы ғой, университетті өте жақсы бітіріп, ұстаздар тарапынан болған ұсыныстарға қарамай, лауазым, атақ-даңқ дегендерге қызығып, елтімей, бірден журналист болып кетті.

Атақ, даңққа ұмтылып, лауазым іздеп, бас пайдасын ойлап, мансапқа қызығып көргенін байқаған емеспін. Әкесі Сексенбай мен анасы Бәзила да өнегелі ата-ана еді. Ұзақ жылдар ел басқарып, көпшіліктің құрметіне бөленген Сексенбай Тұралинді облыстың аға ұрпақ өкілдері жақсы біледі. Осындай кісіден тәлім алған Мереке де өз атақ абыройын, құрмет

қадірін еңбектеніп, адал қызмет етіп тапқан адам, өзінің ұшқыр қаламы арқылы облысқа кеңінен таныла білген қаламгер, сөздің майын тамыза жаза білетін журналист ретінде құрметке, ықылас ілтипатқа ие болған жан. Ол қалам тартпаған тақырып кемде кем. Ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, мәдениет, қоғам, саяси-әлеуметтік өмірдің қайсысын алсаңыз да өзі қызмет істеген жылдарғы газеттің нөмірі сайын Мереке Тұралиннің қолтаңба ізі болып сайрап жатыр.

Былтырдан бері науқастанып, зейнеткерлікке шығуға тура келгенімен ол өзінің туған үйіндей болып кеткен редакциядан ат ізін үзбеген бір мүшесі еді. Өмірінің соңғы кездеріне дейін сырқатына байланысты қалам ұстауға шамасы келмей қалған кездің өзінде де газетті қолдан түсірген жоқ. Қайтыс боларының алдында ғана екі күн бұрын жан жары Нағима редакциядан жаздырып алатын газеттеріне келгенде жігіттерге: «Ол газет оқымаса отыра алмайды ғой» деп кеткен көрінеді.Өзім күнделікті күйбеңмен әнеміне деп көптен бері кіріп шыға алмай жүріп, соның алдында ғана барғанда айтқан бір сөзі әлі құлағымда тұр: «Мераға, анау болды, мынау болды, кіріп шығуға уақыт болмай жатыр, ренжімеңіз», дегенімде сабырлы да салиқалы жүзімен маған ұзақ қарап тұрып, көзіндегі әлде бір нәрсеге деген құштарлық пен іңкәрлік, ыстық ынтызарлық сәулесі бір жарқ еткен жанарын төңкере берді де «Е, Құреке (ол үл-

кен-кішінің бәрін осылай еркелете құрметтеп атайтын еді) несіне ренжимін. Бірақ мен сендерге қонақ емеспін бе? Соны ұмытпа» дегенде сасыңқырап та қалғанымды қалай айтпайын. Сөздің мәнін, ойдың мағынасын ұғатын жасқа жеткен жоқпыз ба? Өзінің алдындағы күтіп тұрған тағдырын болжап, боларын сезіп, төзіммен тосқанымен әлдебір пендешілік үміт-пен «болатын дүние болмай қоймайды ғой, бірақ қазір емес, кейін. Тек бүгін, ертең емес, кейін...» деген үміт сезімі уақытымен алға жетелеп, үміттендіріп жатқанымен ненің де болса парқын, мәнін нақтылы түсіне білетін асыл азамат күдікпен келе жатқан беймәлім дүниеге дүдәмәл көңілмен үңіліп, мына жарық күн мен саф ауаға, қоршаған орта мен қайнаған өмірге қимастық сезіммен қарап, қия алмай жатыр екен ғой сонда.

Өмірінің соңғы сәтіне дейін өзінің бар саналы ғұмырын сарп еткен сүйікті газетінің жаңа сандарын қолынан тастамай, көз алдында ұстап, аялай сипап, ер жетіп қалған екі ұлы Бақыт пен Болат, «кішкентай қошақаным менің» деп ерекше сүйіп, алтын қазынасындай, бой жетіп, медколледждің студенті атанса да әлі бүлдіршін сәбидей көретін Әлиясы, жан жары Нағима мен туған ағасы Маратты ойлы көзбен бір шолып өтіп, шексіздік әлемінің көз жеткізбейтін тұңғиық тылсымына толы көк аспанға қараған сәтінде қайран аға, не ойлады екен? Бір күндік қонақ

едім, біржола қоштастым енді, деп үнсіз бақұлдасып, көз алдынан көлбеңдеп өтіп жатқан өмір жолдарын баяу шола отырып қимастық сезімге бөленген сағыныш сазын өмірдің өшпейтін мәңгі шертілер әнкүйіндей артта қалғандарға аманат етіп жүре бергеніңді жүрекпен сезіп аңдай алмай да қалдық қой. Әйтпесе дәл бүгін 55 жасқа толар еді.

Сол күні, сенбі демалысында әлде бір жұмыспен редакцияға келіп, машинка басып отыр едім. Кабинетке бас редакторымыз Бәкең кірді. Алдында көріп, амандасқан едім. Үнсіз қарап тұрды да, «жұмысың бітті ме?» деді. Бас көтеріп қарасам жүзі бозара түсіп, тебіреніп тұр екен.

- Мереке қайтыс болды, жаңа ағасы Марат телефон шалды, - деді. Атып тұрдым. Әдетті дағдымен екі қолым екі бетіме барып қалғанымен қалшиып тұрған қалпы Бәкеңе қарадым. Ол қашандағы сабырлы қалпымен жүзін жоғары қарата ашық терезедегі аспан әлеміне үнсіз қадаған қос жанарындағы мөлдіреп тұрған екі шықты төгіп алмайын дегендей бұрыла берді. Қандай бір қиыншылық болса да ер адам жыламайды дейді. Бірақ оның өзі, бәрін жүйкеңе жеткізіп тұратын шамшырақ көзі жыламағанымен жүректі қайда қоясың? Аяулы сезімге толы қимастық күйі кернеген сағыныш сазы сыздатып тұрған жүрек жылайды. Екеуміздің жүрегіміз үнсіз ғана ұғысқандай қайғыға қан жылап тұрды..

ТҰЛПАР ШАБЫСЫНАН ТАНБАЙДЫ

(«Солтүстік Қазақстан» 2007 ж.)



Қатардағы жұмысшыдан беделді шаруашылық басшысына дейін көтерілу қашанда абыройлы дәреже саналған және ол екінің бірінің қолынан келе бермейтін іскерлік қабілеттің белгісі. Ондай жандарға бұрынғы кеңестік дәуірдегі сияқты осы күні де жұрт үлкен құрметпен қарайды. Шым болаттың нағыз қызулы алау оттан туатыны сияқты, нағыз азамат та қайнаған еңбек ортасынан және қажырлы жалын-жігерден шығады және оған халқымыздың «Әке көрген оқ жонар» деген даналық сөзі тұрғысынан қарасақ та, көп нәрсеге көзіміз жетері анық. Отбасы – адам тәрбиесінің қайнар бұлағы десек, әке – оның темірқазығы іспетті. Біз оны Маңыбайдай ұл өсірген Қажымұрат әкейдің өмір тәжірибесінен танимыз.

Қажымұрат Үмітбайұлы кезінде облыс, республи-

каны былай қойып, Одаққа танымал азамат болды. Шағын ғана ұжымшар басқарса да, әсіресе соғыс кезіндегі және одан кейінгі ел тұрмысы ауыр жылдардағы қажырлы еңбегімен ерекше көзге түсіп, жарты әлемнің билеушісі атанған қаһарлы Сталиннің өз аузынан талай мақтау алған жан еді. Оның отбасында бертінге дейін сақталып келген Бас хатшымен иықтаса түскен суретін әлде бір тілшіге беріп, айырылып қалғанына Маңыбай осы күнге дейін өкінеді. Ол «Ұлы көсемге» деген сүйіспеншіліктен емес, қымбат жәдігердің құндылығынан болса керек. Қалай десек те, Бүкілодақтың халық жетістігі көрмесінің белгісін таққан әке бейнесі оның жадында әрдайым асқақ та биік. Еңбек жолын он бір жасында жалшылықтан бастаған асыл әке осылайша ел қадірлеген биікке көтерілсе, оны қалай мақтаныш етіп, үлгі тұтпасқа? Әкенің зарығып көрген ұлының өмір бастауында осындай жарқын із бар.

Кейінде Қажекең өзі айтып отыратындай және Жарғайың ауылының ақсақалдары осы күнге дейін қыр етіп келгендей, өзіне Маңыбай есімінің қойылуының өзі ауылда үлкен оқиға болған. Әкейдің тұңғыш ұлы Нарботадан айырылып, қамығып жүрген кезі болса керек. Бірде оны Үмітбай әкесі қасына шақырып: - Қарғам, бүгін түс көрдім, қолыма біреу сәбәкі ұстатты. Немере көретін шығармын, осы тілегім қабыл болса ауыл ақсақалдарын жинап, жаңа

ТҰЛПАР ШАБЫСЫНАН ТАНБАЙДЫ

(«Солтүстік Қазақстан» 2007 ж.)



Қатардағы жұмысшыдан беделді шаруашылық басшысына дейін көтерілу қашанда абыройлы дәреже саналған және ол екінің бірінің қолынан келе бермейтін іскерлік қабілеттің белгісі. Ондай жандарға бұрынғы кеңестік дәуірдегі сияқты осы күні де жұрт үлкен құрметпен қарайды. Шым болаттың нағыз қызулы алау оттан туатыны сияқты, нағыз азамат та қайнаған еңбек ортасынан және қажырлы жалын-жігерден шығады және оған халқымыздың «Әке көрген оқ жонар» деген даналық сөзі тұрғысынан қарасақ та, көп нәрсеге көзіміз жетері анық. Отбасы – адам тәрбиесінің қайнар бұлағы десек, әке – оның темірқазығы іспетті. Біз оны Маңыбайдай ұл өсірген Қажымұрат әкейдің өмір тәжірибесінен танимыз.

Қажымұрат Үмітбайұлы кезінде облыс, республи-

каны былай қойып, Одаққа танымал азамат болды. Шағын ғана ұжымшар басқарса да, әсіресе соғыс кезіндегі және одан кейінгі ел тұрмысы ауыр жылдардағы қажырлы еңбегімен ерекше көзге түсіп, жарты әлемнің билеушісі атанған қаһарлы Сталиннің өз аузынан талай мақтау алған жан еді. Оның отбасында бертінге дейін сақталып келген Бас хатшымен иықтаса түскен суретін әлде бір тілшіге беріп, айырылып қалғанына Маңыбай осы күнге дейін өкінеді. Ол «Ұлы көсемге» деген сүйіспеншіліктен емес, қымбат жәдігердің құндылығынан болса керек. Қалай десек те, Бүкілодақтың халық жетістігі көрмесінің белгісін таққан әке бейнесі оның жадында әрдайым асқақ та биік. Еңбек жолын он бір жасында жалшылықтан бастаған асыл әке осылайша ел қадірлеген биікке көтерілсе, оны қалай мақтаныш етіп, үлгі тұтпасқа? Әкенің зарығып көрген ұлының өмір бастауында осындай жарқын із бар.

Кейінде Қажекең өзі айтып отыратындай және Жарғайың ауылының ақсақалдары осы күнге дейін жыр етіп келгендей, өзіне Маңыбай есімінің қойылуының өзі ауылда үлкен оқиға болған. Әкейдің тұңғыш ұлы Нарботадан айырылып, қамығып жүрген кезі болса керек. Бірде оны Үмітбай әкесі қасына шақырып: - Қарғам, бүгін түс көрдім, қолыма біреу ақ бәкі ұстатты. Немере көретін шығармын, осы тілегім қабыл болса ауыл ақсақалдарын жинап, жаңа

туған сәбиге ел батыры Маңыбайдың атын сұра, - депті. Айтқандай-ақ, сол жылы Қажекеңнің әйелі Нұрилә Сәдуақасқызы шекесі торсықтай ұл туады. Шаруа басынан асып жатқан абыр-сабыр кез емес пе, облыстық слетке бара жатып Ильинкадағы бригада басына соққан Қажекеңе «Ата, тәтем босанды, ұл туды» деп сүйінші сұраған атты бала жетеді. Сонда қуанғаннан қолына ұстап тұрған темірі түсіп кетіпті. Слетті қойып, елге оралған Қажекең, әке аманатын орындап, ауыл ақсақалдарын жинап: - Ел басқарып осы ауылға азды-көпті еңбегім сіңді, мына ұлыма рұқсат болса аталарыңыздың есімін сұрағалы отырмын. Қисаңыздар, Маңыбай деп азан шақырайық, - депті. Атпал азаматтың орынды тілегін ел ақсақалдары құп алған. Сөйтіп, ауылда есте қаларлықтай үлкен той болған деседі.

Міне, бүгінде бәріміз Маңыбай деп кеткен көпке танымал, жүрегі жайсаң ел азаматы осылайша дүниеге келген. Сол кездегі көпшілік басқарманың балаларындай бұла болып өспеген, оның бүлдіршін шағын барынша зерделей білгенінен-ақ байқалады.

-Әкей Жарғайыңнан Еңбекке көшті. Оны Бай Еңбек атандырған әкем екені сөзсіз. Ұжымшар меншігінде көптеп жылқы ұстап, қымыз саудырды. Оны облысқа дейін апарып сатып, кассаға қаржы түсіріп, тұрғындардың тұрмысын жақсартты. Ауылға жаңа мектеп, интернат және монша салынғаны да сол кез.

Сондағы мектепке бірінші сыныпқа бардым, дейді Маңыбай.

Өзі оқымай қалғандықтан бәрібір мүмкіндігінің қысқа болғанын білетін Қажекең ұлын орысша оқытқысы келді. Ол кездегі заман ағымы да солай болатын, орысша білгендердің ұтып тұрған кезі еді ғой. Сөйтіп, не керек, Маңыбай екінші сыныпты Покровкада бітірді де, келесі жылы отбасы туған жері Баян ауылына қоныс аударды. Онда қазақ орта мектебінде бастауыш орысша сыныптар да бар еді. Оны бітірген соң тағы да сырттан оқуға тура келді. Келесі екі сыныпты Арқан селосында оқыған ол, 7-8 сыныптарды Приишимка орта мектебінде бітірді. Мүмкін осындай мектептен-мектепке ауыса бергендікі болар, Маңыбай орталау мектепті бітірген соң, кәсіптік мамандық алып, еңбекке араласуды жөн көрді. Албырт бала көңілдің осы кезде шау тарта бастаған әкеге қолқанат болсам деген ойы да болғаны рас. Қайсар мінезді ұлдың бетінен қайтпасын білген әке қарсы болған жоқ. Тек, мектеп директоры Петр Семенович Шкабура ғана: - Бойыңда зеректік пен алғырлық бар, оқуыңды жалғастырғаның өзіңе жақсы болар еді, деп ренішін білдірді. Бірақ таңдаған жолынан таймаған ол Арқандағы механизаторлар даярлайтын № 36-шы кәсіптік училищеге түсті.

Не нәрсені алыстан болжайтын әкесінің көрегендігіне қайран калады. Әлгі училищеде оқып жүрген-

де, сол Арқанда тұратын жолдасы Қанат Жұмабековпен таныстырып, онымен жақын жүруін өтінді. Тура айтпағанмен, ондағы әке мақсатын кейін ұқты. Қанат сол селодағы үлгілі еңбеккер, озат механизатор еді. Тегі «үлгі алсын, осындай лайықты азаматтан үйренсін» дегені болар, әйтеуір не керек, оған қалай еліктеп кеткенін өзі де аңғармай қалады. Сөйтіп, «Приишим» кеңшарында бірнеше маусым механизатор, комбайншы болып еңбек етті. Қыс айларында шеберханада темір қырнап, токарь болған кездері бар.

Екі жыл міндетті әскери борышын өтеп қайтқаннан кейін де оралғаны осы егістік дала. Тек Сарышағаң әуе шабуылынан қорғаныс полигонында өткен сол жылдар балаң жігітті сәл есейтіп, ойын да, бойын да бекіте түскен. Бүгінде алпыстың асқарына шығып отырған ағаның сол кездегі құрыштан құйылғандай биік сом тұлғасы оны танитын бізді тәнті ететін, істеген ісі мен сөйлеген сөзінен жалын шашқан жігітті аудан басшылары да аңғарса керек. Семиполка орта мектебін сырттай оқып бітіріп, аттестат алғаны сол, бірде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жақсылық Ысқақов шақыртып алып:

-Қарғам, анада бір жиналыста сөйлеген сөзіңді тыңдадым. Талабың бар жігіт екенсің, қанаттандырып жіберу біздің парыз, нұсқаушылық қызметке кел, - деді. Ел ағасының ұсынысын құп алды, ендіше,

тым болмаса орта арнайы да білімі жоқ жанның партиялық қызметке шақырылуы дәл сол кезде өте сирек жай. Әкеден алған тәрбиесі мол Маңыбай осы сенімді ақтай білді. Үш жыл бойы аяқ-қолы жерге тимей жұмыс істеді. Кейін ол оқуын Алматы жоғары партия мектебінде жалғастырды.

Қашанда көпшіл, жолдас-жоралы, жүрген жері қызық думан Мәкең сондағы төрт жылда білімнің де, адами түрлі қарым-қатынастар мен іскерлік қасиеттерді танып-білудің үлкен мектебінен өтті. Партия жолдамасын туған жеріне алып, саяси жұмыс баспалдағын атамекеннен бастады. Сонда төбесі көкке жеткендей болған Қажыкеңнің парторг ұлына қаратып:

-Ұлым, бұл сенің басшылыққа келгенің. Ел басқару оңай емес, алдымен халқыңа жаға біл, адамдардың мұң-мұқтажына сергек бол, - дегені бар. Көргені мол әкенің ақылын тыңдап, партия ұйымының хатшылығы қызметінде кеңшар жұмысшыларын ортақ іске жұмылдыра білді. Соның арқасында ұжым мүшелері талай мәрте социалистік жарыс көшін бастап, айтулы нәтижелерге қол жеткізді. Оның осындай ұйымдастырушылық қабілетін таныған аудан басшылары шаруашылығы шатқаяқтап қалған Ыбыраев атындағы кеңшарға жаңа басшы жіберуді ойға алғанда таңдаулары Маңыбайға түседі.

Ақиқатын айту керек, Мәкеңнің бақ жұлдызын

жарқыратып жаққан да, азаматтық абыройына қылау түсірген де осы шаруашылық. Оның осы қайшылыққа толы өмір қиыншылықтарын жеңе білгенінің өзі үлкен ерлік. Әйтпесе ерік-жігері осал адамды жүнжітіп жіберер жағдайлар болды ғой. Бәрінен қынжылатыны ұшан-теңіз еңбектің әлдекімдердің ішін ит жалаған қызғаныштан, жершіліктен жоққа балануы да. Соны көре тұра, біле тұра кейбір ез мінез жандардың көкезулердің шылауына еріп, жер шұқып қалғаны жанға батады. Оның әділ төрелігін бүгінде уақыт өзі шығарды.

Сол жанкешті жұмыстардың тек бастыларын ғана айтсақ, 82-нің басында директорлыққа келгенде шаруашылықта бір апталық қана азығы бар 4 мыңдай қара мал күйзеліп қалған екен. Дереу Түмен облысындағы Қарасөл кеңшарымен келісімге келіп, содан сүрлем, сабан және жем таси бастады. Ол қазір айтуға ғана жеңіл, қаңтардың қақаған үскірігінде 20 КамАЗ-бен жемазық тасымалын ұйымдастырып, өзі солардың кабинасында қона жатып, бірге жүрді. Қарасөлдің шошқаға да жарамайды деп есептен шығарып, қоймасында қатып қалған құрама жемін аршып қараса тәп-тәуір екен. Сүйменмен және күрекпен ойып, оны тасып алды. Сөйтіп амалдап қыстан шыққан болатын. Малы ашығып, күйзеліп жүрген жеке шаруаға да көмектесті.

Содан сабақ алып, ыбыраевтықтардың келесі

жылдан бастап қоғамдық мал азығын дайындауға мықтап кіріскенін кім білмейді. Бағына қарай жақсы жандармен қызметтес болды, солардың көмегіне сүйенді. Сол кезде ауданның бірінші хатшысы болған Социалистік Еңбек Ері Есім Шайкиннің бастамасымен суармалы шабындықтың көлемін ұлғайтуға ерекше көңіл бөлді. Оған дейін небары 100 гектардай ғана суармалы шабындық болса, жарғақ құлағы жастыққа тимей оны 1100 гектарға жеткізді. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы Я.А.Гальстер екеуі құбыр іздеп сонау Сүргітке дейін барды. Еңбектері зая кеткен жоқ, 2-3 жылдың ішінде мықты жемазық базасын жасады. Сондай-ақ дәл осы жылдары шаруашылық диқандарының да табысы толағай болғанын айта кеткен жөн. Қабиден Шәйінов, Ережеп Есетов, Құбаш Жұмабаев сияқты егіс майталмандарының даңқы елге танылды.

Ол Ыбыраевтың нағыз гүлденген шағы еді ғой. Тарап кетуге шақ қалған Көктерек ауылы қайта құлпырып өсті. Сөйтіп, халық ақыны Ахметжан Нұртазин, генералдар Ахмадин мен Рыспаев шыққан ауыл түлеп шыға келді. Онда жаңа балабақша мен мектеп салынды. Есілдің тегін жатқан құмын сатып, Көктерекке дейін асфальт жол төсеудің сәті түсті. Сосын осындай жаңару жұмыстары Ленин мен Қаратал ауылдарына да жетті. Шаруашылық орталығында мал фермалары жөнделіп, қоршалды, көшелерге құм

төгіліп, асфальт төселді. Жүз адам әзер сиятын Мәдениет үйін жаңарту қолға алынды, оның алдына қойылатын Кеңес Одағының Батыры Ысқақ Ыбыраевтың жаңа ескерткішіне тапсырыс берілді. Сол сияқты Қараталда да жаңа мектеп, монша, Мәдениет үйі ашылып, халық тұрмысы оңалып шыға келді.

Қалай десек те, Мәкең шаруашылық басқарған осы он жылды ізсіз өтті дей алмайды. Қолдан келгенше тұрғындардың әл-ауқатын көтеруге тырысып бақты. Мүмкін оған өзіне лайықты өндіріс басшылары мен көмекшілері болғаны да септігін тигізген шығар. Сол бір тайдың тасындай іріктелген жандармен қызметтес болғанын өмірдің сыйындай көреді. Бөлімше басқарған басы Ғазез Шыңғысов ақсақалдан бастап, құрдасы Сұлтанбек Таевпен қандай істе болсын қамшы салдырып көрмеген Қапез Әлжанов ағаға дейін бірінен-бірі өтетін жандар еді-ау, шіркін. Өзіне сенімді көмекші бола білген Бекежан Оспановты қандай сыйлаушы еді. Осы азаматтардың бірде-бірінің мұны жерге қаратқан кезі жоқ.

Мүмкін сол бір даңғаза демократия желігі болмағанда, бәрі басқаша болар ма еді, кім білсін? Дүние астан-кестен болған заман болды ғой. Шаруашылық басқарған он жыл ішінде 200-дей жаңа үй тұрғызғаны, тағы басқа да жарқын істерінің бір-ақ күнде ұмыт болғаны қынжылтады.

Иә, бәріміз де пендеміз ғой, кімде кемшілік болмайды, ағат кеткен кездері де болған шығар. Соның бәрін бастан атқарып, өмірдің ыстық-суығына бірге түскен, 37 жылдан бері тату-тәтті ғұмыр кешіп келе жатқан Күләш Бәйгерейқызы екеуі төрт бала тәрбиелеп өсірді.

Мәкеңнің кей кезде қызмет пен мансап қолдың кірі екен ғой деп ойланатын кездері болады. Ол бір жағынан рас та, ауданда бетке ұстар шаруашылық басқарды, облыстық дәрежедегі су шаруашылығын басқарған кезі де бар. Одан соң «Асар – Север» ЖШС-ін ашып, шаруа жүргізіп отырған жайы болса да, оның да бүгін тізгінін негізінен балаларға беріп, оларға ақылшы санатында жүріп жатыр. Болашақ жастардікі ғой, солар аман болсын дейді.

Әрине, алпыстың асуы оттай қызулы отыз емес. Десең де, Мәкең әлі аттан түсіп отырған жоқ, қашанда ел жаңалығына құлағын түрік ұстап, қол жеткен жетістіктерге балаша қуанады. Еліміздің экономикасының қуаттанып, әлемдегі озықтар қатарына ұмтылып отырғаны оның да қиялын қанаттандырады.

Маңыбайдың өмір бәйгесі осылайша жалғаса бермек. Өмірде үлкен із қалдырған әке аманатын адал ақтаған азамат алдағы күндерде де шашасына шаң жұқтырмасы анық.

АВТОР



Сүгірбаев Таңат Айтмұқашұлы 1942 жылы Баян ауылында туған. 1960 жылы Баян орта мектебін алтын медальға бітіріп, сол жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік педагогикалық институтына түседі. Институтты үздік бітіріп, Майбалық сегізжылдық мектебінің директоры болып тағайындалады. 1971 жылдан бастап Жамбыл аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, саяси ағарту кабинетінің меңгерушісі, кәсіподақтардың аудандық кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарады. 17 жыл аудандық "Сельская новь" газетінің редакторы, ал 1994 жылдан 2007 жылға дейін Жамбыл аудандық мәслихатының хатшысы болып істеді. Қазіргі кезде «Асыл мұра» шығармашылық орталығының жетекшісі.

Бірнеше медальдармен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің грамоталарымен марапатталған.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Мазмұны

Кіріспе.....5
30-40 жылдардағы ауыл тынысы.....7
Ұлы Отан соғысы жылдарында.....16
Тыңның бергені көп.....58
Өнерлерімен көпшілік құрметіне бөленді.....90
Ел ағаларын еске алғанда.....99
Алтын ұя мектебім.....116
Ауыл тойы – азаматтар абыройы.....135
Естеліктер.....174
Жиырмасыншы жылдары туғандар.....174
Баянды еске алғанда.....182
Ата-анамды еске алғанда.....192
Олар ұмытылмауға тиіс.....197
Жастық шақтың жаңғырығы.....204
Өз бақытымды таптым.....214
Тілшілік тірліктен.....216
Елге ораламын.....228
Ата-тегім түп-тамырым.....230
Ауыл азаматымен көрікті.....248
Баспасөз беттерінен.....332
С. Мұқанов. "Баян" колхозы.....332
И. Шухов. Кремлевская телеграмма.....349
З. Иманбаев. Азамат.....357
Жауынды түнде.....359
И. Өскенбаев. Кітапханашы Қайкен.....361

С. Ыбыраев. Абзал азамат еді.....368
Ә. Әбілқайыров. Ұстазым менің, ұстазым.....376
Әркім өз ауылын жақсы біледі.....384
Сурет сыр шертеді.....385
Әмір жайлы әңгіме.....387
Есенгелді ерекше ұстаз.....395
Ауылым әнім.....406
З. Әкімжанов. Азамат тұлғасы.....408
Қаламгер қалаған есім.....415
Қ. Рамазанов. Жымиған келбетінде
нұр тұратын.....425
Т. Зікірин. Тұлпар шабысынан танбайды.....434

Таңат Айтмұқашұлы Сүгірбаев
Ауылым аты – Баян.
2008 ж.

Редакторы Социал Жұмабаев
Корректоры Дәмет Бектасова
Дизайнері Сәуле Ахмадиева
Компьютерге терген Нұржамал Байтенова

2008 жылы баспаға тапсырылған.
Офсеттік басылым. Көлемі 27,8 баспа табақ.
60x84/16. Әріп түрі TimesNewRoman.
Таралымы 400. Тапсырыс № 3375
"Полиграфия" АҚ басылды.
Петропавл қаласы,
Қазақстан Конституциясы көшесі, 11